

З.Е. Қабылдинов, М.Д. Шаймерденова, Е.М. Куркеев

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

(XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс
аяқталғанға дейін)

Жалпы білім беретін мектептің 9(8)-сыныбына арналған оқулық

9(8)

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2019

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 63.3 (5 Қаз) я 72

Қ 13






Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Пікір жазғандар:

А.Г. Ибраева, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қ.С. Алдажұманов, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

-  – сұрақтар мен тапсырмалар
-  – ұғымдар мен терминдер
-  – тарихи тұлғалар
-  – құжаттар
-  – құжат бойынша сұрақтар

Қабылдинов З.Е. т.б.

Қ 13 Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін). Жалпы білім беретін мектептің 9(8)-сыныбына арналған оқулық/З.Е. Қабылдинов, М.Д. Шаймерденова, Е.М. Куркеев. – Алматы: Атамұра, 2019. – 192 бет.

ISBN 978-601-331-557-7

Оқулық XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейінгі Қазақстан тарихын қамтиды.

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 63.3 (5 Қаз) я 72

© Қабылдинов З.Е., Шаймерденова М.Д.,
Куркеев Е.М., 2019

© «Атамұра», 2019

ISBN 978-601-331-557-7

К І Р І С П Е

Құрметті оқушылар! Ұсынылып отырған оқулықта ХХ ғасырдың басынан 1945 жылғы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейінгі Қазақстан тарихының маңызды оқиғалары қамтылған. Оқулықта еліміздің сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуындағы елеулі өзгерістерге ерекше назар аударылған. Сонымен қатар авторлар белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, ұлт-азаттық қозғалыстар мен Отан қорғаушы батырлар жөнінде де деректер беруді мақсат етті.

1905–1907 жылдардағы Бірінші орыс революциясының әсерімен қазақ өлкесінде ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси өмірдің белгілі дәрежеде жандана түскені анық. Бұл оқиғалар ұлттық-демократиялық қозғалыстардың белсенділігін арттырып, қазақ халқы сана-сезімінің өсуіне ықпал етті. Өлихан Бөкейхан бастаған алдыңғы қатарлы және білімді зиялылар оған басшылық етті. Алғаш рет Ұлы Дала тұрғындарының дауысы Ресей империясы Мемлекеттік Думасының биік мінберінен естілді. Ресейдің еуропалық бөлігінен шаруаларды өлкенің шұрайлы жерлеріне жаппай қоныстандыру, байырғы тұрғындардың аса зор көлемдегі жерін тартып алумен қатар жүрді. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары жергілікті тұрғындардың жағдайы барынша ушыға түсті. Бұрынғы көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты күйрей бастады. Жергілікті тұрғындар барынан айырылып, тақыр кедейге айналды. Бұл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске алып келді. Оған қазақтармен қатар, өлкенің басқа ұлт өкілдері: қырғыз, өзбек, қарақалпақ және т.б. қатысты.

1917 жылғы Ақпан революциясын халық зор қуанышпен және үмітпен қарсы алған еді. Алғашқы жалпыұлттық қазақ партиясы «Алаш» қоғамның мұқтаж мәселелері мен күнделікті өмірін «Қазақ» газетінде талқылап, халықты біріктіру жұмыстарын атқарды. 1917 жылдың қазан айында билік басына большевиктердің келуі өлкедегі жағдайды күрт өзгертіп жіберді. Қазақ халқы осы күрделі жағдайдан шығу жолын іздестірді. Қосүкіметтілік пен большевик-

тердің өктемдігі кезінде қарапайым халықтың қысымға ұшыраған құқықтары мен мүдделерін қорғау қажеттігі туындады. 1917 жылдың соңында Қоқан қаласында Түркістан автономиясы құрылып, өлке халқының өзін-өзі басқаруын қамтамасыз етуді мақсат етті. Бірақ көп ұзамай большевиктердің қарулы күштері оны талқандап тастады. Қазақстанда 1918 жылдың жазына қарай Алаш комитеттері мен полктері құрыла бастады. Алашорданың біртұтас бөлінбейтін Ресей үшін күресуші «ақтар» үкіметімен бірігуге жасаған қадамы сәтсіз аяқталды. Алашорда көшбасшылары большевиктер ұсынған талапты қабылдауға мәжбүр болды. Кеңес үкіметі қазақ автономиясы идеясын тиімді пайдаланып, 1920 жылы Орынборда Қазақ АКСР-і құрылғанын жариялады. Бұның барлығын осы оқулықтан кеңірек білетін боласыңдар.

Сонымен қатар Кеңес үкіметінің индустриаландыру мен ұжымдастыру саясаты туралы да білім аласыңдар. Байларды республикадан тысқары аймақтарға жер аудару, малшыларды күштеп отырықшыландыру, астық пен ет дайындаудағы асыра сілтеу қазақ халқына қайғы-қасірет алып келді. Қазақстанда бұрын-соңды болмаған жаппай ашаршылық басталды. Зерттеушілердің дерегі бойынша 1931–1933 жылдары аштықтан қазақ халқының жартысына жуығы қазаға ұшыраған. 1937–1938 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргінде 100 мыңнан астам жерлестеріміз бен сырттан келгендер жазықсыз жазаланды. Бұрынғы алашордалықтармен қатар, Кеңес өкіметі кезінде өсіп-жетілген жаңа басқарушы элитаның өзі де қуғындалды. Қазақстан Ресейден кейінгі лагерьлері көп республикаға айналды. Бүкіл Кеңес Одағынан тұтқындар мен жер аударылғандар қазақ даласына жіберілді.

Бұл орны толмас қайғы мен апат, сәтсіздіктер қол жеткен жетістіктермен де қатар келген еді. Елімізде кеңестік билік жылдары жоғары оқу орындары мен техникумдар ашылып, білім беру, халық ағарту ісі жүйелі қалыптасты, мәдениет пен әдебиет, өнер саласы дамыды. Қазақстан Ресей империясының бұрынғы отарлық шеткі аймағынан, бір ұрпақтың көз алдында аграрлық-өнеркәсіптік республикаға айналды. Жүздеген зауыт пен фабрика, кен орындары мен шахталар, кеңшарлар мен ұжымшарлар ашылды.

Бұл оқулықтан, сонымен қатар бізге Ұлы Отан соғысы деген атпен белгілі, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақтар мен басқа да ұлт өкілдерінің таңғажайып ерліктері мен батырлығы туралы білесіңдер. Ұлы Дала тұрғындары өздерінің бойындағы жауын-

герлік рухтың өлі күнге дейін сөнбегенін бүкіл әлемге көрсетіп, ерліктің жарқын үлгісін танытты. Республика майданның берік тылына айналды. Өртүрлі ұлттар мен этникалық топтарды Қазақстанға жер аудару мәселесіне де көңіл бөлінді. Қазақ халқы депортацияға ұшырағандарға қолынан келген жәрдемін жасады. Соғысқа дейінгі және соғыс жылдарындағы қайғылы оқиғалардың бірі республикаға бір жарым миллиондай депортацияланған халықтар өкілдері: поляк, украин, корей, неміс, шешен, ингуш, қалмақ, түрік-месхеттіктер, қырым татарлары т.б. жер аударылуы еді. Республика тұрғындары мен өлкеге жер аударылған халықтар арасында тату көршілік пен достық қарым-қатынас орнады. Қонақжай, төзімді қазақтар аштық зұлматы, қуғын-сүргін, көтерілістер мен соғыстар қасіретінен өткеніне қарамастан, оларды далалықтарға төн қамқорлық және түсіністікпен қарсы алды.

Құрметті оқушылар! Мектептегі тарихшы ұстаздар мен ата-аналар тарапынан оқулықтың мазмұнын одан әрі жақсарту туралы құнды сын-пікірлер мен ұсыныстар айтылуы мүмкін. Оқулықтың келесі қайта басылымында олар міндетті түрде ескеріледі. Авторлар ұжымы оқулықты дайындау кезінде әдістемелік көмек көрсеткендердің бәріне шын жүректен алғыстарын білдіреді.

Оқу материалдарын біртіндеп жүйелі түрде игеру үшін оқулықтың соңында берілген мазмұнымен мұқият танысып шығуды ұсынамыз. Ол кіріспе мен қорытынды және 36 параграфты қамтитын бес бөлімнен тұрады.

Оқулықта келтірілген мұрағат құжаттары мен жазба дерек үзінділері, сурет, карта мен кестелер аталған кезеңдегі тарихи оқиғаларды терең игеруге көмектеседі.

Жаңа тақырыпты ұғыну үшін әрбір параграфтың соңында бекіту сұрақтары мен тест тапсырмалары берілген. Сұрақтарға дұрыс жауап беріп, тапсырманы сапалы орындау үшін, алдымен мәтіндік материалды мұқият оқып шыққан абзал.

Оқулықтағы мәтінді оқу барысында **қара әріп** немесе *курсивпен* берілген сөздер кездеседі. Оған ерекше көңіл аударғандарың жөн. Қара әріппен немесе курсивпен берілген түсініктер мен терминдердің мазмұны және тарихи тұлғалар туралы мәліметтер әрбір параграфтың соңында берілген. Сонымен қатар есте жақсы сақталуы үшін маңызды даталар **қара әріппен** терілген.

Кейбір ұғымдарды түсінікті ету үшін, *біріншіден, екіншіден, үшіншіден* деп курсивпен бердік. Әрбір тақырып соңында аса маңызды деген мұрағат және жазба дерек құжаттары келтірілді. Оларды міндетті түрде оқып шығындар. Құжаттар үзіндісінен кейін жауап беруге тиісті сұрақтар қойылған. Бұл сендердің өткен материалды терең меңгерулерің үшін қажет.

Әр бөлімнің соңында қайталау мен бекітуге арналған сұрақтар мен шығармашылық тапсырмалар берілген. Олар сендердің логикалық ойлау қабілеттеріңді жетілдіре түседі.

Оқулық үй жағдайында да, сабақ үстінде де өз беттеріңмен жұмыс істеуге арналған мәтіндермен жабдықталған. Оқулықпен жұмыс істеуге ұстаздарың жәрдемдеседі. Бірақ қосымша білімді ізденіп, өздерің табуға тиістісіңдер. Осы мақсатта оқулықтың соңында ұсынылған әдебиеттер мен сайттардың тізімі келтірілді. Оқу материалын сапалы меңгеруге «Хрестоматия» да көп көмектеседі.

Құрметті оқушылар, бұл пән Қазақстанның білімді және нағыз патриот азаматы болуларыңа септігін тигізеді деп есептейміз. Алаш қозғалысының басшысы Әлихан Бөкейхан: *«Тарихы жоқ, тарихын жоғалтқан халық, құрып кетудің алдында болады»*, – деп жазған еді. Міне, сондықтан да жаңа тарихи біліммен сусындап, білімдеріңнің кеңейе түсуіне, табысқа жете берулеріңе тілек білдіреміз!

**БІРІНШІ
БӨЛІМ**

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

§1–2.

**Қазақстанның XX ғасырдың басындағы
әлеуметтік-экономикалық жағдайы**

Зерттеу сұрағы: Не себепті Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деп санады?

Бүгінгі сабағымызда XX ғасырдың басындағы өлкедегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайды қарастырамыз. Қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Петиция	Петиция	Petition
Мемлекеттік Дума	Государственная Дума	The state Duma
Кадет	Кадет	Cadet
Самодержавие	Самодержавие	Autocracy
Революция	Революция	Revolution

Тақырыпқа шығу:

«1899 жылдан кейін қазақтар мен қоныс аударушылар арасындағы жанжалдар даладағы өмірдің сипатына айналды».

Тұрар Рысқұлов

1. Тұрар Рысқұлов неліктен осылай деді?
2. Қазақтар мен қоныстанушы шаруалар не үшін жанжалдасуы мүмкін?



Қазақстанда қоныстанушы шаруаларға жерді жаппай тартып алып беру әсерінен XX ғасырдың басында әлеуметтік-экономикалық жағдай барынша ушыға түсті. Бұл 1905–1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде жергілікті зиялылар қоғамдық-саяси қызметінің жандана түсуіне алып келді. Қазақтың петициялық (өтініш-талаптар жолдау) қозғалысы басталды. Ресей империясының Мем-

Ойлан!

XX ғасырдың басындағы көшпелі қазақ халқының «артық» жерлері болды ма?

лекеттік Думасына Қазақстаннан депутаттардың қатысуы өлке тұрғындары сана-сезімінің жетілуіне зор ықпалын тигізді.

1. Патша үкіметі отаршылдық қоныс аударту саясатының күшейе түсуі. XX ғасырдың басында қазақтардың жерін қоныс аударушы орыс шаруалары мен казактардың қорына жаппай тартып алу одан әрі жүріп жатты.

Мәселен, 1903 жылы «Сырдария, Ферғана және Самарқан облыстарының қазыналық жерлеріне ерікті түрде қоныс аударту» жөнінде ереже бекітілді. Осы ережеге сәйкес, байырғы тұрғындардың «артық» жерлерін, соның ішінде суару жүйелерін су көздерімен қоса жаппай тартып алу көзделді. Дәл сол жылы Қазақстанның басқа да облыстарына қоныстандыру ережелері бекітілді.

Ізден!

Қосымша деректерді пайдаланып, патша өкіметінің қырғыз, өзбек, тәжік және басқа ұлттардың да жерін тартып алғаны туралы анықта.

Патша үкіметі 1904–1905 жылдары өлке аумағына қоныс аударушы шаруаларды орналастыру үшін – Торғай–Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандарын құрды. Мұндағы негізгі мақсат – қоныстандыру қорын құруға қажетті жаңа «артық» жерлерді анықтау еді. Патша үкіметі қоныстандыру басқармасына жергілікті тұрғындардың жерлерін тартып алуға және ата-баба мекендерінен күштеп қуып шығуға толық құқық берді. Патша үкіметінің осы және басқа да озбырлық әрекеттері салдарынан дала тұрғындары жаппай жерсіз қала бастады.

Ойталқы

Қазақстан аумағына шаруалар қандай мақсатпен қоныс аударылды?

2. Столыпиннің аграрлық реформасы. 1906 жылы Ресей Министрлер Кеңесінің төрағасы П.А. Столыпин шаруаларды Ресейдің азиялық бөлігіне жаппай қоныстандыру туралы шешім қабылдады. Шаруаларды қауымдық жер иелігінен шығарып, империяның шығысына қоныстандыруды көздеген бұл реформа Столыпиннің аграрлық реформасы деп аталды. Реформаның негізгі мақсаты шаруаларды шығысқа, атап айтқанда, Қазақстанға қоныс аударту еді. Шаруалардың бұрынғы тұрған жерлеріне қайта оралуына шектеу енгізілді. Оларды жермен қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындардың жерін тартып алу арқылы жүзеге асырылды.

Қажетті дерек

1897 жылы өлкеде халықтың саны 4 333 мың адам, оның ішінде қазақтар 3 392,7 мың адам болды.

Өлке халқының құрамындағы қазақтардың үлес салмағы 1917 жылы 58 пайызға дейін кеміп кетті.

• Қазақ халқы санының кемуіне қоныстанушылардың көптеп келуі әсер етті ме? Басқа да себептер болды ма?

Жергілікті қоныстандыру мекемелерінің міндетіне бір шаруашылыққа 45 десятина жайылым мен шалғындық алқап және 15 десятина егістік жер бөліп беру жүктелді. Қоныс аударушылар теміржолмен жүру жеңілдігіне ие болды. Аграрлық реформа орыс шаруаларын көшіру арқылы шет аймақтарды игеруді көздеді. Қазақстанға 700 мыңнан астам орыс және украин шаруалары қоныстандырылды.

3. Жергілікті тұрғындар жағдайының нашарлауы. Жерінен айырылған көшпелілер ғасырлар бойы мекендеген жерлері мен қыстауларын тастап, құнарсыз жерлерге ығыстырылды. Бұл жөнінде Жетісуды зерттеген В.К. Никольский 1903 жылы былай деп жазды: *«Далалық өлкеге қоныстанушы шаруаларды орналастыру барысында оларға шұрайлы жерлер, көбінесе қазақтардың қоныстанған қыстаулары бөлінетін... Қазақтарды жерінен айырып, қоныстарын тастап кетуге мәжбүрледік».*

Қоныс аударушылардың басым бөлігі неліктен Қазақстанның солтүстік аймағына орналастырылды?

Тартып алынған жерлердің басым бөлігі Қазақстанның солтүстігіндегі неғұрлым құнарлы жерлер еді. Атап айтқанда, Омбы уезі барлық жерінің – 52, Қостанайдың – 54, Ақмоланың – 73 пайызы қоныстандыру қоры пайдасына тартып алынды. Бұл көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығының құлдырауына алып келді.

Сібір казак әскеріне 1904 жылы патша жарлығымен Ертістің сол жағалауындағы он шақырымдық алқап «мәңгілік жекеменшікке» берілді. XX ғасырдың бас кезінде бір ғана Семей облысының өзінде 147 мыңға жуық қазақ жерсіз қалды. Сондықтан да қазақтар жерді Сібір казактарынан, Алтай таулы округіндегі аумақтан, Томск, Тобыл губернияларындағы орыс шаруаларынан, сондай-ақ Қытай империясының өкімшіліктерінен жалға алып, пайдалануға мәжбүр болды. Тақыр кедейге айналып, жерсіз қалған далалықтар қалалар мен казак қоныстарына ағылды. Кедейленген қазақ жатақтардың түрлі кәсіптер мен тау-кен өндірістеріне кетуі белең алды. Ондаған мың адам зауыт-фабрика, теміржол мен тұз өндіру кәсібін кетіп жатты.

Қажетті дерек

1906–1915 жылдар аралығында Ақмола, Семей және Торғай-Орал қоныс аудару аудандарынан қазақтың 15,8 млн десятина жері алынған.

Жатақтар күнделікті әртүрлі жұмыстарға жалданып, өлместің күнін көрді. Қазақстанмен көршілес Томск және Тобыл губерниясы

аумағында уақытша жұмыс істейтін 50 мыңдай қазақ бар еді. Олардың барлығы шаруалар қауымынан жалға жер алды. Маусымдық және күндік жұмыстарға жалданды. Батыс Сібірдің кез келген шаруалар қонысында, олардың малын кедейленген қазақтар бақты. Қазақтар тіркелген жерлері бойынша түгін салығын төлеумен қатар, жаңа жерлерді жалға алғаны үшін де ақы төлейтін.

Ойталқы

Қазақ халқы ХХ ғасырдың басында егіншілікті меңгеріп, отырықшылыққа көшіп алса, жағдай қалай болар еді?

Тіршілік ету және өз жерлерін сақтап қалу мақсатында бұрынғы көшпелілер отырықшылыққа көшуге мәжбүр болды. Көбінесе бұл әрекеттер, күштеп көшіруден аман сақтап қала алмайтын. Дәстүрлі малшаруашылығынан егіншілікке көшу аса ауыр жағдайда өтті. Қазақтардың егістікке қажетті құрал-жабдықтары мен тұқымдары бол-

мады. Кейбіреуінің егістікпен айналысуға бейімі де жоқ еді. Олардың отырықшылыққа көшуіне көмек көрсетуден патша үкіметі бас тартты. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н. Куропаткин былай деп мойындады: *«Қырғыздар (қазақтар) 30 жыл, әсіресе соңғы 12 жыл бойы барлық бағытта қысым көрді. 1904 жылдан бастап тек қана Жетісу облысынан бірнеше миллион десятина жер тартып алынды».*

Қажетті деректер (1914 жыл)

Қазақстандағы қазақтардың үлесі айтарлықтай кеміді.

Облыстардағы қазақтардың үлесі:

Ақмола облысы – 36,6%

Семей облысы – 73%

Жетісу облысы – 60,5%

Сырдария облысы – 62,3%

Торғай облысы – 58,7%

Орал облысы – 56,9%

• Қоныстанушылар өлкенің демографиясына қандай өзгерістер әкелді?

Қазақстандағы ХХ ғасырдың бас кезіндегі негізгі теміржол желісі Орынбор–Ташкент жолы еді. Ол 1901–1905 жылдары салынды. 1917 жылға дейін өлкеде 2793 шақырым теміржол төселді.

• Қазақстан аумағында теміржолдардың салынуы өлкеге қалай әсер етті?

4. Бірінші орыс революциясы жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. 1905–1907 жылдары бірінші орыс революциясы өтті. Оның жаңғырығы Қазақстанға да жетті. Петербургтегі 1905 жылдың 9 қаңтарындағы қарусыз жұмысшыларды қырып салған патшаның қанды қырғыны қазақтардың ашу-ыза-

сын тудырды. Мәселен, белгілі ақын, ауыз әдебиетінің көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы осы оқиғаны айыптаған «Қанды жексенбі» деген өлеңін жазды. Өлең «Айқап» журналында баспаға дайындалып жатқанда, жергілікті өкімшілік біліп қойып, шығаруға тыйым салды. Авторы қуғынға ұшырады.

Дәлелде

«Теміржолдардың салынуы Ресей империясы отарлау саясатының көрінісі» деген пікірмен келісесің бе?

Өздерінің туып-өскен жерлерінен айырылған малшылар жергілікті және орталықтағы билік органдарына деген қарсылықтарын белсенді түрде көрсете бастады. Халық бұқарасының басшылығында зиялы қауым өкілдері Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы және т.б. тұрды.

Жергілікті тұрғындар тарапынан болуы мүмкін қарсылықтың алдын алу үшін 1906 жылы патша жарлығымен Ақмола мен Семей облыстарының барлық аумағына әскери жағдай енгізілді. Мұнда қосымша әскери күштер әкелінді. Тінту, тұтқындау, жер аудару, кәсіпорындардағы жұмысшы қозғалысы көшбасшыларын жұмыстан шығару басталды.

Қазақстандағы жұмысшылардың бас көтерулері мен ереуілдері, өсіресе теміржолшылардың арасында кеңінен қанат жайды. Революция жылдарында өлкедегі теміржолдарда пойыздардың жүріп-тұруы талай рет тоқтап қалды. Теміржол жұмысшылары 8 сағаттық жұмыс күнін ешкімнің, ешқандай өкімшіліктің келісімінсіз-ақ өз беттерімен орнатып алды. Олар алғашқылардың бірі болып жұмысшы кәсіподақтарын құрды.

5. Петициялық қозғалыстың басталуы. Қазақ халқының өз құқықтарын қорғау жолындағы күресінің *өзіндік* ерекшелігінің бірі – алуан түрлі **петициялар** (өтініш-талаптар) жолдау болды. Ондай петициялар 1902–1903 жылдары жазылып, жоғары билік орындарына жолдана бастаған еді. Алғашқы петициялар жолдаудың бастамашылары дін өкілдері мен жергілікті кәсіпкерлер (*Науан хазірет, Бейіс хазірет, көпес Шәймерден Қосшығұлұлы*) болды. Оларда қазақ халқын хрис-

Талдау жаса

«Қазақ даласына қоныстанушылардың келуі өлкеге демократиялық серпіліс алып келді» деген пікірмен келісесің бе? Өз ойыңды ПТМС формуласы арқылы жеткіз.

Позиция (мен осылай деп ойлаймын ...)

Түсіндіру (себебі ...)

Мысал (мен мұны мынадай мысалдар арқылы дәлелдей аламын ...)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынадай қорытынды жасаймын ...)

Петициялар жолдаудың алғашқы бастамашылары неліктен дін өкілдері болды?

тиан дініне енгізу саясатын тоқтату, мұсылман оқу орындарын құруға қажетті жағдайлар жасау, молдалардың қызметіне кең жол ашу жөнінде нақты талаптар қойылды.

Бірінші орыс революциясы жылдарында петициялар жазуды қазақ қоғамының сауатты, зиялы өкілдері өз қолдарына алды.

Петицияның тарихи маңызы неде?

Петициялар уезд бастықтарына, әскери губернаторларға, генерал-губернаторларға, Ішкі істер министрлігіне, тіпті Ресей императоры **II Николайдың** атына да жолданды.

Отаршыл өкімет билігінің атына жолданған ірі көлемді өрі мазмұнды петициялардың бірі Қарқаралы петициясы болды. 1905 жылы Қарқаралы қаласына жақын жердегі Қоянды жәрмеңкесінде беделді қазақ өкілдерінің съезі өтіп, халық атынан петиция дайындалды. Петиция Қарқаралы қаласынан 1905 жылғы 22 шілде күні жергілікті пошта-телеграф арқылы патшаның өз атына жолданды. Оны жазуға белгілі саяси қайраткерлер *Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Ақбаев, М. Дулатұлы, Т. Нұрекенов* т.б. белсене атсалысты.

Қарқаралы петициясында өлкенің өкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот істерін қазақ тілінде жүргізуді заңды түрде бекіту, отаршыл аппарат шенеуніктерін қысқарту, жоғарғы билік органдары мен Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын сайлауға қатыстыру талаптары қойылды. Сонымен бірге жергілікті халықтың құқығы мен арбыройын аяқасты етуге жол бермеу, патша өкімдерінің жүгенсіздігіне тыйым салу, халықтың ана тілінде білім алуын ұйымдастыру, қоныстандыру саясатын тоқтату, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару сияқты талаптар да қойылды. Петицияның мазмұны ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының өмірлік маңызы бар күрделі мәселелерін толық қамтыды.

Анықта

Жергілікті халық неліктен Мемлекеттік Дума жұмысына қатысуға тырысты?

6. Қазақтардың Ресей Мемлекеттік Думасына қатысуы. 1905 жылғы тамызда II Николай патша Ресейдегі революциялық күштердің қысымымен империяның заң шығарушы және өкілетті органы ретінде Мемлекеттік Дума құру туралы манифестке қол қойды.

Бірақ ол манифест бойынша Ресей империясы бірқатар халықтарының, соның ішінде қазақтардың да сайлауға және сайлануға құқығы жоқ болып шықты. Жергілікті билік орындарына сайлау науқанының

алғашқы күнінен бастап-ақ қазақтарды «көшпелі және қаңғыбас, бұратана халық» ретінде сайлауға үзілді-кесілді қатыстырмауға айрықша нұсқау берілді. Мұның өзі қазақтардың арасында бүрқ ете қалған наразылық пен ашу-ыза тудырды. Жергілікті халық өздерінің өкілдерін Ресейдің Мемлекеттік Думасына қатыстыруды батыл талап етті. Өлкенің бүкіл аймағын түгел қамтып өткен қуатты наразылық толқыны патша үкіметін халықтың талабын орындауға мәжбүр етті. Сонымен, қазақтар сайлауға қатысатын болып шықты.

1906 жылғы I Мемлекеттік Думаға қазақтардан Торғай облысынан – **Ахмет Бірімжанов**, Уфа губерниясынан – **Сәлімгерей Жантөрин**, Ақмола облысынан – **Шәймерден Қосшығұлұлы**, Семей облысынан – **Әлихан Бөкейхан** және басқалар сайланды. Бұлардың барлығы да сауатты, халықтың сыйқұрметі мен сеніміне бөленген зиялы азаматтар еді. Бірақ Ресейдің I Мемлекеттік Думасы небәрі 73-ақ күн жұмыс істеді. Депутаттардың көтерген бастамалары көңілінен шықпай, риза болмаған II Николай Думаны таратып жіберіп, қайтадан сайлау туралы жарлыққа қол қойды.

Ресейдің 1907 жылғы II Мемлекеттік Думасының құрамына бұл жолы мына азаматтар сайланды: Ақмола облысынан – **Шәймерден Қосшығұлұлы**, Торғай облысынан – **Ахмет Бірімжанов**, Семей облысынан – **Темірғали Нүрекенов**, Жетісу облысынан – **Мұхамеджан Тынышбаев**, Орал облысынан – **Бақытжан Қаратаев** және басқалар. Алайда бұл Думаның да қызметі ұзаққа созылмады, небәрі 104 күн ғана жұмыс істеді.

II Мемлекеттік Думада қазақ депутаттары кадеттермен жақындасып, мұсылмандар фракциясының тобына кірді. Ресейдің ұлттық шет аймақтарындағы басқа да халықтардың өкілдерімен бірге, ішкі Ресейден шаруаларды Қазақстанға қоныс аударту үдерісін тоқтатуды талап етті. **Б. Қаратаев** II Мемлекеттік Думада Ресейден шаруаларды қоныс аударту саясатының қазақтар үшін өте жағымсыз, ауыртпалықты болып отырғаны туралы арнайы баяндама жасады. Ол өзінің жалынды сөзінде былай деп атап

Ойталқы

Неліктен жергілікті билік қазақтарды сайлауға қатыстырмауды көздеді?



Ахмет Бірімжанов



Бақытжан
Қаратаев

Пікірің қажет!

Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттары қандай қызметімен ерекше көзге түсті?

көрсетті: *«Сіздер мынадай сұмдық жағдайды түсінуге тиіссіздер: бүгінгі таңда қоныс аударушы орыс шаруаларына жер телімдерін беру үшін қазақтарды өздерінің ежелгі атақоныс жерлерінен ғана емес, жекеменшік баспаналарынан да қуып шығарып жатыр».*

Бірінші орыс революциясы қатаңдықпен басып тасталғаннан кейін патша үкіметі елде қуғын-сүргін шараларын жүзеге асыруға кірісті. 1907 жылы реакцияшыл сайлау заңы шықты. Ендігі жерде «бұратана» ұлттар, соның ішінде қазақтар да сайлау құқығынан айырылды. 1908–1917 жылдарда қазақтар Ресейдің Мемлекеттік Думасына сайланған жоқ. Қазақ халқының Мемлекеттік Думадағы мүдделерін **Т. Седелъников**, **Н. Скалозубов** сияқты орыс депутаттары белсене қорғады. Орынбор губерниясынан сайланған депутат **Т. Седелъников** Мемлекеттік Дума мәжілісінде былай деп ашық айтты: *«Жүздеген мың қырғыздар (қазақтар) ... мүлде жерсіз қалып отыр, ұлтарақтай ғана болмашы жері бар қырғыздардың (қазақтардың) саны кем дегенде миллионға жетеді».* Қазақтардың жерге қатысты құқығын башқұрт **Ш. Сыртланов**, татар депутаты **С. Максудов** қорғады.

Жұптық жұмыс

Қазақ халқын қолдаған орыс, татар, башқұрт, кавказ елінің депутаттары қызметіне баға беріңдер.

Закавказьелік депутат **Х. Мамедов** III Мемлекеттік Думаның мінберінен бүкіл мұсылман фракциясының атынан сөйлеген сөзінде Ресейдің ішкі аймағынан шаруаларды Қазақстанға жаппай қоныс аудартуды тоқтата тұруға шақырды. Қазақтың белгілі саяси қайраткерлерінің бірі **Мұстафа Шоқай** депутат болмаса да, III және IV

Мемлекеттік Думалардағы мұсылман фракциясының құрамына кіріп, ондағы мұсылман өкілдерінің назарын қазақтардың бастан кешіріп отырған ауыр халіне аударды.

?

1. Ресей империясының қоныстандыру арқылы отарлық саясат жүргізгеніне дәлел келтіріңдер.
2. Қоныстандыру саясатының екі-үш салдарын атаңдар.
3. Қазақстанға неліктен басқа ұлт өкілдері қоныс аударды? Себептерін түсіндіріңдер.
4. Қазақстан аумағында теміржолдардың салынуы өлкеге қалай әсер етті?
5. Қазақстанда петициялық қозғалыстың таралуына қандай оқиғалардың себеп болғанын анықтаңдар.
6. Қазақ зиялыларының революция кезінде және одан кейінгі жылдары атқарған қызметіне баға беріңдер.
7. Қазақ депутаттары Ресейдің ең жоғарғы заң шығарушы органы – Мемлекеттік Думада қандай мәселелер көтерді? Оның сол заманда шешілуі мүмкін бе еді?



Кадеттер – конституцияшып демократтар. Қоғамның демократиялық құндылықтар негізінде біртіндеп дамуын жақтаушылар.

Мемлекеттік Дума – Ресейдің 1906–1917 жылдардағы заң шығарушы жоғары өкілетті органы.

Петиция – мемлекет басшысына немесе жоғары өкімет органына көпшілік атынан тапсырылатын жазбаша өтініш.

Революция – қоғам өміріндегі түбірлі өзгеріс, төңкеріс.

Самодержавие – патшаның шексіз өздігінше билік етуі.



Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов (1871–1927) – Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Орынбор округіндегі, одан соң Ақтөбе уезіндегі сот орындарында қызмет істеген. I және II Мемлекеттік Думаның Торғай облысынан сайланған депутаты.

Бақытжан Қаратаев (1863–1934) – Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері, сұлтандар тобының өкілі, Әбілқайыр ханның шөбересі. 1890 жылы Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген.

Темірғали Нұрекенов (1858–1918) – I Мемлекеттік Думаның Семей облысынан сайланған депутаты. Томск губерниясына қарасты Барнауыл округіндегі атақты бай, 12 мың жылқы біткен Нұрекеннің немересі.

II Николай (1868–1918) – Ресейдің соңғы императоры.



Екінші сайланған Мемлекеттік Дума депутаттарының мәлімдемесі

«Соңғы қабылданған заңдар бойынша артық жерді алуға жергілікті қырғыздардың (қазақтардың. – авт.) жер мәселесіне қатысты мұқтажын барынша өтегеннен кейін ғана кірісуге және қоныс аударушылар үшін жер телімдерін сол алынған жерлердің есебінен беруге рұқсат етілген еді.

Ал қазір, жер өлшеуші партиялардың жүргізіп жатқан жұмыстарынан көрініп отырғанындай, олардың қызметі тек қоныс аударушылар үшін жер телімдерін алуға бағытталған. Қырғыздардың жерге қатысты мұқтажын барынша қамтамасыз ету жөнінде ойланып жасалған қағида мүлде ұмыт қалып отыр және ондай басы артық жерлердің бар-жоғы мұқият зерттелінбеген.

Мемлекеттік Дума депутаттарының пікірі бойынша басы артық жерлерді анықтау – бір ғана жеке облыстың емес, барлық облыстардың: Закаспийск, Орал, Торғай, Сырдария, Ақмола және Семей облыстарын жан-жақты әрі мұқият зерттегеннен кейін ғана мүмкін болатын нәрсе... Әлдебір жеке болыстағы табиғи сумен суарылатын ұлтарақтай бір тұтам жерін алып қоюдың өзі қырғыздарға ауыр зардаптар әкелері анық... Депутаттар шаруалардың қоныс аударуын дереу тоқтату керек және далалық

облыстардағы қырғыздарды жерге орналастыруға жедел түрде кірісу қажет деп санайды...»

Қазақтардың жерді пайдалану жөніндегі кеңесінің журналы. СПб., 1907, 125–126-беттер.

? 1. Қоныс аударушы шаруалар үшін жер телімдерін анықтау кезінде жер өлшеушілер алдымен кімнің мүддесін көздеді? 2. Ресей Мемлекеттік Думасының депутаттары басы артық жерлерді анықтау мақсатымен қандай шаралар жүргізуді ұсынды? 3. Қазақ халқының жерге қатысты мәселелерін шешу кезінде олар ең алдымен не істеу керек деп санады?

Тест тапсырмалары

1. Столыпин аграрлық реформасының мақсаты:
 - А) Шаруаларды қоныстандыруды тоқтату
 - Ә) Теміржолдар салу
 - Б) Тартып алынған жерлерді қайтару
 - В) Шаруаларды Қазақстанға қоныс аударту
 - Г) Өлкеде өнеркәсіп орындарын салу
2. 1907 жылғы II Мемлекеттік Думаға Семей облысынан сайланған депутат:
 - А) Ахмет Бірімжанов
 - Ә) Мұхамеджан Қаратаев
 - Б) Темірғали Нүрекенов
 - В) Әлихан Бөкейхан
 - Г) Бақытжан Қаратаев
3. Қазақ халқының өз құқықтарын қорғау жолындағы күресінің өзіндік ерекшелігі:
 - А) Қарулы күреске шығу
 - Ә) Петиция (өтініш-талаптар) жолдау
 - Б) Жерді тартып алуға қарсылық көрсету
 - В) Шет мемлекеттің аумағына қоныс аудару
 - Г) Бейбіт шеруге шығу
4. Хронологиялық реттілікпен орналастыр:
 1. II Мемлекеттік Дума
 2. Бірінші орыс революциясы
 3. Орынбор–Ташкент теміржолының салынуы
 4. Столыпиннің аграрлық реформасы

§3.

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс

Зерттеу сұрағы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс неліктен бүкілхалықтық сипат алды?

Бүгінгі сабағымызда Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себебі мен барысын қарастырамыз. Басшылық еткен тұлғалардың рөліне баға беріп, көтерілістің тарихи маңызын анықтаймыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Сардар	Военачальник	Sardar (warlord)
Қазынашы	Казначей	Treasurer

Тақырыпқа шығу:

«Қазақ» газетінде Әлихан Бөкейханның «Тағы соғыс» мақаласы жарияланды: *«Бұл соғыстан жалпы жұртқа пайда жоқ. Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып, қанын төгетін сорлы халық болар. Жиырмасыншы ғасырда Еуропа патшалықтарының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ?»*

1. Ә. Бөкейхан қандай соғыс туралы айтты?
2. Қазақ халқының бұл соғысқа қандай қатысы бар?

1. Көтерілістің себептері. XX ғасырдың басында Ресей империясындағы әлеуметтік қайшылықтар асқынды. Қазақстанды аграрлық отарлау барынша күшейді. Патша үкіметі қазақ халқының ең құнарлы жерін, мал жайылымдықтарын озбырлықпен тартып алды. Сонымен қатар Қазақстан аумағына 15,6 млн гектар жерді алып жатқан казак әскерлері орналасты. 1893–1905 жылдары қазақтардан 4 млн десятина, 1906–1912 жылдары 17 млн десятина, ал 1917 жылға қарай 45 млн-нан астам десятина жер тартып алынды. Қазақтар таулы және құнарсыз жерлерге ығыстырылды. Суы жоқ, мал жаятын шабындықтың болмауынан қазақ

халқының кедейленген тобы пайда болды. Қазақ жерлерін күшпен тартып алу жергілікті халықтар мен орыс-украин қоныстанушыларының арасындағы қайшылықтарды одан әрі шиеліністірді. Сонымен қатар 1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Патша шенеуніктері және жергілікті билеушілердің зорлық-зомбылығы күшейіп, қазақ халқын отарлауды одан әрі жалғастыра берді:

- Жергілікті халықтан алынатын салық 3–4 есе көбейді.
- Шаруалардың ірі қара малы мен мал азығын соғыс қажетіне алу күшейді.
- Әскерлердің қажетін қамтамасыз ету үшін жығып-құруға өте ыңғайлы киіз үйлер алынды.
- Әскери салық ретінде әрбір отбасы 1 сом 84 тиын төлеуге міндетті болды.

Ежелден келе жатқан қазақтардың жер-су аттары орыс тіліне ауыстырылды. Патша қоныс аударушы шаруалардың малын руластары барымталаған жағдайда, қазақтарды ерікті түрде өз малдарын беруге міндеттейтін бірнеше заң қабылдады. Мұсылмандардың құқығы едәуір шектелді. Мешіт, медреселер мен мектептер ашуға тыйым салулар орнықты. Патша үкіметі ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерге шектеу қоя бастады, билер соты тек ұсақ мәселелерді ғана шеше алды. Патша үкіметі өлке тұрғындары арасындағы ұрыс-жанжалдар кезінде көбінесе қоныстанушы казак және шаруалар жағында болатын. Байырғы тұрғындарды атақонысынан жаппай қуып тастап отырды. Қазақ тілін білмейтін, жергілікті салт-дәстүрлер мен діни түсініктерден және т.б. мүлдем хабарсыз қоныстанушы шаруалар тарапынан зираттарды да талқандау жағдайлары орын алды.

2. Көтерілістің басталуы. 1916 жылы 25 маусымда өлкенің байырғы тұрғындарын қорғаныс нысандарын салу мен тыл жұмыстарына алу туралы патша жарлығы шықты. Жарлық қазақ даласына өте ауыр жағдай әкелді. Бұл Ресейге қарсы көтерілістің басталуына себепші болды. 1916

Ойлан!

Бірінші дүниежүзілік соғыс Қазақстан экономикасына қалай әсер етті?

жылы тамыздағы Түркістан генерал-губернаторы А.Н. Куропаткиннің құпия бұйрығы бойынша «бұратаналардан» шыққан билік өкілдері мен діни қызметкерлер және ақсүйектер қара жұмыстан босатылды. Қазақтардың туу туралы куәлігінің жоқтығын пайдаланып, болыстық басқармалар мен ауыл старшындары жас мөлшерінің асып кеткендігіне қарамастан кедей жігіттерді майданға жұмысқа алынатын «қара тізімге қосты». Ал ақсүйек өкілдері мен байлар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын тапты. Сол




кездегі Саратов губерниясының депутаты А.Ф. Керенский «60 жастағы шалдардың 30 жаста болып жазылғандығын, ал байдың балаларының 25–30 жастағылары 50-де деп жазылғандығы орыс шенеуніктері мен жергілікті қазақ әкімсымақтарының парақорлығы», – деп сынайды. Қазақ зиялылары қатарында бірлік болмады. Олар екіге бөлініп, революцияшыл радикалды бағыттағы Т. Бокин, Ө. Майкөтов, С. Сейфуллин, С. Меңдешев, Ө. Жангелдиндер қарулы күрес жолын таңдады. Ал ұлттық-либералдық бағыттағы Алаш зиялылары Ө. Бөкейхан, М. Дулатұлы, А. Байтұрсынұлы бастаған топ елді қантөгістен сақтау үшін патша өкіметімен тіл табысу жолдарын іздеді. Күрестің бейбіт саяси әдістерін жақтады. Себебі патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне төтеп бере алмай, қазақ халқының қырғынға ұшырайтынын білді.

Тыл жұмысына алынатындар қатарына орыс емес тұрғындардың 19 бен 43 жас аралығындағы ер-азаматтары жатқызылды. Тыл жұмыстарына алуға шамамен жарты миллиондай қазақтар мен Орталық Азия мұсылман халықтары ілікті. Көтеріліс Қазақстанның барлық аймағын қамтыды деуге болады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басты қозғаушы күші халық бұқарасы болды. Көтерілістің неғұрлым ірі ошақтары Торғай, Жетісу, Ақмоланың Есіл бойы мен басқа да жерлерді қамтыды. Көтерілісшілер отаршылдық әкімшілік өкілдеріне, жазалаушы отрядтарға, сонымен қатар патшаны қолдаушы болыс басшыларына тап берді. Жасалған тізімдерді жойды. Шақыру бөлімшелеріне күштеп тоғытылған адамдарды босатты. Патша жарлығына қарсы болғандар теміржол рельстерін


1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-



- | | | | |
|---|---|---|------------------------------------|
|  | Көтеріліс қамтыған аймақтар |  | Көтерілісшілердің шегіну бағыттары |
|  | Көтерілісшілер жасақтарының жиналған орны |  | Жазалаушылардың шабуыл бағыттары |
|  | Ірі ұрыстар өткен жерлер |  | Теміржол |

АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

ИМПЕРИЯСЫ





Амангелді Иманов



Әбдіғәпәр Жанбосынұлы

бұзды. Көтерілісшілер найза, садақ, қылыш және мылтықпен қаруланды.

3. Торғай облысындағы көтеріліс. Көтерілістің неғұрлым ірі ошақтарының бірі Торғай облысында қалыптасты. Көтеріліс ұйымдасқандығы және тәртібімен ерекшеленді. Көтерілісшілер сардар Амангелді Иманов пен Әбдіғәпәр Жанбосынұлы басқарған әскерге бірікті. Көтерілісшілер әскері *ондық, жүздіктер мен мыңдықтарға* бөлінді. Арнайы құрылған мергендер бөлімін **Кейкі батыр** басқарды. Амангелдінің серігі, атақты мерген Кейкі батыр жасағының құйындай ұйытқыған шабуылдары жазалаушылардың зәресін ұшырды. Кейкі батыр ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Торғай қаласына шабуыл жасауға, Құмкешу, Күйік, Батпаққара, Доғал соғыстарына қатысты. Көтерілісшілер әскери дайындықты күшейтті. Салық жинаушы мен қазынаға қарайтын қазынашы қызметтері енгізілді. Пошта байланысы орнатылды. Көтерілісшілер хандық билікті қалпына келтірді, хан етіп Әбдіғәпәр Жанбосынды сайлады. 1916 жылы 22 қазанда 15 000-нан астам көтерілісші Торғай қаласын қоршауға алды. 10 күн шайқастан кейін қоршауды тоқтатып, көтерілісшілер Батпаққара, Аққұм және Доғал-Үрпекке қарай көшіп кет-



Амангелді сарбаздары.
Суретші Ә. Қастеев

ті. Осы жылдың қарашасына қарай көтерілісшілердің саны 50 000 адамға дейін жетті. Олардың қатарында көрші Ақмола облысынан келгендер де аз болмады. Нашар қаруланғанына қарамастан көтерілісшілер күрестің партизандық әдістерін кеңінен қолданып, жазалаушылардың негізгі күштеріне қарсы тұрды.

Көтерілісшілерді басып-жаншуға таңдаулы әскери жазалаушылар, соның ішінде майданнан әкелінгендер тартылды. Көтеріліске шыққандарға қарсы генералдар Макаров және Лаврентьев отрядтары әрекет етті. 1917 жылдың соңында көтерілісшілер Торғай қаласын басып алды.

4. Жетісудағы көтеріліс. Қазақтардың Жетісудағы көтерілісі 1916 жылы шілдеде басталды. Көтерілген қазақтарға ұйғыр, дүнген және қырғыздар қосылды. Халық шақыру пункттеріне барудан бас тартты.

Көтеріліске *Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин* т.б. басшылық етті. Көтерілісшілердің саны 5000 адамға жетті. Тамыздың ортасына қарай жазалаушылармен болған бірнеше шайқастан кейін, жеңілген көтерілісшілер Қытайға кете бастады.

Көтеріліс бәсеңдеді. 1916 жылы Жетісуда көтеріліс жасаған ауылдардан 238 мың адам Қытайға ауып кетуге мәжбүр болды. Патша үкіметі Жетісудағы көтерілісшілерге қарсы әскерилер мен орыс-казак жасақтарынан таңдап алынған күштерді жұмылдырды. Жазалаушылар саны 20 000-ға жетті. Жазалаушылар отрядтарымен болған шайқаста ондаған мың адам қаза тапты. Әскери-дала соттары жұмыс істеп, көтерілісшілерді өлім жазасына, каторгалық жұмыстарға кесіп, түрмелерге жапты және жер аударды. Көтерілісті басқарған 12 адам қатаң жазаланды.

Көтеріліс жетекшілері *Ж. Мәмбетов пен Ү. Саурықов* түрмеде у беріліп өлтірілді. Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліс қанды қырғынмен аяусыз басып-жаншылды. Жетісудағы Верный ошағының көтеріліс басшысы Бекболат Әшекеев болды. Оны халық 1916 жылы Верный уезінің Жайымтал болысының ханы етіп сайлады. Осы жылдың қыркүйегінде Верный қаласында әскери горнизонның соты болып, көтеріліс басшыларының бірі Бекболат Әшекеевті өлім жазасына кесіп, Боралдай деген жерде

Картамен жұмыс

20–21-беттердегі картадан Амангелді Иманов бастаған көтерілістің қамтыған аумағын, негізгі ұрыс қимылдары өткен жерлерді көрсетіңдер.



Тоқаш Бокин

Ойталқы

Көтеріліске неге басқа да ұлт өкілдері қатысты?

дарға асып өлтірді. Сотсыз және тергеусіз атылғандарды есептемегенде, Түркістан өлкесінде 1917 жылдың ақпанына дейін 347 адам өлім жазасына, 168 адам каторгалық жұмыстарға, 129 адам түрмеге жабылуға кесілді.

5. Ақмола көтеріліс орталығы. Көтерілістің ең ірі орталықтарының бірі Ақмолада еді. Көтерілістің шырқау шыңында оған қатысқандардың саны 30 000 адамға жетті. Халыққа **Рақымжан Мәдин** мен тегі украин **Яков Латута (Жақып Жоламанов)** басшылық етті. Көтерілісшілер қару жасауды жолға қойды. Мергендер отряды құрылды. Ақмола көтерілісшілері бірнеше қақтығыстан кейін Торғайға жетіп, Амангелді Иманов сарбаздары қатарына қосылды.

Көтерілісте тұрақты басшылық болмағандығының салдары айқын көрінді. Жеңіліс табуының басты себептері:

- бытыраңқылығы;
- көтеріліс ошақтары арасындағы байланыстың жеткілікті болмауы;
- патша өкіметі қарулы жазалаушы күштерінің басымдылығы еді.

6. Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістің тарихи маңызы. Елдің басқа да аймақтарында болған 1916 жылғы көтерілістің тарихи маңызы зор еді. Бұл көтеріліс қазақ еңбекші бұқарасының сана-сезімін арттыру-

Жұптық талқылау

Қосымша деректерді пайдаланып, 1916 жылғы көтеріліс басшыларына мінездеме беріңдер.

да үлкен рөл атқарды. Көтеріліс Ресейдегі азаттық күрестің жалпы тасқынына ұласты. Ол империядағы саяси және әлеуметтік дағдарыстың одан әрі асқына түсуіне себепші болды. Әскери және отаршылдық басқару жүйесінің іргесін шайқалтты. Халықтың қарсылығы жалпыұлттық сипатқа ие болды. Тіпті

түркістандық түркі халықтары жауынгерлік бауырмалдығының негізі қаланды деп айта аламыз.

Бұл көтеріліс қазақ ұлты саяси жетілгендігінің тағы да бір көрінісі саналды. Қазақтардың көтеріліске жаппай қатысуы әскери тәжірибе жинақтап, кейін Алаш әскерін құру мен 1918–1920 жылдардағы большевиктермен қарсыласуында пайдаға асты.

?

1. Міржақып Дулатұлының «Жұрт сеңдей соғылды, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды», – деген сөзінен нені байқауға болады?
2. 1914–1918 жылдары болған Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтардың қатысуы дұрыс па?
3. Қазақ халқы үшін 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің саяси салдары қандай?
4. «Қазақ халқы әлем тарихының құрамдас бөлігі, сондықтан халқымыздың Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы заңды». Бұл пікірге өз ойларыңды білдіріңдер.
5. Көтерілістің қозғаушы күшін атаңдар.

6. 1916 жылғы көтерілістегі Амангелді Иманов, Әбдіғапар Жанбосын, Тоқаш Бокиннің басшылық рөліне баға беріңдер.



Қазынашы – мекеменің, ұйымның қаржысын, бағалы затын сақтайтын, күтетін адам; қазына ұстаушы.

Сардар – сарбаздардың басшысы, әскери қолбасшы.



Амангелді Үдербайұлы Иманов (1873–1919) – халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі.

Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлы (1871–1923) – мерген. 1916 жылғы Торғай көтерілісінің батыры.

Әбдіғапар Жанбосынұлы (1870–1919) – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі. 1916 жылғы қазанда оны көтеріліс жасаған халық ақ киізге көтеріп, Торғай қыпшақтарының ханы етіп жариялады. Әбдіғапардың ұсынысымен Амангелді қолбасшы болып сайланды. 1919 жылдың аяғында беймәлім жағдайда қайтыс болды.

Тоқаш Бокин (1890–1918) – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен Қазақстанда (Жетісуда) кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысушы.

Яков Александрович Латута (1890–1965) (Жақып Жоламанов) – Киев губерниясында дүниеге келген. Бірінші орыс революциясы кезінде Ақмолаға жер аударылған, қазақ тілі мен мұсылмандықтың бастапқы түсініктерін меңгерген. Жергілікті Жоламан есімді қазақ асырап алған. 1916 жылы саны 30 000-ға жеткен көтерілісшілердің Ақмоладағы орталығын ұйымдастырушылардың бірі болды.



«Империяның бұратана еркек халқын соғысып жатқан армия шебінде қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынастар салу жөніндегі жұмыстарға, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс үшін қажет өзге де жұмыстарға тарту туралы».

Император ағзам 1916 жылғы 25 маусым күні былай деп жоғары дәрежелі әмір берді:

1. Соғысып жатқан армия шебінде қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынастар салу жөніндегі жұмыстарға, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс үшін қажет өзге де барлық жұмыстарға осы соғыс барысында империяның төменде аталған 19 жастан 43 жасқа дейінгі бұратана еркектер тартылсын:

а) Астрахан губерниясының және Сібірдің барлық губерниялары мен облыстарының бұратана халқы тартылады, бұған тұрақты мекенжайы жоқ кезбе бұратаналар және Приморье, Амур, Камчатка мен Сахалин облыстарында; Якутск облысының Ортанғы-Кольыма, Верхоянск және Виллюйск округтерінде; Енисей губерниясы мен уезінің Турухан және Богучан бөлімшелерінде, сондай-ақ Тобыл губерниясының Березов және Сургут уездерінде тұратын барлық бұратаналар жатпайды;

ә) Сырдария, Ферғана, Самарқан, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай және Закаспий облыстарының бұратана халқы;

б) Терек және Кубань облыстары мен Закавказьенің мұсылман халқы (бұған тікелей өз әскери міндеттерін өтеуге тиісті мұсылман осетиндер, сондай-ақ осындай міндетті өтеуге жатпайтын түріктер мен курдтар қосылмайды), Закавказьеде мекендейтін ездтер, Сухуми округінің ингилойлық христиандары мен абхаз-христиандар, сондай-ақ түрікмендер, ноғайлар, қалмақтар және Ставрополь губерниясының солар сияқты басқа да бұратаналары шақырылады.

2. Осының алдындағы (1) тармаққа сәйкес жұмысқа тартылуға тиісті бұратана халықтың жасын анықтау, сондай-ақ оларды осы жұмыстарға тартудың егжей-тегжейлі ережелерін белгілеу Әскери Кеңестің 1914 жылғы 3 тамызда жоғары дәрежеде бекітілген ережесінде айтылған тәртіп бойынша Ішкі істер және Әскери министрлердің келісуіне берілсін.

Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс. Құжаттар жинағы. М., 1960, 25–26-б.



Патша жарлығы не үшін жарияланды?

Тест тапсырмалары

- 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы бойынша қара жұмысқа алынатын ер-азаматтардың жасы:
 - 17–40 жас
 - 18–44 жас
 - 19–43 жас
 - 21–50 жас
 - 20–45 жас
- «Қазақ» газетінде жарияланған «Тағы соғыс» мақаласының авторы:
 - М. Дулатов
 - А. Байтұрсынұлы
 - Ө. Бөкейхан
 - Т. Рысқұлов
 - С. Меңдешев
- Боралдай асуында дарға асылған Жетісудағы көтеріліс басшыларының бірі:
 - Ө. Жанбосынов
 - Ж. Мәмбетов
 - А. Иманов
 - Б. Өшекеев
 - Ү. Саурықов

§4–5.

Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға тигізген әсері

Зерттеу сұрағы: Қазақстанда 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?

Бүгінгі сабағымызда 1917 жылдағы халықтың саяси белсенділігінің арту себептерін қарастырамыз. XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси үрдістерге баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Буржуазиялық-демократиялық революция Уақытша үкімет Қосөкіметтілік	Буржуазно-демократическая революция Временное правительство Двоевластие	Bourgeois-democratic revolution Provisional government Diarchy

Тақырыпқа шығу:

1. Сурет қандай оқиғадан сыр шертеді? Суретте «Монархия жойылсын! Республика жасалсын!» деп жазылған.
2. Бұл оқиғаның сол кездегі қазақ халқына қандай әсері болды?



1. Ақпан революциясының Қазақстанға әсері. Ресей империясы 1917 жылдың басынан әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарысқа ұшырады. Ұзаққа созылған Бірінші дүниежүзілік соғыс көптеген адам шығыны мен әлеуметтік жағдайдың нашарлауына алып келді. Жұмысшы санының жетіспеушілігі ғана емес, сонымен қатар азық-түлік пен күнделікті қажетті заттардың тапшылығы мен қымбатшылығы айқын сезілді. Империяның барлық аймақтарында жұмысшы толқулары мен бас көтерулері басталды. Ұлттық аймақтарды көтерілістер дүр сілкіндіріп, жергілікті отаршылық өкімшілікке қарсы шығулар күшейді.

Жұптық жұмыс

Уақытша үкімет қызметінің жағымды және жағымсыз тұстарын анықтаңдар.

Үкімет орын алған қиындықтарды шешуге дәрменсіздік танытты. Жағдай жергілікті және орталық өкіметтің парақорлығы нәтижесінде ушыға түсті. Елде қылмыстар белең алды.

Ресейде осы кезде, 1917 жылдың 27 ақпанында буржуазиялық-демократиялық революция жү-

зеге асырылды. Самодержавие құлатылды. Аймақтық өкілдіктері бар Уақытша үкімет құрылды. Қазақстанда Уақытша үкіметтің органдары ұйымдастырылды.

Қазақ халқы мен оның көшбасшылары екінші орыс революциясын үлкен үмітпен қарсы алды. Қазақтарға деген отаршылдық қысымды әлсірету мен шаруаларды қоныстандыруды тоқтатудың мүмкіндігі ашылды. Мемлекеттіліктің бұрынғы дәстүрін қалпына келтіру үміті де пайда болды. Байырғы тұрғындар Ресей империясының жазалау шараларын тоқтататынына сенім білдірді. Үкіметтің жазалау отрядтарын кері қайтару мен көтеріліске қатысқандарға кешірім жариялау туралы алғашқы жарлықтары халықтың жаңа билікке деген сенімін оятты. 1917 жылдың көктемінде Уақытша үкімет соғыс аудандарындағы тыл жұмысына тартылғандарды қайтару туралы шешім қабылдады.

2. Өлкеде Уақытша өкіметтің органдарын құру.

Қазақстанда атқарушы органдарды құру арқылы жергілікті билік органдары қалыптаса бастады. Мәселен, *Торғай облысының комиссары болып Әлихан Бөкейхан, Жетісуда – Мұхамеджан Тынышбаев, Түркістан өлкесінде – Мұстафа Шоқай* тағайындалды. Жоғары білімді, сонымен қатар Ресей Мемлекеттік Думасында қызмет еткен, тәжірибелі қайраткерлер қоныстанушы тұрғындар мен қазақтар арасында зор беделге ие болатын.



Мұстафа Шоқай

Дегенмен кәсіби мамандардың жетіспеушілігі мен Уақытша үкіметтің тұрақсыз саясаты билік басына бұрынғы патша шенеуніктерінің еніп кетуіне

алып келді. Бұл қарапайым азаматтар тарапынан сенімсіздік тудырды.

Ежелгі қазақ жеріне шаруаларды қоныстандыру саясаты жалғасын тапты. Ұлттық аймақтардың құқын шектейтін, бұрынғы патша заңдары әлі жүріп жатты. Уақытша үкімет ұлттардың өзін-өзі басқаруы, қазақтарға автономия беру туралы мәселені көтермеді. Ең бастысы: дала тұрғындары – әртүрлі ұлт өкілдері, әртектілер мен әлеуметтік топтар өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларының жақсарғанын сезінбеді. Азық-түлік қымбатшылығы мен бағаның қымбаттауы орын

алды. Басқарудың әлсіздігі мен бейберекетсіздігін пайдаланған алыпсатарлар қарапайым халықтың есебінен байыды.

3. Қосөкіметтілік. Монархиялық биліктің құлауынан кейін Ресей империясында тұрақсыз саяси жағдай қалыптасты. Бұл тұрақсыздықты В.И. Лениннің социал-демократиялық большевиктер партиясы тиімді пайдаланып, билікке үмтылды және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын (еңбекшілер мен әскерилердің кеңестерін) құра бастады. Олар Уақытша үкіметтің органдарымен қатар жұмыс атқарды. Бұрынғы патша өкіметіне қарсы ұстанымдағы социал-демократтар мен эсерлер көзқарасын жақтады. Ерекше орынды 1917 жыл жағдайында фабрика-зауыт комитеттері алды. Олар зауыт пен фабрика жұмысшыларының жағдайын жақсартумен, сегіз сағаттық жұмыс күніне көшумен және т.б. айналысты.

Ойталқы

Уақытша үкіметтің комиссарлары елде іргелі өзгерістер енгізе алар ма еді?

Казактардың тығыз орналасқан жерлерінде олардың комитеті құрылып, тек қана казактар мәселесін шешіп отырды. Революциялық оқиғалар өсерінен қазақ комитеттері де құрыла бастады.

Қазақстандағы қосөкіметтіліктің мәні



4. Қазақ тұрғындарының өзара ұйымдасуы. Ақпан революциясы қазақтардың неғұрлым белсенділігіне, халық бұқарасы сана-сезімінің өсуіне алып келді. Бұған тыл жұмысынан оралған қазақтар, сонымен қатар қоғамның озық ойлы, парасатты ұлт зиялылары елеулі әсер етті. Осы кезеңде Қазақстанда жоғары білімді қазақ азаматтарының саны артты.

Анықта

Қазақ комитеттері мен съездері қоғамдық өмірде қандай рөл атқарды?

Өлкеде қазақтардың қоғамдық ұйымдары жұмыс істей бастады. Омбыда – «*Оқушы жастардың демократиялық кеңесі*», Ақмолада – «*Жас қазақ*», Петропавлда – «*Талап*» және т.б. ұйымдар әрекет етті.

Негізінен, бұл бірлестіктердің құрамы Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ элитасының оқыған аға буыны өкілдерінің ықпалындағы жастардан тұрды. Орынборда 1917 жылдың сәуірінде өлкенің барлық аймағынан делегаттар қатысқан қазақ съезі өтті. Оның жұмысының барысында қоғамның аса маңызды мәселелерін шешетін облыстық қазақ комитеттері құрылды.

5. Түркістанда мұсылман партияларының құрылуы. Бұрынғы патша үкіметінің өлкедегі мұсылмандардың құқығына қысым көрсетуі

Ойталқы

Түркістанда партиялар негізінен діни бағытта құрылды?

діни негіздегі партияның құрылуына алып келді. 1917 жылы 17 наурызда Ташкентте Түркістан халықтары мен қоғамның әртүрлі топтарын біріктірген «*Шура-и-ислами*» партиясы құрылды. Партияны *М. Абдурашидханов* басқарды, оның қызметінде *М. Шоқай*, *В. Кари*, *А. Темірбеков* ерекше

белсенділік танытты. Партия құрылуының негізгі мақсаты – мұсылман халықтарының өзін-өзі басқаруы, бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығы халықтарының өзіндік дәстүрлері, ғұрыптары мен діни ерекшеліктерін сақтау, Еуропа халықтары өкілдерінің революциялық ағымдарына қарсы тұру еді.

Кейін «*Шура-и-ислами*» партиясынан «*Шура-и-улема*» дінбасылар кеңесі бөлініп шықты.

6. Ақпан революциясының Қазақстан үшін тарихи маңызы. Ақпан революциясы өлке тұрғындары сана-сезімінің өсуінде аса зор маңызға

Шығармашылықпен айналыс

1. Ақпан революциясынан кейін болған өзгерістерге баға бер.

Ақпан революциясынан кейін	
Өзгерді	Өзгермеді
Қорытынды:	

2. Самодержавие, қоғамдық ұйымдар, партия, қосөкіметтілік, Уақытша үкімет тірек сөздерін қолданып, «Ақпан революциясы қазақ халқының саяси белсенділігін арттыруға ықпал етті» атты тақырыбына 50-60 сөзден тұратын эссе жаз.

ие болды. Қазақ халқының да ұлттық сана-сезімі жаңғырып, қоғамдық ұйымдар құра бастады.

Екінші орыс революциясы 1917 жылы қазақтарға ұлттық партиясы «Алашты» құруға мүмкіндік берді. Қазақтар Ақпан революциясын қуана қарсы алғанымен, ол қазақ халқының аса мұқтаж мәселелерін шеше алмады.



1. Ақпан революциясы жеңіліс тауып, патша билігі сақталғанда жағдай қалай болар еді? 2. Ақпан революциясына сыртқы күштердің (Ресейге одақтас және жау мемлекеттердің) ықпалы болуы мүмкін бе? 3. Қазақ халқы мен басқа да отар халықтарға Ақпан революциясы қалай әсер етті? 4. Ақпан революциясына алғышарт болған жайттарды атаңдар.



Буржуазиялық-демократиялық революция – әлеуметтік революция. Негізгі мақсаты – феодалдық құрылысты жою, әртектілік мемлекет құру.

Қосөкіметтілік – бір уақытта екі өкіметтің билік етуі.

Уақытша үкімет – Ақпан революциясы (27 ақпан 1917 ж.) барысында самодержавие құлатылғаннан кейін құрылған орталық биліктің жаңа органы.



Мұстафа Шоқай (1890–1941) – белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, ұлттық-демократиялық қозғалыс басшыларының бірі. Санкт-Петербург университетінің түлегі.



1917 жылғы 27 наурыз

Ақпан революциясының жеңісі құрметіне Қазалы қаласында болған мұсылмандардың, солдаттар мен офицерлердің митингісі мен демонстрациясы туралы хабар

27 наурызда Қазалы қаласында 5000-нан астам қазақ, өзбек, татарлар бірге қосылып, қала көшелерімен жүріп өтті. Олар он шақты қызыл ту көтеріп, күндізгі сағат 2 кезінде базар жанындағы мешіттің алдына жиналды. Митинг болды. Митингінің төрағасы етіп Ташкенттен шақырылған, «Алаш» газетінің редакторы Көлбай Тоғысов (1879–1918 жылдары өмір сүрген, қазақ жазушысы, драмашы, «Үш жүз» партиясының басшысы) мырзаны, хатшысы етіп, мұғалім Байекеш Сәтбаев мырзаны сайлады. Митингіге сот қызметкерлері мен дәрігерлер бастаған көптеген орыс адамдары да қатысты. Митинг төрағасы Көлбай мырза Ресейде болған оқиғалар туралы 3 сағаттай баяндама жасады. Жұрт қуаныштан жылап, қол шапалақтады, Көлбай мырзаны үстелге отырғызып, жоғары көтерді. Қатысушылар сол жерде 317 сом 38 тиын жинады да, Көлбай мырзаға беріп, Мемлекеттік Думаның төрағасы Родзянка арқылы бостандық жолында күрескен батырларға беруді өтінді. Молда Минхажал-

динов мырза, мұғалім Байекеш мырза сөз сөйлегеннен кейін қатысушылар Көлбайдың ұсынуымен «Шура-и-ислами» қоғамына бірауыздан және әділетті түрде татарлардан – 3, қазақтардан – 3 және өзбектерден – 3 өкіл сайлады. Содан кейін митингіге барлық қатысушылар казарма жаққа бет алды, онда офицерлер бастаған солдаттар мұсылмандарды «Ура!» деп айқайлап қарсы алды және көздеріне жас ала жүріп, мұсылмандардың қолдарын қысты. Солдаттар атынан мұсылмандарға арнап офицер Качаев сөз сөйледі. Халық ұзақ уақыт бойы «Ура!» деп айқайлап тұрды. Осымен митинг бітті.

Б.С. Қазалы.

Қазақстандағы 1917 жыл. Құжаттар мен материалдар. Алматы, 1977, 47–48-б.



Ақпан революциясын жергілікті халық қалай қарсы алды?

Тест тапсырмалары

- Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан революциясының нәтижесінде:
 - Патша елден қуылды
 - Монархия (самодержавие) құлатылды
 - Патша мен көтерілісшілер келісімге келді
 - Монархия сақталды
 - Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанша патша орнында қалдырылды
- «Шура-и-ислами» партиясы құрылған қала:
 - Петропавл
 - Верный
 - Ақмола
 - Ташкент
 - Омбы
- Уақытша үкімет тыл жұмысына тартылғандарды қайтару туралы шешім қабылдады:
 - 1917 жылы көктемде
 - 1918 жылдың басында
 - 1917 жылы жазда
 - 1919 жылы күзде
 - 1918 жылы күзде

§6–7.

Алаш қозғалысы және қазақтың ұлттық идеясы

Зерттеу сұрағы: Неліктен «Алаш» партиясы халық қолдауына ие болды?

Бүгінгі сабағымызда қазақ зиялыларының қоғамдағы ролі мен қызметін, «Алаш» ұлттық қозғалысының қалыптасуын қарастырамыз. «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатына талдау жасаймыз. Ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы маңызын айқындаймыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Алаш қозғалысы	Движение Алаш	Alash movement
Алаш партиясы	Партия Алаш	Alash party
Учредительное собрание	Учредительное собрание	Constituent assembly
«Қазақ» газеті	Газета «Казак»	The newspaper «Kazakh»
Федеративтік республика	Федеративная республика	Federal Republic

Тақырыпқа шығу:

«Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын».

Әлихан Бөкейхан

1. Автор неге өз сөзін «тірі болсам» деп бастайды?
2. Автордың «қазаққа қызмет қылу» деген сөзін қалай түсінесіңдер?

1. Қазақтың ұлттық идеясы және Алаш қозғалысы. ХХ ғасырдың басында өлкеде қазақ халқын біріктіру мен болашақта мемлекеттілік дәстүрін қалпына келтіруді көздеген күшті ұлт-азаттық Алаш қозғалысы пайда болды. Бұл қозғалыс дәуірдің жаңа талаптарына: шаруаларды жаппай қоныстандыруға; байырғы тұрғындардың қайыршылануына; дәстүрлі қоғам мен шаруашылықтың күйзелуіне; орыстандыру мен христиандандыру саясатының күшеюіне және т.б. жауап ретінде қалыптасты.

Алаш – көптеген түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың аңыздық ататегі, кейіннен ұлтты біріктіруші және тәуелсіз қазақ мемлекетін құру идеясының негізіне айналған атау. Алаш – қазақ жауын-
3–4352

Ойталқы

Алаш қозғалысының XX ғасырдың басында қалыптасуына қандай жағдайлар әсер етті?

герлерінің жауға шапқандағы жалпыұлттық ұраны да еді. Бұл термин сонымен қатар адамдар бірлестігін, халық дегенді, «қазақ» сөзінің баламасын білдірген.

Алаш қозғалысының бастауында оқыған қазақ зиялылары тұрды. Алаш идеясы Алаш көшбасшыларының еңбектерінде баяндалған кейбір қағидалар төңірегінде қалыптасты. Ол қағида бойынша, біріншіден, жер қазақ халқына тиісті мұра, оны жекеменшікке беру мен сату туралы сөз қозғалуы мүмкін де емес. Екіншіден, жер үсті мен астындағы бар байлық қазақ мемлекеттілігі идеясына қызмет етуге тиіс. Үшіншіден, Қазақстан толық экономикалық еркіндік алуы, шикізат өндірісінен жергілікті дайын өнім өндіретін өнеркәсіпке өтуі керек. Төртіншіден, мемлекетте қазақ тілі, мәдениеті, діні, ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үстем болуға тиісті. Бесіншіден, ұлттық мемлекет ғылымға, басқа мемлекеттер жетістігіне, ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарға негізделуі керек.

Талдау жасаңдар

Қазақстанда «Алаш» партиясының жалғасы саналатын ұйым бар ма? Бар болса, олардың бағдарламаларын салыстырыңдар.

2. Жалпыұлттық партия құру талпынысы.

1905 жылдың желтоқсанында Орал қаласында бес облыстан қазақ депутаттарының басы қосылған съезі өтіп, онда кадет партиясының қазақ филиалын құру әрекеті жасалды. Ол қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауға тиісті болды. 1906 жылдың ақпанында Семейде кадеттерге жақын бағдарламаны қабылдаған II Қазақ съезі өтті.

Съезд қорытындысына қазақтардың ұлттық мүддесін қорғауды қарастырған баптар енгізілді. Бағдарлама бойынша дін еркіндігі жарияланды, өлкеде басқа тілдермен қатар, қазақ тілін қолдану айтылды. Съезге қатысушылар қазақ балаларына арналған мектеп, медреселер мен университеттер ашуды, Ресейдің ішкі аудандарынан шаруаларды Қазақстанға қоныстандыруды шектеуді талап етті. Сонымен қатар қазақтарға орыс тұрғындарымен тең дәрежедегі құқықтар беру туралы талаптар да қойылды. Дегенмен ол кезде ұлт зиялылары дербес партия құра алған жоқ. Бұған Ресей Мемлекеттік Думасына сайлау, бірінші орыс революциясы жеңілгеннен кейін басталған патша өкіметінің жазалауы кедергі келтірді.

3. «Қазақ» – жалпыұлттық газет және «Алаш» партиясының арнайы баспасөз органы. 1905 жылы патша манифесімен сөз және баспасөз бостандығы жарияланды. Бұл Қазақстанда алғашқы демократиялық басылымдар мен газет-журналдардың жарық көруіне мүмкін-

дік берді. 1907 жылы Санкт-Петербургте алғашқы ұлттық қоғамдық-саяси «Серке» газеті шығарылды. Бастапқы кезде татар газеті «Ульфатқа» қосымша ретінде және Ш. Қосшығұлұлының қамқорлығы мен қаржылай көмегімен шығып тұрған еді. Бірақ патша жазалауының басталуына байланысты газет жабылып қалды.

1913 жылдан бастап Орынборда жалпыұлттық «Қазақ» газеті шығарыла бастады. Газеттің негізін А. Байтұрсынұлы қалады, Ө. Бөкейхан және М. Дулатұлы оның белсенді авторлары болды. Өр нөмірдің орташа таралымы 3 мың, кейде 8 мың данаға жетіп қалатын. Газет тез арада халықаралық маңызға да ие болды. Ол халықаралық жағдайға жүйелі түрде талдау жасап, түрік дүниесінің, мұсылмандар қозғалысының тағдырын қадағалап отырды. Газет беттерінде Шығыс әйелдерінің азаттығы мен теңдігін қамтамасыз ету, халық ағарту мәселелері көтерілді. Қазақ халқын егіншілік кәсібiне де үйрете отырып, малшаруашылығын сақтап қалу мәселелері белсенді түрде талқыланды. Басылымдардың басым бөлігі тіл, әдебиет, тарих және этнография мәселелеріне арналды. Басылым тұрғындар арасында зор беделге ие болды, қолдан-қолға, бір ауылдан екінші ауылға көшіп жүретін. Газет халықтың үздік өкілдерін топтастырған, басты ұлттық-саяси және ғылыми-әдеби басылымға айналды.

4. «Алаш» партиясының бағдарламасы. 1917 жылғы ақпан революциясы қазақ ұлт зиялыларының өз халқының құқықтарын қорғау жолындағы қызметін жандандыра түсті. Бірінші дүниежүзілік соғыс барысындағы бейберекетсіздік, қазақтардың тыл жұмысына шақырылуы, Уақытша үкіметтің құрылуы қазақтардың өзара ұйымдасуы қажеттілігін тудырған болатын.

1917 жылдың жазында (21–26 шілде аралығында), Орынборда өткен *Бірінші жалпықазақ съезі* ұлттық саяси «Алаш» партиясының құрылғанын жариялады. Партияның көшбасшылары Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы және т.б. халық



«Қазақ» газеті

Жалпыұлттық «Қазақ» газеті неліктен халық арасында кеңінен таралды?

Ойлан!
«Алаш» партиясының бағдарламасында билік жүйесінің қандай нысаны қарастырылған?

өкілдері еді. Жаңа партия бағдарламасының мәтінін Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ғ. Жүндібаев, Е. Ғұмаров және т.б. дайындады.

Бағдарлама 10 бөлімнен тұрды, 1917 жылы 21 қарашада жалпыұлттық «Қазақ» газетінде жарияланды. Партияның негізгі мақсаты Ресей демократиялық **федеративтік республикасы** құрамындағы қазақ автономиясын құру деп жарияланды. Жоба авторлары мемлекеттің жоғары органдарын құрудың жолын ұсынды. *«Үкімет басында Учредительное собрание мен Мемлекеттік Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер Учредительное собрание мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты болу»*, – деп атап көрсетілді.

«Алаш» партиясы бағдарламасының авторлары демократиялық сайлау жүйесін ұсынды. Депутаттар сайлауы жасырын дауыс беру жолымен жалпыға бірдей тең, төте және құпия өткізілуге тиіс болды.

Ойталқы

«Алаш» партиясының дін туралы тұжырымына өз пікіріңді білдір.

Бағдарламада автономияның ұлттық қағида негізінде құрылатыны айтылды. *«Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу. Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыртуға – еркіншілік»* делінген. Бұл «Алаш»

партиясының ең демократияшыл, ізгілікті идеялары еді.

Дін мемлекеттен ажыратылды. Соған қарамастан ұлттық сот әдет-ғұрыптық негіздерді де есепке алатын болды (билер соты. – *авт.*). «Алаш» партиясы өз әскерін құру; кедей тұрғындарға көмек көрсету; білім беруді жан-жақты дамыту; аграрлық-қоныстандыру мәселесін шешу міндеттерін қойды. Бағдарламада жер қазақ халқының иелігінде деп атап көрсетіліп, жерді сатудан мүлдем бас тартылды. Сот жүйесінде билер сотын сақтау мен өкілеттілер сотын пайдалану ұсынылды. Әскери сала бойынша қазақ милициясын құру керек делінді. Салық саласында *«Ауқатты көп, кедей аз төлесін»* деген қағида ұстануға тиісті болды. Мектеп болашақта толық автономия алуы керек делінді.

«Алаш» ел ішіндегі беделді партияға айналды. Оның айқын дәлелі – 1917 жылдың қарашасындағы Құрылтай жиналысында өткен сайлауда партияның көпшілік дауысқа ие болып 43 депутаттық орынды иеленген еді. Бұрынғы Ресей империясы аймағында тіркелген 50 шақты партияның ішінен «Алаш партиясы» алған дауыс саны жағынан алдыңғы орындардың бірінде болды. Бірақ 1917 жылғы большевиктердің Қазан төңкерісі жағдайды едәуір өзгертіп жіберді. «Алаш» партиясының жетекшілері бағдарлама жобасын большевиктік қырғын, террорлық әдіспен емес, эволюциялық реформа жолымен жүзеге асыруды көздеді.

Алайда большевиктік өкіметтің «салтанатты шеруі» басталды.

Жұптық жұмыс

Кеңес үкіметін Алаш қайраткерлері қолдамады. Себебін анықтаңдар.

«Алаш» партиясының құрамына ғылыми және шығармашылық зиялылардың көрнекті өкілдері: М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, Ғ. Қарашев, С. Торайғыров, Х. Ғаббасов, Ө. Ермаков, Ж. Досмұхамедов және көптеген қоғам қайраткерлері енді. Партияға қоғамның өртүрлі саласының өкілдері: студенттер, мұғалімдер, қызметкерлер, дін қайраткерлері және т.б. кірген еді. Алаш партиясы мен қозғалысының негізін қалаушылар және қолдаушылар арасында белгілі орыс ғалымы және ағартушысы **Г.Н. Потанин** де болатын. Қырғыздар арасында Алаш партиясының бөлімшесі ашылып, оған қырғыз халқының аса білімді және көрнекті өкілдері енді.

Алаш өкілдерін кейіннен Кеңес өкіметі қуғын-сүргінге ұшыратты. Шамамен алғанда партия мүшелерінің жалпы саны, оны қолдаушыларды есепке алмағанда мыңға жуық адамды құрайтын. Алаш партиясының мүшелері большевиктердің идеялары мен құндылықтарын қазаққа жат құбылыс ретінде қарастырып, қабылдамады.

5. «Алаш» партиясы мүшелерінің қуғын-сүргінге ұшырауы. Азамат соғысы жылдары Алаш қайраткерлері ақтар жағында күрескенін білеміз. Алашордалықтарды өз жақтарына тарту үшін РКФСР БОАК 1919 жылдың наурызында Алашордаға кешірім жариялады. Осы кез-

1. Алаш партиясы бағдарламасына SWOT талдау жасаңдар.

1. Бағдарламаның ұтымды тұсы.
2. Бағдарламаның әлсіз тұстары.
3. Бағдарлама қазақ халқына қандай мүмкіндіктер берді?
4. Бағдарлама қандай қауіп-қатерлер алып келді?

S Жағымды жақтары	
W Әлсіз жақтары	
O Мүмкіндіктер	
T Қауіп-қатерлер	

2. «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының идеясы бұқара халықтан қолдау табуы заңдылық еді». Осы пікірді 3-5 сөйлеммен дәлелдендер.

Ізден!

«Алаш» партиясы бағдарламасымен танысыңдар. Бүгінде ол ұсыныстардың қайсысын енгізуге болады?

де А. Байтұрсынұлы жетекшілік еткен алаш-ордалықтардың торғайлық бөлігі большевиктер жағына шыққан еді. Біртіндеп қазақтардың басқа да топтары Кеңес билігін қолдай бастады. Большевиктер қазақ автономиясын құру туралы талапты орындады, бірақ пролетариат диктатурасы мен таптық күрес негізінде 1920 жылы Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрылды.

Большевиктердің ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы жөніндегі ресми құжаттарынан үміттенген алашордашылар 20-жылдардың басында оның жүзеге асу мүмкіндігіне сенді. Алайда Алаш автономиясының басшыларына Кеңес өкіметі сенімсіздікпен қарады. 1920 жылғы 5 наурызда Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Өскери-революциялық комитет Алашорданың батыс бөлімін жойды. Семей бөлімінің қызметіне тыйым салынды.

Большевиктер жариялаған кешірімдерге (1919, 1920 жылғы) қарамастан, тоталитарлық тәртіптің нығаюымен Алаш қозғалысына қатысушыларды саяси қудалау күшейе бастады. 1920, 1930 жылдары өресі биік ұлт зиялылары мен мәдениеттің бетке ұстарлары (элита), Алаш қайраткерлері қатаң қуғынға ұшырады. Мыңдаған азамат түрмеге қамалып, ату жазасына кесілді.

6. Алаш қозғалысының тарихи маңызы мен саяси жаппай қуғын-сүргіннің салдары. Алаш қозғалысының тарихи маңызы зор болды. Бұл Ресей империясының 1822–1824 жылдардағы отаршылдық саясаты негізінде үзіліп қалған мыңдаған жылдық дәстүрі бар мемлекеттілікті қайта қалпына келтіру талпынысы еді. Қазіргі мемлекеттілігіміздің негізінде осы Алаш идеясы жатыр.

1937–1938 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін республика тарихындағы қайғылы кезең еді. Ұлттың бетке ұстар қаймағы – қазақ қоғамының неғұрлым алдыңғы қатарлы еркін ойлы, білімді шоғыры жойылды. Алаш қозғалысының тарихи маңызын көрсете келе, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деп атап өтті: *«Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр... Алдына қойған мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, оны осы заманғы шындыққа бейімдеу еді. Қоғамның даму дәрежесін, дәстүрлер мен тұрмыс салтын ескерудің қажеттілігі жаңғыртуды мұрат тұтқан либералдық қағидалармен астасып отырды. Бір сөзбен айтқанда, олар елді өркендетудің демократиялық баламасын ұсынды, бірақ ол авторитарлық үрдістер салдарынан жүзеге аспай қалды».*



1. Қосымша материалдарды пайдалана отырып, Орталық Азияның басқа халықтарында қандай ұлт-азаттық қозғалыстар болғанын анықтаңдар.
2. Болжам жаса: егер ақтар үкіметі қазақтарға шынымен де автономия бергенде жағдай қалай болар еді?
3. Қалай ойлайсың, Алаш қайраткерлері алған автономиямен шектелер немесе толық тәуелсіздік үшін күресін жалғастырар ма еді?
4. «Алаш» партиясының баспа органы қай газет болды?
5. «Алаш қозғалысы ұлттық мемлекет құру үдерісін жеделдетті». Бұл пікірмен келісесің бе?
6. Қазақ зиялыларының шығармашылық мұралары қоғамдық санаға қалай әсер етеді?
7. Ұлт зиялыларының қазіргі қазақ қоғамында алатын рөлі қандай?
8. Саяси партиялардың құрылуына қандай жағдайлар әсер етті?



Алаш қозғалысы – ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық күресі.

Алаш партиясы – 1917–1920 жылдардағы қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы.

Зиялылық (зияткерлік) – адамның жоғары мәдениеттілігінің, ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым.

«Қазақ» газеті – 1913–1918 жылдары шығып тұрған жалпыұлттық басылым.

Учредительное собрание – мемлекеттік мәселелер қарастырылатын үлкен жиын. Ресейде конституция қабылдау үшін 1907 жылы қарашада құрылған.

Федеративтік республика – дербес мемлекеттердің біртұтас болып өзара біріккенінен құрылған мемлекет.

Элита (бетке ұстарлар) – белгілі бір қоғамның таңдаулы, интеллектуалдық белсенділігі жоғары өкілдері.



Потанин Григорий Николаевич (1835–1920) – белгілі орыс саяхатшысы, этнограф және публицист. Қазақстанда туып-өскен. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге зор үлес қосқан. Дала тұрғындары орыс ғалымын «жан дүниесі таза ақсақал» атандырған.



«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы

*Кейбір түсініктермен қазіргі қазақ орфографиясы бойынша берілген
М. Құл-Мұхаммед нұсқасы*

I

Мемлекет қалпы

Россия демократиялық, федеративтік республика болу. (Демократия мағынасы – мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы – құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді).

Үкімет басында Учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер Учредительное собрание мен Г. Дума алдында жауапты болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады. Сайлау хұқында қан, дін, еркек-әйел талғаусыз болу.

Законды жалғыз ғана Г. Дума шығару һәм Г. Дума үкімет үстінен қарап, ісін тексеру, запрос (сұрау) жасау хұқы да Г. Думада болу. Мемлекет салығы Г. Думасыз салынбау.

II

Жергілікті бостандық

Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия Республикасының федерациялық бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болу. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алу.

«Алаш» партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етерге көңілді адамдар болуына жаһид¹ қылады. Земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.

«Алаш» партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жәбірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарақи² ету жағына бастайды.

III

Негізгі хұқық

Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға – еркіншілік; үкімет қызметшілері иесінен рұқсатсыз ешкім табалдырығын аттамаушылық; законсыз жолмен ешкімді үкімет адамдары ұстамаушылық; сот сұрамай, билік айтылмай тұтқын қылмаушылық; қылмысты болған адам судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай судьяға тапсырылып, жабылса, судья үкімімен жабылу.

Кісі хатын ашқанға – айып, оқығанға жаза болу.

IV

Дін ісі

Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең хұқық. Дін жаюға* ерік. Кіру-шығу жағына бостандық.

Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болу, жесір дауы сотта қаралу.

¹ Жаһид – арабтың жаһд немесе жуһд сөзінен ауысып қолданылған нұсқа, «тырысады, талпынады, құлшынады» деген мағынаны білдіреді (Борисов В. М. Русско-арабский словарь. Т. II. М., 1982, с. 332).

² Тарақи – арабтың тараққаи сөзінен ауысып қолданылған нұсқа, «дамыту, өркендету» деген мағынаны білдіреді (Борисов В. М. Русско-арабский словарь. Т. II. М., 1982, с. 163).

* «Жаюға» сөзі түпнұсқада анық көрінбегендіктен (сөздің соңы «уға» деп аяқталыпты), логикалық тұрғыдан осылай деп бердік.

V

Билік һәм сот

Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттың тергеу-тексеруі һәм үкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылу. Би һәм судья орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болу; Құдайдан соңғы күшті би һәм судья болып, кім де болса, олардың үкіміне мойынсұну.

Айтылған үкім тез орнына келу. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралу. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу. Присяжныйлар қазақтан алыну. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен атқару.

VI

Ел қорғау

Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

VII

Салық

Салық әл-ауқат, табысқа қарай байға байша, кедейге кедейше әділ жолмен таратылу.

VIII

Жұмысшылар

Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде завод-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар тұрасында социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайды.)

IX

Ғылым-білім үйрету

Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу; ел ішінде кітапханалар ашылу.

X

Жер мәселесі

Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деу; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеу; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайту; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесу; сыбаға өлшеу – норма жердің топырағы мен шаруалық түріне қарай жасалу; сыбағадан артылған жер земство қолында болу; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілу; Түркістанда жермен бірге

су сыбағасы да кесілу; жерді қазақ үй басына иеленбей, ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу; өзара әділдік жолмен пайдалану.

Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астыңғы байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу.

Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу.

Жоба жасаушылар:

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдулхамид Жүндібәев, Ғазымбек Бірімжанов.

Құл-Мұхаммед М. «Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы, 2000, 82–90-б.



«Алаш» партиясы бағдарламасының тарихи маңызы неде?

Тест тапсырмалары

- «Алаш» партиясының бағдарламасы қанша бөлімнен тұрды?
 - 5 бөлімнен
 - 7 бөлімнен
 - 15 бөлімнен
 - 12 бөлімнен
 - 10 бөлімнен
- 1917 жылғы 21–26 шілде аралығында Бірінші Жалпықазақ съезінде қарастырылған мәселе:
 - Қазақ облыстарының автономиясы
 - Жер мәселесі
 - Құрылтай жиналысына дайындық
 - Қазақтың «Алаш» саяси партиясын құру
 - Барлық жауап дұрыс
- «Алаш» партиясының құрылған уақыты:
 - 1917 жылы шілде
 - 1917 жылы наурыз
 - 1917 жылы ақпан
 - 1917 жылы қыркүйек
 - 1917 жылы маусым

§8–9.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері

Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалай қорғады?

Бүгінгі сабағымызда қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін қарастырамыз. Қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасына талдау жасап, қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға береміз. Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне тоқталамыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Зиялы Реакция Қаражүздіктер	Интеллигенция Реакция Черносотенец	Intelligence Reaction Black hundred

Тақырыпқа шығу:

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас-ты.

Міржақып Дулатұлы. «Оян, қазақ!»

1. Өлең жолдары кімге арналған?
2. Автор бұл өлең жолдары арқылы нені насихаттайды?
3. Неліктен өлеңге «Оян, қазақ!» деп ат қойылған?



1. Саяси реакцияның күшеюі. 1907 жылы қазақтар сайлау құқығынан айырылды. Қазақстанда шерулер, митингілер және жиналыстар өткізуге тыйым салынды. Өлкедегі социал-демократиялық және кәсіподақ ұйымдары талқандалды. Саяси сенімсіздерге полициялық аңду қойылды. Кәсіпорындарда жұмысшылар мен бой көрсетулердің белсенділері «сенімсіз» қара тізімге енгізілді, алдын ала ескерту жасалмай жұмыстан

Анықта

Патша үкіметі қазақ тілінің мәртебесін төмендеткенде қандай мақсат көздеді?


қуылып жатты. Кәсіпорындардағы жұмыс нормалары, жұмыс күнінің ұзақтығы ұлғайтылды. Азық-түлік бағасы қымбаттады, айыппұл салу кең өріс алды. Қазақ пен орыс шаруаларының бірлесе қимыл көрсетуінің жолын кесуге әскер күші қолданылды.

1907 жылы Оқу-ағарту министрі бекіткен ережеде қазақ тілінің мәртебесі төмендетілді. Қазақ балаларына өздерінің ана тілі бастауыш мектептерде екі-ақ жыл, оның өзінде де қосымша пән ретінде оқытылатын болды. Өзге пәндердің бәрі орыс тілінде жүргізілді. Дала өлкесінің әскери губернаторлары орыс тілін білмейтін адамдардың болыс, ауыл старшыны болып сайлануына тыйым салынатыны туралы жарлық шығарды.

Өкімет билігінің тікелей қолдауымен елде «Орыс халқы одағы», «Михаил Архангел одағы» және басқа қаражүздік ұйымдар құрылды. Олар елде ойран салды, ұлт араздығын тұтандырды, жергілікті өкімет орындарының бұратаналарды қудалауы күшейді.

Патша үкіметінің мұндай іс-әрекеттері Ресей халықтарының, соның ішінде қазақтардың да наразылығы мен ашу-ызасын тудырды.

2. Қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері және олардың атқарған қызметі. Ұлттық-отаршылдық езгінің күшеюі, өлкеге нарықтық қатынастардың енуі, патша үкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ халқының ұлттық сана-сезімін өсірді. Өлкеде отарлық езгіге қарсы белсенді әрекеттер күшейе түсті.



Ресей империясы мен шетелдердің жоғары оқу орындарында оқыған, күрделі шығармашылық еңбекпен, мәдениетті дамыту және таратумен кәсіби түрде айналысатын қазақ зиялылары тобы қалыптасты. Қазақ зиялылары қазақ халқының империя құрамында өзгелермен тең құқықты болуына қол жеткізу жолында күресті. Олар қазақ мемлекеттілігін қалпына келтірудің әдіс-амалдарын қарастырды, өз халқының отаршылдық езгіден азаттық алу жолындағы күресіне көмектесуге ұмтылды. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары **Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Ж. Ақбаев, О. Әлжанов** т.б. танымал тұлғалар ұлтты басқа халықтармен терезесі тең даму жолына бастай білді. Ұлт зиялылары (интеллигенция) қазақ қоғамының оянуына жәрдемдесіп, халықтың құқықтық, эстетикалық санасы мен ой-өрісіне зор ықпал етті. Олар өз үлгі-өнегесімен қазақтың болашақ қоғам қайраткерлері **М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгеров, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, А. Сейітов, Ө. Ермеков, Қ. Болғанбаев** сияқты көптеген жас ұрпақты тәрбиелеп өсірді.

Қазақ зиялылары өздерінің мақалалары мен шығармаларын Қырым татарларының «Тәржіман», Еділ бойы татарларының «Ихтисад», «Шора», «Уақыт» және «Жұлдыз» сияқты басылымдарында жариялады. Онда патша үкіметі әкімшілігінің қазақтың ежелгі заманнан бергі атақонысын тартып алып, оларды жаппай қуып шығу саясатын сынады. Сонымен қатар қазақ халқына христиан дінін күштеп таңып, оларды шоқындыруға, қазақтың ана тілін қолданыстан ығыстырып шығаруға тырысқан келеңсіз әрекеттерге қарсы күресті. Алаш зиялылары қазақ даласына оқу-білім таратуды көздеді. Олар әдеби кештер өткізіп, жиналған қаржыны қазақ студенттеріне көмекке, ана тілінде кітаптар мен оқулықтар шығаруға жұмсады.

Ө. Бөкейхан өзінің төңірегіне қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы қауымының ең таңдаулы бөлігін топтастыра білді. Оның сенімді серіктерінің бірі белгілі ақын, аса көрнекті ғалым, түрколог, публицист,



Жақып Ақбаев

Халел
Досмұхамедов

Қазақ ұлттық зиялы қауымы көшбасшыларының қызметі туралы айттып беріңдер.

Ізден!

Өзің тұратын облыс аумағындағы ұлт-азаттық қозғалыс өкілдері есімдерін анықта.

Ө. Бөкейханның сенімді серіктері туралы не айта аласыңдар?

педагог, аудармашы әрі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Ө. Бөкейханмен пікірлес серіктерінің және ұлт-азаттық қозғалысқа белсенді қатысушылардың бірі – **Міржақып Дулатұлы** (1885–1935). Ол Торғай облысы Торғай уезінің Қызбел атырабында дүниеге келген. Алғашқы білімді ауыл мектебінен алған. Торғайдағы екі сыныптық мектепте оқыған. **1904** жылы Омбыға барып, онда Ө. Бөкейхан және А. Байтұрсынұлымен кездеседі, саяси қызметке белсене араласа бастайды. Патша отаршылдығына ашық қарсы шығып, жер мәселесін көтереді. Қазақтан жерді тартып алуға, мұсылмандықты қудалауға тыйым салуды талап етеді. **1909** жылы «Оян, қазақ!» атты жыр жинағы жарық көреді. М. Дулатұлының бұл кітабын замандастары «Ұлттық манифест» деп атады. Автор қазақ халқының ауыр жағдайын

поэтикалық түрде суреттей келіп, одан қалай шығудың жолын ұсынады. Ол қазақ даласында жаппай мешіттер мен медреселер ашуды, жастарға ислам рухында тәрбие беруді жақтады.

Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі белгілі қоғам қайраткері, инженер, педагог, тарихшы **Мұхамеджан Тынышбаев** (1879–1937) болды. Ол **1879** жылы Жетісу облысына қарасты Лепсі уезінің Садыр болысында дүниеге келген. **1900** жылы Верный гимназиясын алтын медальмен тамамдаған. **1906** жылы Санкт-Петербург көлік инженерлері институтын бітірген. Институтта оқып жүрген кезінің өзінде-ақ қазақ халқының ұлттық мүддесін патша өкімшілігінің озбырлығынан қорғаған мақалалар жазады. **1907** жылы ІІ Мемлекеттік Думаға Жетісу облысынан депутат болып сайланады. Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағыт ұстанған М. Тынышбаев бар өмірін туған халқының азаттығы үшін арнады, осы жолда құрбан болды.



Мұхамеджан
Тынышбаев

3. Ұлт зиялыларының журналдар мен кітаптар шығаруы. **1911** жылы Орынбор губерниясының Троицк қаласында алғашқы қазақ журналы «*Айқап*» жарық көрді. Оның баспагері әрі редакторы белгілі ақын, прозашы және журналист **Мұхамеджан Сералин** болды. Журналды басып шығаруда қазақ халқының көрнекті өкілдері Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, В. Майлин және басқалары елеулі рөл атқарды. Журналда жарияланған материалдарда қазақ халқының оты-

рықшы өмір салтына көшуінің, өлкедегі халықтың білім деңгейін көтерудің көкейкесті мәселелері қозғалды. Алайда журнал 1915 жылы жабылып қалды. Соған қарамастан, ол қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда, жаңадан қалыптасып келе жатқан зиялы қауымның басын қосып, топтастыра түсуде орасан зор рөл атқарды.

1914 жылдан 1918 жылға дейінгі аралықта Омбы қаласында қазақтың «Бірлік» атты мәдени-ағарту ұйымы жұмыс істеді. Оның жұмысына ақын, жазушы, ағартушы әрі драматург Қошкө Кемеңгеров белсене қатысты. Бұл ұйымның органы қолжазба күйінде шығып тұрған «Балапан» журналы болды.

Алаш қозғалысын жақтайтын қазақ жастарының ұйымдастыруымен 1918 жылдың ақпан-қазан айларында Семейде «Абай» журналы шығып, 11-нөмірі жарық көрген соң жабылып қалды. Журналды шығаруды қолға алған тұңғыш редакторы Ж. Аймауытов болды. Журналдың жұмысына М. Әуезов белсене атсалысты. Журнал Абайдың шығармаларын ұдайы насихаттап, қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен тарихы туралы келелі мәселелерді көтерді. Сонымен бірге қоғамдық-рухани өмір, ғылым мен философия жөнінде де кеңінен жазды. Қазақ халқын өркениетті елдерден үлгі-өнеге алуға, үйренуге, өнер-білімге шақырды.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ арасында рухани-діни және зайырлы мазмұндағы кітаптар пайда бола бастады. 1900 жылдан 1917 жылға дейін қазақ тілінде 400-ге жуық кітап басылып шықты, олардың жалпы таралымы 60 мың данаға дейін жетті. Кітаптар Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор, Уфа, Троицк, Орал, Астрахан, Верный, Ташкент қалаларындағы баспаханаларда араб әрпімен шығып тұрды.

1909 жылы Санкт-Петербургте ұлы Абайдың өлеңдері мен А. Байтұрсынұлының «Қырық мысал» атты кітабы басылып шықты. Осы қалада шыққан «Серке» газетінде М. Дулатұлының «Жастарға» деген өлеңі жарық көрді. Ол «Азамат», «Терме», «Бақытсыз Жамал» атты еңбектерінде қазақ елінің маңызды әлеуметтік мәселелерін қозғады.

Қазақ газетінің, журналдары мен кітаптарының жарық көруі қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда, қазақ зиялыларының ұлт мүддесі үшін тығыз топтасуында елеулі рөл атқарды.



«Айқап» журналы

Ізден!

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда қазақ тілінде тағы қандай кітаптар шықты?



Әлихан Бөкейхан

4. Әлихан Бөкейханның шығармашылық мұрасы және қазақ тарихындағы орны. Ә. Бөкейхан 1866 жылы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының Қызыларай мекенінде (қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы) дүниеге келген.

Оқуды Қарқаралы медресесінен бастайды, кейін қаладағы төрт сыныптық бастауыш орыс-қазақ мектебіне ауысады. 1886–1890 жылдары Сібір теміржолына мамандар дайындайтын Омбыдағы техникалық училищеде оқыды. Осы училище директорының кеңесімен 1890 жылы Санкт-Петербургтегі Орман институтына түседі. Институтпен қатар Әлихан Санкт-Петербург университетіне өз бетінше емтихан тапсырып, заң факультетін бітіріп шығады. 1894 жылы *орманшы-ғалым* және *заңгер* дипломын алады.

Оқуды бітіргеннен кейін Тобыл губерниясына қоныс аударушылардың шаруашылығын зерттейтін «Тобыл экспедициясы» құрамында еңбек етті. 1895 жылы қыркүйекте Ақмола облысы Омбы орманшаруашылығы басшысының көмекшісі болып тағайындалады. Сонымен қатар Омбы орман мектебінің оқытушысы болып орналасады.

1897 жылы Қазақстанның бірқатар далалық уездерін зерттейтін *Ф. Щербина экспедициясы* жұмысына қатысады. Экспедиция барысында ол өз жерлестерінің жер көлемін мүмкіндігінше ұлғайтуға тырысты. Алайда кейін патша үкіметі тарапынан қазақ халқына тиесілі жер көлемі қысқартылды. Қазақ жері қоныс аударушы шаруаларға беріле бастады.

Әлихан Бөкейхан Сібір теміржолы аймағындағы малшаруашылығын статистикалық-экономикалық тұрғыда зерттеумен айналысатын С.П. Швецовтің экспедициясында да еңбек етті. 1904 жылы қо-

Шығармашылықпен айналыс

1. «Ұлт зиялылары көздеген мақсаттарына жете алды ма?» деген тақырыпта 10–15 сөйлемнен тұратын шағын эссе жазыңдар.

2. Кестені толтырыңдар. ХХ ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқы демократиялық қозғалыстары жандануының қысқа және ұзақ мерзімді себептерін жіктеңдер.

Қысқа мерзімді себептері	Ұзақ мерзімді себептері
1.	1.
2.	2.

ныс аударту басқармасына шенеуніктік қызметке орналасты.

Қоғамдық-саяси және публицистік қызметі. Әлихан қоғамдық-саяси қызметпен белсенді түрде айналысты. Оның отаршыл патша үкіметінің саясатына көзқарасы өзгерді. Сонымен қатар ол дәстүрлі қазақ қоғамындағы: пайдакүнемдік, болыс лауазымы үшін талас-тартыс сияқты жағымсыз көріністерді де сынға алды. Өз халқының жарқын болашағын алдын ала болжады: *«Қазақ даласы... табиғатынан ақылды және қабілетті, қазақ халқы болашақта, өркениет жолында іргелі жетістіктерге жетеді»,* – деген пікір білдірді.

1905 жылы Мәскеуде өткен Ресей земствосы және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты. Съезде жоғарғы мінберден қазақ тарихында тұңғыш рет туған халқының жоғын жоқтап, сөз сөйледі. Ол өз сөзінде қазақ халқының дін, тіл, сайлау т.б.

бостандықтары жөнінде мәселе көтерді: *«Мен қырғыз (қазақ) ұлтының өкілі саналамын... Бізде қазақ тілінде оқытатын мектептер қуғынға ұшырауда... Шаруалар бастығы (көбісі бұрынғы ротмистрлер) істі қазақ тілінде қарастыруға рұқсат етпейді...»*

Ол осы жылы Кадеттер (конституциялық-демократиялық) партиясы мүшелігіне енді, *Қарқаралы петициясын* құрастыруға қатысты. 1906 жылы Семей облысы қазақтары атынан Ресейдің I Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланды.

Әлихан Бөкейхан қазақ халқының ежелгі ата-баба қонысынан айырылуына үзілді-кесілді қарсы шықты. Патша үкіметінің отаршылдық қоныс аудару саясатын ашық түрде әшкереледі. Жергілікті тұрғындарды христиан дініне көшіру әрекетін батыл айыптады. Ұлт-азаттық қозғалыстың жолында көшбасшыға айналды. Бұл туралы отаршыл билік өкілдері былай деп жазды: *«Қоныс аударту басқармасының шенеунігі Бөкейхан қырғыз (қазақ) даласына зор ықпалын тигізіп отыр».*

Омбы жандармдық басқармасы бастығының айтуынша: *«Ол даладағы... қырғыздардың (қазақтардың) діни-саяси қозғалысының жетекшісі... үкіметке қарсы барлық митингілер мен үндеулер, петициялардың белсенді ұйымдастырушысы».*

Сондықтан ол патша үкіметінің қуғындауына ұшырап, жер аударылды. 1917 жылға дейін үш рет (1902, 1906, 1908 жылдары) тұтқынға алынып, түрмеге қамалды, ал 1909–1917 жылдары Самарада айдауда болды. Кеңес өкіметі кезінде де қуғындалды, *«қызыл террор»* жылдары жазықсыз айыпталып, 1937 жылы ату жазасына кесілді.

Анықта

«Алаш» қозғалысының көшбасшысы қандай еңбек жолынан өтті?

Ізден!

Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси қызметінің сипаты мен мәні неде еді?

Әлихан Бөкейханның идеялық көзқарасы. Қазақ халқы ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Ә. Бөкейхан Қазақ хандығының Ресей империясының бодандығына түсу себептерін анықтау үшін ұлт тарихын терең зерделеді. Ол қазақтардың өз тәуелсіздігінен айырылуының басты себебі: бұрынғы ел билеушілерінің қол астындағы ру-тайпалар мен жүздерді біріктіріп, сыртқы отаршылдық қауіпке қарсы жұмылдыра алмауында деген тұжырымға келді. Ол 1913 жылы былай деп жазды: «*Бұрынғы ел билеушілердің басым көпшілігі уақыты мен күшін өзара қастандыққа, күш көрсету мен зорлық-зомбылық, алауыздыққа жұмсады*».

Ол хандық билікті қалпына келтірудің нәтижесіздігін түсінді. Ұлт тәуелсіздігіне тек белсенді саяси күрес арқылы ғана жетуге болатынын айтты. Осы мақсатпен Кадеттер партиясына мүшелікке өтті. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамытудың эволюциялық жолымен қазақ мемлекетігін жаңғырта аламыз деген пікір ұстанды.

Қазақ халқын біріктіру мақсатында бүкіл қазақтың басын қосып, ұлт етіп ұйыстыратын *Алаш идеясын* ту етіп алды. Ол еуропалық даму жолын қолдайтын алғашқы қазақ демократтарының бірі болды.

Жұптық жұмыс

Ә. Бөкейханның ғылыми-зерттеу жұмыстарына шолу жасаңдар.

Әлихан Бөкейханның ғылыми-зерттеу жұмыстары. Сапалы білім мен ұзақ жылдардағы ғылыми-практикалық жұмыс тәжірибесі Әлихан Бөкейханға көрнекті энциклопедист-ғалым болып қалыптасуына, Қазақстан мен оған шегаралас елдердің тарихы мен мәдениетін және экономикасын терең меңгеруіне игі әсер етті. Сонымен қатар тұңғыш *абайтанушы* да болды. Ол қазақ халқының мал және егіншаруашылығын алғаш жан-жақты зерттеген көрнекті ғалым. Ә. Бөкейхан қазақ халқының ауылшаруашылығын дамытуға зор көңіл бөлді. Ол қазақтардың ірі қара малы мен қой тұқымы жайында көптеген еңбектер жазды. Оның ғылыми еңбектері бүгінгі күні өз құндылығы мен маңызын жойған жоқ.

Ол императорлық Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімшесінің мүшелігіне өтті. 1902 жылы Орыс географиялық қоғамы Семейдегі бөлімшесінің ашылуына өз үлесін қосты. «Известия», «Записки» және «Отчеты» басылымдарына мақалалар жариялап тұрды. Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефронның «Жаңа энциклопедиялық сөздігі» жұмысына қатысты.

Әлихан Бөкейханның білікті журналист, публицист, ағартушы және аудармашы ретіндегі қандай іргелі еңбектерін білесіңдер?

Оның алғашқы ірі монографиялық ғылыми еңбегі қазақ халқының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихына арналды. Бұл кітап «Ресей. Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы»

көптомдық жинағында 1903 жылы Санкт-Петербург қаласында жарық көрді. Тарихи-этнографиялық «Қырғыздар (қазақтар)», «Сұлтан Кенесары Қасымов тарихы жайлы материалдар», «Қарқаралы уезі қырғыздарының (қазақтарының) рулық құрылымы», «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы», «Қырғыздардың (қазақтың) ас беруі жайында» т.б. еңбектері шықты. Ө. Бөкейхан кейінгі ұрпаққа жалпы көлемі 16 томнан тұратын мол ғылыми-публицистикалық мұра қалдырды.

Ө. Бөкейхан туралы қандай кітап оқып, фильм көрдіңдер? Оның қазақ тарихында алатын орнына баға беріңдер.

Әлихан Бөкейхан білікті журналист, публицист, ағартушы. Әлиханнның алғашқы мақалалары Омбы техникалық училищесінде оқып жүрген 1889 жылы жарық көрді. Омбыда басылатын «Дала уәлаяты» газетінде жиырмадан астам мақалалары мен фельетондары шықты.

Ол «Дала өлкесі», «Семей облыстық ведомстволары», «Қырғыз даласының газеті» және «Түркістан ведомстволары» газеті жұмысына қатысып тұрды. Оның мақалалары Мәскеу, Омбы, Томск және Семей қалаларында шығатын либералдық бағыттағы газеттерде жарық көрді.

Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетін ұйымдастыруға зор еңбек сіңірді. Газет беттеріне оның мақалалары қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты. Патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырағандықтан, ол мақалаларына «Қыр баласы», «Фали хан», «Қырғыз-қайсақ» т.б. лақап аттар қойып отырды. Ол өз мақалаларында қазақ халқы отарлық езгіден азат ету, тарих пен мәдениет, әлеуметтік жағдай, саясат пен халық ағарту ісі мәселелерін көтерді.

Ө. Бөкейхан А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов, А.П. Чехов, В.Г. Короленко шығармашылығымен жақсы таныс болды. Бірқатар еңбектерін қазақ халқына арнаған А. Сорокинмен достық қарым-қатынасын үзбеді. Батысеуропалық мәдениет пен әдебиетті жақсы білді. Сондықтан да Әлихан Бөкейхан орыс классиктерімен қатар, Батыс Еуропаның әдеби шығармаларын, ғылыми еңбектер мен мектеп оқулықтары, оқыту-әдістемелік құралдарын қазақ тіліне еркін аударды. Тұңғыш рет *астрономия, геология* оқулықтарын қазақ тіліне жатық етіп аударып шықты.

Әлихан Бөкейханның Қазақстан тарихындағы алар орны. Ол сауатты, өте білімді, парасатты, өз заманының озық ойлы азаматы болды. Дала тұрғындарының ғана емес, өзге ұлттардың да құрметіне бөленді. Өз ұлтының ата тарихын жетік меңгеріп, мәдениеті мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне құрмет көрсетудің, туған халқына адал қызмет етудің үлгісін көрсетті. Ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру үшін үздіксіз күрес жүргізді.

Әлихан Бөкейхан халықтың көшбасшысы қандай тұлға болу керектігін өз үлгісімен айқындап берді. «Алаш» көшбасшысы Ә. Бөкейханның қазақ тарихындағы алар орнына Алаштың келесі ірі тұлғасы, қайраткер, ғалым *Қошке Кемеңгеров* «Қазақ тарихынан» еңбегінде мына тұрғыда баға берді: *«Биліктің қуғындау мен қудалау жылдарында тұрмеге қамалып, жер аударылса да бірқатар батыл да ержүрек азаматтар өз халқының болашағы үшін күресті жалғастыра берді. Бұл топтың жетекшісі, тәрбиешісі де Әлихан Бөкейхан еді. Ол елінің болашағы үшін қиыншылықтан қорықпайтын ұлтжанды азаматтарды күрескерлік рухта баулып, әдеби тіл нормасының орнығуы мен діни фанатизмнен арылуға зор үлес қосты. Нәтижесінде қазақ ұлты қалыптасты. Әлихан Бөкейханның қазақ тарихындағы алар орны, міне, осында жатыр».*

Әлихан Бөкейхан миллиондаған халықты «Алаш» қозғалысы идеясы төңірегіне топтастырды. Ол қазақтың зиялы азаматтарын өз Отаны мен халқына адал қызмет етуге шақырды. Өзінің: *«өмірімнің соңына дейін қазақ халқына қызмет етемін»*, – деген ұстанымына адал болып өтті.


«Алаш» қозғалысы көшбасшысы Әлихан Бөкейханның есімі еш уақытта да ұмытылмайды. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында оның есімімен көше аталған. Бүгінде Қазақстан Республикасында ер балаларға *Әлихан* есімін қою үрдісі кең таралған. «Алаш» мәдени және даму институты оның көптомдық еңбектерін жарыққа шығарды. Оның құрметіне республикалық және халықаралық конференциялар өткізіліп тұрады. 2016 жылы елімізде Ә. Бөкейханның 150 жылдық мерейтойы аталып өтті.

- ?** 1. «Зиялылар» деп кімдерді атаймыз? 2. Зиялылар ұлттық мүддені қорғау үшін не істей алады? 3. Қазақ зиялыларының шығармашылық мұралары қоғамдық санаға қалай әсер етті? 4. ХХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген ұлт зиялыларының алдына қойған басты мақсаты қандай? 5. Қазақ зиялы қауымының қалыптасуына Ә. Бөкейханның еңбегі қалай әсер етті? 6. «Қазақ тілі ісқағаздар жүргізуге қолайсыз болды, сондықтан орыс тілін білмейтін қазақтар жоғарғы қызметтерге тағайындала алмады». Бұл пікірге қатысты ойыңды білдір.

***** **Зиялы (интеллигенция)** (лат. *intelligents* – ақылды, түсінетін, ойлайтын, парасатты зиялы қауым) – қоғамдағы ғылыми-мәдени құндылықтарды қалыптастырып, дамытатын және тарататын озық ойлы әлеуметтік топ.

Қаражүздіктер – патшалық Ресейдегі барып тұрған реакционер, орыс халқының мүддесін жоғары қоятын шовинист әрі монархистер тобы.

Реакция – қоғамдық прогреске белсене қарсы күрес жүргізу саясаты.

 **Қайретдин Болғанбаев** (1893–1937) – белгілі көсемсөзші, ағартушы, қоғам және мемлекет қайраткері. «Алаш» қозғалысына белсене қатысқан.

Қошке (Қошмұхамбет) Кемеңгеров (1896–1937) – қазақтың белгілі қоғам қайраткері, тарихшы, жазушы, драматург. Ол Ақмола облысының Омбы уезіндегі Теке болысының Қаржас ауылында туған.

Мұхамеджан Сералин (1872–1929) – жазушы, ақын, публицист, журналист. Қазақ жазба әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан. «Айқап» журналының бас редакторы.

Сейітов Асылбек Жұманұлы (1894–1937) – дәрігер, қоғам қайраткері. «Алаш» партиясы белсенді мүшелерінің бірі. Қазақстандағы емдеу орындарын ашып, денсаулық сақтау ісіне зор үлес қосты.



«Біз өзіндік, бірегей ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, бұрынғы дәстүріміздің негізінде қазіргі заманғы озық мәдениет пен әдебиетімізді қалыптастыруымыз қажет. Сонда ғана «қазақ» деген атымызды сақтап қала аламыз». (Ә. Бөкейхан)



1. Үзінді авторы өз отандастарын неге үндеді? 2. Әлихан Бөкейханның идеясының мәні неде еді?

Тест тапсырмалары

- 1900 жылдан 1917 жылға дейін қазақ тілінде жарық көрген кітаптардың саны:
 - 700-ден астам
 - 400-ге жуық
 - 500-ден астам
 - 1000-ға жуық
 - 300-ге жуық
- 1911 жылы «Айқап» журналы алғаш басылып шыққан қала:
 - Қазан
 - Орынбор
 - Уфа
 - Троицк
 - Орал
- 2016 жылы 150 жылдық мерейтойы аталып өтілген тұлға:
 - М. Тынышбаев
 - М. Дулатұлы
 - Ә. Бөкейхан
 - М. Сералин
 - А. Байтұрсынұлы

БІРІНШІ БӨЛІМДІ ҚАЙТАЛАУ-ПЫСЫҚТАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. «XX ғасырдың бас кезінде қазақ зиялы қауымының ұлт мәселесіне белсене араласуына қандай жағдайлар түрткі болды?» тақырыбында 80-100 сөзден тұратын эссе жазыңдар.

Тірек сөздер: шаруаларды жаппай қоныстандыру, революция, Мемлекеттік Дума, Бірінші дүниежүзілік соғыс, «Алаш» партиясы.

2. XX ғасырдың басындағы қазақ өлкесінің қоғамдық-саяси жағдайы қандай еді? Бес сипаттамасын көрсетіңдер.

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____

3. Берілген ақпараттардың ақиқат/жалған екендігін анықтаңдар.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басталуына патшаның 25 маусымдағы жарлығы түрткі болды.	
Қазақ зиялылары 1906–1917 жылдары Мемлекеттік Дума жұмысына тұрақты түрде қатысып отырды.	
1917 жылы шілдеде Бірінші жалпықазақ съезінде «Алаш» партиясы құрылды.	
1917 жылы Ресейде бірінші орыс революциясы болып өтті.	
«Шура-и-ислами» партиясы Түркістан қаласында құрылды.	

4. Қазақстандағы қосөкіметтіліктің мәні неде екенін түсіндіріңдер.

5. «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің тарихи маңызын анықтаңдар.

6. XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс көшбасшыларының қызметіне баға беріңдер.

§10–11.

Қазақстан азаматтық қарсыластық
жылдарында (1918–1920)

Зерттеу сұрағы: Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?

Бүгінгі сабағымызда ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үрдістерге баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Декрет	Декрет	Decree
Большевизм	Большевизм	Bolshevism
Кеңестер	Советы	Soviet
Чехословак корпусы	Чехословацкий корпус	Czechoslovak Corps
Интервенция	Интервенция	Intervention
Азамат соғысы	Гражданская война	Civil war

Тақырыпқа шығу:

Кім? Не? Неге? Қашан? Қайда?
(Суретте қандай оқиға бейнеленген?)



1. Қазан революциясы және Кеңес билігінің орнауы. Уақытша үкіметтің әлсіздігі, елде қосөкіметтілік жүйенің орнауы, әлеуметтік-экономикалық ахуалдың төмендеуі халықтың көп бөлігінің наразылығын тудырды. Ірі қалалардың жұмысшылары, матростар мен солдаттар ерекше белсенділік танытты. 1917 жылдың жазының ортасы мен күзінде саяси ереуілдер жиілеп, бірқатар жерлерде ереуілшілер

кәсіпорындарды басқаруды өз қолдарына алды. Бүкіл елде **Кеңестердің большевиктенуі** басталды.

1917 жылы **25 қазан (7 қараша)** күні қарулы төңкеріс жасалып, *Әскери-революциялық комитет* Уақытша үкіметтің құлатылғанын жариялады. Үкімет міндетін атқару **В.И. Ульянов (Ленин)** басқарған Халық Комиссарлары Кеңесіне берілді. Кеңестердің II Бүкілресейлік съезі **В.И. Ленин** даярлаған екі негізгі **декретті** қабылдады. *Бітім туралы*

Ойлан!

Большевиктер қалайша тез арада билікке ие болды?

Декретте барлық соғысушы халықтар мен олардың үкіметтеріне әділетті демократиялық бітім жасау жөніндегі келіссөздер бастау ұсынылды. *Жер туралы Декретте* жерге жекеменшік жойылып, бүкіл жер жергілікті кеңестердің қарамағына

берілетіні заңдастырылды. Кеңестер әлеуметтік әділеттілік пен қоғамдық теңдікке негізделген социалистік бағыт ұстанды.

Ұлттық шеткері аймақтағы халықтарды өз жағына тарту үшін 1917 жылғы қарашада *«Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы»* жарияланды. Онда *«Ресей халықтарының бөлініп, дербес мемлекет құруына дейінгі ерікті өзін-өзі билеу құқығы»* танылатыны жазылды.

Бұл құжатпен қоса *«Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына үндеу»* қабылданды. Мұсылман халықтарға, соның ішінде қазақтарға да олардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына, дініне қол сұқпаушылық жөнінде кепілдік берілді.

Билік құрылымының өзгеруіне қарамастан, жаңа мемлекетті құру туралы мәлімдеменің астарында большевиктер орыс емес халықтарды бұрынғыдай тәуелділікте ұстауды қарастырды.


Жергілікті кеңестік биліктің органдарының басшылығында еуропалық ұлт өкілдері болуы тегін емес еді. Олар жер-жерде, әсіресе оңтүстік аудандарда саны аз болса да ерекше белсенділік танытты.

Ойталқы

Қазақ халқы большевизм идеясын неліктен жат құбылыс ретінде қабылдады?

2. Өлкеде большевиктер билігінің орнауы. Орталықтағы революцияның жеңісі шеткері аймақтарда, оның ішінде Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуды жеңілдетті. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы негізінен қалалар мен ірі елді мекендерде 1917 жылдың қазан айының соңынан 1918 жылдың наурыз айына дейін созылды. Кеңес өкіметін орнату мен нығайту жұмысына *«Үш жүз»* партиясы белсене қатысты. Партияның негізін 1917 жылы 17 қарашада *Мұқан Әйтпенев* қалады. Партия басшылығына *К. Тогысовтың* келуімен «үш жүзшілер» басқа қозғалыстарға қарсы күрестегі большевиктердің сенімді одақтасына айналды.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы



Ақпан революциясымен салыстырғанда бұл оқиғаны қазақ халқы үлкен құлшыныспен қарсы алмады. Пролетариаттың таптық күрес идеясы мен диктатурасын өлке халқының көп бөлігі қолдамады. Ғасырлар бойы ауылда туысқандық принцип негізінде өмір сүріп келе жатқан қазақтар Қазан революциясының идеясын қабылдай алмады. Ауқатты казактар мен шаруа-қоныстанушыларға да бұл жаңа идеялар таңсық болды.

Зауыт-фабрикалардағы кеңестік билік басшылығының ықпалымен жұмыс тәртібі күшейіп, нәтижесінде оның мемлекет меншігіне өтуіне әкелді. Бұрынғы көпестер мен ірі кәсіпкерлердің үйлері тартып алынып, олар шет жаққа қоныс аударылды. Мемлекеттің қарамағына, сонымен қатар банктер, шахталар, кен орындары көшірілді. Алайда жұмысшылардың өндіріс орындарына басшылық жасай алмауының салдарынан еңбек өнімділігі төмендеді. Большевиктер банктер мен теміржолдарды, елдегі барлық кәсіпорындар, сауда, қызмет көрсету мекемелерін түгелдей дерлік мемлекет меншігіне өткізді.

Қазақ халқын өз жағына тарту мақсатымен кеңес билігі қазақтардан бұрынғы казактар мен қазынаға және шаруаларға деп тартып алынған жерлерді қайтарып беру саясатына көшті. Қазақ халқы кеңестерді патшалық өкіметтің бұрынғы органдарының орнын басқан жат құбылыс ретінде қабылдады. Өлкеде таптық күрестің анық белгілері болмады. «Пролетариат диктатурасының» ұраны ауылда, не қоныс аударушылардың мекенінде, не казактар тарапы-

Анықта
Жер туралы саясаттың мәні неде?

ҚАЗАҚСТАН ШЕТЕЛ ИНТЕРВЕНЦИЯСЫ



- Қызыл Армия азат еткен аймақтар
- Қызыл Армия бағыттары
- Әліби Жангелдиннің экспедициясы

- Контрреволюциялық күштердің шоғырлану орны
- Ірі ұрыстар өткен жерлер
- Ақ гвардияшылар ескерінің қимылдары

МЕН АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА



Картамен жұмыс

58–59-беттердегі картадан Қазақстанда Азамат соғысы жылдарында ұрыс қимылдары өткен аймақтарды көрсетіңдер.

нан да қолдау таппады. Большевиктер билікке келгеннен кейін қоғам үкіметтің жақтастары мен қарсыластарына бөлінді. Кейінірек елде Азамат соғысы басталды.

3. Әскери интервенцияның басталуы. 1918 жылы көктемде Кеңес елінің аумағында шетелдік соғыс интервенциясының өрті тұтанды.

Шетелдік соғыс интервенциясының етек алуына Антанта елдері дайындап, солардың нұсқауымен жасалған 1918 жылы 25 мамырдағы **Чехословак корпусы** бүлігінің үлкен әсері болды. Бұл іс жүзінде **Азамат соғысының** басталуын білдірді. Чехословак корпусының бүлікшілері ішкі контрреволюциялық күштермен бірлесе отырып, Сібірдің бірқатар қалаларын, Оралды және Қазақстанның – Петропавл, Ақмола, Қостанай, Семей қалаларын басып алды. Кеңес өкіметіне қарсы қолдарына қару алған атаман А.И. Дутов бастаған Орал және Орынбор казактары көтерілді. Контрреволюциялық күштердің қолына бүкіл Солтүстік және Шығыс Қазақстан мен Орталық Қазақстанның көп бөлігі қарады.

Большевиктер 1918 жылдың жазында тек Бөкей Ордасының көп бөлігінде, Жетісуда, Сырдария облысы мен Торғай облысының оңтүстігінде биліктерін сақтап қалды.

Азаматтық соғыс ағайындылардың бір-бірін өлтіретін сипатқа айналды. Кей жағдайда бір отбасының адамдары майданның екі жағында қалып отырды.

4. Омбыдағы Уақытша Сібірлік үкімет. Қазақстандағы Азамат соғысының ең алғашқы ошақтарының бірі 1917 жылдың қарашасында Орынбор қаласында пайда болды. Соңынан большевиктерге қарсы күштер мен Кеңес өкіметімен күрес орталықтары Оралда, Жетісуда қалыптаса бастады. Омбыда адмирал Колчак басқарған Уақытша Сібірлік үкімет құрылды. Ол барлық биліктің осы үкіметтің қолына өткендігін жариялады. Солтүстік және солтүстік-шығыс Қазақстандағы ақ гвардияшылардың тірегі осы үкімет болды. Олар жергілікті большевиктерді тұтқындап, жазалады. Күштеп әскер қатарына шаруалар мен казактар арасынан адамдар алды. Батыс Сібір қалаларындағы билікті өз қолдарына қаратты. Әскерді және қол астындағы халықты тұтынатын тауарлармен қамтамасыз етуге әрекеттер жасады.

Сібірлік үкімет Алашорда автономиясы мүшелерін өз жағына тартуға тырысты. Большевиктерге қарсы бірлесе шайқасты. Бірақ Алашорда үкіметімен толыққанды одақ жасай алмады, себебі Колчак Қазақ автономиясын құруға қарсы шықты.

Ақ гвардияшылармен күресте Қызыл Армия құрамына қазақтар да кірді. Ұлттық әскери құрамалар – Орынбор қазақ полкі, қазақ эскадроны төрізді бөлімдер құрылды. Әскер бөлімдерін құруда Ә. Жангелдин, С. Арғыншиев, О. Исаев, М. Масанчи, А. Розыбақиев т.б. халық арасында ұйымдастыру мен тәрбие жұмыстарын жүргізді. 1918 жылы тамызда Семей қаласында бірінші Алаш атты әскер полкі ұйымдастырылды. Бөкей Ордасында құрылған қазақ атты әскер полкіне Х. Чурин, Ж. Сәрсеков, Б. Жәнекешевтер басшылық етті. Азамат соғысы барысында Ақмола, Семей облыстарында партизандық қозғалыс ошақтары (Черкасск қорғанысы), Тарбағатай мен Алтайдағы «Тау қырандары» партизандық отрядтары әрекет етті. Азамат соғысы жылдарында Ә. Жангелдин экспедициясы Ақтөбе майданын қару-жарақ, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етті.


Ізден!

Қазақстанда қандай қалаларда Қызыл Армия бөлімдері құрылды?

1919 жылы жазда Колчак армиясы жеңіліске ұшырап, Батыс, Солтүстік, солтүстік-шығыс Қазақстан мен Жетісуды азат ету мүмкіндіктері пайда болды. 1919 жылдың соңында ақ гвардияшылардан Қазақстан аумағы түгелге жуық азат етілді. 1920 жылы наурызда Қазақстандағы Азамат соғысының соңғы шайқасы солтүстік Жетісу майданы жойылды. Біртіндеп бүкіл Қазақстан аумағында Кеңес өкіметі қалпына келтірілді.

Талдау жаса!

PEST талдауы арқылы Азамат соғысының мемлекетке алып келген өзгерістерін айт.



Азамат соғысы мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына, экономикасына, әлеуметтік және технологиялық жағдайына қалай әсер етті?

5. Қазақстандағы Азамат соғысының салдары. Азамат соғысы мыңдаған адам өмірін қиды, кейбіреулері отандарынан мүлдем айырылды. Қарапайым халық зардап шекті. Атамандар Дутов пен Анненковтың казактары орыс селолары мен қазақ ауылдарына қырғидай тиіп, ерекше қатыгездік танытты. Қазақтардың малын тартып алып, үйлерін өртеді, бейбіт тұрғындарды қырып салды. Елдің шаруашылығы күйзеліске ұшырады. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінен басталған экономикалық құлдырау күшейе түсті. Өртүрлі аудандардың, халықшаруашылығы салаларының, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының, қала мен ауылдың арасындағы экономикалық байланыстар бұзылды. Азық-түлік пен ең қажетті бұйымдардың тапшылығы өткір сезілді, қағаз ақша құнсызданды. Қазақстанда көмір өндіру 1913 жылмен салыстырғанда 5 есеге, мұнай өндіру 4 есеге қысқарды.

Қазақстанда экономикалық және мәдени артта қалушылық тереңдей түсті. Егін егілетін жер көлемі қысқарды, жиналған астық мөлшері азайды. Азамат соғысынан кейін жағдай одан әрі нашарлай түсті.

- ?** 1. Ресей Антанта одағында болғандығына қарамастан, осы одақ мемлекеттерінің бүлікшілерге көмек көрсетуі неліктен? 2. Алаш қайраткерлері Азамат соғысы барысында қандай мақсатты көздеді? 3. «Азамат соғысы болмаған жағдайда қазақ халқының ұлттық автономия алу мәселесі кейінге қалар еді» деген пікірмен келісесіз бе? 4. Азамат соғысы Қазақстанға қандай әсерін тигізді?

***** **Азамат соғысы** – бір мемлекеттің ішіндегі әлеуметтік күрестің неғұрлым өткір формасы, бір-бірімен жауласушы жақтардың (азаматтардың) өкімет билігі үшін күресі.

Большевизм – В.И. Ленин бастаған саяси қозғалыс пен саяси ойдың ағымы. РСДЖП ІІ съезінде (1903 ж.) басқарушы органдарды сайлау кезінде В.И. Лениннің жақтастары көпшілік дауысқа ие болып большевиктер деп атала бастады.

Декрет (лат. – қаулы) – мемлекеттік жоғарғы органдардың заңдық күші бар құжат (мысалы, Бітім туралы декрет, Жер туралы декрет – 1917 жылы 27 қазанға (9 қарашаға) қараған түні Кеңестердің ІІ съезінде қабылданды).

Интервенция (лат. – араласу) – бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа мемлекеттің ішкі істеріне күш қолдану арқылы араласуы, оның егемендігін бұзуы.

Кеңестер – 1905–1917 жылдардағы революциялар кезінде пайда болған жұмысшылар мен қызметшілердің кеңестері, шаруа депутаттарының кеңестері, солдат (матрос) депутаттарының кеңестері тәрізді сайланбалы саяси ұйымдар.

Чехословак корпусы – Бірінші дүниежүзілік соғыста қолға түскен 45 мыңдай соғыс тұтқындарынан құралған, Еділ бойы, Орал мен Сібір жерінде орналасқан корпус.



Жангелдин Әліби Тоғжанұлы (1884–1953) – мемлекет қайраткері. Торғайдағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының, Қазақстанда Кеңес өкіметі жолындағы күресті ұйымдастырушылардың бірі.

Ленин (Ульянов) Владимир Ильич (1870–1924) – ресейлік саяси қайраткер. Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясының негізін қалаушы.



Черкасск қорғанысы – Азамат соғысы жылдарында Жетісу майданының солтүстік-шығыс шебіндегі Черкасск ауданында болған шайқас. Ол 1918 жылдың тамызынан 1919 жылғы қазанның ортасына дейін созылды... Қорғаныс орталығы Черкасск ауылы болды. «Ақ» пен «қызылға» бөлініп, қисапсыз қан төккен бұл шайқасқа көршілес қазақ ауылдарының, осы ауданға көшірілген Лепсі қаласының тұрғындары да қатысты. Черкасск қорғанысы ауданының ұзындығы 90 км-ден астам, ені 20–25 км шамасында болды. Қорғаныс ауданына кірген ауылдардағы тұрғындардың саны 40–50 мыңға жетті. Қорғанысшылар қатарында 1918 жылғы қыркүйек–қазанда 12 эскадрон болса, 1919 жылы мамырда 19-ға жетті. Қазақ дәрігері Ә. Көтібаров қорғаныс ауданындағы әскери лазаретті басқарды. Жауынгерлер ақ гвардияшылардың үш шабуылын тойтарып, жау күштерін үлкен шығынға ұшыратты. Ақ гвардияшылар 1919 жылғы шілдеде кезекті шабуылға шықты. Үш айға созылған соғыстан кейін, 14 қазанда 1919 жылы Черкасск қорғанысы құлады. Ақ гвардияшылар қорғанушыларды аяусыз жазалады.

«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 9-том, Алматы, 2007, 387-бет.



1. Черкасск қорғанысы қанша уақытқа созылды?
2. Қорғанушыларға дәрігерлік көмек беруді кім басқарды?

Тест тапсырмалары

1. Азамат соғысы салдарынан Қазақстанда көмір өндіру 1913 жылмен салыстырғанда қысқарды:
 - А) 4 есе
 - Ә) 5 есе
 - Б) 2 есе
 - В) 6 есе
 - Г) 9 есе
2. «Үш жүз» партиясының негізін қалаған:
 - А) К. Тоғысов
 - Ә) С. Сейфуллин
 - Б) М. Әйтпенов
 - В) О. Исаев
 - Г) С. Аргыншиев

3. Қазақстан аумағындағы Азамат соғысының 1920 жылғы соңғы майданы:
- А) Шығыс майдан
 - Ә) Сыртқы Каспий майданы
 - Б) Солтүстік Жетісу майданы
 - В) Орынбор майданы
 - Г) Торғай майданы

§12.

Қазақстандағы ұлттық автономиялар

Зерттеу сұрағы: Алашорда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?

Бүгінгі сабағымызда Қазақстанда құрылған ұлттық автономияларға баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Түркістан автономиясы Алаш автономиясы Отыншы Әлжанов	Туркестанская автономия Автономия Алаш Отыншы Альжанов	Autonomy Turkistan Autonomy Alash Otyynshy Alzhanov

Тақырыпқа шығу:

1. Суреттегі шерушілердің басты талабы қандай?
2. Шеруге шыққандар өз мақсаттарына жете алды ма?

Суреттегі ұранда «Самоопределение нации» (ұлттардың өзін-өзі билеуі) деп жазылған.



1. Түркістан автономиясы (мұхтариаты). 1917 жылы қарашада өткен IV Өлкелік төтенше мұсылман съезі орталығы Қоқан болатын Түркістан автономиясын (Түркістан мұхтариаты) құру жөнінде шешім қабылдады. Автономия үкіметін көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер *М. Тынышбаев*, кейін *Мұстафа Шоқай* басқарды. М. Шоқай бүкіл Түркістанды

бір автономиялық республикаға біріктіріп, оны демократиялық Ресейдің құрамына енгізу идеясын қозғады. Алайда большевиктер ұлттық үкіметтің өмір сүруімен келіскісі келмеді. Орталық Азия аумағында ұлттық мемлекеттілікті құрудың алғашқы әрекеті қайғылы аяқталды.

Ойталқы

Түркістанның мұсылман тұрғындары кеңестер билігін неге қабылдамады?

1918 жылдың қаңтарында Қоқан қаласына Ташкенттен большевиктердің жазалаушы отряды жіберілді. Большевиктер сөз жүзінде әр ұлттың өзіндік таңдау құқығы болады деп айтса да, іс жүзінде ешқандай да ұлттық-діни негіздегі құрылымдар құруға мүмкіндік бермеді. Жазалау шараларына армяндардың «Дашнакцутюн» саяси партиясының мүшелері де қатысты. Өзбек пен қазақтан тұратын екі мың сарбаз большевиктердің әскери күшіне қарсы тұра алмады. Қару-жарақ жетіспеді. Тәжірибелі офицерлер мен әскери дайындықтың жоқтығы анық байқалды. 1918 жылдың 29 қаңтарында жазалау отряды қаланы басып алып, тонады, жергілікті халықты қырғынға ұшыратты. Қаланы өртеп жіберді. 150 мыңдық қала халқының жартысы ғана тірі қалды, қалғаны қашты. 1918 жылдың 4–7 ақпан аралығында 10 мыңнан астам бейбіт тұрғын өлтірілді.

Сенің көзқарасың

Түркістан автономиясы (мұхтариаты) басшылары неге қазақтардан сайланды?

Осылайша, Түркістан халқының еркімен құрылған алғашқы мемлекеттік құрылым өзінің жұмысын тоқтатты.

1918 жылы сәуірде Ресейден жіберілген большевиктердің басшылығымен құрамында Қазақстанның оңтүстік аймақтары енген *Түркістан автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы* жарияланды. Түркістан АКСР-інің астанасы Ташкент қаласы болды.

2. Алашорда үкіметінің қызметі. «Алаш» қозғалысы 1917 жылдың соңында партиялық құрылыс мәселесінен ұлттық автономия құру әрекетіне көшті. Большевиктермен жүргізілген келісім нәтиже бермеді, өйткені Алаш қайраткерлері пролетариат диктатурасы мен тап күресі идеясын қолдамады. Большевиктер ұлттық мемлекеттердің құрылуынан ғана емес, түркі халықтарының бірігіп кетуінен сақтанды.

1917 жылы желтоқсанда Орынборда «Алаш» партиясының *Екінші жалпықазақ съезі* өтті. Съезде қазақ халқының саяси тағдырына қатысты маңызды құжаттар қабылданды. Съезд «Алаш» атауымен қазақ автономиялық үкіметінің құрылғаны жөнінде мәлімдеді. **Алашорда (Алаш автономиясы үкіметі)** деген атпен *Уақытша халықтық кеңес* – үкімет құрылғаны айтылды.

Ойлан!

Семей қаласы не себепті Алашорда орталығы болып жарияланды?

Съезд қазақ автономиясының құрамына Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары, Закаспий облысы мен Алтай губерниясының қазақтар мекендейтін аудандары еруге тиіс екені жөнінде қаулы қабылдады. Алашордаға қазақ халқына жүргізілетін бүкіл атқарушылық билікті дереу өз қолына алуға тапсырма берілді. Алашорда автономиясының орталығы Семей қаласы болып жарияланды.

Ойлан!

Уақытша халықтық кеңеске неге өзге де ұлт өкілдері енгізілді?

Алаш қайраткерлері, демократиялық қағидаларды ұстана отырып, барлық азшылықтағы ұлттардың теңдігін жариялады. Алашорданың Уақытша халықтық кеңесі 25 адамнан тұрса, оның 10-ы басқа халық өкілдері еді. Алашорда үкіметінің құрамына 15 мүше: әр облыстан – 7, сонымен қатар тұрған жерін есепке алмағанда – 8 адам енген болатын. Олар – Ө. Бөкейхан, Ж. Досмұхамедұлы, Ө. Ермеков, М. Тынышбаев, Б. Құлманов, Ж. Ақбаев, Б. Мамытов, О. Өлжанов және басқа қайраткерлер. Алашорданың Уақытша халықтық кеңесі төрағасын сайлау демократиялық негізде өтті. Ө. Бөкейхан, Б. Құлманов, А. Тұрлыбаев өз кандидатураларын ұсынды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша 40 дауыс жинап, Алаш қозғалысының белгілі қайраткері Ө. Бөкейхан үкімет төрағасы атанды.

Ізден!

Қосымша деректерді пайдаланып, Алашорда милициясының қызметіне баға беріңдер.

Анықта

Деректі оқып шығып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

Большевиктердің «Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына!» деген үндеуінен:

«Бұдан былай сіздердің діндеріңіз бен әдет-ғұрыптарыңыз, сіздердің ұлттық және мәдени мекемелеріңіз еркін деп, оларға ешкім қол сұқпайды деп жарияланады. Өздеріңіздің ұлттық өміріңізді еркін және кедергісіз құра беріңіздер. Сіздердің бұған хақыларыңыз бар».

1. Үндеу кімдерге арналған?
2. Үндеудегі негізгі ой қандай?
3. Неге большевиктер қазақ халқының автономия алу мәселесіне қарсы шығып, өз ойын өзгертті деп ойлайсың?

«Алаш» автономиясы өте күрделі жағдайда қызмет атқарды. Дала өлкесінде «Алашорда» үкіметінің жергілікті органдары құрыла бастады. Орталығы Алаш қаласы болып өзгертілген Жаңа Семей қаласында

семейлік, орталығы Жымпиты ауылы болған батыстық және Торғай бөлімшелері белсенділік танытты. Олардың жанында соттар мен милиция органдары құрылды. Алашорданың батыс бөлімінің төрағалығына Жаһанша Досмұхамедов сайланды. Бөлімнің қарамағына бұрынғы Ойыл уәлаятының жеріне қоса Бөкей Ордасының Ақтөбе, Ырғыз уездерінің (Закаспий облысы) аумағы кірді.

Большевиктердің шамадан тыс белсенділігі, Түркістан автономиясының талқандалуы, Сібір автономиясының құрылуы Алашорда үкіметінің күшін едәуір әлсіретті.

Алаш қайраткерлері Ресей қоғамының жалпы демократиялық талаптарын қолдады. 1917 жылғы Ақпан революциясының жеңісін табанды қорғады. Өлкеде Кеңестер өкіметі орнаған соң, онымен келісімге келу әрекеттері сәтсіз аяқталды. Осыдан кейін Алаш қайраткерлері демократиялық құрылымды жақтайтындармен большевиктерге қарсы одаққа кірді.

Алашорда (Алаш автономиясының үкіметі) Азамат соғысы мен Кеңес өкіметін құлату жағдайларында кеңестерге қарсы бірігіп күресу мақсатымен Орынборда Дутовпен одақ жасасты. Омбыдағы уақытша Сібір үкіметімен тығыз қарым-қатынас орнатып, Орал, Сібір, Жетісу казактарымен байланыстарын нығайтты. Сондай-ақ Алашордаға қарулы күштерді құруға жәрдем сұрау мәселелері де қарастырылды. Алашорда Самарадан 600 винтовка мен пулемет, 300 бердеңке, 20 мың патрон мен елеулі мөлшерде киім-кешек алды. Жаңадан құрылған және үйретілген Алаш құрамалары Қызыл Армияға қарсы қарулы күреске қатыса бастады.

Жетісу жерінде Алашорда милициясын құрып, жасақтауда **Отыншы Әлжанов** зор еңбек сіңірді. «Алашорда» үкіметінің мүшесі, қоғам қайраткері, ағартушы О. Әлжанов большевиктермен кескілескен қан майданда 1918 жылы тамыз айында ерлікпен қаза тапты.

Одақтас болғанымен ақ гвардияшылардың Колчак үкіметі Алаш автономиясын мойындамады, ол біртұтас бөлінбейтін Ресейді қалады. Колчак құрған Сібір Уақытша үкіметі 1918 жылдың қазанында Алашорда қызметіне тыйым салған шешім қабылдады. Олардың осы тұрғыдағы әрекеттері жазалау шараларымен қатар жүргізілді. Қазақ халқына

Талдау жаса!

Түркістан автономиясы мен Алашорда үкіметі жеңілуінің бірнеше себептерін көрсет.

- 1)
- 2)
- 3)

Жұптық талқылау

Ақтар неге Алашорда автономиясын мойындамады?

Сенің көзқарасың

Алашорда үкіметінің ақ гвардияшылармен одақ жасаспауына болар ма еді?

қарсы әрекеттерінде атаман Анненковтың отряды ерекше қатыгездік танытты.

Алаш басшылары елдегі әскери-саяси жағдай, қазақ қоғамы экономикалық дамуының әлсіздігіне байланысты толық автономия алу идеясының қиындық тудыратынын айқын сезінді. Кеңес өкіметінің орнау кезеңінде жаңа өкіметпен қарым-қатынасы келісімге келуге ауысты.

3. Қазақстанда ұлттық автономиялар құрудың тарихи маңызы. Алаш зиялылары автономия құруда ұлттық бірлік пен аумақтық тұтастық ұстанымын басшылыққа алды. Алашорда үкіметі және Түркістан мұхтариаты ұлт-азаттық қозғалыстар мен мемлекеттілік дәстүрдің жандануына үлкен ықпал етті. Кейін ҚазАКСР-інің одақтас республикаға айналуына және тікелей тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізі қалануында зор рөл атқарды.



1. Ұлт зиялыларының белсенді болуы қандай жағдайға алып келуі мүмкін?
2. Түркістан автономиясы мен Алашорда үкіметінің ортақ идеясы неліктен жүзеге аспады? Себептері мен салдарын екі-үш оймен тұжырымда.
3. «Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясы қазақ халқының тәуелсіздік алу үдерісін жеделдетті». Бұл пікірге қатысты ойың қандай?
4. «Байыпты да парасатты саясат жүргізе отырып, бүкіл түркі атаулыны бір қазанда қайнатып, ақырында, бір ұлттық мемлекет түзу». Бұл қай автономияның алға қойған мақсаты еді?



Алаш автономиясы – 1917 жылғы 5–13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Екінші жалпықазақ съезінде құрылған қазақ халқының ұлттық-аумақтық мемлекеттілігі (1917–1920 ж.)

Түркістан автономиясы – 1917 жылы қарашада Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету мақсатында құрылған мемлекеттік құрылым.



Отыншы Әлжанов (1873–1918) – көрнекті қоғам қайраткерлерінің бірі. «Киргизская степная газетада» қазақ халқының тарихы мен мәдени, этнографиялық өмірі жайлы 40-тан астам мақала жазған. «Алашорда» үкіметінің мүшесі, Алаш идеясы үшін қолына қару алып та күрескен.



Түркістан Кеңестік Федерациялық Республикасы туралы Ереже¹

1918 жылғы 30 сәуір

1. Түркістан өлкесінің аумағы Ресей Кеңестік Федерациясының Түркістан Кеңестік Федерациялық Республикасы деп жарияланады.

¹Түркістан кеңестерінің өлкелік V съезінде бірауыздан қабылданған.

Түркістан Республикасының құрамына Хиуа мен Бұхараны қоспағанда, бүкіп Түркістан елі өзінің географиялық шегарасында енеді.

2. Түркістан Кеңестік Федерациялық Республикасы автономиялы басқарыла отырып, Ресей Кеңестік Федерациясын таниды және өзінің іс-қимылын оның орталық үкіметімен үйлестіріп отырады.

3. Түркістан Федерациялық Республикасының жоғары заң шығарушы органы жұмысшы, солдат, шаруа және мұсылман-диқан депутаттары Кеңесінің желтоқсан айының алғашқы күндерінде шақырылатын съезі болып табылады.

4. Тұрақты заң шығаратын жоғары орган – Орталық Атқару Комитеті Түркістан өлкесі Кеңестерінің съезінде 36 адамнан сайланады.

5. Атқару міндеттері және өлкені басқару ісі съезд 16 адам мөлшерінде сайлайтын Халық Комиссарлары Кеңесіне шоғырландырылады.

6. Жергілікті жерлердегі үкімет билігі Кеңестер мен олардың атқару комитеттеріне беріледі.

7. Орталық үкіметпен өзара қатынастарды анықтау үшін съезд 5 адамнан комиссия сайлайды, ол съезден кейін осы мақсат үшін Мәскеуге аттанады.

Шетелдік соғыс интервенциясы және Орта Азия мен Қазақстандағы Азамат соғысы. 1-т., Алматы, 1963, 25-б.



Түркістан Кеңестік Федерациялық Республикасының құрылуы өлке халықтарының мүддесіне сай келді ме?

Тест тапсырмалары

1. Алаш автономиясының орталығы:
 - А) Орал
 - Ә) Семей
 - Б) Ақмола
 - В) Орынбор
 - Г) Торғай
2. Жетісу жерінде Алашорда милициясын құрып, жасақтаған:
 - А) А. Тұрлыбаев
 - Ә) Б. Құлманов
 - Б) Б. Мамытов
 - В) О. Өлжанов
 - Г) Ж. Ақпаев
3. Орынборда Екінші жалпықазақ съезі өтті:
 - А) 1917 жылы сәуірде
 - Ә) 1917 жылы наурызда
 - Б) 1917 жылы қазанда
 - В) 1917 жылы ақпанда
 - Г) 1917 жылы желтоқсанда

§13.

Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының (Қазақ АКСР-і) құрылуы

Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?

Бүгінгі сабағымызда Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылу үдерісін, Қазақ АКСР-і аумағының қалыптасу барысын қарастырамыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Автономия Қазақ АКСР-і Съезд Межелееу	Автономия Казахская АССР Съезд Демаркация	Autonomy The Kazakh ASSR Congress Demarcation

Тақырыпқа шығу:

1. «Азамат соғысы елдегі жағдайды ушықтырып жіберді. Кеңес билігі республикадағы барлық ұлттардың мүддесін ескеру қажеттігін сезінді». Бұл пікірмен келісесіз бе?
2. Алаш автономиясы мен Түркістан мұхтариаты қазақ жерінде ұлттық мемлекет құрылуына алғышарт болды ма?

1. Қазақ АКСР-ін құруға дайындық шаралары. Ішкі оппозиция мен шетел интервенциясының біріккен күштерін жеңгеннен кейін елде бейбіт шаруашылық құрылысқа көшу үшін жағдайлар қалыптасты. Мемлекет дамудың жаңа сатысы халықшаруашылығын қайта қалпына келтіру кезеңіне өтті.

Азамат соғысы большевиктерге шет аймақтардағы ұлттық мемлекеттілікті құру идеясымен санасу қажеттігін көрсетіп берді. Кеңес үкіметі Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру шараларына дайындала бастады.

РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1919 жылы 10 шілдеде В.И. Ленин қол қойған декретімен «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық Комитет (Қазревком)» құрылды. Қазревком мемлекеттік билік пен мемлекеттік жоғарғы басқару органының міндетін атқарды. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Декретке сай, Ревкомның басқаруына Астрахан губерниясы аумағының қазақтар мекендеген бөліктері, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары қарады. Қазревкомның алғашқы құрамына С. Пестковский (Қазревком төрағасы), А. Байтұрсынұлы, В. Лукашев, Ә. Жангелдин, М. Тұнғаншин, С. Меңдешев, Б. Қаратаев кірді. Кейін Қазревкомға Ә. Әйтиев, А. Авдеев, А. Әлібеков, С. Арғыншиев, С. Сейфуллин, Х. Ғаббасов, Т. Седелников, В.А. Радус-Зенькович т.б. мүше болды. 1920 жылы 9 наурызда Қазревком «Алашорда» үкіметі мен оның аймақтық бөлімшелерін толық жою туралы бұйрық шығарды. Қазревком 1919 жылдың шілдесінен ҚазАКСР-і құрылған 1920 жылғы қазан аралығында қызмет етті.

Ойлан!

ҚазРевком қандай мақсатпен құрылды?

2. Қазақ АКСР-інің құрылуы. 1920 жылы 26 тамызда Кеңес өкіметі – БОАК (Бүкілодақтық атқару комитеті) пен РКФСР (Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы) ХКК-і – Кеңестік негізінде құрылған федерациялық социалистік мемлекет РКФСР-дің құрамында, астанасы Орынбор қаласында болатын «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет жариялады. Қазақ АКСР-ін құру туралы Декрет Қазақстан аумағын анықтады. Қазақ АКСР-індегі басқару органдары – депутаттардың жергілікті Кеңестері, ОАК пен Халық Комиссарлары Кеңесі болатынын белгіледі. Әскери істерді басқару үшін Қазақ әскери комиссариаты ұйымдастырылды. 1920 жылы 4–12 қазан аралығында Орынборда Қазақ АКСР-і Кеңестерінің Құрылтай съезі болып өтті. *1920 жылдың 12 қазаны – қазақ кеңестік ұлттық мемлекеттіліктің құрылған күні болып табылады.* Съезд өкіметтің жоғарғы органдары – Республиканың Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесін сайлады. Қазақ АКСР ОАК-нің төрағасы болып Сейітқали Меңдешев, Қазақ АКСР ХКК-нің төрағасы болып В. Радус-Зенькович сайланды. Съезде қазақ кеңестік мемлекеттілігін құрудың негізгі қағидалары Конституциялық негізде анықталған «Қазақ АКСР-і еңбекшілері құқықтарының декларациясы» қабылданды. Декларация респуб-

Ойталқы

Большевиктердің Орынбор қаласын Қазақ АКСР-і астанасы етіп жариялауына қандай жағдайлар әсер етті?

Картамен жұмыс

72–73-беттердегі картадан Қазақ АКСР-і аумағына енген жерлерді көрсетіңдер.

ҚАЗАҚ АВТОНОМИЯЛЫ КЕҢЕСТІК



СОЦИАЛИСТИК РЕСПУБЛИКАСЫ



- Қазақстан Республикасының қазіргі шекарасы
- Орынбор Қазақ АКСР-інің астанасы

ликаның бүкіл өмірін социалистік қайта құруға бағытталған кешенді шараларды анықтады. Ол Қазақстан еңбекшілерінің саяси құқықтарын бекітіп, азаматтардың міндеттерін айқындады. Декларация Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының бірінші Конституциясы қабылданған 1937 жылға дейін республика тұрғындарының құқықтарын бекіткен конституция ретінде қолданылды.

Қазақ АКСР-інің аумағына 1917 жылға дейінгі шегарадағы Ақмола облысының Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезінің бір бөлігі; Семей облысының Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы уездері, Торғай облысының Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Торғай уездері, Орал облысының Орал, Ілбішін, Темір, Гурьев уездері қарады. Республика қарамағына Маңғыстау уезі, Каспий жағалауы облысының Красноводск уезіндегі төртінші және бесінші Адай болыстары, сонымен қатар Астрахан губерниясының Синеморье болысы, Бөкей Ордасы, бірінші және екінші Приморский округінің қазақтар қоныстанған аймақтары енгізілді. Орынбор губерниясы да Қазақ АКСР-інің қарамағында болды. Қазақ АКСР-інің жер аумағы 1920 жылғы дерек бойынша 1 871 239 шаршы версті (1 верст – 1,07 шақырым) құрады.

Ойталқы

1924 жылғы межелеу нәтижесінен жүргізілді, оның барысында Қазақстан аумағы қаншалықты ұлғайды?

3. Қазақ жерлерінің Қазақ АКСР-і құрамына біріктірілуі. Қазақстандағы отаршылдық саясаттың ауыр мұрасы – өлкенің жекелеген әкімшілік-аумақтық бөліктердің арасында бөлшектеніп кетуі еді. Қазақ АКСР-інің құрылуы қазақтар мекендеген барлық жерлерді біріктіру мәселесін қойды. 1921 жылы *Қазақстанның батысы мен солтүстігінде және Батыс Сібірде шегаралық межелеу болып өтті. Орталық Азияны ұлттық-аумақтық жағынан межелеу мен қазақ жерлерін біріктіруді шешу жөнінде үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді.* Түркістанның құрамына кірген Жетісу мен Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу жөніндегі идея Азамат соғысы кезінде-ақ пайда болған-ды. Осы облыстардағы қазақтар солтүстік облыстармен бірігіп, бір республиканың құрамында болу тілегін білдірді. 1924 жылы Түркістан ОАК-нің Төтенше сессиясы Орта Азия Республикаларын ұлттық-мемлекеттік тұрғыдан межелеу жөнінде қаулы қабылдады. Межелеудің нәтижесінде Қазақ АКСР-іне Ақмешіт, Қазалы, Шымкент, Түркістан уездері, Әулиеата уезінің көп бөлігі, бұрынғы Сырдария облысының Ташкент пен Мырзашөл уездерінің бір бөлігі берілді. Қазақ АКСР-інің қарамағына Жетісу облысының Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал (Талдықорған) уездері мен Пшпек (Бішкек) уезінің Георгиев, Шу, Қаранөкіс болыстары өтті. Орынбор губерния-

Шығармашылықпен айналыс

1. Кестені толтырып, салыстырмалы талдау жаса.

	ҚазАКСР-і	Қазақстан Республикасы
1. Басқару жүйесі қандай?		
2. Негізгі заңы		
3. Жер аумағы		
4. Идеологиясы, ұстанымы (саясатта, экономикада, әлеуметтік мәселеде, рухани мәселеде)		
5. Айырмашылығы жайлы өз пікірің		

2. Қазақ АКСР-і картасын зерттеп, кейіннен қосылған немесе алынған аумақтарды анықта. Қазіргі Қазақстан мен Қазақ АКСР-інің карталарын салыстырып, аумақтық өзгерістерді көрсет.

сы Қазақ АКСР-і құрамынан шығарылды. Қазақстан аумағы ұлғайып, 2,7 млн шаршы шақырымды құрады, халқының саны 5 млн 230 мың адамға жетті.

Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеудің нәтижесінде қазақ жерлерін біртұтас кеңестік қазақ мемлекетіне біріктіру аяқталды. Осыған орай Қазақстанның халық саны ұлғайып, аумағы кеңейді, экономикалық күш-қуаты артты.

Қазақ жері аумағының қалыптасуында Ө. Бөкейхан, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Ө. Ермеков т.б. зор еңбек сіңірді. Қазақ АКСР-інің аумағы едәуір дерлік ұлғайды. 1926 жылғы халық санағы бойынша қазақтар Қазақстанның барлық халқының жартысынан астамын, яғни 61,3% -ын құрады.

1925 жылы 15–19 сәуір аралығында Ақмешіт қаласында Қазақ АКСР-і Кеңестерінің V съезі өтті. Оған алғаш рет бүкіл Қазақстанның өкілдері қатысты. Съезде халқымыздың тарихи «қазақ» атауы қалпына келтірілді. Қырғыз АКСР-і атауы Қазақ АКСР-і, Ақмешіт қаласының аты Қызылорда деп өзгертілді. Республика астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілді.

Қазақ халқының аумақтық бірігуі мемлекеттілікті нығайтып, республиканың экономикалық және мәдени дамуы үшін маңызы зор болды. Қазақ АКСР-інің құрылуы халқымыздың тарихындағы аса маңызды оқиға болып саналады.

- ?** 1. Автономиялы республиканы құру үшін қандай факторлар қажет? 2. Қазақ АКСР-інің Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясынан айырмашылығы қандай? 3. Неге большевиктер қазақ халқына автономия берді деп ойлайсың? 4. Неліктен қазақтың жер аумағы мәселесінің шешілуі ұлт зиялылары үшін аса маңызды болды? 5. «Қазақ АКСР-інің алғашқы астанасы ретінде Орынбор қаласының таңдалуы большевиктер үшін тиімді еді» деген пікірмен келісесің бе?

***** **Автономия** (грек. – өзін-өзі басқару) – 1) мемлекеттің белгілі бір аймағындағы кең көлемді ішкі басқару; 2) бірыңғай Конституцияның негізінде басқарылатын мемлекеттің бөлінбейтін бөлігі.

Қазақ АКСР-і, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы – 1920–1936 жылдарғы Кеңестік автономиялық мемлекеттік құрылым.

Межелееу – мөлшерлеу, белгілі бір аумақтың көлемін белгілеу.

Съезд – партия, кеңес және басқа қоғамдық ұйымдар өкілдерінің әлеуметтік, келелі мәселелерді қарайтын, талқылайтын, шешетін жиналысы.

- 👤** **Пестковский Станислав Станиславович** (1882–1943) – қоғам және мемлекет қайраткері. 1919 жылдың шілдесінен 1920 жылдың маусымына дейін Қырғыз (Қазақ) революциялық комитетінің төрағасы, 1920 жылдың сәуірінен РК(б)П Қырғыз (Қазақ) бюросының төрағасы болды.



Кеңестердің Бүкілқазақтық V съезінің қазақ халқының тарихи дұрыс атауын қалпына келтіру туралы Қаулысы

1925 жылғы 18 сәуір

Қырғыз халқының тарихи дұрыс атын қалпына келтіру үшін Кеңестердің V съезі қаулы етеді: қырғыздар алдағы уақытта қазақтар деп аталсын.

Қазақстандағы социалистік құрылыс қалпына келтіру кезеңінде (1921–1925 жж.). Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1962, 153–6.

Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің Қырғыз АКСР-інің атын Қазақ АКСР-і және Ақмешіттің атын Қызылорда деп өзгерту туралы Қаулысы

1925 жылғы 15 маусым

Қырғыз АКСР-і Кеңестерінің V съезінде білдірілген Қырғыз АКСР-і еңбекшілерінің еркіне сәйкес, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы қаулы етеді:

1. Қырғыз АКСР-інің аты Қазақ АКСР-і деп өзгертілсін.
2. Қырғыз АКСР-і үкіметі орналасқан жер – Ақмешіт қаласының аты Қызылорда қаласы деп өзгертілсін.

КОКП және Кеңес үкіметі Қазақстан туралы. 1917–1977 ж. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы, 1978, 78-б.



1. Халықтың «қазақ» атауы қай жылы қалпына келтірілді? 2. Қызылорда қаласы қай жылдары астана болды?

Тест тапсырмалары

1. Қазревкомның алғашқы төрағасы:
 - А) Ә. Өйтиев
 - Ә) Х. Ғаббасов
 - Б) М. Тұнғаншин
 - В) В.А. Радус-Зенькович
 - Г) С. Пестковский
2. 1920 жылы 26 тамызда:
 - А) «Қазақ АКСР-і еңбекшілері құқықтарының декларациясы» қабылданды.
 - Ә) «Алашорда» үкіметі мен оның аймақтық бөлімдерін тарату жөнінде шешім шығарылды.
 - Б) Орынборда Қазақ АКСР-і Кеңестерінің құрылтай съезі өтті.
 - В) «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет жарияланды.
 - Г) Қазақстанның батысы мен солтүстігінде шегаралық межелеу өткізілді.
3. 1925 жылы Ақмешіт қаласында өткен Қазақ АКСР-і Кеңестері V съезінің маңызы:
 - А) Қазақстанның қазіргі шегарасы толық межеленді.
 - Ә) Халқымыздың тарихи «қазақ» атауы қалпына келтірілді.
 - Б) Жетісу мен Сырдария аумақтарын Қазақстанға қосу жөнінде шешім шығарылды.
 - В) Қазақ АКСР-інің астанасы Орынбор деп танылды.
 - Г) «Қазақ АКСР-і еңбекшілері құқықтарының декларациясы» қабылданды.

§14–15.

«Әскери коммунизм» саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу

Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?

Бүгінгі сабағымызда ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы өміршіл-өкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдаймыз. Деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді анықтаймыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
«Әскери коммунизм» саясаты	Политика «военного коммунизма»	The policy of «War Communism»
Азық-түлік салғырты	Продовольственная разверстка	Food discovery
«Жаңа экономикалық саясат»	«Новая экономическая политика»	«New economical policy»

Тақырыпқа шығу:

Суреттегі ұран: *«Барлық артық өнім мемлекетке. Жеке меншікке бір тиын да берілмесін».*



1. Барлық артық өнімді мемлекетке өткізу қандай жағдайға алып келуі мүмкін?
2. Артық өнімді мемлекет қорына өткізу туралы бастаманы халық қалай қабылдады?

1. «Әскери коммунизм» саясаты. «Әскери коммунизм» саясаты Азамат соғысы мен шетелдік интервенция жылдары елдегі материалдық ресурстардың барынша шектеулі кезінде енгізілді. Оның тікелей міндеті өндіріс пен бөлуді орталықтандыру, мемлекеттің иелігіне қорғаныс мүдделеріне сай елдің азық, шикізат т.б. ресурстарын шоғырландыру

мен тиімді пайдалану еді. «Әскери коммунизм» саясаты енгізілуімен ірі кәсіпорындармен қатар, орта, тіпті ұсақ кәсіпорындар да национализацияланды (мемлекет қарамағына алынды).

Астық монополиясы мен азық-түлік салғырты, жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі енгізілді. Ақшалай жалақының орнына коммуналдық қызмет, транспорт т.б. үшін карточкалық «паек» берілді.

Ауылшаруашылығындағы «әскери коммунизмнің» көрінісі – азық-түлік салғырты болды. Азық-түлік салғырты бойынша шаруалардан өндірілген өнімнің өздерінің күнкөрісіне жететін шамалы бөлігінен басқасының бәрі тартып алынды. «Артық өнімдер» қарулы азық-түлік отрядтары мен армияның көмегімен жиналынды.

Азамат соғысы мен «соғыс коммунизм» саясаты ауылшаруашылығын аса ауыр жағдайға әкеп соқтырды. Соғысқа дейінгі уақытпен салыстырғанда жыртылатын жер көлемі екі еседен аса, жиналған астық мөлшері үш еседен аса азайды. Малшаруашылығы саласы бұдан да ауыр жағдайға ұшырады. Қызылдардың және ақтардың тарапынан малды үнемі реквизициялау (тартып алу) және жұт мал басының шұғыл кемуіне әкеп соқты. Бұл жылдар ішінде малдың барлық түрлерінің саны 10,5 млн-нан астам кеміді. «Әскери коммунизм» саясатының ең ауыр салдары Қазақстандағы 1920 жылдардың басындағы жаппай аштық болды.

2. 1921–1922 жылдардағы аштық. Республиканың басым бөлігінде 1921 жылы қуаңшылық орын алып, қатты жұт жайлады. Жұттың кесірінен малдың 80% -ына жуығы қырылып қалды. 1921 жылдың қарашасында елдегі ашығушылар саны бүкіл республика халқының 1/3 бөлігін құрады. Аштыққа ұшыраушылар саны 2 млн адамнан асып түсті. Олардың қатарына БОАҚ-тың 1921 жылдың жазындағы Декретімен Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губерниялары жатқызылды. Аштықтан тұтас ауылдар қырылып қалды. 700 мыңнан астам адам Қазақстаннан тысқары аймақтарға көшіп кетті.

Тұрар Рысқұлов өзінің «Даладағы аштық» атты мақаласында бұл жылдары аштықтың әрбір адамды қамтығанын, қазақтарға үнемі қырылып қалу қаупі төнгенін атап өтті. **С. Меңдешев** Қазақстанның орталық және солтүстік губернияларында болып:

«Дала қырғыздары (қазақтары) қыстауда өз отбасыларымен бірге аштықтан қырылып жатыр» деп жазды.

3. 1920–1921 жылдардағы шаруалардың қарулы көтерілісі. Ашаршылық, мемлекеттің күш

Ойталқы

1920–1921 жылдардағы аштық қазақ халқының демографиялық дамуына қалай әсер етті?

Кеңес билігі шаруалар толқуларын алдын ала біліп, оны болдырмаудың іс-шараларын қолдана алар ма еді?



ЖЭС кезінде қазақтардың мемлекетке астық тапсыруы. 1921 жыл

қолдану саясаты ел арасында наразылық тудырып, стихиялы көтерілістерге өкеп соқты. «Коммунистерсіз большевиктер үшін!» деген ұрандар көтерілді. 1920 жылдың жазына қарай Ақтөбе, Қостанай, Петропавл, Өскемен уездерінде, Жетісу мен Ертіс жағалауларында жағдай шиеленісе түсті. Мұндай толқулар Солтүстік Қазақстанда кеңінен орын алып, көтерілісшілердің саны 30 мың адамға жетті. 1921 жылы ақпанаурыз айларында толқулар Ақмола, Көкшетау, Орал т.б. уездерді қамтыды. Толқулардың бәрін өкімет орындары қатал басып-жаншыды. Бұл іске тұрақты әскери бөлімдер де тартылды.

4. Жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу. *Жаңа экономикалық саясатқа бағыт алу РКП(б)-ның 1921 жылы өткен X съезінде қабылданды.*

Ойлан!

Жаңа экономикалық саясатты бүгінгі нарықтық жағдаймен салыстыруға бола ма?

Елді бүлінген шаруашылық жағдайынан шығару үшін оны азық-түлікпен қамтамасыз ету міндеті тұрды. Бұл міндетті шешу үшін бәрінен бұрын шаруаларды ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыруға ынталандыру қажет болды. Сондықтан да азық-түлік салғыртын *азық-түлік салығымен* алмастыру жөнінде шешім қабылданды. Заттай салықтың орташа мөлшері азық-түлік салғырты мөлшерінен 30–50% -ға төмендетіліп, егілген егін көлемі мен топырақтың құнарлылығы да есепке алынды. Салық заттай түрінде салынып, оның мөлшері алдын ала, егін

Жаңа экономикалық саясаттың мәні



себу жұмыстары басталғанға дейін хабарланды. Салық жиналатын бүкіл өнімнің 5% -ын ғана құрады. Егіншаруашылықтарынан тыс малшаруашылығына да заттай салықтар салынды. Бастапқыда бірнеше салық енгізілгенімен, кейінірек олар бірыңғай ауылшаруашылық салығымен алмастырылды. 1924 жылдан бастап ол ақшалай алына бастады. Азық-түлік салығына көшу шаруаларға өз шаруашылығын жоспарлау мен ауылшаруашылық өнімдерінің артығын өз бетінше пайдалануға мүмкіндік берді.

ЖЭС-тің енгізілуімен жерді жалға беру мен жалға алуға, жалдамалы еңбекті қолдануға рұқсат етіліп, ауылшаруашылық, несие, тұтынушылар кооперациясын дамыту көтермеленді. «Әскери коммунизм» кезінде енгізілген еңбек міндеткерлігі мен еңбекке мобилизациялау жойылды. Ұсақ кәсіпорындар жеке адамдарға немесе кооперативтерге жалға берілді. Қазақстанда 1921–1922 жылдары ЖЭС аясында жүргізілген шаралардың бірі жер-су реформасы болды. Реформаның негізгі міндеті 1920 жылы құрылған ҚазАКСР-інің аумағында қазақ жерлерін біріктіру еді. 1920 жылдары құрылған «Қосшы», «Жарлы», «Шаруалардың өзара жәрдем комитеттері» сияқты бұқаралық ұйымдар мемлекет

Жұптық талқылау

Жаңа экономикалық саясаттың жағымды және жағымсыз сипатын анықтаңдар.

«Әскери коммунизмнен» жаңа экономикалық саясатқа көшудің экономикалық негіздері

«Әскери коммунизм»	Жаңа экономикалық саясат
Азық-түлік салғырты (барлық артық өнімдер тартып алынды) енгізілді	Азық-түлік салығы енгізілді
Жекеше кәсіпорындар мемлекет қарамағына алынды. Өндірістік тауарлар мен астық саудасына мемлекеттік монополия орнатылды	Жерді жалға беру мен жалға алуға, жалдамалы еңбекті қолдануға рұқсат етілді
Өнімдей айырбас-бөлу жүйесі жүзеге асырылды	Жеке саудаға, жекеменшік кәсіпорындар құруға рұқсат берілді
Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі енгізілді	Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі жойылды
Ақшалай жалақы орнына карточкалық «паек» берілді	Мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылық есеп жүйесіне көшірілді

пен шаруалар қауымын байланыстырған көпір болды. Мысалы, 1921 жылы құрылған «Қосшы одағы» кедейлерге еңбек артельдерін құруға көмектесті.

Жаңа экономикалық саясат – халықшаруашылығына әкімшіл-әміршілдікті сақтай отырып, белгілі дәрежеде нарықтық қатынасқа уақытша ерік беруге есептелген пролетариат мемлекетінің ерекше саясаты. Жаңа экономикалық саясат аз уақыт әрекет етіп, барлық саланы біртұтас қамтыған жүйе болып қалыптасып үлгермеді.

5. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясаттың мәні. Кеңестердің Қазақстандағы 1921–1925 жылдардағы жүргізген экономикалық саясаты қарама-қайшылықтарға толы болды. Революцияның шалғай аудандар мен ұлттық шеткері аймақтарға көрсеткен қолдауының маңызы жөнінде көп айтылды. Жаңа билік Кеңес өкіметінің Ресейдің негізгі астықты аудандарында нығаюына көп көңіл бөлді. Ұлттық аудандар мемлекеттің шеткері бөліктері ретінде қарастырылды. Орыс емес халықтардың мұқтаж-дықтары мен оларға қамқорлық жасау іс жүзінде емес, көбінесе сөз жүзінде айтылды. Сәтсіздіктердің себептері шаруаларды жермен, тұқыммен, керекті құрал-саймандармен қамтамасыз ете алмаған, ауылшаруашылығының дамуын қандай да бір жоспарлы арнаға бағыттай алмаған мемлекеттің

Шығармашылықпен айналыс

Экономиканы оңтайландыру үшін кеңестік билік жүргізген саясаттың салдарын көрсет.

«Әскери коммунизм» саясатының салдарын анықта	Жаңа экономикалық саясаттың салдарына баға бер
1. ...	1. ...
2. ...	2. ...

өзінде болды. *Қазақтарға сол кез үшін ең қажетті нәрсе – олардың малшаруашылығымен айналысуға, дәстүрлі әлеуметтік құрылымдар мен мәдени салттарды сақтауға мүмкіндік беретін экономиканы қалпына келтіру еді.*

Халықшаруашылығын қалпына келтіру басталғанымен, ол баяу жүрді. Халықтың жаппай наразылығы жалғаса берді, өйткені рынок іс жүзінде қаңырап қалған еді. Дегенмен Қазақстанның малшаруашылығы мен ауылшаруашылығы біртіндеп күш ала бастады. Егілген жер көлемі ұлғайып, 3,0 млн гектарды құрады. Орал, Ақмола, Семей губернияларының астықты аудандарында бұл көрсеткіш соғысқа дейінгі деңгейге жетті. 1925 жылы 1914 жылғы көрсеткішпен бірдей 92 млн пұт астық жиналды. Мал басының саны екі еселеніп, көшпелі малшаруашылығы біртіндеп қалпына келе бастады. 1925 жылдың соңына қарай өнім өндіру деңгейі 1920 жылмен салыстырғанда 6 есе дерлік өсіп, шамамен соғысқа дейінгі деңгейдің үштен екісіне жетті. Өнеркәсіп орындарының 60% -ынан астамы іске қосылды. Сауда кең құлаш жайды. 1926 жылы Қазақстан аумағында 200-ге жуық жәрмеңке жұмыс істеді. Осылайша, республиканың халықшаруашылығында байқалған серпіліс дағдарыстан шығудың, экономиканың дами бастағанына дәлел болды.



1. «Әскери коммунизм» саясаты сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайға байланысты тығырықтан шығар бірден-бір жол болды ма? 2. Егер сенде 1920 жылдардың басындағы мемлекеттің экономикалық бағытын өзгерту мүмкіндігі болса, экономика саласындағы әлсіздіктерді жою үшін қандай шешімдер ұсынар едің? 3. «Жаңа экономикалық саясат кеңестік биліктің ұстанымына қарама-қайшы болды». Бұл пікірмен келісесің бе? 4. Кеңес Одағы ЖЭС-тан бас тартпаған жағдайда қандай өзгерістер болуы мүмкін еді?

***** **Азық-түлік салғырты** – «әскери коммунизм» (1919–1921) кезеңіндегі ауыл-шаруашылық өнімдерін дайындау жүйесі азық-түлік диктатурасы орнаған соң енгізілді. Шаруалардың күнкөрісі мен шаруашылық мұқтаждықтарына қажет азық-түлік, астық пен басқа да өнімдердің артық бөлігін нақты бағамен мемлекетке міндетті түрде өткізуі.

«Әскери коммунизм» – Кеңес мемлекетінің Азамат соғысы (1918–1920) жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық саясаты.

«Жаңа экономикалық саясат» (ЖЭС) – Кеңес басшылығының «әскери коммунизм» саясатына жаппай наразылықты басуға бағытталған саясаты.

Рысқұлов Тұрар (1894–1938) – партия және мемлекет қайраткері, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске, Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға қатысушылардың бірі.

Меңдешев Сейітқали (1882–1937) – мемлекет қайраткері. Қазақ халқының мүддесі үшін күрескен азамат.



1921–1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚҚА ҰШЫРАҒАНДАР САНЫ

1921 ж.

қараша – 1 558 927 адам
желтоқсан – 1 572 291 адам

1922 ж.

қаңтар – 1 554 197 адам
ақпан – 1 625 387 адам
наурыз – 1 719 234 адам
сәуір – 2 286 486 адам
мамыр – 2 093 403 адам
маусым – 2 019 475 адам

ҚАКСР Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің 1922 жылғы сәуір-қыркүйек айларындағы есебі. Орынбор, 1922, 234–235-б.




Қалай ойлайсыңдар, 1921–1922 жылдардағы аштықтың алдын алуға қандай шаралар қолдануға болар еді?

Тест тапсырмалары

1. Жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) бағыт алу қабылданды:
 - А) IX съезде
 - Ә) XIV съезде
 - Б) XV съезде
 - В) XII съезде
 - Г) X съезде
2. 1921–1922 жылдардағы аштық салдарынан Қазақстаннан тысқары аймақтарға көшіп кеткен адам саны:
 - А) 1 млн-ға жуық
 - Ә) 500 мыңға жуық
 - Б) 700 мыңнан астам
 - В) 1 млн 300 мыңнан астам
 - Г) 100 мыңнан астам
3. 1926 жылы Қазақстан аумағында жұмыс істеген жәрмеңке саны:
 - А) 200-ге жуық
 - Ә) 500-ден астам
 - Б) 100-ден астам
 - В) 300-ге жуық
 - Г) 400-дей

ЕКІНШІ БӨЛІМДІ ҚАЙТАЛАУ-ПЫСЫҚТАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. «Өскери коммунизм» саясаты мен Жаңа экономикалық саясаттың ерекшеліктері мен ортақ тұсын Венн диаграммасында көрсетіндер.



2. Қазақ АКСР-і құрылуының ұзақ және қысқа мерзімді себептерін анықтаңдар.

Ұзақ мерзімді себептері	Қысқа мерзімді себептері

3. Кімдерге қатысты айтылған?

- 1) Қазревком төрағасы ...
- 2) 1920 жылғы Құрылтай съезінде Қазақ АКСР ОАК-нің төрағасы болып сайланды ...
- 3) «Даладағы аштық» атты мақаланы жазды ...
- 4) «Үш жүз» партиясының негізін қалады ...
- 5) Түркістан автономиясының төрағасы ...

4. Қалай ойлайсыңдар, егер ақ гвардияшылар мен Алашорда үкіметі арасында жақсы қарым-қатынас орнағанда жағдай қалай болар еді?

5. Сыныпта екі топқа бөлініп, Кеңес өкіметі билігінің жағымды және жағымсыз жақтары туралы талқылаңдар.

§16–17.

Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы индустрияландыру

Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатының қарама-қайшылығы неде?


Бүгінгі сабағымызда Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктеріне талдау жасаймыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Индустрияландыру Бесжылдық жоспар Смағұл Сәдуақасов	Индустриализация Пятилетний план Смагул Садвакасов	Industrialization The five-year plan Smagul Saduakasov

Тақырыпқа шығу:

1. Суретте не бейнеленген?
2. Бұл қай кезеңді сипаттайды?
3. Қандай қорытынды шығара аласың?



Түрксіб. Ө. Қастеев

1. Қазақстандағы индустрияландырудың өзіндік ерекшеліктері. Индустрияландыру – ірі, ең алдымен ауыр өнеркәсіпті құру және дамыту. Ірі өнеркәсіптік өндіріс негізінде бүкіл халықшаруашылығын қайта құру. Индустрияландыру тек социалистік құрылысқа ғана тән емес. Ол – елді жаңғыртудың міндетті шарты. Партияның 1925 жылы өткен XIV съезінде Кеңес Одағы индустрияландырудың басталғаны туралы шешім қабылдады. ЖЭС экономиканың өнеркәсіп сек-

Ойталқы

Неліктен большевиктер 1925 жылдан елімізде индустрияландыру ісін бастады?

Анықта

Кеңес билігі Қазақстанда индустрияландыру үдерісін қандай әдіс-тәсілмен жүргізді? Бұған балама жол болды ма?

Анықта

Қазіргі Қазақстанда өнеркәсіптің қай түрлері ерекше дамыған?

торын біршама жақсартты, жаңа бағдарлама үшін база құрды. Бірақ барлық кәсіпорындардың жұмысын толықтай қалпына келтіре алмады. Сонымен бірге патшалық заманнан Қазақстан өнеркәсібі едәуір төмен деңгейде еді. Өңдеу секторында еңбек өнімділігі шамалы шағын кәсіпорындар саны басым еді. Шахталар мен кеніштер теміржолдардан едәуір алыс орналасты. Жабдықтар ескірген еді. Қасіретті текетірес жылдарында білікті инженерлік кадрлардың елден кетуі орын алды. Өнеркәсіп орындарын көбінесе жоғары техникалық білімі жоқ мамандар басқарды. КСРО-ның қоршаған әлеммен қарым-қатынасының нашарлауына байланысты дайын өнеркәсіп өнімін өткізу нарығының аясы тарылды.

Ең бастысы, индустрияландыру саясатын жүзеге асыру үшін қаржы тапшылығы қатты сезілді. Индустрияландыруға қаржы табу мақсатымен мемлекет шаруаларды астығын нарықтан арзан бағамен сатуға мәжбүрледі. Осылайша, айырмашылықтан түскен пайданы индустрияландыруды жүзеге асыруға пайдалану көзделді. Бұл міндетті орындаудан бас тартқандар қуғын-сүргінге ұшырады. Жаңа шаралар әскери коммунизм саясаты жылдарындағыдай жағдайды одан әрі шиеленістіре түсті.

XX ғасырдың 20-жылдарында мемлекет ауылшаруашылығын жаппай ұжымдастыруға кірісті, ұжымшарлар құру арқылы қажетті мақсатқа қол жеткізілді. Түскен ақшаға шетелден құрал-жабдықтар, тіпті тұтас зауыттар сатып алынды.

2. Индустрияландыру барысы және нәтижелері. Индустрияландыру саясаты геологиялық барлау жұмыстарын жандандырудан басталды. Осы мақсатпен Қазақстанның барлық облыстарына 50-ден аса іздестіру жасақтары жіберілді. Олар орталықпен қатар, республикалық бюджеттен де қаржыландырылды. КСРО Ғылым академиясы 20–30-жылдары кешенді экспедициялар ұйымдастырды. Академик Н.С. Курнаков Орталық Қазақстанның минерал байлықтарын зерттеп, «Қазақ КСР-і Кеңес Одағының тұтас металлогенді ауданы» деген тұжырым жасады. Академик И.М. Губкин Орал–Жем мұнайлы ауданын зерттеді. Қазақтың жас инженер-геологы Қ.И. Сәтбаев Жезқазған ауданындағы мыс кені орындарының болашағы зор екенін дәлелдеді. Осы экспеди-

циялар жұмысының қорытындылары бойынша республиканың жаңа ғылыми геологиялық картасы жасалды. Мыс, қорғасын, темір, хромит, никель, фосфорит, борат т.б. кендерінің ірі қорлары табылды.

Жұптық талқылау

Түркісіб теміржол құрылысы салынбағанда, Қазақстанның ауыр өнеркәсібі дамиды ба еді?

Индустрияландырудың даму қарқыны Қазақстанда бүкіл КСРО-ға қарағанда жоғары болды және 1940 жылға қарай 15 республикалар арасында 6-орынды иеленді. Республиканың өнеркәсіптік дамуы көбінесе жаңа кәсіпорындар салу есебінен жүзеге асырылды. Құрылыс жұмыстары өлкеде қарқынды жүргізілді.

Қазақстанда кен өндіру саласы неғұрлым ілгері дамыды (көмір, мұнай және түрлі түсті металл). Республика экономикасы шикізаттық бағытымен ерекшеленді. 1928–1940 жылдары теміржолдар ұзындығы 6581 шақырымға жетті. Петропавл–Көкшетау–Ақмола, Ақмола–Қарағанды т.б. теміржолдар іске қосылды.

Түркістан–Сібір теміржолы сол кездегі Қазақстандағы ең маңызды құрылыс объектісі саналды. Сібір мен Орталық Азияны байланыстыратын *Түркісіб теміржол құрылысы* 1931 жылға қарай аяқталды. Қазақстан электрстанцияларының қуаттылығы индустрияландыру жылдарында шамамен 40 есеге дейін өсті.

Бірінші бесжылдық (1928–1932) жылдарында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар қайта құрылып, жаңа кәсіпорындар ашылды. Риддер, Қарсақбай полиметалл комбинаттары, Қарағанды көмір кендері қайта қалпына келтірілді.

Шығармашылықпен айналыс

1. Индустрияландыру бағытының оң және теріс нәтижелерін көрсет.

Индустрияландыру саясатының жетістіктері «+»	Индустрияландыру саясатының кемшіліктері «-»

2. Берілген тақырыптардың бірін таңдап, зерттеу жұмысын жүргіз.








1. Жергілікті мамандардың индустрияландыруды жүзеге асыру барысындағы ұсыныс-пікірлері ескерілді ме?
2. Қазақстандағы индустрияландырудың қарама-қайшылығы неде?
3. Индустрияландыру бағыты Қазақстан экономикасының дамуына қаншалықты серпіліс әкелді?

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ



МЕН ҰЖЫМДАСТЫРУ



- | | | |
|--|--|--|
|  Химия өнеркәсібіне қажетті шикізат орындары |  Түсті металлургия |  Қазақстан Республикасының қазіргі шекарасы |
|  Түсті металлургияға қажетті шикізат орындары |  Жылу электрстанциялары | |
|  Жөңіл өнеркәсіп |  Су электрстанциялары | |

Картамен жұмыс

90–91-беттердегі картадан индустриаландыру жылдары салынған кәсіпорындарды көрсетіңдер.

Екінші бесжылдық (1933–1937) жылдарында Қазақстан экономикасы жылдам қарқынмен дамыды. Қазақстанда 1926–1940 жылдардағы индустриаландыру барысында қуатты өнеркәсіп әлеуеті орнықты. КСРО бойынша Қазақстан түсті металдар өндіру жөнінен екінші, көмір және мұнай өндіруден үшінші, электр қуатын өндіруден 5-орынға шықты.

1941 жылға қарай елімізде 700 кәсіпорындар салынып, пайдалануға берілді. Аграрлық республика, енді индустриалды-аграрлық елге айналды. Бұл кезде республиканың халықшаруашылығында өнеркәсіптің үлесі 1920 жылғы 6,3% -дан 60% -ға дейін өсті. Алайда өнеркәсіптің шикізаттық бағыттылығы себепті, станоктар мен комбайндар басқа республикалардан әкелінді. Бірде-бір мұнай өңдейтін зауыт болмады. Өйнек және цемент сияқты бірқатар құрылыс материалдары да басқа республикалардан тасымалданды.

Қазақстандағы индустриаландыру



Индустрияландыруды жүзеге асыру барысында Қазақстанда жұмысшы табы қалыптасты. Қалалардың урбанизациялану және ірілену үдерісі жүрді. 1939 жылы қала халқының жартысына жуығы 50 мыңнан астам адам тұратын қалаларға шоғырланды.

Қалалардың урбанизациялану үдерісі елдің дамуына қалай әсер етеді?

3. Қазақстан индустрияландыруының болашағы туралы пікірталастар. Республиканың партия басшылығы арасында ХХ ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысынан бастап өлкені индустрияландырудың негізгі бағыттары туралы өткір пікірталас орын алды. Республика басшысы И. Голощекин қайта өңдеуші ұсақ және орта кәсіпорындарды дамытуды қолдады. Осының салдарынан Қазақстанды индустрияландыру біржақты жүргізілді. Өлкелік партия комитеті бюросының мүшесі Смағұл Сәдуақасов өнеркәсіптің өңдеу салаларының кең желісін құру туралы идеясын ұсынды. Атап айтқанда, ол *«Голощекин жолдастың неліктен жұн жуудан әрі қарай барғысы келмейтінін, шұға фабрикаларын ұйымдастыру өз-өзінен сұранып тұрғанын»* дәлелдеді. *«Қазақстаннан жуылған жұнді Ресейге қарай шығарып, осы жұннен тоқылған «мәскеулік» шұғаны кері қарай тасығаннан гөрі, Қазақстаннан дайын шұғаны теміржолдар арқылы сыртқа шығару жеңіл емес пе?»* Алайда Голощекин және оның жақтастары мұндай көзқарастарды жергілікті ұлтшылдықтың көрінісі ретінде қабылдады. Осындай қарсы пікір айтқан адамдар қызметтен босатылды.

Қазақстандағы индустрияландыру барысында қандай жетістіктерге қол жеткізілді, қандай кемшіліктер орын алды?

4. Қазақстанды индустрияландырудың маңызы мен ерекшеліктері. Индустрияландыру саясаты республиканы аграрлықтан индустриялды-аграрлыққа айналдырғанына қарамастан, 1925–1940 жылдары Қазақстан бірқатар қайғылы белестерді басынан өткерді. Индустрияландыру ауылшаруашылығы ресурсы есебінен жүргізілгендіктен, өнеркәсіптің қарқынды түрде өсуі, ең алдымен ауылшаруашылығы өндіргіш күштерін күйрету есебінен жүзеге асырылды.

Құрылыс нысандарын жұмыс күшімен қамтамасыз ету және жұмысшы қазақтарды үйретуге бөлінетін қаражатты үнемдеу үшін КСРОның батыс аудандарынан жұмысшылар тартылды. 1931–1940 жылдары республикаға 559 мың жұмысшы келді. Орталық аймақтар мен Сібірдің кулак тобына жатқызылып, дүние-мүлкі тәркіленген шаруалары да Қазақстанға жер аударылды. Ұлттық мүддені жақтаған қазақ зиялысы Смағұл Сәдуақасов республикаға елдің басқа аудандарынан жұмыс-

шыларды жаппай қоныстандыруға қарсы шықты. Ол жергілікті кадрларды оқытуды ұсынды.

Қазақстан халқы еңбек бөлінісінің адам өмірі мен денсаулығы үшін өте ауыр, аса қауіпті, зиянды бөлігін орындады. Халықшаруашылығын өміршіл-өкімшіл тәсілмен басқару түпкілікті орнықты.

- ?** 1. Индустрияландыру барысында қарқынды жүрген урбандалу үдерісі Қазақстанның демографиялық ахуалына қалай әсер етуі мүмкін? 2. Қазақстан аумағынан шығатын шикізатты өңдейтін зауыттардың басқа одақтас республикаларда орналасуы неліктен? 3. Қазақстандағы индустрияландыру жергілікті халықтың мәдени өміріне қандай өзгерістер алып келді деп ойлайсың? 4. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына индустрияландыру саясатының тигізген әсері қандай? 5. Кеңестер Одағы жүргізген экономиканы бесжылдық жоспарлаудың артықшылықтары болды ма? 6. Қазақ зиялыларының индустрияландыруға көзқарасы қандай еді?

***** **Бесжылдық жоспар** – Кеңес өкіметінің 1928 жылдан бастап КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық дамуын межелеген мерзімді жоспарларының жалпылама атауы. Бірінші бесжылдық жоспары 1928–1932, Екінші бесжылдық жоспары 1933–1937 жылдарға арналды.

Индустрияландыру – 1) ірі, техникасы дамыған өнеркәсіпті, ең алдымен елдің халықшаруашылығындағы жетекші саланың негізі ретінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін салаларды құру; 2) (лат. – күш салу) – өнеркәсіптегі және шаруашылықтың басқа салаларындағы өндірістік күштерді ұлғайту және экономиканы көтеру мақсатына бағытталған ірі машина жасау өндірісін құру үдерісі.

Урбанизация – қала тұрғындарының өсуі.

👤 **Сәдуақасов Смағұл (1900–1933)** – көрнекті мемлекет қайраткері, публицист. Ол өзінің бүкіл жігерін, талантын халық білімін көтеруге, жергілікті кадрларды тәрбиелеуге бағыттады.



ҚазАКСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Түркістан–Сібір теміржол құрылысын салуға жәрдем комитетінің оны салуға байланысты шаралар туралы мәжілісінің

ХАТТАМАСЫ

1927 жылғы 30 қаңтар

I. ТЫҢДАЛДЫ: Түркістан–Сібір теміржолы құрылысына байланысты мәселелер туралы ТЫНЫШБАЕВ жолдастың баяндамасы.

II. ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Жетісу губерниясындағы теміржол салумен байланысты бірқатар мәселелер бойынша баяндама тыңдалып, Қазақстан Халық Комис-

сарлары Кеңесі жанындағы Теміржол құрылысын салуға жәрдем комитеті құрылады:

1. Жетісу губерниясы аумағын кесіп өтетін теміржол желісін жүргізу мен оны Түркістан және Сібір рельсті жолымен қосу губернияның анықталған әрі еңбек ететін өндіргіш күштерін сөзсіз бірнеше есе арттырады, сондай-ақ губерния шаруашылығының түрлі саласының жаңадан қарыштап дамуына ықпал етеді;

2. Шикізат базасы мен шексіз энергетикалық мүмкіндікті кеңейту ірі өңдеуші өндірістің пайда болуы және дамуына жақсы негіз салады. Олар: ұн тарту, тері илеу, ет, мал қалдықтарынан (сүйек, қан) тыңайтқыш жасау, жидек пен жемісті консервілеу, темекі, шұға өндірісі;

3. Жетісуда ірі қант қызылшасы өндірісін Түркістанның көп бөлігі мен шекаралас елдердің қажеттілігін қанағаттандыру есебімен дамыту бойынша мүмкіндікті белгілеу;

4) Шаруашылықты жан-жақты жобамен дамыту губернияны барынша ірілендіреді, Қазақстан мен КСРО шаруашылығында жаңа магистраль жүк жинақтауда елеулі орынды иеленеді;

5) Қазақстан мен теміржолдың екіжақты мүддесі соңғысының губерния мәдени аумағын, ең алдымен, өндіргіш күштері көбірек топтасқан аудан ретінде Алматы қаласын толық қамтуын талап етеді;

6) Батыс Қытай шикізат базасын тарту мен оның батыс рыногын КСРО өндірістік заттарымен қамтамасыз ету теміржол желісінің шығыс бағытына бұрылу ықтималдығын арттырады;

7) Теміржол салу жөніндегі алдағы жұмыстар кезінде губерния қорлары құрылыс материалы ретінде де, жұмыс күші ретінде де пайдаланылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарға сүйеніп:

1. КСРО-ның тиісті орталық органдарынан теміржолды саяси-әкімшілік, экономикалық, өндірістік және мәдени мәні бар орталық ретіндегі Алматы қаласы арқылы жүргізу туралы өтініп сұрау;

2. Алматы қаласында жол басқармасы мен оның қызметкерлері отбасыларын қамтамасыз ете алатын артық тұрған алаң қоры жеткілікті екенін ескеріп, Орталық Құрылыс Комитетінен Теміржол басқармасын Алматы қаласынан ұйымдастыру туралы өтіну;

3. Жетісу Губаткомынан Алматы қаласынан Жол салу басқармасы қажетіне тиісті ғимарат бөлуді сұрау;

4) Губатком пікірімен келісіп, Алматыдан солтүстікке қарайғы желіні қоныстанған мәдени аудандарға бағыттау төменгі аудандарға жақын етіп жүргізу қажет деп табылсын:

а) Құлжа ауданына ең жақын Жаркент уезі нүктесі Алтынемел ауданына...

5) ҚКСР-індегі маманданбаған жұмысшылар мен арбакештер теміржол жұмысы қажетінің көп бөлігін қамтамасыз етеді. Осы күштер жұмысқа бірінші кезекте тартылуы керек деп есептеу керек.

ҚКСР Еңбекхалкомына Одақтың Еңбекхалкомынан өзге Республикалардан келетіндерге тосқауыл қоюға шара қабылдауды сұрау ұсынылсын, өйткені қазіргі кезде Сырдария, Жетісу губерниялары мен Қырғыз Республикасына салынған теміржол бойымен жеткен келімсек жұмысшылардың үлкен легі пайда болды.

6) Жол салу басталған сәттен Шу өзенінде теміржол мен ауылшаруашылығы қажеттіліктерін қамтамасыз ететін азық-түлік өндірісін салу қажет деп табылсын.

7) Жетісу нанын, құрылыс ағашы мен мал өнімдерін Орта Азияның мақталы аудандары қажеттілігіне тезірек пайдалану мақсатында Орталық Құрылыс Комитетінен барлық жол құрылысын 3 жыл мерзімде аяқтауға күш пен қаржы бөлу сұралсын.

8) Жерхалкомнан теміржол салуға байланысты қазақтарды теміржол бойына орналастыруды тездетуді, ал Қазсушардан губернияның ауылшаруашылығын барынша қамтамасыз ететін суландыру құрылысын аяқтауды сұрау.

9) Алматыда КСРО-ның тиісті органдары сұрап отырған толықтай жабдықталған сейсмикалық станция салу қажет деп табылсын.

10) Теміржолда, сондай-ақ ауылшаруашылығы мен өндірісте су қалдығын пайдалану мүмкіндігіне зор мән берілсін.

11. Орталық Комитеттен теміржол құрылысына көмек беру сұралсын, бірінші және екінші кезектегі жұмыс көлемі мен оған пайдаланылатын жұмыс күші, тауар т.б. саны есептелсін, бұлар сұранысты жоспарлы түрде қанағаттандыруға бөлінсін.

12. Теміржол салынуына байланысты өндіріс пен ауылшаруашылығы саласындағы ҚКСР-інің болашағын нақтылау жұмысы басшылығы үшін Орталық Комитеттен жол салуға жәрдем сұралсын, тиісті арнаулы тұлға белгіленсін.

13. Түркістан-Сібір жолын тарту бойынша материалдар жинақтау мақсатында Семей губаткомынан Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Жол құрылысына көмек комитетінен құрылысқа қатысты барлық мәселе бойынша жеткілікті материал беру сұралсын.

2. Тыңдалды:

Жол құрылысына байланысты жұмыстарға сотталғандар еңбегін пайдалану туралы.

Қаулы етілді: Мәселе ТЫНЫШБАЕВ жолдас Мәскеуден оралғанға дейін кейінге қалдырылсын.

Төраға (Құлымбетов)

Хатшы (Петрова)

Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1-том. – Алматы, 1998, 186–188-б.



Қабылданған қаулы теміржол құрылысын салуға қалай әсер етті?

Тест тапсырмалары

- 1931–1940 жылдары республикаға сырттан келген жұмысшылардың саны:
 А) 559 мың В) 745 мың
 Ә) 616 мың Г) 356 мың
 Б) 478 мың
- Бірінші бесжылдық жылдары:
 А) 1925–1931
 Ә) 1933–1937
 Б) 1930–1935
 В) 1928–1932
 Г) 1924–1929
- Индустриаландыруда ұлттық бағыт ұстанып, жергілікті мамандарды оқытуды ұсынған тұлға:
 А) Т. Рысқұлов
 Ә) С. Сәдуақасов
 Б) Ф.И. Голощекин
 В) С. Меңдешев
 Г) И.В. Сталин

§18–19.

Қазақстандағы ұжымдастыру

Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке» әкеліп соқтырды?

Бүгінгі сабағымызда күштеп ұжымдастыру саясатының ауылшаруашылығына тигізген зардаптарын талдаймыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Ұжымдастыру «Бесеудің хаты» Тәркілеу Жазалау шаралары ГУЛАГ ОГПУ	Коллективизация «Письмо пятерых» Конфискация Карательные меры ГУЛАГ ОГПУ	Collectivization «Letter of Five» Confiscation Punitive measures GULAG OGPU

Тақырыпқа шығу:

1. Бұл монумент қандай оқиғаға байланысты орнатылған деп ойлайсындар?
2. Мүсінді неге осындай кейіпте бейнелеген?



1. Республика билігіне Ф.И. Голощекиннің келуі. 1925 жылы республика билігіне орталықтың қолшоқпары Филипп Голощекин келді.

Пікірің қажет

Республиканың бірқатар мемлекет қайраткерлері неліктен Голощекиннің саясатына қарсы шықты?

Өлкеге келісімен қазақ ауылдарында Кеңестік биліктің әлі орнатылмағанын, ауыл билігі жергілікті байлардың қолында екенін жария етті. Осыған орай, ол өлкеде «Кіші Қазанды» ұйымдастырып, ауылдарды кеңестендіруді ұсынды. Көшпелі малшыларды отырықшыландыру жергілікті тұрғындарды кеңес билігіне қаратудың бірден-бір жолы деп білді.

Көрнекті мемлекет қайраткерлері С. Сәдуақасов пен С. Қожановқа «ұлтшыл» деген кінә тағылды. С. Сейфуллин, М. Мырзағалиев, Н. Нұрмақов, С. Меңдешев және т.б. қуғынға ұшырады. Олардың көбі республикадан қуылып, С. Сәдуақасов, **Ж. Мыңбаев** қызметтен босатылды.

Қазақстандағы қарсыластарын іс жүзінде ығыстырған Голощекин «Кіші Қазан» идеясын өмірге енгізе бастады. 1926–1927 жылдары егістік және шабындық жерлер қайта бөлінді. Алайда бұл шара ойдағыдай нәтиже бермеді.

Түсіндір

Қазақ байларын тәркілеу туралы Декрет неге қабылданды?

2. Байлардың мүлкін тәркілеу мен жер аудару. Ауылдарды кеңестендіруде байлар Ф.И. Голощекинге ерекше қауіпті болып көрінді. Асығыс түрде жергілікті қазақтардан құрылған милиция арқылы оларға ықпал ету еш нәтиже бермеді. Дайындықтың нашарлығы және рулық қарымқатынастар ауылдағы жағдайды өзгертуге дәрменсіз болды.

Қазақ байларын тәркілеу туралы декрет 1928 жылдың 27 тамызында қабылданды. Бұл декрет бойынша ірі байларға көшпелі аудандарда ірі малға шаққанда, төрт жүз бастан жоғары, жартылай көшпелі аудандарда үш жүз, ал отырықшы аудандарда жүз елу бастан жоғары



Ауылда бай мүлкін бөлісу. 1929 жыл

малы барлар жатқызылды. Бірақ ірі бай қатарына жүз тұяғы барлар да жатқызылып, тәркілеуге ұшырады. Тіпті байлармен бірге орташалардың да малы тартып алынды. Ауылдарға тәркілеу науқанын жүргізу үшін ең қатал нұсқаулар мен орасан құқықтарға ие болған өкілетті өкілдер жіберілді. Декретке сай 700-дей шаруашылық тәркілеуге ұшырап, олардың мал-мүлкі тартып алынды. Қазақ халқынан 145 мыңдай мал басы үкімет қарамағына алынып, бірқатары ауыл кедейлеріне таратылды.

Кейінірек ең бір жаманы, ұжымдастыру кезеңінде байларды тұрғылықты жерлерінен тысқары қудалау басталды. Ешқашан туған жерін тастап көрмеген далалықтар бір сәтте елден қуылып, бөтен жерге қоныс тепті. Кейде байларды республика аумағынан тыс өңірлерге, Украина мен Ресей т.б. жерлерге жер аударды. Экономикалық зорлық-зомбылық саяси жағынан да жүзеге асырылды.

1930–1931 жылдары өлкеге басқа республика аумақтарынан мүліктері тәркіленген, жер үлесін алу құқығынан айырылған 180 мыңға жуық кулак көшірілді.

3. Ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясаты. Ауылдың ең ауқатты бөлігі саналатын рубасыларды талқандаған соң, большевиктер ендігі кезекте орта және кедей шаруаларды ұжымшарларға

Ізден!

Қазақстанда ұжымдастыру науқаны қалай жүргізілді?

тартып, күштеп отырықшыландыруға көшті. БК(б)П XV съезі (1927 жылдың желтоқсаны) ауылшаруашылығын ұжымдастыруға бағыт алуды жариялады. Мыңдаған жылдар бойы көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығымен айналысқан қазақтар бір күннің ішінде отырықшы шаруаға айналуға тиіс болды. Барлық киіз үйлер бір жерге жиып тігілді. Мал мен құрал-сайман ортақ деп жарияланды. Қараусыз, күтімсіз, су мен жайылымсыз қалған малдар топ-тобымен қырылды. Шаруалар малдарын тірідей сақтай алмайтындарына көздері жеткенде жаппай сойып тастап отырды. Сойылған малдың көптігінен ет бұзылып, жарамсыз болып қалды.

Астық, ет, жүн дайындау ісі, күштеп отырықшыландыру саясаты, ұжымдастыру барысы қазақ халқына қандай ауыртпалықтар әкелді?

4. Астық, ет және жүн дайындау науқаны. Ұжымдастырумен бір мезгілде астық дайындау науқаны да белсенді жүргізіле берді. Ол 1928 жылы тінтулердің, тұтқынға алу, еркінен айыру мен ату жөнінде үкім шығарған соттардың көмегімен шаруалардың артық астығын тартып алудан басталды. Осындай қатаң жазалау шараларының арқасында

Қазақстанда 1928 жылы 300 млн пұт астық дайындалды. Астық пен етті жасырды деген айыппен 33 мыңнан астам адам құғынға ұшырады. Ауыл тұрғындарының өлеуметтік-экономикалық жағдайы нашарлады.

5. Күштеп отырықшыландыру саясаты. 1931 жылы тамызда Қазөлкеком жергілікті партия және кеңес ұйымдарына көшпелі, жартылай көшпелі қазақ шаруаларын жеделдетіп ұжымдастыру мен оларды отырықшы өмір салтына көшіру жөнінде нұсқау берді. Қазақтардың шаруашылығына көшпелі мал өсірушілер мен жартылай көшпелілерді күштеу әдістерімен жүргізілген отырықшыландыру саясаты қатты соққы болып тиді. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың 1931 жылы – 77 508-і, 1932 жылы – 77 674-і, 1933 жылы – 242 208-і отырықшыландырылды.


Егер Қазақстанда 1928 жылы ұжымдастыруға барлық шаруашылықтардың 2% -ы қамтылса, 1930 жылдың 1 сәуірінде – 50,5% -ы, 1931 жылдың күзіне қарай – 65% -ға жуығы, 1934 жылы – 89,9% -ы тартылды.

Отырықшыландыру барысында күштеп қуып әкелінген ауылдардан мал өсіруге арналған елді мекендер құрылды. Бұл бір орынға жинастырылған малдың жемшөптің жоқтығынан қырыла бастауына жеткізді. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 40 миллионнан астам мал болса, 1933 жылы 4,5 млн ғана мал қалды. 1938 жылы көшпелі және жартылай көшпелі қазақтардың отырықшылыққа көшуі негізінен аяқталды. Ұжымдастыру мен кулактарды тапсыздандыру қатал құғын-

сүргін шараларымен қатар жүргізілді. Қазақстан халқы жүргізіліп жатқан саясатқа қарсылық көрсетті, толқулар мен қарулы көтерілістер жасады.

6. 1930 жылдардағы аштық, шаруалар көтерілістері.

Қазақстандағы ұжымдастырудың зардаптары



1928–1932 жылдары Қазақстанда күштеп әрі заңсыз негізде өткізілген ұжымдастыру – орасан зор адам құрбандығына әкеп соқтырды. 1,5 млн-дай қазақ көршілес республикалар мен шет елдерге қоныс аударуға мәжбүр болды.

Ұжымдастыру барысы Қазақстанның барлық аудандарын қамтыған бұрын-соңды болмаған ашаршылыққа ұрындырды. 1929–1930 жылдардың қысында жұт болды. Ашаршылық пен қуғын-сүргіннің қысымымен қазақтар бүкіл ауылдарымен шектес облыстар мен республикаларға көше бастады. ОГПУ-дің деректері бойынша қазақтар Батыс Сібір, Орта Поволжье, Тәжікстан, Солтүстік өлкеге қоныс аударған. Бірнеше жүз мың қазақ Қытай, Монғолия, Иран мен Ауғанстанға қоныс аударды. Нәтижесінде 1931–1933 жылдары ашаршылықтан екі миллионнан астам адам, яғни қазақ халқының жартысына жуығы, мыңдаған басқа ұлт өкілдері қаза тапты.

Кеңес билігі неге өз халқын аяусыз қырғынға ұшыратты?

Қазақстанда өкімет орындарының саясатына наразылықтар елде жаппай шаруалар көтерілістеріне ұласты. 1929 жылы Сырдария, Қостанай округтерінде көтеріліс бүрқ ете түсті. Қазақстанның оңтүстігіндегі Созақ ауданында шаруалардың ірі бой көрсетуі болып өтті. Бұл 30-жылдардың басындағы неғұрлым ірі көтерілістердің бірі еді. Көтеріліске 5 мыңдай адам қатысты.

Шығармашылықпен айналыс

«Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру науқанының салдары қандай болды?» тақырыбына эссе жаз.

Тірек сөздер:
Декрет, тәркілеу, аштық, зиялылар, жазалау.

Картамен жұмыс

90–91-беттердегі картадан Қазақстандағы шаруалар көтерілісі орын алған аймақтарды анықтаңдар.

Сол уақытта осындай көтерілістер Жетісудағы Ақсу және Балқаш аудандарында да болды. 1930 жылы 27 наурызда 200 көтерілісші Абакумовканы басып алды. ОГПУ отрядымен шайқас 28 наурыз күні өтті. Шайқаста 15 адам өліп, 76 көтерілісші тұтқынға түсті.

Неғұрлым табанды әрі ұзаққа созылған көтеріліс Ақтөбе, Қостанай және Қызылорда округтерінің аумағын қамтыды. Өкімет орындарының саясатына наразылық Шығыс Қазақстан, Маңғыстау аумағында да орын алды. ОГПУ-дің деректері бойынша 1929 жылы Қазақстанда жалпы саны 350 адамнан тұратын 31 көтерілісшілер отряды болды. 1930–1932 жылдары көтерілісшілер 2 мыңға, 1932–1933 жылдары 3,2 мың адамға жеткен. Республикада 80 мыңдай адам қатынасқан шаруалардың 372 бой көрсетуі болып өтті. 5 мыңнан астам көтерілісші Кеңес өкіметіне қарсы шыққаны үшін қатаң жазаланып, сотталды, ГУЛАГ лагерьлеріне қамалды, олардың 883-і атылды.

7. Қазақ зиялыларының «Кіші Қазан» бағытына қарсылығы. 1926–1928 жылдары үкімет мекемелерінде қызмет ететін ауылшаруашылық мамандары, ұлт зиялылары (Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы т.б.) қазақтардың дәстүрлі малшаруашылығының дала жағдайларына неғұрлым қолайлы екендігін ашық айтты. Малшаруашылығын егіншілікке бағындырудың кез келген әрекетінің даланың экономикалық өнімділігінің төмендеуіне әкеп соғатынын дәлелдеп шықты. Оларды қазақтардың малшаруашылығына күштеп таңылған қайта құрулардың іс жүзінде терең экономикалық тоқырауға ұрындыратыны алаңдатты. Ұлт зиялылары С. Меңдешев, С. Қожанов, Х. Досмұхамедов т.б. жаппай ұжымдастыру науқанына қарсы шықты.

Анықта

Қазақ зиялыларының Сталин мен Голощекинге жазған хаттарында не айтылды, хатқа қол қойғандардың тағдыры қалай аяқталды?

Республика Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы О. Исаев қазақ халқының мүшкіл жағдайы жөнінде Сталинге жазған хатында хабарлады. Онда қазақтардың басқа аймақтар мен республикаларға жаппай қоныс аударуының күшейіп, қазақ халқы жағдайының өте ауырлай түскені, адамдардың аштық пен жұқпалы аурулардан қырыла бастағаны, жергілікті өкімет орындары өкілдерінің жалған есептер беріп, қазақ халқының іс жүзіндегі жағдайын боямалап көрсетіп отырғаны айтылды. О. Исаев өз хатында Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинді орнынан босатуды ұсынды. 1933 жылы Ф.И. Голощекин қызметінен босатылып, оның орнына Қазақ өлкелік партия

Дерекпен жұмыс

«Бесеудің хаты»

БК(б)П Өлкелік комитетіне, Голощекин жолдасқа:

...«Бүгінгі Қазақстан – бұл 163 миллион сомның тауарлы өнімін беретін, 40 миллион малы бар өлке», – деп жаздыңыз Сіз, Голощекин жолдас, 1930 жылы «Октябрь революциясының жеңістері» деген мақалаңызда («Қазақстанның 10 жылдығы» атты жинақ). ...Бірақ қазір, Сіздің мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде Қазақстанда малшаруашылығы саласында мал басының қисапсыз кеміп кеткені әмбеге аян болып отыр: 1930 жылғы мал басының 18 бөлігі (40 миллионнан 5 миллион) ғана қалды. Тек байлар мен кулактардың ғана емес, тек жекеменшікті орташалар мен кедейлердің ғана емес, сонымен бірге негізінен алғанда, колхоздар мен колхозшылардың (ішінара совхоздардың да) қоғамдастырылған және қоғамдастырылмаған малы да осындай зор шығынға, сұрапыл қырғынға ұшырады...

... Мал басының қисапсыз кеміп кетуі мен көптеген қазақ аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық (қыстың екінші жартысынан бастап) жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс?.. Нағыз көзбояушылар, көпірме жоспарлар жасаушылар, оның үстіне өздеріне жүктелген нақты іс басқара алмаған, көзбояушылықпен «бәрі де жақсы» деп тұжырымдап, өнеркәсіп саласындағы жетістіктерге арқа сүйеген, сөйтіп, осынау елеулі мәселелерге жұртшылық назарын әлсіреткен жер органдары мен ауылшаруашылығы кооперативтері одағының мүшелері неге бүкіл жұртшылық алдында сабақ боларлықтай сазаыин тартпайды?

Ғ. Мүсірепов
М. Ғатаулин
М. Дәулетқалиев
Е. Алтынбеков
Қ. Қуанышев

1. Авторлардың хатты жазудағы мақсаты неде?
2. Құжаттың дерек ретінде құндылығы неде деп ойлайсыз?

комитетінің бірінші хатшысы болып Л.И. Мирзоян сайланды. РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов та 1933 жылы Сталинге жазған хатында қазақ халқының мүшкіл жағдайын көрсетіп, жаздың соңына дейін қоныс аударушылардың арасында аштық пен жұқпалы аурулардың қауіпті дәрежеге дейін көтерілетінін ескертті. Т. Рысқұлов қазақ халқын қырылудан құтқарудың нақты шараларын, қазақтарға малды жекеменшікке таратып беру жолымен шаруашылықты шұғыл көтеруді ұсынды.

Сталин мен Үкімет органдарына тек жекелеген қызмет адамдары, қазақ зиялыларының өкілдері ғана емес, қарапайым адамдар да хат жол-

дады. Көрнекті қазақстандық мәдени қайраткерлердің «Бесеудің хаты» атанған хаты Қазақстан тарихында ерекше орын алады. 1932 жылы жазда **Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышевтар** Голощекинге қазақ даласындағы мүшкіл ахуал жөнінде хат жазды. Олар Голощекинді партияның ұжымдастыруды жүргізу жолындағы басты бағытын бұрмалауы, халықтың малшаруашылығын дамытуға деген ынтасын жойып, малшаруашылығымен айналысу дәстүрін бұзғаны үшін айыптады. Алайда бұл көзқарастың айқын жақтастары қуғындаудың құрбандарына айналды.

- ?** 1. Қазақ зиялыларының Кеңес үкіметі саясатын қолдамауының себебі неде? 2. Ұжымдастыру қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарына қалайша әсер етті? 3. «1928–1932 жылдары қазақтарды күштеп ұжымшар, кеңшарларға орналастыруына байланысты рулық сана мен салт-дәстүрлер әлсіреді» деген пікірмен келісесің бе? 4. Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатының мәні неде деп ойлайсың? 5. Неліктен кеңестік билік ұжымдастыру саясатын іске асыруда халық үшін залалды жолды таңдады?

***** «Бесеудің хаты» – қазақ зиялыларының БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге жолдаған хаты (1932 жыл 4 шілде). Бастапқыда И.В. Сталинге арнап жазылған хат қазақ зиялыларының тоталитарлық тәртіпке наразылығының бір көрінісі саналады.

Жазалау шаралары – кек алудың, жазалаудың түрлері, ақысыз-пұлсыз тартып алу.

ГУЛАГ – лагерьлердің Бас басқармасы.

ОГПУ – Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарма. 1923–1924 жылдары мемлекет қауіпсіздігін қорғау мақсатында құрылған ұйым.

Тәркілеу (конфискация) – қандай да бір дүние-мүлікті мемлекет меншігіне алу.

Ұжымдастыру – ауылшаруашылығын өкіметтің қысым жасауымен жаппай ұжымдық шаруашылықтар (колхоздар) етіп құру.

👤 Қожанов Сұлтанбек (1894–1938) – көрнекті мемлекет қайраткері. Халық ағарту мен мәдениет ісінің білікті ұйымдастырушысы.

Досмұхамедов Халел (1883–1939) – Алашорда көсемдерінің бірі, дәрігер, ғалым, публицист.

Меңдешев Сейітқали (1882–1937) – мемлекет қайраткері. Аштықпен күрес, Орталық Азия Республика аумақтарын межелеу жұмыстарына белсене қатысқан.

Қуанышев Қадыр (1906–1938) – партия және қоғам қайраткері.

Ғатаулин Мансұр (1903–1937) – партия және қоғам қайраткері. Қазақстандағы апатты жағдай туралы айтылған Ғ. Мүсірепов, М. Дәулетқалиев, Қ. Қуанышев, Е. Алтынбековтермен бірге «Бесеудің хатына» қол қойды.

Мыңбаев Жалау (1892–1929) – партия және мемлекет қайраткері. 1925–1927 жылдары Қазақ ОАК Төрағасы қызметін атқарды.



Қытайға көшу мен оның себептері БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің Жалпы бөлімі материалдарынан

1931 жылғы 31 желтоқсанға дейін

Көшу қозғалысына Күршім ауданы аз ұрынған. Ауданнан барлығы 170 шаруашылық Қытайға кетіп үлгерген, олардың 30-ы бай шаруашылығы, қалғандары кедейлер мен орташалар. Бұдан басқа шегарадан жеке-жеке ары асқан 63 оқиға тіркелген.

Көшіп кеткендер ішінде 5 коммунист пен 9 комсомол бар, ал бұл коммунистер мен комсомолдар көшіп кеткен рулық шаруашылық ауылының мүшелері болып табылады.

Көшіп кетудің себебі неде?

Олардың (көшіп кетулердің) себептері:

1. Аудан шаруашылығын жоспарлау мен басқару практикасындағы жіберілген ірі қателікте.

2. Шаруашылық-саяси науқанды өткізудегі асыра сілтеуде.

3. Ауылдағы революциялық заңдылық үшін күрестің әлсіздігінде және ауылдық ұйымдар мен жекелеген аудандық қызметкерлердің тарапынан жіберілген қиянатта.

4. Жұмыстың барлық түрінде қатал әкімшілік-әміршілдік көрсететін ауылдық ұйым әлсіздігі мен қандай да бір бұқаралық түсіндіру жұмысы жүргізілмеуде.

5. Ауылды өндіріс тауарларымен нашар жабдықтауда.

6. Ауылдар арасындағы рулық байланысқа негізделген байлар мен бұрын Қытайға көшіп кеткен рулардың ықпалында.

Осы алты мәселе көшіп кетудің, ауылдағы шиеленіскен таптық күрестің негізгі себептері болып табылады.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1-т. – Алматы, 1998, 236–237-б.



Көшіп кетудің негізгі себебін атаңдар.

Тест тапсырмалары

1. Бай-кулактарды тәркілеу туралы декрет қабылданды:
 - А) 1926 жылы
 - Ә) 1925 жылы
 - Б) 1927 жылы

- В) 1929 жылы
Г) 1928 жылы
2. Қазақстанда 1931 жылдың күзіне қарай барлық шаруашылықтардың ұжымдастырылған көлемі:
А) 50,5%
Ә) 89,9%
Б) 65% -ға жуығы
В) 72,6%
Г) 54% -дан астамы
3. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 40 миллионнан астам мал болса, 1933 жылы қалған мал басы саны:
А) 6,3 млн
Ә) 4,5 млн
Б) 10 млн-ға жуық
В) 3,6 млн
Г) 5,5 млн

§20–21.

1920–1930 жылдардағы саяси репрессиялар

Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға «халық жауы» деген айып тақты?

Бүгінгі сабағымызда ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы өміршіл-өкімшіл саясатының зардаптарын талдаймыз. Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметіне баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Жеке басқа табыну	Культ личности	Cult of personality
Репрессия	Репрессия	Repression
Ассимиляция	Ассимиляция	Assimilation
Тоталитарлық жүйе	Тоталитарная система	Totalitarian system
АЛЖИР	АЛЖИР	ALJIR (Akmola camp wives of traitors to the homeland)
ҚАРЛАГ	КАРЛАГ	KARLAG
СТЕПЛАГ	СТЕПЛАГ	STEPLAG

Тақырыпқа шығу:

1997 жылдан бастап Қазақстанда «31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» аталып өтіледі.

«Қуғын-сүргін құрбаны» дегенді қалай түсінесің?

1. Қазақстанда тоталитарлық жүйенің орнығуы. 1920 жылдары КСРО-да социалистік құрылыс мәселелері жөнінде терең идеялық-саяси күрес өріс алды.

Ойлан!

Большевиктер «Басқаша ойлайтындарды» не себептен қудалады?

Осындай жағдайда саяси өмірде біртіндеп мемлекет аппаратын алмастыра бастаған коммунистік партияның үстемдігі мен авторитарлық биліктің күшею үдерісі өсе түсті. Қазақстанда автономияның жариялануы сөз жүзінде қалып, республика өзін-өзі іс жүзінде басқаруға қол жеткізе алмады. Өнеркәсіп орындары, теміржолдар, республиканың халықшаруашылығына қатысты нәрселердің бәрі Мәскеудің тікелей басқаруында болды. Демократияға жат сайлау заңдары қазақтардың басшылық қызметтердегі санын шектеп отырды. 1922 жылы Қазақстан партия ұйымдарындағы қазақтардың жалпы саны бар-жоғы 6,3% -ға ғана жетті.

Республиканың партия ұйымы толық қалыптасып, өлкедегі шешуші күшке айналды. Алайда партия қатарына жалған белсенділер көбірек еніп, бюрократизм, жеке басқа табынушылық, жалған ақпарат берушілік, жағымпаздық пен партия өктемдігі орнықты.

Халықтың есінде жаппай саяси қуғын-сүргінде ешбір жазықсыз миллиондаған адамдардың өмірін өкеткен сталинизмнің «ұлы бетбұрыс» кезеңі мәңгі бақи қалды. Көлемі жөнінен теңдесі жоқ бұл қылмыстардың негізін Ресейдегі Қазан революциясы мен Азамат соғысы қалады. Кеңес елінде социалистік қатынастар қалыптасып, сталиндік авторитарлық-тоталитарлық жүйе толық орнықты.

Қазақстанда республика жұртшылығына қысым жасау саясаты, әсіресе 1925 жылы қыркүйекте БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшылығына Ф.И. Голощекиннің келуімен қатаң сипат ала бастады.

Ойталқы

Тоталитаризм ұғымын қалай түсінесің?

1928 жылдың соңында «буржуазияшыл ұлтшылдар» атанған «Алаш-орданың» бұрынғы қайраткерлерінің бәрі тұтқындалды. Ж. Аймауытов, Ө. Байділдин, Д. Өділевтер атылып, қалғандары өртүрлі мерзімге түрмеге

Қазақстандағы тоталитаризмнің көріністері



жабылды. Олардың кейбіреулері (М. Дулатұлы т.б.) лагерьлерде қаза тапты, қалғандары (А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев т.б.) жазасын өтегенімен, «Алашорданың» қызметіне араласқаны үшін қайта айыпталып, атылды.

Ұлт зиялылары өкілдерінің құрамында М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов,

Өз өлкеңнен кеңестік билік тарапынан қуғынға ұшыраған қандай азаматтарды білесің?

Ж. Досмұхамедов, Ж. Ақбаев т.б. бір тобы (40-тай адам) 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында тұтқындалды. Көп ұзамай олардың 15-і (М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Қ. Кемеңгеров т.б.) Ресейдің орталық қара топырақты облысына жер аударылды. Олардың барлығы дерлік 1930 жылдары қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшырады.

2. 1930 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін. 1937 жылы БК(б)П ОК-нің, И.В. Сталин мен оның айналасындағылардың «халық жаулары және олардың құйыршықтарын түп-тамырымен жоюдың қажеттігі» жөніндегі нұсқауы барлық жерде қолдау тапты.

1936–1938 жылдары Қазақстанда 25833 адам партиядан шығарылып, олардың 8544-іне «халық жаулары» немесе «халық жауларының сыбайластары» және т.б. айыптар тағылды. Танымал қазақ зиялылары, Алаш қайраткерлері түгелге жуық саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың отбасы мүшелері де жазықсыз қудалау көрді. Зерттеулер бойынша 1931 жылдан бастап 1954 жылдың 1 ақпанына дейінгі кезеңде КСРО-да 3 млн 777 мың адамды соттап, оның 643 мыңына ату үкімі орындалған. 2 млн 369 мыңын 25 жылға дейінгі мерзімге түрмелерге қамап, миллиондаған адамдарды лагерьлерге айдаған. Жалған айып тағылғандардың қатарына 1931–1933 жылдардағы қазақтардың жаппай қырылуына байланысты

Шығармашылықпен айналыс

1. 1920–1930 жылдардағы саяси репрессияның себептері мен зардаптарын көрсет.

1937–1938 жылдардағы қуғын-сүргін саясатының себептері	
Қысқа мерзімді зардаптары	
Ұзақ мерзімді зардаптары	

2. «Бір минуттық әңгіме» тәсілі арқылы жұптасып, «Қазақ халқының қырылуына ең басты айыпты Сталин» деген пікірге өз ойларыңды білдіріңдер.

ашық наразылық білдіріп, Қазақстан халқының мүдделерін қорғағандар да қосылды.

Ашық сот отырыстары 1937 жылы республиканың Үржар, Преснов т.б. аудандарында болып өтті. 1937 жылы қарашада Қарағанды облысының Ө. Асылбеков, Н. Нұрсейітов, М. Ғатаулин т.б. басшыларының үстінен жүргізілген сот ісі халықтың жан-жақты талқылауына ұласты. «Халық жауларының» негізгі көпшілігінің тағдыры КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының мәжілістерінде «үштік» атанғандар мен НКВД-ның ерекше кеңестерінде құпия жағдайда шешіліп жатты. Л. Мирзоян, Ү. Құлымбетов, Н. Нұрмақов, Т. Рысқұлов, О. Жандосов, Т. Жүргенов, О. Исаев, С. Қожанов, С. Меңдешев сынды көрнекті партия және мемлекет қайраткерлері «халық жаулары» ретінде тұтқындалды.

1920–1940 жылдардағы заңсыз қуғын-сүргіннің негізгі көрінісі – мемлекет органдарының қарапайым адам құқықтарын жаппай өрескел бұзып, аяққа таптауы болды. Бұл заң бұзушылық қуғын-сүргін саясатын жүзеге асыру барысында бұқаралық сипат алып, оған заңдық негіз бен жариялылық түр берген кеңес заңдарының нормаларымен бүркемеленді. Бұл кезең қолданылған қылмыстық жазалардың ерекше қаталдығымен сипатталады. Азаматтарды «халық жауы» деп жариялап ату жазасына кесу, құқығынан айыру, мемлекеттен қуу, дүние-мүліктерін тәркілеу, қатаң оқшаулау арқылы еркінен айыру тәрізді шаралар кеңінен қолданылды.

Қазақстандықтарға көбінесе жапон, кейде герман тыңшылары деген айып тағылып, айыптаушылар мен сотталғандардың «мойындауы» ешқандай дәлелдеусіз жүзеге асырылды.

Ойлан!

Кеңестік билікті қолдаған зиялылар неліктен 1930 жылдары қуғын-сүргінге ұшырады?

Жалған халық жауларымен күрес концлагерьлердің құрылуына жағдай жасады. Көптеген аудандар тікен сымдармен қоршалып, ол сақадай сай қаруланған әскермен күзетілді. Кейінірек атылған адамдарды жаппай жерлеген жерлер анықтала бастады. Сондай орындардың бірі Алматы түбіндегі Жаңалық ауылының жанынан кездейсоқ табылды. Мұнда 1937–1938 жылдары атылған белгілі жазушылар мен ақындар М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, көрнекті ғалымдар А. Байтұрсынұлы, С. Асфендияров т.б. мемлекет, қоғам қайраткерлері, шаруашылық басшылары мен өндіріс озаттары сынды тоталитарлық тәртіптің мыңдаған құрбандары құпия жағдайда жерленді.

3. Лагерьлер жүйесінің құрылуы. Сталиндік басшылық Қазақстан аумағын елдің басқа аудандарынан мыңдаған шаруаларды «кулактық жер аудару» аймағы ретінде қарастырды. Республикаға Одақтың өртүрлі аудандарынан 46 091 отбасы, жалпы 180 015 адам жер аударылды. Осылайша, елде алып лагерьлер жүйесі – ГУЛАГ құрылды. Оның құрамында АЛЖИР, ҚАРЛАГ, СТЕПЛАГ т.б. лагерьлері болды. Қазақстан лагерьлері арқылы КСРО республикаларынан 2 млн-ға жуық тұтқындар өтті. Орталығы Долинка ауылы болған ҚАРЛАГ ең үлкен лагерь болып саналды.

Ізден!

Қосымша деректерді пайдаланып, АЛЖИР, ҚАРЛАГ, СТЕПЛАГ т.б. лагерьлерде азап шеккен жазықсыз жандар туралы хабарлама дайындаңдар.

ҚАРЛАГ-та тұтқындардың еңбегі егіншілік кәсібінде кеңінен пайдаланылды. Тұтқындардың бір бөлігі әйнек, қант, май зауыттары мен жылыжайларда және т.б. жерлерде жұмыс істеді.

Бір мезгілде бұл жерде 74 мың тұтқын ұсталды. ҚАРЛАГ-та түрлі қылмыстар үшін жазалаулар болды, тіпті ату жазасы да бар еді. Кейбіреулері аурудан, аштықтан, ауыр жұмыстан қаза тапты. Осы жерде әйгілі Ресей ғалымы, тарихшы, географ Л.Н. Гумилев те тұтқында отырған.

4. Ақмола түбіндегі әйелдердің концентрациялық АЛЖИР лагері. Қарағанды еңбекпен түзету лагері негізінде отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері (АЛЖИР) құрылды.

1937 жылы желтоқсанда ПХК-ның ҚАРЛАГ Ақмола арнайы бөлімшесі ашылды. 1936 жылы барақтардың құрылысы басталып, балалардың колониясы құрыла бастады. 1937 жылдың тамызында жасөспірімдер басқа жерлерге көшірілді. Отанын сатқандардың отбасы мүшелерін қабылдауға дайындық жүргізіле бастады. 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалы әйелдердің алғашқы легі Кеңестер Одағының қалаларынан Ақмола лагеріне 1938 жылдың қаңтарында әкелінді. Лагерьге «оңшыл-троцкистшіл, шпион-

дық-диверсиялық ұйым мүшелері, отанын сатқандар» т.б. саяси себеппен қуғын-сүргінге ұшыраған «халық жауларының» әйелдері қамалды. Лагерь қазіргі Нұр-Сұлтан қаласының оңтүстік-батысында, Төңкеріс (Малиновка) елді мекенінде орналасты. Лагерьде «халық жауы» деп сотталған партия, кеңес органдарындағы басшы қызметкерлердің, әскери қайраткерлердің, көрнекті ғалымдар мен жазушылардың әйелдері, туған-туыстары азап шекті.

АЛЖИР лагері 30 мың га жерді алып жатты. Оның Қарағанды, Ақмола өңірінде бірнеше бөлімшелері болды. Бұл жерде бүкіл одақ бойынша осы ойдан шығарылған айыппен тұтқындалған әйелдер ұсталды. Негізінен олар КСРО мемлекет және қоғам қайраткерлерінің әйелдері, шешелері, қыздары еді. Лагерьде С. Сейфуллин, Т. Жүргенов, С. Қожановтың әйелдері және Т. Рысқұловтың отбасы азап шекті.

Тұтқындаумен бірге үйді тыңғылықты тінту қатар жүргізілді. Тінту барысында қару-жарақ, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, химиялық қоспалар, контрреволюциялық насихат әдебиеті, хаттар, шетел валютасы, қымбат металдар, ақша мен әшекей бұйымдар, жеке құжаттар тәркіленді. Тұтқындалушыға тиісті барлық мүлік тартып алынды. Үйлері мөрленіп жабылды, кейінірек кеңес жұмысшыларына берілді. Лагерьлерде аяғы ауыр, сәбилері бар әйелдер де отырды.

1938 жылдан 1953 жылға дейінгі аралықта АЛЖИР-де 20 мыңға жуық тұтқын ұсталды. Олардың нақты саны осы күнге дейін толық анықталған жоқ.

5. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың әйелдері мен балаларының жағдайы. Қуғын-сүргінге ұшыраған отбасы мүшелері амалсыздан тектерін өзгертті. Әйелдері мен балалары көпшіліктің көзінше өз күйеулері мен әкелерінен бас тартты. «Халық жауларының» әйелдері басқа республикаларға көшіп кетуге мәжбүр болды. Мысалы, Сейітов Асылбектің аяғы ауыр әйелі Нафия Шорманова қызымен Омбы облысындағы туысқандарына қашуға мәжбүр болды. Бірақ ол жердегі жағдай да мәз емес еді. Осы уақыт аралығында Омбы облысында мыңға жуық қандастарымыз қуғын-сүргінге ұшыраған. Қуғын-сүргінге ұшырағандар балаларының кейбірі жетімдер үйіне өткізілді. Олар барлық жерде өз қатарластары тарапынан қорлауға ұшырады. Техникум мен ЖОО-да оқу қиынға түсті. Оларды оқуға қабылдамады, қабылдаса да бірден оқудан шығарды. «Халық жауының» балалары комсомол мен партия қатарына қабылданбады. Сондықтан да олар өз тектерін жасырып басқа облыстарға, тіпті республикаларға көшіп

Кеңес билігі «халық жауларының» отбасы мүшелерін де неге қудалады?

кетті. Қуғын-сүргінге ұшыраған отбасы мүшесі деген желеумен Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары майдангерлерге Кеңес Одағының Батыры атағы мен медальдары және ордендері, басқа да шендер берілмеді.

6. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау. XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісі енгізілді. Ал 80-жылдардың соңына қарай Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерін ақтау науқаны басталды. 1993 жылы сәуірде Қазақстан Республикасының «Саяси жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы заңы шықты.

Кеңес өкіметінің Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының саны, ғалымдардың есептері бойынша миллиондаған адамды құрады. Алайда бұл сан нақты емес, өйткені 20–40-жылдары тұтқындалған мыңдаған адамдардың тағдыры әлі күнге дейін белгісіз болып отыр.

- ?** 1. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты КСРО құрамындағы аз санды ұлттардың рухани өміріне қалай әсер етті? 2. «Социализм жолымен ілгерілеген сайын тап күресі шиеленісе түседі» деген сталиндік теорияның мәні неде? 3. «Ұлт зиялыларын жазалау, олардың қызметін шектеу «кеңестік халықты» қалыптастырудың жолы болды». Бұл пікірге қатысты ойың қандай? 4. «Халық жауларының» қатарына қоғамның тағы қандай топ өкілдері жатқызылды? 5. «Халық жаулары» мен «отанына опасыздық танытқандар» деп сотталғандар мен атылғандардың көп бөлігі уақыт өте келе ақталып шықты. Оларға шығарылған үкімді әділетті деп айта аласың ба? 6. Қазақстан аумағында қандай концлагерьлер құрылды?

***** **АЛЖИР (отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері)** – Сталиндік тоталитарлық жүйе кезінде «халық жаулары» саналып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлері мен қарапайым адамдардың әйелдері мен қыздары жазықсыз жазасын өтеген Ақмола облысындағы лагерь.

Ассимиляция – саны аз, саяси-әлеуметтік ахуалы төмен халықтың өзінен басым халықтың құрамына біртіндеп сіңісіп кетуі.

Жеке басқа табыну (культ личности лат. – табыну) – КСРО-дағы И. В. Сталинге табыну ретінде қалыптасқан, тоталитарлық тәртіптің жеке билігі. Бір адамның көзінің тірісінде тарихи дамудың барысына шешуші ықпал жасайтын рөлін дәріптеу, жеке адамның елді алқалы басқаруды ауыстырып, демократияны жойып, диктаторлық тәртіп орнатуы.

ҚАРЛАГ – Қарағанды лагері.

Репрессия – мемлекет органдары қолданатын азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіру, жазалау.

СТЕПЛАГ – Жезқазған маңындағы (Кеңгір) лагерь атауы.

Тоталитарлық жүйе – қоғам өмірінің барлық саласы мемлекеттің бақылауында болып, адам бостандықтары мен конституциялық құқықтары жойылған билік жүйесі.



Сталиннің БК(б)П Қазөлкеком бюросы мүшелеріне «Ақ жол» журналы туралы хаты

1925 жылғы мамыр

Қазөлкекомның барлық мүшелеріне

Құрметті жолдастар!

1. Бір-екі күн бұрын менің «Ақ жол» журналымен танысуға мүмкіндігім болды. Осыған байланысты атақты Шоқаевтың ақ гвардияшылар баспасөзіндегі бірқатар мақалаларын еске алдым да, ең сұмдығы, осы мақалалар мен «Ақ жол» журналы арасында кейбір рухани «бірлік» барлығына көз жеткіздім. Сенбеске амал жоқ, бірақ «Ақ жол» бәрімізбен қатар Шоқаевқа да мол материал беріп отырғаны ақиқат. ...«Ақ жолдың» сыны – табалау мен өшпенділік, бұл біздің шындығымыз емес. Кеңес елінде мұндай сынға орын болмауы тиіс.

Шұғыл шара қолданылсын...

Мен партияда жоқ зиялыларды кеңестік баспасөзге тартуды толықтай қолдаймын. Наркомзем, ХШЖ, кооперация секілді шаруашылық органдары осы адамдарды толық кеңестендіріп, тиісінше пайдалануы керек. Мен партияда жоқ зиялылардың қазақ мәдениетін дамыту ісіне тартылуын да қолдаймын. Оқулықтарды қазақ тілінде дайындау – бұл адамдардың мәдениет саласындағы басты жұмысы. Бірақ мен партияда жоқ зиялыларды саяси және идеологиялық күрес ісіне араластыруға қарсымын. Мен партияда жоқтар қазақ жастарын тәрбиелеумен айналысқанын қолдамаймын.

Осы мәселе бойынша Сіздердің пікірлеріңізді өтініп сұраймын.

ҚРОММ. 141 қ., 1-т., 1-2-парақ, 479 А.

БК(б)П ОК Саяси бюросы ерекше үштік құру туралы мәжілісінің № П 6222 хаттамасынан көшірме

*1938 жылғы қыркүйек
ІІХК (п) 22 сұрағы*

1. КСРО ІІХК 1937 жылғы №№ 00485, 00439 және 00693 және 1938 жылғы № 326 бұйрығына сәйкес ІІХК-нің ұлттық құрамы с (саны) р (репрессияланған) тұтқындардың қаралмаған тергеу ісін Ерекше үштік қарауына беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Ерекше үштік обкомның, БК(б)П өлкелік комитеттің немесе Ұлттық партиялар ОК-нің бірінші хатшысы, ІІХК-нің тиісті басшысы мен облыс, өлке, республика прокуроры құрамында сайланады.

... және Қазақ КСР... Ерекше үштік облыстар бойынша құрылады.

3. Ерекше үштік 1938 жылғы 1 тамызға дейін тұтқындалғандар ісін ғана қарайды да, жұмысты 2 ай мерзімде аяқтайды.

4. 1938 жылғы 1 тамыздан кейін тұтқындалған көрсетілген ұ (ұлттық) р (репрессияланған) контингенттің с (саны) бәрінің ісін қарау үшін сот шешімі бойынша тиісті сот органдарына (әскери трибуналға, желілік және облыстық соттарға; Жоғарғы Сот Әскери Коллегиясына) жіберілсін, сондай-ақ істі қайта қарауға жіберсін және істе айыпталушыны соттауға жеткілікті материал болмаса, оны қамаудан шығару туралы шешім шығарылсын.

5. Ерекше үштіктің бірінші категория бойынша шешімі жылдам жүзеге асырылсын.

ОК хатшысы *И. Сталин*

«Известия» газеті, 3 қазан, 1938 ж., № 62.



1. Сталиннің хатының мәнін қалай түсіндің?

2. Үштіктерге қандай құқықтар берілді?

Тест тапсырмалары

- 1922 жылы Қазақстан партия ұйымдарындағы қазақтардың жалпы саны ... пайызды құрады:
 - 6,3%
 - 10,4%
 - 25%
 - 18,6%
 - 22%
- 1938 жылдан 1953 жылға дейінгі аралықта АЛЖИР тұтқынында болғандар саны:
 - 50 мың
 - 25 мың
 - 20 мыңға жуық
 - 30 мыңнан астам
 - 15 мың
- Хронологиялық реттілікпен орналастыр:
 - ҚР «Саяси жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы заң.
 - 25833 адам партиядан шығарылып, 8544-іне «халық жаулары» немесе «халық жауларының сыбайластары» т.б. айыптар тағылды.
 - БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшылығына Ф.И. Голощекиннің келуі.
 - «Буржуазияшыл ұлтшылдар» атанған Алашорданың бұрынғы қайраткерлерінің бәрі тұтқындалды.
 - Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерін ақтау науқаны басталды.

ҮШІНШІ БӨЛІМДІ ҚАЙТАЛАУ-ПЫСЫҚТАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. 1920–1930 жылдары жүргізілген индустрияландырудың Қазақстанға әкелген салдарын көрсетіңдер.

Саяси салада	
Экономикалық салада	
Әлеуметтік салада	
Техникалық салада	

2. «Шаруаларды жаппай ұжымдастыру себебінен болған ашаршылық қолдан жасалған еді». Бұл пікірмен келісесің бе? ПТМС формуласы арқылы дәлелдеңдер.

Позиция (Мен осылай деп ойлаймын...)

Түсіндіру (Себебі...)

Мысал (Мен мұны мынадай мысалдармен дәлелдей аламын...)

Салдар (Салдары осындай болды...)

3. Тоталитарлық режим күшейе түскен жылдары (1920–1930) болған саяси репрессиялардың кемінде 4-5 салдарын анықтаңдар.

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____

4. «Мен большевиктердің орнында болғанда, индустрияландыру ісін басқаша жүргізер едім» тақырыбында шағын эссе дайындаңдар.

5. 1931–1933 жылдардағы аштықтың елдің демографиялық үдерісіне тигізген әсерін анықтаңдар.

6. 1920–1930 жылдардағы репрессия кезінде өз өлкеңнен қандай азаматтар жазықсыз зардап шекті? Мүмкіндігінше есімдерін анықтап, оларға тарихи сипаттама беріңдер.

7. Қазақстандағы лагерьлер жайлы шағын өңгіме жазыңдар.

ТӨРТІНШІ
БӨЛІМКЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ:
БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ, ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР

§22.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы

Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы қандай?

Бүгінгі сабағымызда Ахмет Байтұрсынұлына қазақ тілі білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Комиссар Элита «Әдебиет танытқыш»	Комиссар Элита «Теория словесности»	Comissary Elite Fundamentals of Literary Studies

Тақырыпқа шығу:

М. Өуезов Ахмет Байтұрсынұлына: *«Ахаңның патша заманындағы үкіметтік әр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сіңірген пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді»*, – деп жоғары баға береді.

1. А. Байтұрсынұлының қандай еңбектерін білесің?
2. Қазақ халқының қоғамдық-мәдени өміріне серпіліс әкелу үшін А. Байтұрсынұлы қандай жұмыстар атқарды?

1. Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасының қалыптасуы. Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937) Торғай облысындағы Торғай уезінің Сарытүбек деген жерінде дүниеге келген. Ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. 1886–1891 жылдары Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқиды. 1891 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсіп, оны 1895 жылы бітіреді. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінің мектептері мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады. А. Байтұрсынұлы өзінің

халықпен кездесулері кезінде патша үкіметінің отаршылдық саясатының мәнін әшкереледі. 1913–1918 жылдары «Қазақ» газетінде редактор болып, халық өмірінің көкейтесті мәселелерін көтереді, елді өнер-білімге үндеді. А. Байтұрсынұлы Алаш қозғалысы тұсында күрестің алғы шебінде болады. Оның өмірі өз халқына адал қызмет етудің, ел-жұртының мәдениеті мен әдет-ғұрпына, тарихына деген сүйіспеншіліктің айқын үлгісі. 1929 жылы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: *«Менің мақсат-мұратым – қазақ халқының материалдық жағдайын жақсарту, мүмкін болғанынша мәдениетін көтеру. Мен осы мақсатты қамтамасыз ететін үкіметті қолдауға әрқашан әзірмін»*, – деген.

Картамен жұмыс

Қазақстанның қазіргі картасынан А. Байтұрсынұлының білім алған оқу орындары мен қызмет еткен жерлерін көрсетіңдер.

2. Әдеби мұрасы. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетін зерттеуге көп үлес қосты. 1909 жылы оның тұңғыш «Қырық мысал» кітабы жарыққа шығады, онда Крылов әңгімелері мен Абай өлеңдерін негізге ала отырып, биліктің шектен шығуы мен зорлық-зомбылығын сынайтын бірқатар туындылары енген. 1911 жылы «Маса» өлеңдер жинағы жарық көрді. Ондағы басты идея қазақ халқын ілім-білімге әрі мәдениетті қоғам құруға шақыру еді. «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» мақаласында А. Байтұрсынұлы Абайдың рухани мұрасының ұлт мәдениеті мен ағарту ісіне ықпалын зерделейді. Ол Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин және А. Құнанбайұлының демократиялық ойларын зерттеумен айналысты.

3. Саяси қызметі. Ахмет Байтұрсынұлы халыққа білім беру мәселесін әрқашан көтеріп жүретін еді. Алаш қозғалысының қалыптасуына белсене қатысты. Ол «Қарқаралы петициясы» авторларының бірі болды. Петицияда өзекті мәселелер қатарында зайырлы білім беру, ар-ұждан бостандығы және діни еркіндік, газет шығару жайлы айтылды. 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі шықты. Газет 1918 жылға дейін қазақтар арасындағы негізгі мінбер әрі ең кең таралған саяси және әдеби-ғылыми басылым саналды. 1917 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлы Алаш партиясын құруға атсалысты, Алашорда үкіметінің құрамына кірді, онда білім мен мәдениетке қатысты мәселелермен айналысты. Кеңес билігін қабылдағаннан кейін мемлекеттік және мәдени құрылыс ісіне көп еңбек сіңірді. 1920–1921 жылдары Қазақ АКСР халық-ағарту комиссары қызметінде болды. Алаш қозғалысының өзге де қай-

А. Байтұрсынұлының «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметін құрудағы қызметіне баға беріңдер.

раткерлері сияқты А. Байтұрсынұлы қазақ халқының мүддесін қорғауды жалғастыра берді, ғылыми-ағартушылық қызметпен айналысты.

4. Ғылыми-ағартушылық қызметі. 1921 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлы ҚазАКСР-і Халық ағарту комиссариаты жанындағы республикалық академиялық орталықты басқарды. Оның жетекшілігімен орталық еліміздегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырумен айналысты, қазақ мектептеріне арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтар басып шығару ісін ретке келтірді. Ғылыми-педагогикалық мамандар дайындай бастады. Оның жұмысына М. Дулатұлы, Қ. Жұбанов, Б. Майлин, Е. Омаров, С. Сейфуллин, **Т. Шонанов** т.б. қазақ зиялыларының өкілдері белсене қатысты.

Сол кезеңде олар құрастырған ана тілі, суретті әліппе, сауатсыздықты жою бойынша оқулықтары жоғары сұранысқа ие болды. А. Байтұрсынұлы 1912 жылы жазылған, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайталап басылып шыққан алғашқы қазақша әліппе «Оқу құралының» авторы. Лингвистикалық түсініктерге анықтама беріліп, тілдің құрылымы зерттеліп, бір жүйеге келтірілген алғашқы қазақ тілі оқулығы «Тіл – құрал» А. Байтұрсынұлы қаламынан шықты. Ол мұғалімдерге арналған тәжірибелік нұсқаулық «Тіл жұмсар» және сауатсыздықты жою кезінде жаппай пайдаланылған оқу құралы «Баяншыны» да жазды.

Ойлан!

А. Байтұрсынұлы неліктен 1919 жылы большевиктер жағына шықты?

Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуы негізінде жасалған жаңа әліпбидің негізін қалаушы ретінде белгілі. Бірақ түрік тілдерін латынға көшіру басталғаннан кейін 1929 жылы араб әліпбиі ауыстырылды. Бүгінде ол жасаған әліпбиді шетелдегі миллиондаған қазақтар пайдаланып отыр. Ғұлама ғалым тіл білімі негіздерін және қазақ тілін оқыту әдісін зерттеумен айналысты. 1926 жылы ғалымның құнды еңбегі «Әдебиет танытқыш» жарыққа шықты, онда әдебиет тарихы, теориясы мен методологиясы қарастырылып, қазақ әдебиеттану ғылымының негізі қаланды.

Ізден!

А. Байтұрсынұлы тіл білімін дамытуға қандай үлес қосты?

Ол қазақ фольклорын зерттеуге маңызды үлес қосты. Қазақ халқының музыкалық шығармалары мен халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, жеке кітап етіп шығарды. Оған «Ер Сайын» (1923) және «23 жоқтау» жыры (1926) енді. Бакуде өткен I түркология съезіне, Қазандағы халық ағарту қызметкерлерінің съезіне қатысып, білім беру жүйесін дамыту мәселелерін көтерді.

Қазақ элитасы көшбасшыларының бірі А. Байтұрсынұлы қоғамдық қызметпен бірге еліміздің жоғары оқу орындарында да сабақ берді. 1921–

Шығармашылықпен айналыс

1. Деректі оқып шығып, сұрақтарға жауап бер.

«...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым».

А. Байтұрсынұлы

1. Орынбор қаласына барғаннан кейін ғалым алдына қандай мақсат қояды?
2. Автор неліктен тіл мәселесіне алаңдатушылығын білдіреді?
3. Қазақ тілі айналымына ғылыми терминдерді қалыптастыру не үшін керек?

2. «Ашық микрофон» әдісі арқылы «А. Байтұрсынұлы редакторы болған «Қазақ» газетінің ұлттық сананы көтерудегі рөлі қандай?» тақырыбында сұхбат жүргіз.

1928 жылдары Ташкенттегі Халыққа білім беру институтында қазақ тілі және әдебиеті, тарихы мен мәдениетінен дәріс оқыды.

5. А. Байтұрсынұлының тағдыры. Кеңес билігі А. Байтұрсынұлының Алаш қозғалысына қатысқанын кешірмеді. 1929 жылы жалған айыппен қамауға алынып, өлім жазасына кесілді, артынан он жылға, кейін үш жылға жер аударылсын деп ұйғарылды. 1934 жылы өтініштердің нәтижесінде А. Байтұрсынұлы қамаудан босатылды. Бостандыққа шыққаннан кейін отбасымен Алматыға көшіп келді. Алайда 1937 жылы қуғын-сүргіннің келесі толқыны кезінде оны тағы да ұстап әкетті. Ахмет Байтұрсынұлы 1937 жылы желтоқсан айында атылды.

Ол саясаттан гөрі ғылыммен айналысуды жөн көрді. Бірақ бұл сол заманның зиялылары үшін мүмкін емес еді, уақыт халық мүддесін қорғаудан басқа таңдау бермеді. Ахмет Байтұрсынұлы есімі 1988 жылы ақталды. Оның есімімен Қазақстан қалаларының көшелері мен мектептері, Тіл білімі институты және Қостанайдағы университет аталады.

- ?** 1. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық жазудың реформаторы». Бұл тұжырыммен келісесің бе? 5 сөйлеммен ойыңды жеткіз, фактілермен дәлелде. 2. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек». А. Байтұрсынұлы неліктен газет шығаруға айрықша көңіл бөлді? 3. Қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне Ахмет Байтұрсынұлының қосқан үлесі қандай?

4. «Адамдық диқаншысы қырға шықтым;
Көлі жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың», –

деген өлең жолдары арқылы ғалым қандай мәселені көтерген? 5. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегі арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалады. Өйткені... Сөйлемді жалғастырып айт. 6. Ахмет Байтұрсынұлының 1929 жылы тергеуде айтқан мұратын қалай түсінесіңдер?



«**Әдебиет танытқыш**» – А. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі.

Комиссар – мемлекеттен арнайы өкілдік алған, қызмет бабындағы адам. Кеңес билігі кезіндегі министр.

Элита – қоғамның қандай да бір бөлігінің, топтарының неғұрлым көрнекті, таңдаулы өкілдері.



Шонанов Телжан (1894–1938) – қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, аудармашы, тілші ғалым. Алашорда үкіметі жанынан құрылған оқу комиссиясының мүшесі.



1. Қазақ қалпы

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара-көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?

Алаштың адамының бәрі мәлім:
Кім қалды таразыға тартылмаған?
Дегендер: мен жақсымын, толып жатыр,
Жақсылық өз басынан артылмаған.

Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,
Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,
Киіздей шала басып, қарпылмаған.


Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар да көп,
Телміріп бір тойғанын ар қылмаған.
Ақкөңіл, алаң-бұлаң адамдар көп,
Есептеп азын көпке, аңқылдаған.

Қайырсыз неше сараң байлар да бар,
Қайықтай толқындағы қалтылдаған.
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,
Ұмтылып, талап ойлап талпынбаған.

Солардың қатарында біз де жүрміз,
Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.
Не пайда өнерің мен біліміңнен
Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?!

Бұл бір сөз қасірет етіп хатқа жазған,
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.
Байға – мал, оқығанға – шен мақсұт боп,
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан.

Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы, 2003, 183-бет.

 Олеңде қазақ халқының тағдыры жайлы не айтылған?

2. Бәдрисафа Байтұрсын келінінің Е.П. Пешковаға жазған хаты

Күйеуім Байтұрсынұлы Ахмет (қазақ) 1930 жылғы 30 маусымда Бутырск түрмесіне қамалған еді. Содан бір жыл өтті. Күйеуімнен хат-хабар жоқ. Сізден Байтұрсынұлы Ахметтің қайда екенін біліп беруіңізді сұраймын.

Менің мекенжайым: Алматы қаласы, Нарын көшесі, 83 үй. Байтұрсынова Бәдрисафа.

1931 жылғы 11 қаңтар

«Жас Алаш», №79, 2016, 29 қыркүйек.

 Қалай ойлайсың, хатқа жауап келуі мүмкін бе?

Тест тапсырмалары

1. А. Байтұрсынұлының 1911 жылы жарық көрген «Маса» өлеңдер жинағындағы басты идея:
 - А) Биліктің шектен шығуы мен зорлық-зомбылығы
 - Ә) Халықтың діни бостандығы
 - Б) Қазақ халқын білімге, мәдениетті қоғамға шақыру
 - В) Тәуелсіздік үшін күрес
 - Г) Қоғамдағы қарттардың орны

2. А. Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде редакторлық қызмет атқарған жылдар:
 А) 1913–1918
 Ә) 1911–1917
 Б) 1910–1918
 В) 1912–1919
 Г) 1911–1918
3. 1926 жылы жарыққа шыққан А. Байтұрсынұлының еңбегі:
 А) «Қазақтың бас ақыны»
 Ә) «Қырық мысал»
 Б) «Ер Сайын»
 В) «Әдебиет танытқыш»
 Г) «Оқу құралы»

§23–24.

XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым

Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?

Бүгінгі сабағымызда XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдаймыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Жұмысшы факультеті Техникум Аспирантура	Рабфак Техникум Аспирантура	Faculty of Work Technicum Graduate school (postgraduate studies)
Санжар Асфендияров Әлімхан Ермеков	Санжар Асфендияров Алимхан Ермеков	Sanzhar Asfendiyarov Alimkhan Yermekov

Тақырыпқа шығу:

Кеңес үкіметінің билік басына келгеннен кейінгі білім саласындағы алғашқы реформасы қандай бағытта болды?



1. Республикада кеңестік ғылымның қалыптасуы. Кеңестік қазақ мемлекеттілігі құрылғаннан кейін түрлі ведомстволық мекемелер, Ресей географиялық қоғамының Орынбор секциясы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналыса бастады. Ғылыми қызметті ұйымдастыру және жетілдіру үшін зиялылар 1920 жылы *Қазақстанды зерттеу қоғамына* бірікті. Еліміздегі қоғамдық бастамамен пайда болған ғылыми ұйымда негізінен гуманитарлық сипаттағы зерттеу жұмыстары басым болды.

Ойлан!

Қазақстанды зерттеу қоғамы неліктен құрылды?

Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының мүшелері *А. Чулошников, Ф. Рязанов, Ә. Диваев, М. Тынышбаев, В.В. Бартольд, В. Радлов, М. Дулатұлылардың* алғашқы ғылыми еңбектері жарық көрді. 20-жылдарда Қазақстанда алғашқы ғылыми-зерттеу мекемелері: Химия-биологиялық зертхана, Өсімдіктерді қорғау өлкелік станциясы, Санитарлық-бактериологиялық институты, Тыңайтқыштар және ауылшаруашылық топырақ зерттеу институты пайда болды. *1932 жылы КСРО ҒА-ның қазақстандық базасы құрылды.* Қазақстандық базаның тұңғыш төрағасы болып академик, түркітанушы А.Н. Самойлович тағайындалды. Жанынан түрлі бағыттағы ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ) ашылған қазақстандық база 1938 жылы КСРО ҒА-ның Қазақ филиалына айналды. 30-жылдары жергілікті ғалымдар да қалыптаса бастады. Тарих, геология, лингвистика, химия сияқты және т.б. салаларды зерттеуде үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. С. Асфендияров 1935 жылы жарық көрген көне заманнан бүгінге дейінгі «Қазақстан тарихының» 1-бөлімін жазып шықты. Қазақ тіл білімінің дамуында профессор Қ. Жұбанов жетекші орын иеленді. Қазақ ғылымының жас өкілі Қ. Сәтбаевқа ғылымға сіңірген еңбегі үшін геология-минералогия ғылымдарының докторы атағы берілді. XX ғасырдың 30-жылдарында республикада тоталитарлық жүйе орнағаннан кейін А. Байтұрсынұлы, А. Самойлович, С. Асфендияров, Қ. Жұбанов тағы басқа ғылым қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшырады.

Ізден!

КСРО ҒА-ның қазақстандық базасында қандай ғалымдар қызмет етті?

1940 жылға қарай Кеңес Одағы ғалымдарының қолдауымен елімізде іргелі ғылыми мекемелер ашылып, онда 1726 ғылыми қызметкер жұмыс істеді.

2. Сауатсыздықты жою. 1919 жылы Халық Комиссарлары Кеңесі (ХКК) сауатсыздықты жою туралы Декретке қол қойды. Мемлекет ауылға жаппай мәдени жорық ұйымдастыруды жариялады. 1920–1921 оқу жылында Қазақстанда 2,5 мыңға жуық сауатсыздықты жою пункттерінде 70 мыңдай адам оқыды. Сауатсыздықты жоюдың көшпелі пункттері,

«Сауатсыздық жойылсын» қоғамының қызметі елде білімді жетілдіруде елеулі рөл атқарды ма?

әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою үшін қызыл отаулар, коммуна мектептері, мектеп-интернаттар, **рабфактар** (жұмысшы факультеттері) құрыла бастады.

Оқу жоспары бойынша ересектерге әріп танытып, өзі тұратын жерде жұмыс істей алатындай мамандықтар берілді. Курстар мәдени-ағарту мақсатымен қатар, халықтың социализм құрылысы бойынша саяси сауатын ашуды да мақсат тұтты. Сауатсыздықты жою пункттерінің алғашқы түлектері жастар еді. Сауатсыздықты жою бойынша мемлекеттік бағдарламаны насихаттауда «Сауатсыздық жойылсын» жалпыодақтық қоғамы үлкен рөл атқарды. Қоғамның қазақстандық филиалы 1924 жылы құрылды. 1925 жылға қарай республикада құрамында 77800 адамы бар 882 ұйымы жұмыс істеді. 1927–1931 жылдары Түрксiб жұмысшылары үшін сауатсыздықты жою пункттері ашылды.

Республикадағы жергілікті қазақтар негізінен жайлаудағы жылжымалы сауатсыздықты жою пункттерінде оқып, сауат ашты. Сауатсыздықты жою бойынша мемлекеттік бағдарламаны жүргізу барысында қазақтар арасындағы сауаттылық 6,9%, орыстар арасында 36%, ал жалпы сауаттылық деңгейі 17,8%-ды құрайтыны анықталған. 1931 жылдың желтоқсан айында 15–50 жас аралығындағы ересек адамдардың бәрін жаппай оқыту енгізілді, бірақ бұл науқан Қазақстанда дұрыс жүргізілмеді. Қазақтардың көбі тоталитарлық жүйенің ақылға сыйымсыз саясатының салдарынан орын алған 1931–1933 жылдардағы аштық кезінде қоныстанған жерлерінен көшіп кетуге мәжбүр болды. Кеңес билігінің халық арасындағы сауатсыздықты жою науқанының жағымды жақтары 1928 жылы латын жазуына көшкен кезде тағы да біршама төмендеп қалды.

3. Халыққа білім беру ісінің дамуы. Кеңес өкіметі орнауымен бір мезгілде мәдениетті қайта құру шаралары жүзеге асырыла бастады. Елде халыққа білім беру мен ағарту ісін дамытуға баса назар аударылды. 1920–1921 оқу жылында Қазақстанда 2410 мектеп жұмыс істеді, оның көбі бастауыш мектептер. Білім берудің дамуына арнайы және тиісті оқыту мекемелерінің аздығы, оқулық пен оқытушылардың тапшылығы кедергі келтірді.

Қазақтың ұлт зиялылары шығармашылық тұрғыда табысты еңбек етіп, мәдени құрылыс, халыққа білім беру саласын жеделдетуге зор үлестерін қосты. Қазақ тілінде оқулықтар жазылды. Мұндай оқулықтардың авторлары А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Жұ-

Оқулықтар жазуға қандай ғалымдар қатысты?

мабаев, Ә. Ермаковтер болды. Алгебрадан қазақ тіліндегі мектеп оқулығын Қаныш Сәтбаев, географиядан Әлихан Бөкейхан, Қазақстан тарихын профессор Санжар Асфендияров құрастырды. 1928 жылдың соңына қарай қазақ мектептері үшін 30-дан астам оқулық жарық көрді.

1924 жылы А. Байтұрсынұлы араб әрпінің негізінде жасалған қазақ әліпбиін жетілдірді. 1929 жылы араб жазуы бойынша енген жаңалықтардың бәрі латын әліпбиіне көшумен тоқтап қалды. 20-жылдардың ортасында орталық және жергілікті билік органдары қыз балаларды оқытуға көңіл бөле бастады. Бұрынғы оқыту жүйесінде оқуға қыз балаларды кеңінен тарту болмаған еді. Қыз балаларды жаппай оқытудың алғашқы кезеңінде бөлек мектептер ашылды. Қыздарға арналған мектептер Шымкентте, Түркістанда, Алматыда және Ордада ашылды. Биліктің қаншама шара қабылдағанына қарамастан ұзақ уақыт бойы қыздарды жаппай оқыту кең өріс алмады.

Кеңес билігінің 1930 жылы 27 тамызда шыққан ОАҚ мен ХКК-нің жалпыға бірдей бастауыш оқытуды 8 жастан бастау туралы қаулысы маңызды жетістік болды. 1931 жылдан бастап қаулыны көшпелі аудандарда енгізу қарастырылды. Елде кедей халықтың көптігінен жаңа оқу

Шығармашылықпен айналыс

1. Кестедегі ақпараттың ақиқат немесе жалған екенін анықта.

Кеңес билігі 1930 жылдан бастап жалпыға бірдей бастауыш оқытуды 8 жастан бастау туралы қаулы шығарды.	
1934 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ашылды.	
1935 жылы жарық көрген көне заманнан бүгінге дейінгі «Қазақстан тарихы» 1-бөлімінің авторы Қ. Сәтбаев.	
1928 жылы латын жазуына көшу қазақ халқы арасындағы сауаттылық деңгейін көтере түсті.	
Кедей балаларын оқыту үшін жергілікті билік жалпы оқу қорын құрды.	

2. Ойды жалғастыр:

1. Кеңес үкіметінің «сауатсыздықты жою» реформасы
2. Кеңестік Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көптеп ашылуы

жылына барлық ата-аналар балаларын мектепке дайындауға мүмкіндігі бола бермейтін. Кедей балаларын оқыту үшін жергілікті билік жалпы оқу қорын құрды. Жалпы білім беру қорының қаржысына жағдайы төмен және көпбалалы отбасыларға киім-кешек, аяқкиім, сөмке, оқулықтар алып берді.

1935 жылдың соңына қарай республикада мектептің үш түрі болды: бастауыш (3 жылдық), толық емес орта (7 жылдық), орта мектептер (10 жылдық). XX ғасырдың 30-жылдарының аяғына қарай балаларды жаппай оқыту үдерісіне өткізу аяқталды. 1940 жылдардың басына қарай елімізде 7,5 мың мектеп, оның 5,2 мыңы бастауыш, 1,7 мыңы толық емес орта мектеп болды. Бұл мектептердегі оқушы саны 1 млн балаға жетті.

Республикада мамандарды, әсіресе педагогтерді даярлауға ерекше көңіл бөлінді. Мұғалімдерді даярлау үшін тұрақты және қысқа мерзімді курстар құрылды. Педагогикалық училищелер ашылды. 1919–1925 жылдары Орынбор мен Семей және басқа өңірде Халық ағарту институттары

Республикамыздың мәдени-ағарту жүйесі қалай дамыды?

ашылды. Бұл оқу орындарында арнайы орта білімді мұғалімдер даярланды. Кәсіби мамандар өзірлеу мақсатында жұмысшы факультеттер (рабфактар) ұйымдастырылды. 1920 жылдардың соңында

республикада маман кадрлар 24 техникумда даярланды.

Жоғары білімді мамандар негізінен Мәскеуде, Ленинградта, Ташкентте оқып, білім алды. Кеңестік билік кезінде Қазақстанда жоғары оқу орындарының жүйесі дами бастады. 1928 жылы *Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты* ашылып, 1935 жылы оған Абай есімі берілді (қазіргі Қазақ ұлттық педагогикалық университеті).

Анықта

Қазақстанда қай жылдары қандай ЖОО-лар ашылды?

1929 жылы Алматы малдәрігерлік институты, 1930 жылы Қазақ ауылшаруашылық институты, 1931 жылы Алматы медицина институты, 1934 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті), Тау-кен институты ашылды. Оралда, Семейде, Ақтөбеде, Петропавлда, Шымкентте және Қостанайда да педагогикалық институттар ашылды. 1940 жылы Қазақстанда 35 кәсіби оқу орындары ұйымдастырылды. 1938 жылы ҚазМУ жанынан **аспирантура** ашылды.

Республикада мәдени-ағарту жүйесі де кеңінен ұйымдастырыла бастады. 1928 жылы өлкеде 488,3 мың кітап қоры бар 236 кітапхана жұмыс істеді. 1931 жылы Қазақстанның мемлекеттік көпшілік кітапханасы құрылды. Халыққа клуб мекемелері мен мұражайлар да ағартушылық тұрғысында қызмет етті.



1. Кеңестік халықты жаппай сауаттандыру не үшін қажет болды? 2. Сауатты халық санының артуы КСРО-ға қандай оң немесе теріс ықпалын тигізуі мүмкін? 3. «Патшалы Ресей халықты қараңғылықта ұстады. Себебі оқымаған халықты басқару оңайға түседі». Бұл пікірге қатысты ойыңды білдір. 4. «Кеңес үкіметі сауатсыздықты жоюға бар күшін салды. Дегенмен ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратуы мен оларға ату жазасын тағайындау сауатты халықтың пайыздық үлесіне кері әсерін тигізді». Бұл оймен келісесің бе? 5. Сауатсыздықты жоюға қандай факторлар кері әсерін тигізуі мүмкін?



Аспирантура – жоғары оқу орындарындағы немесе ғылыми мекемедегі ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметке және кандидаттық диссертация қорғауға мамандарды дайындау жүйесі.

Жұмысшы факультеті (рабфак) – кеңестік елдегі жұмысшы, шаруа жастарын жоғары мектепте оқу үшін даярлайтын жұмысшы факультеті.

Техникум – техникалық кәсіптік білім беретін орта дәрежелі арнаулы оқу орны.



Асфендияров Санжар (1889–1938) – мемлекет және қоғам қайраткері, медицина саласының білікті маманы, көрнекті тарихшы-ғалым. 1935 жылы «Қазақстанның өткені деректер мен құжаттарда» атты кітабы жарық көрді.

Ермеков Әлімхан Әбуұлы (1891–1970) – қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысы жетекшілерінің бірі, математик, ұстаз, ғалым. «Ұлы математика курсы» (1935), «Қазақ тілінің математика терминдері» (1936) атты еңбектердің авторы.



1940 жыл, 6–8 ақпан

ҚазКСР-і Халық ағарту комиссариаты коллегиясының қазақ әліпбиін енгізуді тездету шаралары туралы мәжілісінің хаттамасынан.

3. Тыңдады: Жаңа әліпбиді енгізуді тездету шаралары туралы. Қаулы: басшылық (директивалық) органдардың жаңа әліпбиге көшуді тездету және араб жазуынан барлық мемлекеттік және қоғамдық салаларда арылу туралы бұйрығына сүйене отырып, Қазақстанның 10 жылдығына ХАК-ның коллегиясы бұйырады:

1. ХАК-ның барлық бөлімдері мен органдарына дамуды күшейтіп, оқу-тәрбие, саяси ағарту, ғылыми, кітапхана, баспа және кеңсе жұмыстарының барлық жағы Қазақстанның 10 жылдығына дейін 100% жаңа әліпбиге көшірілсін.

Төраға Мамаев. Хатшы Соболев.

Қазақстандағы мәдени құрылыс (1918–1932 жж.) Құжаттар мен материалдар жин. Т.1. А-Ата, 1965. – 75 б.



1. Халық ағарту комиссариаты коллегиясы өзінің қаулысымен қай билік органының тапсырмасын орындап отыр?

2. Коллегия қаулысының араб әліпбиіне деген көзқарасы қандай болды?

Тест тапсырмалары

1. 1920–1921 оқу жылындағы сауатсыздықты жою пункттерінің саны:
 - А) 1600-ден астам
 - Ә) 2500-ға жуық
 - Б) 1800-ден астам
 - В) 2000-ға тарта
 - Г) 1900-ден астам

2. 1934 жылы құрылған оқу орны:
 - А) Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты
 - Ә) Алматы медицина институты
 - Б) С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті
 - В) Тау-кен институты
 - Г) Алматы малдәрігерлік институты

3. Хронологиялық реттілікпен орналастыр:
 - 1) КСРО ҒА-ның Қазақстандық базасы құрылды.
 - 2) 15–50 жас аралығындағы ересек адамдардың бәрін жаппай оқыту енгізілді.
 - 3) ХКК сауатсыздықты жою туралы декретке қол қойды.
 - 4) Бастауыш оқытуды 8 жастан бастау туралы қаулы
 - 5) Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты құрылды.

§25.

Академик Қаныш Сәтбаев – көрнекті ғалым, қоғам қайраткері

Зерттеу сұрағы: Қаныш Сәтбаевтың феномені неде?

Бүгінгі сабағымызда Қаныш Сәтбаевтың Қазақстанның өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Семинария Конференция	Семинария Конференция	Seminary Conference

Тақырыпқа шығу:

XX ғасырдың 20-жылдарының ортасына дейін геологиялық тұрғыдан Қазақстан аумағы «ақтаңдақ» болып келді...

1. Геологиялық зерттеулер не үшін қажет?
2. Неліктен Қазақстан аумағы геологиялық тұрғыдан XX ғасырдың 20-жылдарының ортасынан бастап қана зерттеле бастаған?
3. Қ.И. Сәтбаевтың қазақ геология саласының дамуына қосқан үлесі жайлы не білесің?

1. Балалық шағы мен университет қабырғасындағы жылдары. Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899–1964) 1899 жылдың 12 сәуірінде Павлодар облысы Баянауыл ауданы

Әкесі Имантайдың Қанышқа айтқан сөзінде қандай тәрбиелік мән жатыр?

Ақкелін болысында дүниеге келді. Әкесі Сәтбаев Имантай би болған. Атасы Сәтбай Меккеде жерленген, содан сол рудың қыстауын баянауылдықтар «Сәтбай қажы ауылы» атап кетті. Қаныш бала кезінде сабырлылығы, байқампаздығы және зеректігімен ерекшеленді. Әкесі оны нағыз Ұлы Дала баласы етіп тәрбиеледі. *«Еңбектен адам өлмейді, қайта шыңдалып, намысы күшейе түседі»* деп білімге, ержүректік пен төзімділікке, сабырлыққа баулыды. Анасы Әлима бала жасынан ұлының бойындағы талантын дамытуға тырысты. Ол көптеген халық жұмбақтары, ән, өлеңдерді жақсы білетін, кейде өз ойынан да құрастыратын. Сырға толы далада атпен серуендеу және кітап оқу білімқұмар баланың ең сүйікті ісіне айналды. Қаныш балалық шағында білімді аса қадірлейтін ортада өсті.

1909 жылы Қаныш Сәтбаев Ақкелін ауылының мектебінде оқыды, Имантай Сәтбаев өз қаражатына бұл мектепке өскелең ұрпаққа сабақ беруге үздік деген ұстаз-молдаларды шақыратын. Қаныш 1911 жылы Павлодар орыс-қазақ мектебінде оқуын жалғастырып, оны 1914 жылы үздік бітіреді. Сол жылы Семей қаласындағы мұғалімдер дайындайтын **семинарияға** оқуға түседі. Семейдің облыстық кітапханасы кітап қорының байлығымен жасөспірім Қанышты ерекше таңғалдырды. Кітапханадан ізденетін адамға ғылым мен білімнің мол мүмкіндіктер ашатынына көз жеткізді. Семейдің жыл сайын кітап қоры артып отыратын кітапханасына кезінде ұлы ақын Абай да келіп тұратын.

Қаныш Сәтбаев Семейде Ж. Аймауытов, М. Өуезов сынды қайраткерлермен бірге оқыды. Ол қалада ұйымдастырылатын қайырымдылық мақсаттағы шараларға қатысып тұрды. Н. Құлжанованың жетекшілік

Қаныш Сәтбаев Семейде қазақтың қандай зиялыларымен бірге оқыған, олардың тағдыры туралы не білесіңдер?

етуімен 1915 жылы Семейде өткізілген кеште Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқуымен көзге түсті. Ш. Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалады.

Қаныш Сәтбаев сол кездің алдыңғы қатарлы семинария ұстаздарынан білім алып, оларды өзіне үлгі тұтты. Кейінірек: *«Менің ұстаздардан әрқашан жолым болды, олар ықыласты, терең білімді зиялы қауым өкілдері еді. Жастық шағымдағы білімнің негізін қалаған осы кісілерге алғысым шексіз»* деп жазды.

Қаныш Имантайұлы 1917 жылғы Ақпан революциясы қазақтарға бостандық әкеледі деп үміттенді. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау көрсетті. 1918 жыл семинарияны бітірген соң Семейдегі педагогикалық курста мұғалім, 1920–1921 жылдары Баянауылда халық судьясы болды. 1921 жылы Баянауылға емделуге келген ғалым М.А. Усов жас Қаныштың геолог болуына үлкен әсер етіп, туған елінің қазба байлықтарын зерттеуге ынталандырды.

М.А. Усов Қаныштың білімқұмарлығы мен ақылына таңғалды. Қазақстанның геологиялық тарихы мен қазба байлықтары жайлы әңгіме

Ізден!

Қаныш Имантайұлы Ақпан революциясын қалай қарсы алды?

оны қатты қызықтырды. Аумақты атпен барлап шығу, таулы жерлердегі шолулар жас жігіттің геологиямен айналысып, туған жерінің жер қойнауын зерттеуге деген құлшынысын арттыра түсті. Халық игілігі үшін табиғат байлықтарын игеру ойы

оны бір сәт те жайына қалдырмады. 1921 жылы Қ.И. Сәтбаев Томск технологиялық институтының тау-кен факультетіне оқуға түсті.

Томск оқу орындарындағы маман дайындау деңгейі сол кездегі еуропалық бөлікте орналасқан Ресей аумағынан айтарлықтай жоғары деңгейде болатын. Білім деңгейіне қойылатын талап өте жоғары еді. Соңына дейін шыдап, диплом алатын уақытқа жеткенше мамандар жоғары теориялық және тәжірибелік білімді игеріп шығатын. Институт қабырғасында Қ.И. Сәтбаев 55 теориялық курсты тыңдап, 27 тәжірибелік сабақ пен жобаларды орындауға қатысты. 1926 жылы институтты үздік бітірген жас инженер туған жеріне оралады. Осылайша, алғашқы қазақ тау-кен инженер-геологы Қ.И. Сәтбаевтың еңбек жолы басталды.

Томск қапасы неліктен сол кезеңдегі білікті мамандар даярлайтын орталық саналды?

2. Ғылыми-зерттеу қызметі. Қаныш Имантайұлы 1926 жылы Қазақ АКСР-і Халықшаруашылығы Орталық кеңесінің ұйғаруымен «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімін басқаруға жіберілді. Бұл треске Жезқазған мыс кен орындарын, Байқоңыр

көмірін зерттеу және Қарсақбай мыс зауытының құрылысын жүргізу жүктелген еді. 1929 жылы жас ғалым Қарсақбай мыс комбинатының геологиялық барлау бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалды. Көп ұзамай комбинаттың бас геологы болды.

Қ.И. Сәтбаев 1930–1940 жылдары өлемдегі ең ірі Ұлытау–Жезқазған мыс кен орнын ашты. Осы деңгейдегі кен орнын ашқан еңбегі үшін Қ.И. Сәтбаев КСРО-ның Ленин орденімен марапатталды. 1944 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы оған «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағын берді.

1941–1964 жылдары Қ.И. Сәтбаев Геология институтын басқарды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: *«Қ.И. Сәтбаев өзінің қажырлы еңбегімен Қазақстанның геологиялық мектебін қалыптастырды, геология ғылымының дамуына зор ықпал етті. Қазақтар арасында осындай жоғары деңгейге ешкім көтерілмеген еді»*, – деп атап көрсетті. Академик Сәтбаевтың негізгі ғылыми зерттеулері кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарын зерттеуге арналған. Атап айтқанда, марганец кені өндірілетін Жезді ашылды. Бұл кен өндірісінде бүкіл КСРО-да өндірілетін марганецтің 70,9 пайызы алынатын. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары геология институты жеңіске қомақты үлес қосты. Институт басшысы Қ.И. Сәтбаев 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

1943 жылы Қ.И. Сәтбаев: *«Қазақстанның аса зор көлемдегі жер қойнауының пайдалы қазбалары Отан қорғау ісіне жұмсалды. Гитлерлік жауыздардың кеудесіне қадалған он оқтың тоғызы қазақстандық қорғасыннан құйылды. Танкілер мен өздігінен жүретін зеңбіректердің тең жартысы Қазақстанда балқытылған молибденмен қапталған. Снарядтар мен патрондар, әскердің байланыс жүйесіне қажетті құрылғылар Қазақстан жерінде дайындалды»*, – деп жазды.

Академик Қ. Сәтбаев Отан қорғау ісіне қандай үлес қосты?

КСРО ҒА базасында Қ.И. Сәтбаев басқарған ҚазКСР ҒА филиалы ашылды. Мәскеудің белгілі ғалымдары соғыс жылдары Қазақстанға көшірілді. Олар өлке ғылымының дамуына қомақты үлес қосты. Ғылыми база кеңейтілді. Қазақстанда ашылған академияның филиалы ірі жетістіктерге қол жеткізді. Қ.И. Сәтбаев КСРО ҒА филиалының 1946 жылдың маусымында ҚазКСР Ғылым академиясы болып ашылуына зор еңбек сіңірді.

Қаныш Сәтбаев Жезқазған кенін зерттеу, Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын (1952–1958) жа-

сауда көп еңбек сіңірді. Республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын игеру, кен-металлургия зауыттарын және Ертіс–Қарағанды каналын салу Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Ол Қазақстанның пайдалы қазбаларын іздестірудің кешенді жоспарын жасады.

3. Қ.И. Сәтбаев – қоғамдық және гуманитарлық ғылым саласын зерттеуші. Академик Қ. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған іздері жеткілікті. Ол халық ауыз әдебиетін зерттеуді Баянауылда жүргенінде-ақ бастаған еді. Ш. Уәлиханов жазып алған әйгілі Едіге батыр жайындағы «Ер Едіге» эпосын қазақ тіліне аударды. Жезқазған–Ұлытау өңіріндегі этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазды.

Тарих оның өмірлік жансерігі болды. Балалық шағында Қ.И. Сәтбаев ақсақалдар мен келген қонақтардың әңгімесін қызыға тыңдайтын, барлық

Пікірің қажет

Қ. Сәтбаев неге Ертіс–Қарағанды каналын салуға қатысты?

оқу орындарында, өзінің ауыл мектебінен бастап институтқа дейін тарих сабағына үнемі қатысып тұратын. Ақындар айтысын да тыңдауға құмар еді. Ө.Х. Марғұлан: *«Әкесінің ықпалымен Қаныш Имантайұлы бала кезінде араб, парсы тілін қызыға оқыды. Хафиз, Сағди, Науаи өлеңдерін жатқа айтты. Кейбіреулерін жақсы білгені соншалық, демалыс күндері, әсіресе курорттағы демалыс кездері ел алдында жатқа айтуды ұнататын. Әдеби, шығармашылық кештерді ұйымдастырып, өзі де қатысатын»*, – деп жазды.

Пайдалы қазбаларды барлау геологиясымен айналыса жүріп, ғылым тарихи аңыздар мен әпсаналарда айтылатын көптеген тарихи

Академиктің тарих саласындағы еңбегіне баға беріңдер.

ескерткіштерді кездестірді. Ол әрқашан шатқалдардың, сай-сала, жоталардың, өзен мен көлдердің атауларына назар аударатын. Барлау жұмыстарын жүргізу барысында ақсақалдардан сол жерлердің

тарихы туралы сұрастырудан жалықпайтын. Орталық Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді зерттеуге де Қ. Сәтбаев үлесін қосты. Оның еңбегін тарихшылар мен археологтар жоғары бағалады. Мәселен, темір дәуірінің жазуы сақталған тас тақтайшаны Қ.И. Сәтбаев Алтыншоқы жотасынан 1935 жылы тапқан еді. Тақтайша қазіргі кезде Санкт-Петербургтегі Эрмитаждың залында тұр.

4. Қ.И. Сәтбаев – Қазақстан Ғылым академиясының президенті және ұйымдастырушысы. Академик Қ.И. Сәтбаев 1946–1952 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының президенті қызметін атқарды.

1952 жылы кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен шеттетілді. Қызметтен босаған соң, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып еңбек етті. 1955 жылы Қазақ КСР ҒА-ның президенттігіне қайта сайланып, бұл қызметті өмірінің соңына дейін атқарды.

Ізден!

Академик Қ. Сәтбаев тағы қандай тарихи ескерткіштерді зерттеген?

Академик Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторлар мен базаларды дұрыс жоспарлады. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қарады. Ғылыми зерттеулерін халықшаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың мәселелерін шешуге белсене қатысты. 50-ден астам ғылым кандидаттары мен докторларды даярлады. Солардың қатарында белгілі ғалымдар Ш.Е. Есенов, Е.А. Букетов т.б. болды.

5. Ғалымның ұрпақтар жадындағы алар орны.

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты адамгершілік қасиеттері, тындырымдылығы, жоғары интеллектуалдылығы, қарапайымдылығы, ғылыми қызығушылықтарының сан қырлылығы, патриоттық сезімінің тереңдігі үшін замандастары құрмет тұтты. Қазақ халқының көрнекті ұлы 1964 жылы дүниеден өтті. Қ.И. Сәтбаев атымен Қарағанды облысының қаласы, көшелер, Баянауыл ауданының ауылы, Қазақстан Ғылым академиясының Геология институты, Екібастұз инженерлік-технологиялық институты мен Қазақ ұлттық техникалық университеті аталған.

Академик Қ. Сәтбаев Кеңестік жүйе тарапынан неге қысымға ұшырады?

Астроном Н.С. Черных ашқан астероид, минерал, Жоңғар Алатауының мұздығы, тау сілемдері мен гүлдерге де академик Сәтбаев есімі берілген. Қ.И. Сәтбаевтың құрметіне «Қазақстан Ғылым академиясының жаратылыстану саласы бойынша сыйақы» тағайындалған. Қазақстан Ғылым академиясы ғимаратында ҚР ҒА алғашқы президенті Қ.И. Сәтбаев атындағы мемориалдық мұражай ашылған.

Академик Қ. Сәтбаев еліміздің ғылыми кадрлар даярлау ісіне қандай еңбек сіңірді?

Шығармашылықпен айналыс

1. «Қазіргі уақытта Қ.И. Сәтбаев есімі өз деңгейінде ардақталып жүр ме?» тақырыбында шағын баяндама дайында.
2. «Қ.И. Сәтбаевтың гуманитарлық ғылымдарға қосқан үлесіне қарап, әуесқой тарихшы болған деп айта аламыз ба?» тақырыбы бойынша постер жаса.

Қазақ халқының көрнекті ұлын есте сақтау үшін Қазақстанның көптеген қалаларында ескерткіштер орнатылған, ғылыми оқылымдар мен конференциялар өткізіледі. 2019 жылы Қ.И. Сәтбаевтың 120 жылдығы аталып өтті.

- ?** 1. Қазіргі таңда Қазақстан Менделеев кестесіндегі табиғи элементтердің барлығы дерлік кездесетін аймақ екендігі анықталған. Еліміздің аумағындағы табиғи байлықтардың қорын ашудағы Қ. Сәтбаевтың рөлі қандай? 2. Қ. Сәтбаев басшылығымен құрылған ҚазКСР ҒА-ның отандық ғылымның дамуына қандай үлес қосты?

***** **Конференция** – мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми т.б. ұйымдар өкілдерінің белгілі бір мәселені талқылап, шешуге арналған мәжілісі.
Семинария – орта білім беретін арнайы оқу орны.

👤 **Усов Михаил Антонович** (1883–1939) – орыс геологы, КСРО ҒА академигі. 1921–1930 жылдары геология комитетінің Сібір бөлімін басқарған.

📄 Парламент делегациясын келесі күні Уинстон Черчилль қабылдады. Ресми емес, ағылшын ақсүйегінің қарапайым ізеті деп шақырған. Бұлай дейтін себебі бар: премьерліктен босап, оппозицияға шыққан кезі... Қабылдау ресми болған соң оған делегацияның барлық мүшесі емес, бір топ ғалымдар мен әдебиетшілер және делегация басшысы ғана барған-ды.

Үй иесі бұлардың тобына жақындады да бәрін емес, бет пішіні, сымбат-тұлғасы қасындағы кісілерден өзгешелеу – монғол өңді, сырт тұрпаты да ерте заманның батыры сияқтанған бейтаныс қонағына қадала қараған-ды.

– Черчилль мырза сіздің ұлтыңызды айыра алмай тұр, – деп қымсына үн қатты тілмәш.

– Қазақ деңіз.

– Қазақ? – Қазақтардың келбеті сіздей ме еді?! Таңмын, тіпті де таңмын.

– Ғафу етіңіз, сэр. Сіз мені казак-орыстарға балап тұрсыз. Ал мен көшпелілердің ұрпағымын, қазірде Қазақстан атанатын, – деп жауап қатты Қаныш Имантайұлы, өзінің туған халқы мен оның мекендеп отырған жері, тілі мен тұрмыс-тірлігі туралы қысқаша мағлұмат бере сөйлеп.

– Солай ма?! – Черчилль көшпелі далалықпын деп тұрған, бірақ киім үлпісі, болмыс-парасаты түрік тілдес азиялықтан гөрі еуропалыққа бейім алып денелі қонағына көзінің астымен тағы да барлай қарады, сірә, сыңайын аңдағысы келді білем: – Сонда барлық қазақтар нақ сіздей алып тұлғалы, әрі бойшаң жаралған ба? – деді кенет.

Үй иесінің сауалының артында бір қитұрқы барлығы аңғарылды.

– О, жоқ, Черчилль мырза, халқым менен әлдеқайда биік!

Черчилльге далалық қонақтың әзіл қарымтасы ұнаған болу керек, кең-кең күлді де:

– Таңмын!.. Сөйтсе де, – деп күлкісін тыйып, сөзін қайта сабақтады. – Отандастарым мені Ресейдің білгірі деп ойлайды, ал мен, көріп тұрсыз, жер ауданы біздің Альбион елінің аумағын, өзіңіз айтқандай, он бір мәрте орап алатын халық жайында еш нәрсе білмейтін болып шықтым. Демек, ағылшындар Жер шарын түгел жайлады деген сөз де бекер!..

Қаныш Имантайұлы бұл сөзге де лайықты жауап бергенді құп көрді.

– Черчилль мырзаның сөзіне түзету жасауға мәжбүрмін, – деді болар-болмас езу тартып. – Сіздің отандастарыңызда қазақ жерін тым жақсы білгендер болған және аз емес...

– Солай ма? – Үй иесі жақындай түсіп, тілмәшқа шыдамсыздана қарады.

– Иә, сэр. Лондонда құрылған акционерлер қоғамы «Атбасар джоин-сток компани оф копи» біздің далада революцияға дейін талай жыл мыс қазып, табысқа шаш етектен кенелген, – деп қожайынның жерлестерінің Қарағанды, Ақбұйрат, Спас, Екібастұз, Кеңді Алтайдағы ұзақ жылғы сәтті кәсіпкерлік ізденістері жайында айтып берді...»

Сәрсекке Медеу. Қазақтың Қанышы. Роман-эссе. – Алматы, 1999, 416–417-беттер.



1. Академик Сәтбаевтың Уинстон Черчилльге жауабының қандай тағылымдық мәні бар?

Тест тапсырмалары

1. 1952 жылы Қ.И. Сәтбаев:

- А) Қазақстан Ғылым академиясының президенті қызметіне тағайындалды
- Ә) 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды
- Б) Қарсақбай мыс комбинатының геологиялық барлау бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалды
- В) Ұлытау–Жезқазған мыс кен орындарын ашты
- Г) Кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе тарапынан қысымға ұшырады

2. Қазақ КСР Ғылым академиясы ашылды:

- А) 1946 жылы
- Ә) 1954 жылы
- Б) 1943 жылы
- В) 1952 жылы
- Г) 1955 жылы

§26.

XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы

Зерттеу сұрағы: Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты?

Бүгінгі сабағымызда қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдап, қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Проза Драма	Проза Драма	Prose Drama

Тақырыпқа шығу:

Ақындар мен жазушылардың шығармаларына кеңестік идеология қалай әсер етті?



М. Жұмабаев



Ж. Аймауытов

Анықта

1920–1930 жылдардағы қазақ әдебиеті дамуы неге күрделі болды?

1. 1920–1930 жылдардағы әдебиеттің қоғам өміріндегі орны мен рөлі. Революцияға дейінгі бүкіл қазақ әдебиетіне тән белгі – қазақ ауылындағы таптық қарама-қайшылықтарды сынау, бүкіл қазақ халқының ортақ мүдделері мен ортақ мақсаттарын білдіру еді. Революцияға дейінгі әдебиеттің дем

берушілері мен көсемдері А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы болды. Қазақтың жас жазушылары соларға қарай еліктеп, олардан көп нәрселерді үйренді. Қазақ демократиялық әдебиеті Ақпан революциясы мен Қазақстанды кеңестендіру аралығында өзінің жоғарғы даму шегіне жетті. Сол кезеңдегі әдебиеттің көрнекті өкілдері Ж. Аймауытов, Қ. Кемеңгеров, М. Жұмабаев, С. Торайғыров еді.

20-жылдардың ортасында қоғам өміріндегі әдебиеттің орны мен рөлі жөніндегі пікірталастар өрши түсті. Бұл пікірталастың барысында М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынұлы, Ө. Бөкейхан, Ш. Құдайбердіұлы, Қ. Кемеңгеровтер ұлтшылдар ретінде айыпталды. 20-жылдардағы әдеби қызметі кейін оларды Кеңес өкіметіне қарсы қастандық жасаушылар ретінде айыптап, қуғын-сүргінге ұшыратуға сылтау еді.

1920–1930 жылдары қазақ әдебиетінің дамуы күрделі және қарама-қайшылықта болды. Басқа салалардағы сияқты мұнда да үлкен өзгерістер мен әртүрлі үдерістер байқалды. Бір жағынан, ғасырлар бойы қалыптасқан әдебиет дәстүріне және өз халқына риясыз қызмет етуді парыз санаған дарынды тұлғалар бар еді. Екінші жағынан, бірқатар зиялы қауым өкілдері идеологиялық қысым көріп, Кеңес өкіметінің қолшоқпарына айналды. Олар халыққа қарапайым тілмен революцияның маңызын жеткізуге тиісті болды.

Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов т.б. жаңа қоғам құру барысындағы өзгерістерді үлкен әсермен қабылдап, оны өздерінің шығармаларына арқау етті.

Ал Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев және Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығында кеңестік реализм жанрында сол дәуірдің қарама-қайшылықтары орын алды.

2. Қазақ прозасының дамуы. 1920–1930 жылдары кеңестік өмірді жырлаған проза жанры ерекше қарқын алып, іргелі туындылар жарық көрді. Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы, «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» пьесалары, «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи мемуарлық романы, «Альбатрос», «Қызыл ат» кітаптары басылып шықты. Сәкен Сейфуллин қазақ кеңестік әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты. «Қызыл ат» кітабында 30-жылдардың бас кезінде Қазақстанның ауылшаруашылығында болған асыра сілтеу оқиғалары сынға алынған. «Тар жол, тайғақ кешу» романында қазақ халқының отаршылыққа қарсы күресі, өлкедегі Кеңес өкіметінің орнығу жолдары шыншылдықпен суреттелінген.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Бейімбет Майлин көркем әдебиеттің барлық саласында дерлік қалам тартып, артына мол әдеби мұра



Сәкен Сейфуллин



Бейімбет Майлин

Б. Майлин мен С. Сейфуллиннің шығармаларында сол кезеңдегі қазақ өмірі қалай бейнеленген?

қалдырды. «Раушан-коммунист», «Шұғаның белгісі», «Құлтай болыс», «Азамат Азаматыч», «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз», «Кедей», «Бер, Мырқымбай қолыңды», «Азат әйел» т.б. шығармаларында Қазан революциясының алды, одан кейінгі кездердегі аласапыран оқиғаларға толы қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігі өзіндік өрнек тапты.

Аса көрнекті қазақ жазушысы **Жүсіпбек Аймауытовтың** жаңа дәуірдегі қазақ прозасын, әсіресе роман жанрын бастаушы есебіндегі орны үлкен. «Қартқожа» – қазақ кеңес романының басы. Онда ХХ ғасырдың басындағы әлеуметтік революциялар кезіндегі тартыс жолынан өтіп, қоғамдық шындықты түсінуге ұмтылған қазақ жасының өмірі суреттеледі. Ж. Аймауытов «Ақбілек» романында қазақ әйелінің жаңа дәуірде өз бақытын табуы туралы айтады. «Мансапқорлар» пьесасында мансап үшін күрескендердің зұлымдық істерін әшкере етеді. Жазушының «Ел қорғаны» пьесасы Азамат соғысы кезеңінің оқиғаларына арналған. Ол қоғам қайраткері ретінде халық ағарту жүйесінде қызмет ете жүріп, жас ұрпақты өнерге, білімге, ғылымға баулуда да көп еңбек сіңірді.

Ж. Аймауытов әдебиетпен қатар, қай саланы дамытуға үлес қосты?

1920–1930 жылдардағы қазақ әдебиетінің дамуына Қазақстан Жазушылар одағының құрылуы игі әсер етті. Жазушылардың жұмысын ұйымдастырып, басшылық жасайтын қоғамдық ұйым алғашында 1925 жылы *Қазақстан пролетариат*

жазушыларының ассоциациясы болып құрылды. Оның алғашқы басшылары – С. Сейфуллин, Б. Майлин. 1932 жылы Қазақстанның кеңестік Жазушылар одағы ұйымдастырылды. 1934 жылы Қазақстан кеңес жазушыларының I съезі өтті.

3. Поэзия мен драма жанрының дамуы. Қазақстан Жазушылар одағының құрылуымен қазақ кеңес әдебиетінің сан-салалы жанрлары өркендей бастады. Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі **Ілияс Жансүгіров** «Заводта», «Бүгінгі дала» өлеңдерінде жаңа құбылыстың ішкі сырларын халықтың рухани өмірімен қабыстыра, сабақтастыра білді. «Кек», «Түрксіб», «Исатай–Махамбет» сияқты драмалық шығармаларында бас бостандығы үшін күрес, таптық тартыс, революциялық жеңісті тұрақтандыру идеясын жаңа қырынан танытты. **І. Жансүгіровтің** «Күйші», «Құлагер» поэмалары 1930 жылдардағы қазақ поэма жанрын шырқау биікке көтерген клас-

Қазақстан Жазушылар одағы қазақ әдебиетін дамытуда қандай игі істер тындырды?

сикалық шығармалар. Ақын «Дала», «Күй» т.б. поэмалары арқылы 30-жылдары қазақ поэзиясына жаңа үлгі әкелді.

Мағжан Жұмабаев 1919–1923 жылдары әйгілі поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарды. Міржақып Дулатұлы осы кезеңде «Балқия» атты төрт перделі пьесасын жазды. Мұхтар Әуезов 1926 жылы жаз айында Семейге арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырды. Жинаған материалдары негізінде жазылған «Әдебиет тарихы» монографиясы 1927 жылы кітап болып шығады. Осы жылдары М. Әуезов «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін, «Қилы заман» романын, «Хан Кене» пьесасын жазды. С. Мұқанов 1920–1930-жылдары бірнеше өлеңдермен бірге, «Жетім қыз», «Балбөпе», «Батырақ», «Октябрьдің өткелдері», «Қанды көл», «Жүйткі, қара айғырым» дейтін поэмалары мен «Сұлушаш», «Адасқандар», «Жұмбақ жалау» романдарын жариялады. Сәбит Дөнентаев «Екібастұз», «Ерікті Айша», «Қазақ тіліне», «Көркемтай» т.б. өлеңдер мен өңгімелер жазып, И.А. Крыловтың, Ғ. Тоқайдың, шығыс классиктерінің бірсыпыра өлеңдерін қазақшаға аударды. Ғабит Мүсірепов 1927 жылы тұңғыш шығармасы – «Тулаған толқында» атты повесін жазды. Иса Байзақовтың «Құралай сұлу», «Қойшының ертегісі», «Неге Алатау шаттанды» поэмалары жарық көрді. Мәриям Хакімжанованың тұңғыш өлеңі «Женотдельге» 1929 жылы «Әйелдер теңдігі» журналында жарияланды.

Аталған туындылардың қайсысын оқыдыңдар?

Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың басында әлеуметтік-қоғамдық факторлардың ықпалымен, ұлттық өнердің тарихи дамуының заңды жемісі ретінде драматургия жанры қалыптасты. Алғашқы драматургтер эпостық материалдарды арқау етіп алды. *Ж. Шаниннің* «Арқалық батыр», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» пьесалары – қазақ әдебиетіндегі ең алғашқы драмалық туындылар. Фольклорға сүйеніп жасалған М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов шығармалары бұл жанрға жаңаша көзқарас енгізді. М. Әуезовтің «Еңлік–Кебек», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман–

Шығармашылықпен айналыс

1. Кеңестік Қазақстан әдебиетінің дамуына әсер еткен жағымды/жағымсыз факторларды жікте.

Жағымды жақтары	Жағымсыз жақтары

Шолпан», Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қыз Жібек» пьесалары – эпостық дәстүрлер мен әлемдік драматургия үлгісін шебер ұштастырылған туындылар. Қазақ драматургтері социалистік реализм әдісін меңгеру жолындағы ізденістерін жаңа тақырыптар – Қазан революциясы тудырған әлеуметтік өзгерістерді, халық санасындағы айрықша құбылыстарды бейнелеумен байланыстырды. Бұл жаңалық С. Сейфуллиннің революционер бейнесін жасаған «Қызыл сұңқарлар» драмасынан басталды. М. Өүезов «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Кінәмшіл бойжеткен», «Бөйбіше-тоқал», «Қаракөз», «Қаралы сұлу» т.б. пьесаларында жаңа адамды, кеңестік шындықты, өзгерген қоғамдық құрылысты арқау етіп алған.



1. Кеңестік идеологияның әдебиет пен өнерге әсері қандай болды?
2. «Қазақтардың ұлттық қауымдастығын нығайта түсетін аса маңызды факторлардың бірі қазақ тілі болып табылды». Бұл пікірге қатысты ойыңды білдір.
3. XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақтың жазу қарпін араб (төте) әліпбиіне, одан латын әліпбиі, кейіннен кирил графикасына көшіру қазақ әдебиетінің дамуына қалай әсер етті?
4. «Сауатсыздықты жою» ұйымдарының қызметі қазақ әдебиетіне деген қызығушылықты арттыра алды ма?
5. Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары қоғамдық-саяси өмірге өзгеріс әкеле алды ма?



Драма – өмір құрылысын шиеленіскен тартыстар үстінде жинақтап, кейіпкерлердің әрекеті арқылы бейнелейтін әдеби жанр.
Проза – қара сөзбен жазылған көркем шығарма.



Аймауытов Жүсіпбек (1889–1931) – аса көрнекті қазақ жазушысы, драматург, аудармашы, әдебиеттанушы және педагог.
Жұмабаев Мағжан (1893–1938) – қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі.
Майлин Бейімбет (1894–1938) – жазушы, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі.
Жансүгіров Ілияс (1894–1938) – жазушы, қазақ әдебиеті негізін қалаушылардың бірі, ақын.
Сейфуллин Сәкен (1894–1938) – қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушы, жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері.



Күлпаш (үзінді)

«...Күлпаш үйіне жетті. Лапастың есігіне көзі түсіп, жүрегі қалтырап тіксініңіреді. Есіктің алды күрткі қар, із дегеннен дым жоқ!.. Малтығып басып

барып үйдің есігіндегі қарды аяғымен ысырып, есікті ашуға айналды... жүрегі лүпілдеп соғып, көзі қарауытып біртүрлі қорқыныш пайда болғандай тәрізденді. Бірақ неден сезіктеніп қорыққанын өзі де біле алмады. Білетін жайы да жоқ еді...

Жан дәрмен қайраттанып зорға дегенде салдама есікті қозғап, сықырлатып ашты. Суық леп бетке соқты. Терезеде жарық жоқ, үй тастай қараңғы.

Күлпаш қалтыранып кетті, үйге кірерін де, кірмесін де білмеді. Бір аяғын табалдырықтан ішке салып, есіктен қолымен ұстап қалтырап:

– Қарағым! – деді.

Үн жоқ...

– Қарағым, қайдасың?.. Әй, бармысың?..

Жауап жоқ...

Күлпаш не қыларын білмеді. Жалтаңдап артына қарады. Жүгіріп терезеге барып күртік қарды қолымен қопарып ашты. Нұрлы күннің сәулесі жамаулы терезе арқылы үйге түсіп, жарық қылды. Түс кезі екен, күн түп-тура пешке түскен...

Қарды тастай беріп Күлпаш жалма-жан сығалап еді, пештің жанында ұйлығып, бүк түсіп құшақтасып жатқан әкелі-балалы екеуіне көзі түсті... Іші елжіреп көзіне жас келді. Ұйықтап жатыр екен деп қуанып, малтыға, сүріне үйге кірді:

– Қарағым, Қалижан, тұр!..

Төніп келіп Қалиды сүйейін деп ұмтылғанда, көзі Мақтымның көзіне түсіп кетті: көзі адырайып, аузы ашылып, тісі ақсиып жатыр екен!..

Күлпаш шошып:

– Әй... – деді.

Бұдан кейін не болғанын өзі де білмей өліп жатқан күйеуі мен баласын құшақтай құлады..»

Майлин Б. Шұғаның белгісі. Әңгімелер. – Алматы, 2003, 30-бет.



Б. Майлиннің «Күлпаш» әңгімесінде қазақ халқының қандай трагедиялы тарихы бейнеленген?

Тест тапсырмалары

1. Қазақстанның кеңестік Жазушылар одағы ұйымдастырылды:

А) 1934 жылы

Ә) 1925 жылы

Б) 1932 жылы

В) 1930 жылы

Г) 1928 жылы

2. Азамат соғысы кезеңінің оқиғаларына арналған Ж. Аймауытовтың пьесасы:
- А) «Азамат Азаматыч»
 - Ә) «Азат өйел»
 - Б) «Мансапқорлар»
 - В) «Ел қорғаны»
 - Г) «Ақбілек»
3. М. Әуезовтің 1926 жылы жазда Семейге арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырып, жинаған материалдары нәтижесінде жазып шыққан еңбегі:
- А) «Қараш-Қараш оқиғасы»
 - Ә) «Әдебиет тарихы»
 - Б) «Қилы заман»
 - В) «Хан Кене»
 - Г) «Абай жолы»

§27–28.

**XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы
қазақ өнерінің дамуы**

Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуі неден байқалды?

Бүгінгі сабағымызда өнер саласындағы өзгерістерді анықтаймыз. Өміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Дәстүр ОАК	Традиция ЦИК	Tradition CEK (Central Executive Committee)

Тақырыпқа шығу:

1. Бұл тұлғалар кімдер?
2. Қазақ халқы үшін қандай қызмет атқарды?



1. Музыкалық өнер. Музыка өнері қазақ халқының қоғамдық және рухани өмірінде әрқашан елеулі орын алды. Дәстүрлі қазақ музыка өнері өзіне ғасырлар бойы ұрпақтардың рухани тәжірибесін сіңірді. Қазақтың дәстүрлі музыкалық тілі өте бай және ол халықтың ғасырлар бойы қордаланған тарихи тәжірибесін бейнеледі. Қазақтың музыкалық өнер адамның ішкі дүниесінің, оның руханилығы мен әдемілік атаулыны сезінуінің терең көрінісі. Халық арасына ең көп тараған әрі кеңінен танымал қазақтың музыкалық және өн өнері Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінен бастап большевиктер партиясының аса мән берген, қызығушылығын тудырған нысанға айналды. Жетісу облысы ақындарының бірінші слеті 1919 жылы Верный қаласында өткізілді. Халықтың шығармашылық мұрасын жинастыру мен жүйеге келтіру жұмысы Азамат соғысынан кейін іле-шала басталды. 1921 жылы Бас саяси ағартушылық комитет құрылып, оның музыкалық бөлімі халық музыкасын жазып алумен, музыкалық ұжымдар ұйымдастырумен айналысты.

А. Затаевич еңбегінің бүгінгі күні құндылығы қандай?

Белгілі ғалым-этнограф А. Затаевич өз өмірін қазақтың музыкалық шығармаларын жинау мен оны бір жүйеге келтіруге арнады.

Халық музыкасы мен өн өнерін көпке таныту мақсатымен ірі қалаларда қазақ орындаушыларының концерттері өткізіле бастады. 1925 жылы Парижде Кеңес артистерінің құрамында әнші Ө. Қашаубаев өнер көрсетіп, француз баспасөзінің ыстық ықыласына бөленді. Ақындар мен музыканттар Ж. Жабаев, К. Өзірбаев, И. Байзақов т.б. көпке танымал болды.

Музыкалық-драматургиялық өнер 1930 жылдардың басынан бастап қарқынды дами бастады. 1933 жылы Мәскеуде, Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) пен Алматыда қазақ *театр* және музыкалық студияларын ұйымдастыру қолға алынды. 1934 жылы Қазақ драма театры жанынан музыкалық театр ашылып, оның бірінші қойылымдары: М. Әуезовтың «Айман-Шолпаны» мен Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» болды. Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» және «Жалбыр» опералар қойылымы айтулы оқиғаларға айналды. Музыкалық театрдың артистері К. Бәйсейітова мен Қ. Жандарбеков, биші Ш. Жиенқұлова даңққа бөленді.

2. Театр өнерінің дамуы. 20–30-жылдарда репрессияға қарамастан Қазақстан мәдениеті жетіліп, әдебиеттің дәстүрлі және драма жанлары дами түсті. 20-жылдардың ортасына дейін Қазақстанда әуесқой театр топтары жұмыс істеді. Олардың ішінде ең танымал болғандары Семей әуесқой театр тобы және халыққа білім берудің Орынбордағы қазақ институты еді. Институт негізінде *1926 жылы қаңтарда Қызылордада тұңғыш кәсіби қазақ театры ашылды.* Онда М. Әуезов, Ж. Шанин, С. Қо-

Қажетті деректер

Затаевич Александр Викторович (1869–1936) – музыка сыншысы, этнограф, композитор. Қазақстанда Затаевичті «қазақ әнінің атасы» деп атайды. Халық арасында естіген дауыстары бойынша қағазға қандай да бір белгілер жасап, іле-шала өзі естіген дауысты айнытпай келтіретін адам жайлы аңыз-әңгімелер тарады. Ол туралы Ертісте, Оралда, Қарқаралы мен Қызылордада, Бөкей даласы мен Орынборда, Жетісу жерінде де білді. Оны Еуропада да, дәлірек айтқанда, Польшада да білді. А.В. Затаевич онда 10 жыл бойы Варшава генерал-губернаторының жанында ерекше тапсырмалар бойынша кеңесші болып істеді. Поляк астанасының бүкіл музыкалық өмірімен кеңінен танысты. А.В. Затаевич мұнда аса көрнекті орындаушылар – Шалляпин, Сабинов, Скрябин, Рахманинов, Батистини т.б. концерттерін ұйымдастырды, музыка өнеріне арналған басылымдарға мақалалар жазды. «Варшава күнделігінде» ғана оның 1500 мақаласы мен сын-пікірлері жарық көрді. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған соң А.В. Затаевич Ресейге, соңынан Қазақстанға кетуге мәжбүр болды.



А.В. Затаевич 2300-ден аса қазақ әндері мен күйлерін жазып алып, солардың негізінде «Қазақ халқының 1000 әні» (1925 ж. Орынбор, 1963 ж. Мәскеу) және «Қазақтың 500 әні мен күйлері» (1931 ж. Алматы) атты халықтың музыка өнері мәселелерін зерттеген жинақтар құрастырды. «Қазақ халқының 1000 әні» А.В. Затаевичті өнер шыңына көтерді. Республика үкіметі оған 1923 жылы «Қазақ АКСР-інің халық артисі» атағын берді.

Қашаубаев Әміре (1888–1934) – шетелдерде концерт берген (1925 жылы Парижде, 1927 жылы Майндағы Франкфуртта) тұңғыш қазақ әншісі.

Ол жастай ат айдаушы, күзетші болып істеді. Өзін алғаш рет кәсіби жағынан сынап көруі қазақ ауызша шығармашылығының өзіндік фестивалі болған Қоянды жәрмеңкесінде ән салуы еді. Белгілі қазақ әншілері Ғаббас Айтбаевтың, Қали Байжановтың әндерін тыңдап, сазгер Жаяу Мұсамен танысқан Әміре өз шеберлігін жетілдірудің қажет екендігін сезінді. Ол өз репертуарын баытып, Семейге кәсіби әнші ретінде оралды.



Әміре Қашаубаевтың шабытты өнері бүкіл республикаға белгілі болды. Әміре сондай-ақ қазақтың тұңғыш кәсіби театрын ұйымдастыру ісіне де белсене араласты.

1927 жылы сәуірде Әміре Мәскеуде, шілдеде Майндағы Франкфуртта концерт берді. 1933 жылы ұйымдастырылған Музыкалық студияға Әміре алғашқылардың бірі болып жазылды. 1934 жылы күзде талантты әнші қайтыс болды.

Ә. Қашаубаевтың репертуарындағы ерекше белгілі әндердің қатарында «Жалғыз арша», «Ағашаяқ», «Балқадидиша», «Дударай» т.б. болды. Әміремен танысқан соң белгілі этнограф А.В. Затаевич әншінің талантына тәнті болып, оның өнерін үнемі біздің елде де, шетелдерде де насихаттаумен айналысты. Тыңдаушылар Әміренің тамаша табиғи дауысына ғана емес, қайталанбас үн ырғағымен үйлескен орындау шеберлігі мен әннің ішкі драматизміне де ризашылық білдірді.

Ә. Қашаубаевтың әншілік дарыны өмірінің соңына дейін кемелдене түсті. Әміре радио арқылы қазақтың халық әндерін орындап, тыңдаушыларды қуанышқа бөледі.

жамқұлов, Қ. Қуанышбаев, Қ. Жандарбеков, З. Атабаева және басқа да дарынды драматургтер, режиссерлер және артистер өнер көрсетті. Театрда С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», Ж. Шаниннің «Арқалық батыр», Б. Майлиннің «Шаншар молда», Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» т.б. пьесалары қойылды. Сахнада қойылған алғашқы шығарма М. Өуезовтің «Еңлік–Кебек» пьесасы болды. 1937 жылдан Қазақ академиялық театры атала бастады.

Жұптық жұмыс

Әміре жайлы фильм көрсендер, оны талқылаңдар.

Кино өнері Алматы қаласында «Востоккино» тресінің бөлімшесі ашылуымен басталды. 20–30-жылдары Қазақстан өміріне арналған «Дала әні», «Жұт», «Қаратау қазынасы», «Бүліншілік» т.б. фильмдер түсірілді. Бұл фильмдер ұлттық кино өнерінің қалыптасуына ықпал етті.

Ізден!

Қосымша деректерді пайдаланып, қандай ұлттық театрлар ашылғанын анықтаңдар.

3. Сурет өнері. Қазақ халқының өмірі мен тұрмысын бейнелеп көрсетуге прогресшіл бағыттағы орыс суретшілері маңызды үлес қосты.

Сол уақыттағы белгілі суретшілердің бірі Николай Гаврилович Хлудов болды. Н.Г. Хлудов пейзаждар, портреттер салды, қазақ халқының өміріне арналған көптеген кескіндемелік жұмыстардың негізі болған тұрмыстық көріністерді қағазға түсірді. Ол қазақтардың тұрмыс салты мен әдет-ғұрпына қатысты мол материал жинақтап, өз суреттерінде бейнеледі.

Бұл кезеңде Қазақстанның тұңғыш кәсіби суретшісі Ө. Қастеев керемет туындылар жазды. Қазақ көркемсурет өнерінің қалыптасуы мен дамуы, Қазақстан көркемсурет мектебінің өзіндік даму жолы оның есімімен байланысты. Оның шығармашылығы 20-жылдардың соңында басталды. Ол жазған көптеген акварель туындылар «Ескі және жаңа тұрмыс» деген топтама ретінде белгілі. Суретші туындыларынан ұлттық ерекшелікке, адам жанына терең үңілуге, тарихқа, халықтың салт-дәстүріне деген шынайы көзқарасы анық байқалады. Оларда сомдалатын бейне шынайылығы суретші шығармашылығының өзіндік ерекшелігін танытты. Ө. Қастеев жазған мыңнан астам картиналар мен суреттер «республиканың көркемсурет қолжазбасы» деп бекер аталмаған. Ө. Қастеев туындыларында Қазақстанның жазира даласы суретшіге тән терең лирикамен бейнеленген.

Соғысқа дейінгі кезеңде Ө. Ысмайылов, Қожахмет және Құлахмет Қожықовтар, Б. Сәрсенбаев, О. Таңсықбаев сияқты қазақ суретшілері жұртшылыққа кеңінен танымал болды.

1920–1930 жылдары қазақ өнері ірі жетістіктерге жетті. 1936 жылы Мәскеуде *қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі* өтті. Айтулы шарада қазақ өнерінің үздік үлгілері көрсетілді.

Шығармашылықпен айналыс

1. Қазақ өнерпаздарының әлемдік мәдениетке қосқан үлесін және қазақ өнерін әлемге танытудағы рөлін анықта.

Әміре Қашаубаев	Қажымұқан Мұңайтпасов	Әбілхан Қастеев

2. «Қазақ өнерінің дамуында кеңестік биліктің ықпалы қандай болды?» тақырыбында ой толғау жаз.

Тірек сөздер: А.В. Затаевич, сурет өнері, әуесқой театр, мәдени он күндік, чемпион.



Осы кезеңде қазақтың спорт және цирк өнерінің дамуына атақты балуан *Қажымұқан Мұңайтпасұлы* (1871–1948) зор еңбек сіңірді. Қажымұқан 1909 жылы Германияның Кельн қаласында өткен жарыста латыштың атақты балуаны *Вейланд Шульцті* жеңіп, бірінші рет *әлем чемпионы* атанады. 1910 жылы Аргентинаның астанасы Буэнос-Айресте, 1914 жылы Парижде өткен әлем чемпионатында тағы да әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Ол әлемнің бірқатар елдері мен Ресейдің 40-тан астам қалаларында өнер көрсетті. Өзінің спорттық жолында 48 медаль алған. 1927 жылы Қажымұқанға Қазақ АКСР ОАК Президиумы «Қазақ даласының батыры» атағын берді. Оның өмірі цирк өнерімен де тығыз байланысты болды. Парижде өзінің қайталанбас ғажайып өнерін көрсетті: бір ғана соққымен түйені шөктірген. Шөккен түйені жалпақ қайыс белдікпен иығына салып алып, аренадан шығып кеткен. Қажымұқан циркте 75 пұттық арбаға белдік байлап, оның бір ұшын тісімен тартып сүйреген. Үстінен жүк көлігін өткізген. Ол француз және еркін күрестен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ балуаны. Қажымұқан Алаш зиялыларының құрметіне бөленді, өзі де олармен тығыз араласып тұрды.

Бүгінгі күні еліміздің атын шығарып жүрген қандай балуандарды білесіңдер?

- ?
1. Қазақ өнерін әлемге таныту не үшін маңызды?
 2. Өнер адамдарының шығармалары қоғамдық санаға қандай әсер тигізуі мүмкін?
 3. А.В. Затаевичтің қазақ халқының ән-күй мұрасын зерттеуіне не себеп болды деп ойлайсың?
 4. Мәскеуде КСРО халықтарының мәдени күндерін өткізуі не үшін қажет?
 5. 1920–1930 жылдары Қазақстанда театр өнерінің дами бастауының себебі неде?



Дәстүр – ұзақ уақыт бойы белгілі бір қоғамдар мен әлеуметтік топтарда ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлеуметтік және мәдени мұралар жиынтығы.
ОАК – Орталық Атқару Комитеті.



Қастеев Әбілхан (1904–1973) – Қазақстандағы тұңғыш кәсіби суретші, қазақ бейнелеу өнері негізін салушылардың бірі.



Қажымұқан

Көсілген Көкшетаудың даласынан,
Көк майса сансыз өлке саласынан.
Шолақпен тете шыққан Қажымұқан
Оралған көк Есілдің жағасынан.

Дүңкілдеп жұртқа даңқы Мұқан шыққан
Жасынан тең құрбысы түгел ыққан.
Нан піскен кеудесіне балуандар
Түксіп Мұқан келсе жым боп бұққан.

Аралап талай жерді, сан қаланы,
Күресіп талай алып дәуді жыққан.
Ел кезіп елден асқан балуанның
Талайын қол ұшымен ойнап сыққан.

Сан балуан көрген байқап оның күшін,
Қалтырап, ол тигізсе қолдың үшін.
Мұқанды ойда-қырда білмеген жоқ,
Күшіне сүйсінгендей үлкен-кіші.

Күресте СССР-да жеке қара,
Талай дәу қыла алмаған ешбір шара.
Еуропа, Азиядан асқанда да:
Поддубный, Ганс – Гауан, Қазбек Гара. ...

Қалың бет, бура төсті қара нардай,
Жұп-жұмыр, жуан діңгек, бойшаң дардай,
Өзге жұрт ергежейлі ол келгенде,
Айбынды, жолбарысқа болар пардай.

Топшысы кере құлаш, бітіс шалқақ,
Шалқиып балпаң басаң, талтақ-талтақ.
Ұзақ жол керуеннің көшіндегі
Сияқты жампоз атан, басқан малтақ.

Жасында Қажымұқан байда жүрген,
Жалшы боп, бірталай жыл өмір сүрген.
Халыққа алыптығы әшкере боп,
Циркке балуан боп сонсоң кірген.

Атқарып жүргенде де малайлықты,
Күресте тең құрбысын талай жықты.
Бір байдың ат тартпаған жүгін тартқан,
Көрген жұрт деген шулап: «Қалай мықты!»

Бурадай шонжар, жампоз, жараған дом,
Өрдеш төс, білеу дене, шойындай сом.
Аппамса, алқа-салқа, бұлшық етті,
Қобы жон, алды-артына біткендей қом.

Құлжадай топтан оған көз тартады –
Мысалы, даладағы бейне бір доң.
Апыбы бұл заманның Қажымұқан –
Адамның осы күнгі шонжары шоң.

Сәкен Сейфуллин. Аққудың айырылуы. Өлеңдер мен поэма. – Алматы, 2003, 95–96-беттер.



Сәкен Сейфуллин даңқты балуанға қандай баға берген?

Тест тапсырмалары

- 1926 жылы тұңғыш кәсіби қазақ театры ашылған қала:

А) Верный	В) Ақмола
Ә) Орынбор	Г) Қызылорда
Б) Семей	
- Сахнада қойылған алғашқы қазақ пьесасы:

А) «Шаншар молда»
Ә) «Еңлік-Кебек»
Б) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»
В) «Арқалық батыр»
Г) «Қызыл сұңқарлар»
- Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі атап өтілді:

А) 1936 жылы
Ә) 1934 жылы
Б) 1937 жылы
В) 1938 жылы
Г) 1935 жылы

ТӨРТІНШІ БӨЛІМДІ ҚАЙТАЛАУ-ПЫСЫҚТАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Мына деректер суреттегі қай тұлғаға қатысты?



- 1) «Қырық мысал» кітабының авторы.
- 2) Қазақстан тарихы басылымын құрастырды.
- 3) Ұлытау, Жезқазған кен орнын зерттеген.
- 4) «Қазақ» газетінің редакторы.
- 5) Оның есімімен Қарағанды облысындағы қала аталған.
- 6) Абайдың рухани мұрасын зерттеген.
- 7) Қазақ КСР ҒА-ның тұңғыш президенті.
- 8) Көрнекті тарихшы-ғалым.

2. Кестені толтырыңдар.

Қазақстандағы жоғары оқу орындары

Ашылған жылы	ЖОО атауы

3. ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы кеңестік Қазақстандағы өнер саласы дамуының артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіңдер.

Артықшылықтары «+»	Кемшіліктері «-»

4. Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымды дамытудағы А. Байтұрсынұлы мен Қ. Сәтбаевтың қызметіне баға беріңдер.

5. ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы әдебиеттегі жаңа құбылысты айқындаңдар.

6. 1920–1930 жылдардағы әдебиет пен мәдениет саласындағы, бір жағынан, іргелі жетістіктерге қол жеткізілсе, екінші жағынан, жаппай идеологияландыру мәдениеттің дамуына қандай нұқсан келтірді? Өз пікірлеріңді дәйектендер.

7. Бүгінгі және сол кезеңдегі әдебиет пен өнердің жағдайын салыстырып, сыныпта талқылаңдар.

**БЕСІНШІ
БӨЛІМ**

**ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ
ЖЫЛДАРЫНДА (1941–1945)**

§29–30.

Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы

Зерттеу сұрағы: Ұлы Отан соғысының қандай батырлары халық есінде сақталды?

Бүгін сабағымызда қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңісіне қосқан үлесіне баға береміз. Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін танимыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Екінші дүниежүзілік соғыс «Барбаросса жоспары» Коллаборационистер	Вторая мировая война «План Барбаросса» Коллаборационисты	Second world war The «Barbarossa Plan» Collaborationist

Тақырыпқа шығу:

Суреттегі ескерткіш кімдерге қойылған, ол тұлғалар жайлы не білесіңдер?



1. Ұлы Отан соғысының басталуы. Германияда өкімет басына фашистердің келуі және олардың Еуропадағы агрессияшылдық іс-әрекеттері Кеңес Одағы мен гитлерлік Германияның арасында соғыстың болмай қоймайтындығын айқын көрсетті. *1941 жылы 22 маусымда фашистік*

Германия өзара шабуыл жасаспау жөніндегі кеңес-герман шартын бұзып, неміс армиясы соғыс жарияламастан КСРО аумағына баса-көктеп кірді. Жер бетінде болып өткен соғыстардың ішіндегі ең қатал әрі ауыр соғыс басталды. 1940 жылы

Ойлан!

1941–1945 жылдардағы соғыс неге Ұлы Отан соғысы деп аталады?

жасалған «Барбаросса» жоспарына сай Германия қысқа мерзім ішінде (6–8 апта) Архангельск–Еділ–Астрахан шебіне шығуды көздеді. Бұл қауырт соғыс – блицкригтің негізгі мақсаты еді.

2. Қазақстандық жауынгерлердің майдандағы ерлігі. Қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастар жүргізді. *Қазақстанда армия қатарына 1 млн 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндеттілер шақырылды.* Соғыстың алғашқы күндерінен бастап барлық жерде әскери құрамалар мен бөлімдер құрыла бастады. Қазақстанда 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар құрылды. Олар әскери қару-жарақ, киім т.б. жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Қазақстанда құрылған әскери құрамалардан алғашқылардың бірі болып 312-атқыштар дивизиясы (командирі – полковник А.Ф. Наумов, кейіннен генерал-майор) айқасқа кірісті. 312-дивизиямен бір мезгілде дерлік, солтүстік-батыс бағыттағы майданда Қазақстанда (Алматыда) құрылған, генерал-майор И.В. Панфилов басқарған 316-дивизия өзінің жауынгерлік жолын бастады. Панфиловшылар Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығымен Мәскеуді қорғау шебіндегі 30 шақырымдық бөлікке орналасты. Панфиловшылар жаумен күші тең болмаса да оның 50 танкісімен болған шайқаста жеңіп шықты. Бұл тарихи шайқасқа қатынасқан 28 жауынгерге КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Волоколамск ауданында өткен осындай шайқастардың бірінде ержүрек жауынгер, талантты командир, генерал-майор И.В. Панфилов ерлікпен қаза тапты. Оған қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, ал 8-гвардиялық атқыштар дивизиясына (бұрынғы 316-дивизия) генералдың есімі берілді.

Мәскеу түбіндегі ұрыстарда қазақ халқының ержүрек ұлдары ерлікпен шайқасты. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батырлары – Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Рашид Жанғозин, Рамазан Елебаев, Төлеуғали



Генерал-майор
И.В. Панфилов

Олар әскери қару-жарақ, киім т.б. жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Соғыстың алдындағы ашаршылық, тәркілеу, ұжымдастыру, репрессияның қыспағына қарамастан республика тұрғындары неліктен батылдың ерен үлгісін танытты?

Ойталқы

316-дивизияның Мәскеуді қорғауға қалдырылғаны туралы пікірің қандай?

Қажетті дерек

Момышұлы Бауыржан (1910–1982) – әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры (1990), Қазақстанның Халық Қаһарманы (1995). Мектеп бітіріп, біраз уақыт мұғалім болып істеді. 1932 жылы әскер қатарына алынып, мергендік өнерін игерді. Ауылға оралған соң қаржы орындарында жұмыс істеді. 1936 жылы қайтадан армияға шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар (8-гвардиялық) дивизиясы құрамында майданға аттанды. Батальон, полк командирі болды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизияны басқарған жылдары кеңінен ашылды.



Б. Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. 1950 жылы Кеңес Армиясы Бас штабының арнаулы Жоғарғы әскери академиясын бітіріп, әскери академияда дәріс оқумен бірге шығармашылық жұмыспен де шұғылданды. 1956 жылы демалысқа шығып, өмірінің соңына дейін шығармашылық қызметпен айналысты. «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), «Куба әскерлері» (1969), «Ұшқан ұя» (1974), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990, 1991) туындыларын жазды. Шығармалары бірнеше рет шет тілдерге аударылды. Қазақстанда ауылдарға, көшелерге, республикалық әскери балалар мектебіне т.б. Бауыржан Момышұлы есімі берілді.

Өбдібековтер бар. Мәскеу үшін болған шайқаста полковник Г. П. Коротков басқарған 238-атқыштар дивизиясындағы қазақстандық жауынгерлер өздерін даңққа бөледі. Дивизия жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталып, табандылығы, ержүректігі мен батырлығы үшін 30-гвардиялық дивизия болып қайта құрылды.

1941 жылы Алматы, Ташкент, Фрунзе (қазіргі Бішкек) т.б. қалалардағы әскери училищелердің курсанттарынан 39-жеке атқыштар бригадасы құрылды. Бригада 8-гвардиялық Панфилов дивизиясы тәрізді жауды Мәскеу түбінде талқандап, неміс-фашист басқыншылары басып алған қалаларды азат етті. Жауынгерлік ерлігі мен берік төртібі үшін 79-атқыштар бригадасы 73-гвардиялық дивизия бо-

Ізден!

Өз туысқандарың мен өлкеңнен Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқандар жайлы әңгіме құрастырыңдар.

Ойталқы

Бауыржан Момышұлының соғыс тақырыбындағы қандай кітаптарын оқыдың?

лып қайта құрылып, оған «Сталинградтық дивизия» атағы берілді. Еділ үшін болған шайқаста басқа көптеген жауынгерлермен бірге 22-артиллериялық полктің қазақ жауынгерлері де даңққа бөленді.

Ленинградты қорғауда қандай жауынгерлер ерлік істерімен көзге түсті?

Полк жауынгерлері неміс танкілерін жоюда ерен ерлік көрсетті.

1943 жылы Орал облысынан майданға 24 қазақ қызы аттанды. Подольск қаласындағы мергендер мектебін бітірген соң, олар Сталинград майданына келді. Ержүрек қазақстандық қыздардың даңқы бүкіл майданға тарады, олардың ішінде М. Тоқтамысова, Р. Момынова, А. Бекедова, М. Нестеренко, Е. Семенюк т.б. болды.

Үш жылдан астам уақытқа созылған Ленинград үшін шайқас елдің бүкіл солтүстік-батыс бөлігін қамтыды. Барлық ұлттардың жауынгерлерімен бірге қазақ жауынгерлері де Ленинградты табан тіреп қорғады. Жаудың қоршауында қалған қалаға Қазақстаннан азық-түлік, қару-жарақпен әскери құрал-жабдықтар тиелген көптеген эшелондар жіберілді. Ладога көлі аймағындағы алғашқы шайқастардың өзінде-ақ қазақстандық 310, 314-атқыштар дивизиялары ерекше көзге түсті. Қазақстандық жауынгерлер Ленинград облысының 22 елді мекенін азат етуге, қоршаудағы қаланың «Үлкен жермен» байланысын қамтамасыз етуге, «Өмір жолын» салуға қатысты. Ленинград үшін күрес шежіресінде Әлия Молдағұлованың даңқты есімі мәңгіге қалды. Ержүрек комсомол, мерген қызды III дәрежелі Даңқ орденімен марапаттады, ал қаза тапқаннан кейін 1944 жылы шілдеде оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 24-атқыштар бригадасында қызмет еткен З. Оңғарбаева да ержүрек жауынгер ретінде көпке танылды.

Қазақстан жауынгерлері Балтық теңіз шептерін табанды түрде қорғады. Қызыл тулы «Киров» крейсерінде соғыс басталғанға дейін жіберілген 156 қазақстандық ерлігімен көзге түсті. 1942 жылы жаз бен күзде соғыстың шешуші оқиғалары КСРО-ның оңтүстік-шығыс бөлігінде, Еділ мен Дон өзендерінің аралығында болды. Қазақстанда құрылған бөлімшелер Еділдегі шайқасқа да қатысты. Қаһарман-қала Сталинградтың (қазіргі Волгоград) тұрғындарының есінде Қазақстанда жасақталған, полковник Г. Сафиуллин басқарған 73-атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің ерліктері жатталып қалды. Сталинград түбіндегі қорғаныс шайқастарында дивизияда мергендік қозғалыс өрістеді.

Мыңдаған жауынгерлер Еділ бойы мен Дон далаларында көрсеткен ерліктері үшін ордендермен, медальдармен марапатталды. Ұшқыш **Нүркен Әбдіровке**, танкіші Тимофей Позолотинге, атқыш Гияз Рамаевқа, минометші Қарсыбай Сыпатаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Көптеген қазақстандықтар Курск доғасында шайқасқан Брянск, Орталық, Воронеж және Далалық майдандардағы әскери құрамалар мен бөлімдердің

Қандай қаһарман партизандарды білесіңдер? Олардың біреуі туралы шағын әңгіме жазыңдар.

құрамында неміс-фашист әскерлерін талқандауға елеулі үлес қосты. Көрсеткен батырлығы мен ерлігі, үздік әскери қимыл-әрекеттері үшін 73-гвардиялық атқыштар дивизиясының солдат, сержанттары мен офицерлері КСРО ордендерімен, медальдарымен

марапатталды, 27 жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Мәншүк Мәметова 1942 жылы тамызда өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, 100-атқыштар бригадасының құрамында ұрысқа қатысты. Аға сержант, пулеметші Мәншүк соғыста өзінің мергендігімен және батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста ол ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, 1943 жылы 16 қазанда ерлікпен қаза тапты.

Сталинград қорғанысының батыры, екі мәрте «Даңқ» орденінің иегері Ізғұтты Айтықовқа жауынгерлік борышын үлгілі орындағаны үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қойгелді Аухадиев Кеңес Одағының Батыры атанды. Ол ұрыс кезінде фашистердің 5 танкісін, өздігінен жүретін «Фердинанд» зеңбірегін, оқ-дәрі тиеген 3 автомашинасын жойды. Днепрден алғашқылардың бірі болып өтіп, қарсы шабуылға шыққан дұшпанның жолын бөгеді.

Шығармашылықпен айналыс

1. Қазақстандық жауынгерлер қай аймақтарда шайқасқанын анықта.

Дивизия атаулары	Қай шайқастарға қатысты?	Құрылған жері
312-атқыштар дивизиясы		
314-атқыштар дивизиясы		
316-атқыштар дивизиясы		
73-атқыштар дивизиясы		
38-атқыштар дивизиясы		

2. Үзіндіні оқып, сұрақтарға жауап бер.

1941 жылы соғыс басталғанда 316-атқыштар дивизиясының жасақталуына атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады. Осы жылы Мәскеу түбіндегі шайқаста ерлігімен көзге түседі.

1941 жылы 26 қарашада маршал Рокоссовский полк командирі етіп тағайындайды.

1990 жылы 11 желтоқсанда «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

1. Кім туралы айтылған?

2. Бұл тұлғаның қандай нақыл сөздерін білесің?

3. Осы тұлға айтқан бір нақыл сөзге қатысты өз пікіріңді білдір.

Днепр үшін шайқаста 18 жасар Жәнібек Елеусізов қазақтар арасындағы ең жас Кеңес Одағының Батыры атанды. Кенді Қарағандының өкілі, ұшқыш Нұркен Әбдіров 1942 жылы 19 желтоқсанда Боковская-Пономаревка ауданы үшін өткен өуе шайқасында өз ұшағын жау танкілерінің шоғырына құлатып, серіктерімен бірге ерлікпен қаза тапты. Сұлтан Баймағамбетов Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) түбіндегі ұрыстарда 50-ден астам дұшпанның көзін жойды. 1943 жылы 25 шілде күнгі шайқаста жау дзотын кеудесімен жауып, ерлікпен қаза тапты.

Днепрден өту шайқастарына қатысқан 73-гвардиялық дивизияның 210 жауынгеріне, 72-гвардиялық дивизияның 29 жауынгеріне, 8-атқыштар дивизиясының 46 жауынгеріне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Жоғарғы үкімет марапатына ие болғандардың арасында А. Өлімбетов, Ж. Сүлейменов, С. Жақсығұлов, Қ. Шөкенов, С. Шөкіров, А. Петров, В. Бреусов, Т. Вербицкийлер болды. 1943 жылғы 4 желтоқсанда Қазақстан еңбекшілеріне жазған хатында 25-гвардиялық атқыштар корпусының командирі былай деген: *«Днепрдегі ұлы шайқаста қазақ халқының ұлдары жауға өздерінің біздің Отан-анамызға деген ыстық махаббатын тағы да көрсетті, олардың тамырларында халық батыры Амангелдінің батырлық қанының суымағанын танытты. Днепр жағалаулары мен Днепрден өту кезіндегі шайқастарда қазақтар көрсеткен ерліктердің бәрін санап бітпейсің»*.

3. Қаһарман партизандар. Қазақстандықтар тек майдандарда ғана емес, жау тылында да шайқасты. Елдің басқа халықтарымен бірге олар жау уақытша басып алған аумақтардағы партизандық қозғалысқа қатысты.

Украинаның партизандық құрамалары мен отрядтарында (толық емес деректер бойынша) 1500, Ленинград облысында 220-ден астам қазақ шайқасты. Смоленск облысындағы 15 партизан бригадалары мен отрядтарында 270 қазақстандық ұрыстарға қатысты. Белоруссияның әртүрлі аймақтарында әрекет еткен 65 партизан бригадалары мен отрядтарының құрамында 1500-ден аса қазақстандық болды. Соғыс жылдары партизан қозғалысына қатынасқан қазақстандықтардың саны 3,5 мыңға жетті. Партизандық қозғалыстың Ғалым Ахмедияров, Ғалым Омаров, Нұрым Сыдықов, Қасым Қайсенов, Әди Шөріпов, Тоқтағали Жангелдин т.б. батырларының есімі көпке танылды. Халық кекшілдерінің қатарында қазақстандық әйелдер – Нұрғаным Бөйсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова т.б. аянбай шайқасты. Еуропа елдерінде қарсыласу қозғалысына қатысушы қазақстандықтар фашистерге және оларды қолдайтындарға (коллорабационистерге) қарсы

Партизандар ерлігі жайлы қандай көркем фильмдер көрдің?

күресте батырлық пен ерлік көрсетті. Поляк партизандық жасақтарында Жамбыл облысынан Сәтімбек Төлешов, Шығыс Қазақстан облысынан Константин Трокин, Қарағанды облысынан Михаил Авдейчик, Қызылорда облысынан Омар Тойымбетов т.б. шайқасты. Словакиядағы Турея өзені бойында қазақстандық Петр Величконьң басшылығымен партизандық құрама жасақталды.

Чехословакияны неміс фашистерінен азат етудегі партизандық ұрыс қимылдарына алматылық Алексей Ильин, семейлік Николай Мошкин, Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғыны Жұбандық Сұранқұлов, павлодарлық Николай Тарановтар қатысты. Югославия жерінде фашистерге қарсы шайқаста көкшетаулық Телжан Желқожинов, Ақтөбе облысының тұрғыны Арық Есентаевтар ерлік көрсетті.

Грекия жерінде фашистерге қарсы күресте алматылық Петр Рев, француз қарсыласу қозғалысы сапында Дәулет Қаражұминнің батырлығымен аты шықты. 1943 жылдың жазында Бельгияда фашистік тұтқыннан қашып шыққан кеңес әскерлері партизандық бөлім құрды. Олардың ішінде – Ақтөбе облысынан Өтеген Абдуллин, алматылық Иван Карасев, Ақтөбеден Борис Бондаренко, Талдықорған облысынан Федор Малаховтар болды. Қазақстандық 23 жауынгер италяндық қарсыласу қозғалысы құрамында – Қарағандыдан Төкіш Өлпейісов, Қызылордадан Қалданбек Дүйсенбеков, Ақтөбеден Жаймақ Көлшіков, Целиноград облысынан Николай Дрожаков және Топай Сәдуақасов т.б. жаумен қасық қаны қалғанша шайқасты.

4. Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары. Соғыстың басынан аяғына дейін әскери бөлімдер ретінде шайқасқан 12 қазақстандық дивизияға құрметті атақтар берілді. Олардың бесеуі бір орденмен, төртеуі екі орденмен, екеуі үш орденмен марапатталды. 5 дивизия гвардиялық дивизияларға айналды. Әскери ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық ордендер мен медальдармен марапатталды, 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды. Олардың ішінде қазақ қыздары – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Төрт қазақстандық ұшқыш – Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский Кеңес Одағының Батыры атағына екі мәрте ие болды. 1990 жылы 11 желтоқсанда көрнекті қолбасшы Бауыржан Момышұлына да осы құрметті атақ берілді. 1941 жылы Бауыржан Момышұлы аға лейтенант шенінде батальонды басқарып, Мәскеу түбіндегі шайқастарда өз құрамасын жау қоршауынан аман-есен алып шықты. Соғысты Б. Момышұлы полковник шенінде аяқтады. Әділеттілік тек 45 жылдан соң, қазақтың ұлттық батыры өмірден қайтқаннан кейін ғана қалпына

келтірілді. «Даңқ орденінің толық иегері» атағына 110-нан астам қазақстандық ие болды. 1941 жылы 26 маусымда өуеде от-жалынға оранған бомбалаушы ұшағын жау танкісі колоннасы үстіне құлатып, жандарын пидә еткен қазақтың баһадүр ұшқышы **Бақтыораз Бейсекбаев** пен ұшақ экипажына 1996 жылы 2 мамырда Ресей Федерациясының Батыры атағы берілді. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1998 жылы 6 мамырда Бақтыораз Бейсекбаевқа «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлығы шықты. Кеңес Одағының Батыры атағы соғыстағы ерен ерлігі, қолбасшылық таланты үшін генерал С. Рахимовқа да берілді (1965 ж.). Рейхстагқа тікелей шабуыл жасағандар қатарында лейтенант Р. Қошқарбаев, капитан Б.В. Чупрета, минометші А. Бақтыгереев, пулеметші А.Е. Вицко, байланысшы К.М. Волочаевтар болды.

Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі болған Сағадат Нұрмағамбетов Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл жасауға жерлестеріміз И.Я. Съянов, Х. Қайдауов, З. Тұрарбеков т.б. қатысты.

5. Түркістан легионы. Түркістан легионы оқиғасын да еске алған жөн. Соғыстың бастапқы кезеңінде жүздеген мың, тіпті миллиондаған кеңес әскерлері фашистерге тұтқынға түсті. Олардың арасында түркі халықтарының өкілдері де болды. Қолға түскен түркі жауынгерлерінің 80% -ы фашистік лагерьлерде адам төзгісіз жағдайларда қаза тапты. Гитлершілдер аман қалған әскери тұтқындардан Кеңес Армиясына қарсы күреске шығатын әскери бөлімшелер жасақтауға әрекеттенді. *Қазақстан мен Орта Азия халықтарының өкілдерінен бірнеше батальоннан тұратын Түркістан легионы құрылды.* Алайда фашистер оларды шайқастарға пайдалана алмады. Қолына қару алған көптеген легионерлер майдан шебінен өтіп, Кеңес Армиясының қатарына қайта қосылды, ал олардың бір бөлігі партизандарға кетіп қалды. *«Түркістан легионы» құрделі, қайшылыққа толы жолдан өтті.* Соғыстан соң легионда болғандар жазаға тартылды. Бұл оқиға байыпты зерттеуді және әділ бағасын беруді талап етеді.

Кеңес адамдары бір бөлігінің неміс-фашист басқыншыларымен ынтымақтасуы (**коллаборационизм**) мәселесі аз зерттеліп отыр. Неміс құрамаларының қатарында өз отанына қарсы соғысқан КСРО азаматтары да болды. Олардың арасында негізсіз қудаланып, Кеңес өкіметіне наразы болған адамдар да бар еді. Осындай фактор көптеген кеңес жауынгерлерінің тұтқынға түсуі және соғыс аяқталған соң отанына қайтпай қалуына себепші болды.

Пікірің қажет

Түркістан легионы жайлы қандай тұжырымға келдің?

- ?** 1. Ұлы Отан соғысы кеңес халқын бір мақсатқа жұмылдыра алды ма? 2. Фашистік Германияның «Барбаросса жоспарының» іске аспай қалуына қандай факторлар әсер етті? 3. Бауыржан Момышұлының ерекше қасиеті жайлы өз пікіріңді айт. 4. 1 млн 200 мыңнан артық қазақстандықтың әскерге алынуы демографияға қалай әсер етті?

***** **«Барбаросса жоспары»** – фашистік Германияның КСРО-ға қарсы басқыншылық соғысы жоспарының құпия атауы.
Коллаборационистер – Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында фашистер жағына шығып, соларға қызмет еткендер.
Екінші дүниежүзілік соғыс – 1939 жылғы 1 қыркүйекте басталған жаңа дүниежүзілік соғыс; адамзат тарихындағы ең үрейлі, қатал, апатты соғыс. 1945 жылы 2 қыркүйекте аяқталды.

👤 **Әбдіров Нұркен** (1919–1942) – әскери ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры.
Бигелдинов Талғат Жақыпбекұлы (1922–2014) – екі мәрте Кеңес Одағының Батыры (1944, 1945), әскери-ұшқыш, авиация генерал-майоры.
Қайсенов Қасым (1918–2006) – қазақ батыры, жазушы, Халық Қаһарманы, әйгілі партизан.
Бейсекбаев Бақтыораз (1920–1941) – Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, Ресей Федерациясының Батыры.
Луганский Сергей Данилович (1918–1977) – екі мәрте Кеңес Одағының Батыры (1943, 1944), авиация генерал-майоры.



1942 жылғы 20 желтоқсан

Сержант Н. Әбдіровті Кеңес Одағының Батыры атағына ұсыну туралы награда құжатынан

1942 жылғы 19 желтоқсанда ұшқыш сержант Әбдіров бомбалап-шабуылдап ұшу жөніндегі бұйрықты орындау кезінде құрамындағы төрт ИЛ-2 ұшағымен бірге дұшпанның күшті нығайтылған шебі мен Боковская-Пономаревка ауданындағы көп шоғырланған танкілеріне бірнеше рет батыл шабуыл жасаған кезде кеңес ұшқыштарына лайық шеберлік, асқан батылдық пен ерлік көрсетті.

Дұшпан біздің сұңқарлардың үстіне бомба тастап, пулеметпен атқылап соққы беріп, бекіністерін, техникасы мен адамдарын жоюына зениттен атқылап күшті бөгет жасауға тырысты.

Жаудың зениттік батареялары бірінен кейін бірі қатардан шығып жатты, бірақ дұшпан снарядтарының бірі Әбдіров жолдастың ұшағының моторына тиіп, жана бастады. Отқа оранған ұшағын өз жағымызға жеткізу мүмкін емес екенін аңғарған қазақ халқының адал ұлы, социалистік Отанның нағыз патриоты Әбдіров жолдас коммунист ретінде капитан Гастеллоның ерлік үлгісімен өз ұшағын жау танкілерінің шоғырланған жеріне құлатып, серіктерімен бірге ерлікпен қаза тапты.

16 жауынгерлік ұшу сапары кезінде Әбдіров жолдас жаудың 12 танкісін, әскер мінген және жүк тиелген 28 автомашинасын, оқ-дәрі тиелген 18 арбасын, жанармай құйылған бір цистернасын жойып, үш дзотын қиратты, зениттік артиллерияның үш зеңбірегінің үнін өшіріп, жаудың елуге тарта солдаты мен офицерін өлтірді.

1942 жылғы 19 желтоқсандағы соңғы жауынгерлік ұшу сапарында ол 6 танкіні, зениттік артиллерияның екі нүктесін, жиырма шақты солдат пен офицерді жойып, өрт ошағын жасады және өзінің отқа оранған ұшағын жау танкілерінің шоғырланған жеріне апарып құлатты.

Неміс басқыншыларына қарсы күрес майданында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, бұл орайда батылдық пен ерлік көрсеткені үшін Әбдіров жолдас қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағын беруге лайық.

808-шабуылдаушы авиация полкінің командирі,
капитан Красночубенко

Қазақстан Кеңес Одағының 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1-т., Алматы, 1964, 218-б.



Н. Әбдіровтің ерлігіне қандай баға бересің?

Тест тапсырмалары

- Жау дзотын өз кеудесімен жауып, ерлікпен қаза тапқан қазақ батыры:
 - Сұлтан Баймағанбетов
 - Нұркен Әбдіров
 - Сағадат Нұрмағанбетов
 - Талғат Бигелдинов
 - Рахымжан Қошқарбаев
- Ленинград қаласын қорғауға қатысқан Балтық флотының қызыл тулы «Киров» крейсеріндегі қазақстандық жауынгерлердің саны:
 - 216
 - 415
 - 305
 - 180
 - 156
- 1941 жылы 26 маусымда өуеде отқа оранған бомбалаушы ұшағын жау танкісі колоннасының үстіне құлатып, ерлікпен қаза тапқан Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы:
 - Нұркен Әбдіров
 - Сергей Луганский
 - Леонид Беда
 - Бақтыораз Бейсекбаев
 - Иван Павлов

§31–32.

Қазақстан – майдан арсеналы

Зерттеу сұрағы: «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» ұраны қалай жүзеге асты?

Бүгінгі сабағымызда Қазақстан экономикасының соғыс жағдайына бейімделіп, қайта құрылу барысын анықтаймыз. Соғыс жылдарындағы халықтың майданға көмегін, тылдағы ерен еңбегін, әлеуметтік жағдайын қарастырамыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Ресурс	Ресурс	Resource
Эвакуация	Эвакуация	Evacuation
Арсенал	Арсенал	Arsenal
Тізе бұғу	Капитуляция	Capitulation

Тақырыпқа шығу:

Қазақстан Ұлы Отан соғысының бетбұрысына үлес қосты ма?



1. Қазақстан экономикасын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құру. Қазақстан түкпірдегі алыс тыл бола отырып, үкімет шешімдеріне сай соғыстың алғашқы күндерінен бастап өз экономикасын майдан мұқтаждықтарын қамтамасыз етуге қарай бейімдеуге тиіс болды. Бұл – қорғаныс өнімдері мен стратегиялық шикізат өндірісін меңгеру мен кеңейту, өнеркәсіп құрылысын кең өрістету, еңбек және материалдық ресурстарды қайта бөлуді іске асыру, майдан шебіне жақын жерлерден әкелінген кәсіпорындарды қабылдау мен оларды жаңа жерлерде тез іске қосу деген сөз еді. Іс жүзінде материалдық және адам ресурстарын қайта бөлумен, өнеркәсіптегі майданға кеткен арнайы дайындығы

бар мамандардың орнын жаңа жұмысшылармен толықтырумен қатар жүрген Қазақстан экономикасын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құру басталды.

Қазақстан экономикасы қалай тез арада соғыс жағдайына бейімделіп, қайта құрылды?

Фашистік Германияның КСРО-ның батыс аудандарын басып алуы Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңыздылығын күрт өсірді. Соғыстың алғашқы айларында өкімет орындарына жаудың қолына түсуі мүмкін өнеркәсіп орындарын эвакуациялаудың сәті түсті. Қазақстан аумағына қысқа мерзім ішінде 200-дей ірі өнеркәсіп мекемелері қажетті құрал-жабдықтарымен, шикізатымен бірге тасып әкелініп, орналастырылды. Бұлар – ауыр және орташа машина жасау зауыттары, сондай-ақ тоқыма, мақта-мата, аяқкиім фабрикалары еді. Жаңа өнеркәсіп нысандарын салу жалғастырылып, тездетілді. *Соғыстың алғашқы бір жарым жылының ішінде Қазақстанда 25 кеніш, шахта, түсті және қара металлургияның 11 байыту фабрикасы, 19 жаңа көмір шахтасы, 4 жаңа мұнай кәсіпшілігі, Гурьевте (қазіргі Атырау) мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.*


Ақтөбеде салынып жатқан ферроқорытпалар зауыты Запорожье ферроқорытпалар зауытының құрал-жабдықтарын алды, көмірлі Қарағанды өзінің техникалық кешенін донецкілік Пархоменко атындағы шахтаның жабдықтарымен толықтырды. Алматыдағы автожөндеу зауытының аяқталмаған құрылысы Луганск ауыр машина жасау зауытының цехтары орналасқан базаға айналса, республиканың оңтүстігіндегі тамақ өнеркәсібінің жаңа құрылыстары Украинаның 14 қант зауытының құрал-жабдықтарын алды. Балқаш мыс қорыту кешенінің қуаты Владимир облысындағы Кольчугин қаласының түсті прокат зауытының құрал-жабдықтарын меңгеріп, оны іске қосқан соң елеулі түрде артты. Түсті металл және отын-энергетика өнеркәсібінің жаңа кәсіпорындары салына бастады. Жалпы соғыс жылдарында Қазақстанға 300-ден астам көшіріліп әкелінген зауыт орналастырылып, жұмыс істеді. Тасып әкелінген кәсіпорындардың кейбіреулерінің құрал-жабдықтары салынып жатқан нысандарды аяқтау үшін пайдаланылды.

Соғыстың алғашқы жылдары Қазақстанға батыс аудандардан эвакуацияланған 532,5 мың адам баспана мен жұмыс тапты, сонымен бірге 50 мың маманданған жұмысшы, инженер-техник қызметкерлер келді. Республика жұмысшы табының қатарына Донбастың 2 мыңдай шахта құрылысшысы келіп қосылды. Өте қысқа мерзім ішінде эвакуацияланған кәсіпорындарды тиісті өндірістік алаңдармен қамтамасыз етіп,

Картамен жұмыс

162-163-беттердегі картадан майдан қажетіне арналған өнімдер шығаратын ірі кәсіпорындарды анықтаңдар.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ



Орал ● Өнеркәсіп құрал-жабдықтарын эвакуациялау пункттері

—+— Теміржол

—+— Теңіз жолдары

▲ Мұнай кен орындары

■ Көмір кен орындары

TM Түсті металлургияға қажетті шикізаттар өндірілген орындар

ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН



- | | |
|---|--|
| Химия өнеркәсібіне арналған шикізаттар өндірілген орындар | Химия және мұнай өңдеу өнеркәсібі |
| Машина құрастыру және металл өңдеу | Қазақстан Республикасының қазіргі шекарасы |
| Түсті металлургия | Мемлекеттік шеғара |

майданға қажетті өнімдер өндіруді жолға қою, адамдарды тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету қажет болды. Майданға жақын аймақтардан адамдарды амалсыз эвакуациялау көптеген қиындықтар әкелді. Олардың көпшілігі ауылдар мен селоларға орналастырылды. Қалалардағы соғысқа дейінгі тұрғын үй проблемасы одан әрі шиеленісе түсті. Ел үшін ауыр болған осы жылдардың өзінде тұрғын үй құрылысы жалғастырыла берді. 1941–1945 жылдары жалпы көлемі 3 317 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілді.

2. Қазақстан – майдан арсеналы. 1941–1945 жылдары республика бұрынғы КСРО-дағы қорғасын (85%), мыс (35%) қорыту, полиметалл және мыс рудаларын өндіру жөніндегі жетекші орны сақтап қалды.

Қазақстан аумағына адамдарды эвакуациялау қандай қиындықтар туғызды?

Барланған кен орындарының негізінде металл өндіру, байыту мен қорыту кәсіпорындары салынды (Шығыс Қоңырат молибден, Жезді марганец, Донской хромит кеніштері (рудниктері), Ақшатау молибден-вольфрам, Текелі полиметалл, Өскемен

қорғасын-мырыш комбинаты т.б.). Осының арқасында Қазақстан Одақтағы молибден мен марганец рудаларының 60% -ын, висмуттың 65% -ын, полиметалл рудаларының 80% -ға жуығын өндірді. Сөйтіп, Қазақстан 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында КСРО-ның аса ірі майдан арсеналына айналды.

Соғыс кезіндегі он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылды. 1941–1945 жылдары Шымкент және Лениногор зауыттарында 563 036 тонна қорғасын қорытылды. Соғыс қызып тұрған кезде республика қара металлургиясының «тұңғышы» – Ақтөбе феррокорытпалар зауыты іске қосылды.

Соғыс жылдарында республиканың қара металлургиясы ойдағыдай дамыды. Донбасты фашистер басып алғанда Қарағанды көмір кеніші соғысқа қажетті отынның 65 пайызын өндірді. Қарағанды шахтерлері төрт жыл ішінде 34 млн тонна көмір қазды. Осы жылдары 4 жаңа мұнай кәсіпшілігі ашылды. Атырауда мұнай айыратын зауыт салынды. Соғыстың 4 жылында майданға 887,9 мың тонна мұнай жөнелтілді. Ал республика жеңіл өнеркәсіп өнімдері бойынша Одақта РКФСР-ден кейін екінші орынға шықты. Қызыл Армия жауынгерлерін киім-кешекпен, азық-түлікпен қамтамасыз етуде республиканың жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары қыруар жұмыстар атқарды.

Ер-азаматтары майданға алынып, бар ауыртпалық егде адамдардың, әйелдер мен балалардың мойнына түсті. Тары өсірудің шебері **Шығанақ Берсиев** (әр гектардан 202 центнер), атақты күрішшілер **Ыбырай Жақаев**, **Ким Ман Сам**, дөңді дақылдардан мол өнім алғандар **М. Сатыбалдина**,

Шығармашылықпен айналыс

1. Ұғымдарды мағынасына сай сәйкестендір.

1. Тып	А) елдің қарулы күштері мен экономикасын соғыс мұқтаж-дықтарын қамтамасыз ету үшін жүргізілетін іс-шаралар
2. Майдан	Ә) соғыс қимылдары жүріп жатқан аймақ
3. Мобилизация	Б) соғыс қимылдары жүріп жатқан ауданнан тыс, ішкері аймақ
4. Арсенал	Ө) соғыс қимылы жүріп жатқан жерден халықты, өндіріс орындарын, әртүрлі бағалы заттарды тылға көшіру
5. Эвакуация	Г) күш-қуат, қару-жарақ, оқ-дәрі, әскери жабдық қоймасы

2. Ақпараттардың ақиқат немесе жалған екендігін анықта.

Жұмыс орнында тәртіп бұзғандар, кәсіпорыннан кетіп қалғандар 3 жылдан 7 жылға дейін түрмеге отырғызылды.	
Соғыс жылдары республика мұнай өндіруді 60%-ға дейін арттырды.	
Соғыс жылдары Ақтөбе ферроқорытпа зауыты іске қосылды.	
1945 жылы 9 мамыр Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған күн.	
14 қазақстандық «Жапонияны жеңгені үшін» медаліне ие болды.	
1942–43 жылдары Ақмола-Магнитогорск теміржол желісінің құрылысы аяқталды.	
Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан КСРО-ның ірі индустрия-лы аймағына айналды.	
Қазақстан аумағында кен байлықтарының мол болуы республи-каны стратегиялық маңызды етті.	

А. Дацкова, Н. Алпысбаевалардың ерен еңбектерін атап өтуімізге болады.

Қазақстан еңбекшілері өздерінің жеке қара-жатынан майдан қорына 4,7 млн сом ақша, 2 млн дана жылы киім, 1600 вагон сыйлық жөнелтті.

Қару-жарақ, көлік, киім-кешек, азық-түлікті майданға жылдам жеткізу мақсатында қысқа мерзімде Қандыағаш–Орск, Жамбыл–Шолақтау, Талдықорған–Текелі теміржол желілері тартылды. Соның нәтижесінде шикізат көздері өнеркәсіп ошақтарымен жалғасты. 1942 жылы Алматы-да құрылысы басталған вагон жөндеу зауыты соғыстың соңына таман пайдалануға берілді.

Соғыс жылдары рекорд-тық өнім алған қандай ауыл еңбеккерлерін білесің?

Соғыс жылдары Қазақстан маңызының артуы



Құрылыстың қарқын алуына орай Теміртау, Текелі, Жезді, Шығыс Қоңырат, Ақшатау, Макин секілді жаңа қалалар мен жұмысшы поселкелері бой көтерді. Қазақстандағы қалалар саны 5-ке, поселкелер саны 35-ке өсті.

Өз өлкеңнен соғыс жылдары майданға ірі көлемде көмек көрсеткен азаматтарды білесіңдер ме? Олар туралы хабарлама дайындаңдар.

Соғыстың соңғы жылдарында Қазақстан Республикасы еңбеккерлері фашизмнен зардап шеккен 45 аудан мен 12 қаланы қамқорлыққа алды.

Қазақстан мұнайының да маңызы аз болған жоқ. Жұмыс істеп тұрған «Ембімұнай» тресіне 4 жаңа мұнай кәсіпшілігі, ондаған бұрғылау скважиналары қосылды. Гурьев мұнай өңдеу зауыты жұмыс істей бастады. Соғыс жылдары республика мұнай өндіруді 40% -ға дейін арттырды. Электрстанциялар жүйесі Солтүстік Қазақстан мен Қарағанды облыстарындағы энергетиканың жаңа нысандарымен толықты.

Соғыс жылдары жалпы 460 зауыт, фабрика, кеніш, шахталар мен жеке өндіріс орындары, оның ішінде 300-дей эвакуацияланған кәсіпорын салынды. Теміржол құрылысы жалғасты. 1942–1943 жылдары Мақат–Орск, Ақмола–Магнитогорск желісінің құрылысы аяқталды.

Республикада танкілер мен ұшақтар жасау үшін қаржы жинау қозғалысы жүргізілді. 1941 жылы күзде БЛКЖО (Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы) атындағы танк колоннасын құруға қаржы жинау басталды. Қазақтың белгілі балуаны, әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасов жеке қаражатынан қорға 100 мың сом өткізді. Нәтижесінде 1942 жылы армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды.

1942–1943 жылдары халықтан жиналған қаржыға 10 танк колоннасы, бірнеше авиация эскадрильясы, торпедалық катерлер мен жеке ұшақтар

Ойталқы

Республиканың тұрғындары неліктен майданға қолдан келген көмегін аямады?

жасалды. *Соғыс жылдары Қазақстан халқы әскери техника жасауға 480,3 млн сом қаржы қосты.*

Елдің қорғаныс қабілеті армияны киім-кешек, азық-түлікпен жабдықтаумен де анықталды. Соғыс мұқтаждықтарын қанағаттандыруға жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өндіріс орындары да бейімделді. Жеңіл өнеркәсіпте тігін, тоқыма, тері, аяқкиім салалары жылдам дамыды. Соғыс жылдары 500-дей дивизия солдаттардың жазғы киім-кешегімен, 70 дивизия шинельдермен, 67 дивизия қысқы аяқкиіммен, 59 дивизия жылы киімдермен, 25 дивизия шолақ тондармен қамтамасыз етілді. Бүтіндей алғанда республика өнеркәсібі өндірісі соғыс жылдары 37% -ға өсті. Бұл нәтижелерге қажырлы еңбектің арқасында қол жеткізілді. Республика индустриясының одан арғы дамуы, оның жаңа салаларының, әсіресе жетекші салаларының пайда болуы – Қазақстанды майданның қуатты арсеналына, маңызды экономикалық аудандардың біріне айналдырды.

3. Еңбекшілердің тылдағы ерен еңбегі. Ұлы Отан соғысы жағдайларында Қазақстанның майданды ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етудегі рөлі мен маңызы өсті. Соғыс жылдары Қазақстанның ауылшаруашылығы елге соғысқа дейінгі соңғы бес жылда өндірілген өнімнен артық өнім тапсырды.

Малшылар да аянбай еңбек етті. *Соғыс жылдары Қазақстан елдің шығысындағы негізгі малшаруашылығы базасына айналды.* Соғыс жағдайларында техниканың жоқтығынан миллиондаған бас малды жемшөппен, әсіресе қысқы жемшөптің қосымша қорларымен қамтамасыз ету аса қиын міндет болды. Қазақстанның колхоздары, МТС-тер мен совхоздар майдан қажетіне 7 416 трактор (негізінен жаңасы), 110 мың жылқы жіберді.

Соғыс жылдары тамақ өнеркәсібі өнімдерін шығару да жоғарғы қарқынмен өсті. Еңбекке жарамды ер-азаматтардың көпшілік бөлігі майданға аттанды. Өнеркәсіптегі әйелдердің үлес салмағы 50%, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібінде 80–90% -ды құрады. Әскерге шақыру жасына дейінгі жасөспірімдер мен жастардың үлес салмағы Қазақстандағы бүкіл жұмысшылардың 35–40% -ын құрады. Еңбек тәртібі қатайып, жұмыс күні ұзартылды, мамандардың тұрақтамауы шектелді, 11 сағаттық 6 күндік жұмыс аптасы енгізіліп, қосымша демалыс жойылды. Тәртіп бұзғандар, кәсіпорыннан кетіп қалғандар 5 жылдан 8 жылға дейін түрмеге отырғызылып, жазаланатын болды. Экономиканы басқару әскериленді, төтенше өкілдер қызметі, азық-түлікті карточкалық жүйемен бөлу енгізілді.

Соғыс жылдары елімізде малшаруашылығының жағдайы қалай еді?

Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында

Қазақстандық жауынгерлердің майдандағы ерлігі	<ul style="list-style-type: none"> – 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрамалар құрылды. – 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстаннан армия қатарына 300 мыңдай адам шақырылды. – Соғыс кезінде майданға Қазақстаннан 1 млн 200 мыңнан артық адам шақырылған.
Қазақстан экономикасын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құру	<ul style="list-style-type: none"> – Қазақстан аумағына 142 ірі өнеркәсіп мекемесі орналастырылды. – Алғашқы бір жылдың өзінде (1941 ж.) 25 кеніш пен шахта, 11 байыту фабрикасы, 19 жаңа көмір шахтасы, 4 жаңа мұнай кәсіпшілігі іске қосылды. – Ұлы Отан соғысында атылған 10 оқтың 9-ы Қазақстанның қорғасынынан құйылды.
Еңбекшілердің тылдағы ерен ерлігі	<ul style="list-style-type: none"> – Қазақстан колхоздары мен совхоздары майдан қажетіне 7416 трактор, 110 мың жылқы, 30,8 млн пұт астық, 15,8 млн пұт ет, 11 млн пұт сүт жіберді. – Халықтан жиналған қаржыға 10 танк колоннасы, бірнеше ұшақтар мен кемелер жасалынды.

Қазақстан соғыс жылдары қорғаныс мамандарын дайындаудың орталығы болды. Республикада майданға жақын қалалардан көшірілген әскери училищелер орналастырылды. Ұлы Отан соғысы тарихының белгілі беттерінің бірі – Қызыл Армия үшін тау атқыштарын дайындайтын арнайы мектептің Алматыға жақын жерде ашылуы еді. Солтүстік Тянь-Шань тауларында орналасқан бұл мектептің беделі мен маңызы өте жоғары болды. Сталинград шайқасынан кейін, барлық майдандарда шабуылдар басталған кезде мектепке тау атқыштарын көптеп даярлау тапсырылды. Бастапқыда шақырылу жасына дейінгі жасөспірімдер, соңынан майдандағы офицерлер, тіпті Карпатқа, Судетке, Трансильвания Альпісіне т.б. таулы аудандарға жіберілетін тұтас бөлімшелер оқытылды.

Қазақстанның жұмысшы күшінің елеулі бөлігін арнайы қоныс аударғандар құрады. Соғыс басталған кезде олардан Еңбек армиялары құрылды. Оның құрамында 700 мыңнан аса (200 мыңы қазақтар) адам болды. Ұлан-ғайыр қажырлы еңбектің арқасында Қазақстан экономикасы КСРО-ның Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңісін қамтамасыз етуге өзінің лайықты үлесін қосты.

4. Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталуы. Неміс басқыншыларын кеңес жерінен қуған Кеңес Одағының Қарулы Күштері дүниежүзілік тарихи миссияны – Еуропаны гитлерлік оккупациядан азат етуді жүзеге асыруға кірісті. Румыния мен Болгарияны азат ету шайқастарына 387-қазақстандық атқыштар дивизиясы қатысты. Югославияда 73-гвардиялық дивизия шайқасты. Ұлы Отан соғысының ірі, шешуші операциясы Берлинді алуға 150-атқыштар дивизиясы қатысты. Шайқас қызып жатқан уақытта лейтенант Р. Қошқарбаев, қатардағы жауынгер Г. Булатов, кіші сержант М. Еремін тіккен қызыл ту рейхстагта желбіреп тұрды.

Екінші дүниежүзілік соғыс қандай қорытындымен аяқталды?

Фашизммен соғысты жеңіспен аяқтаған Қазақстан жауынгерлері Квантун армиясымен болған шайқастарға да қатысты. Көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін 2027 қазақстандық ордендермен, медальдармен марапатталды, олардың ішінде 14-і – «Кореяны азат еткені үшін», 234-і – «Жапонияны жеңгені үшін» медаліне ие болды.

Жеңіс күнін армия қатарында болған, Қазақстанда құрылған 12 дивизия, 3 атқыштар, 1 артиллерия, 1 миномет, 2 авиация полкі, басқа да бірнеше әскери бөлімшелер қарсы алды. Ерлікпен шайқасқан көптеген қазақстандықтар Кеңес Одағының Батыры атағын алды. В. Момышұлы, Б. Бейсекбаев, Х. Доспанова т. б. қазақстандық батырлар соғыстан кейінгі кезеңде марапатталды.

Қазақстандық құрамалар Ленинградты қорғауға, Сталинград түбіндегі, Курск доғасындағы шайқастарға, Днепрден өту мен Украина, Беларусь, Молдова мен Балтық елдерін, Еуропа халықтарын фашистік езгіден азат ету шайқастарына қатысты.

1945 жылы 8 мамырда Потсдамда гитлерлік Германия сөзсіз тізе бұғу Актісіне қол қойды. 9 мамырда Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Сол жылдың 2 қыркүйегінде американдық «Миссури» линкорының бортында милитаристік Жапонияның сөзсіз тізе бұғуі жөніндегі Актіге қол қойылды. Жапонияның тізе бұғуімен Екінші дүниежүзілік соғыс та аяқталды.

?

1. Соғыс жылдары Қазақстанға көшірілген зауыт-фабрикалар республиканың урбандалу үдерісіне септігін тигізді». Бұл пікірге байланысты ойың қандай? 2. Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдары зауыттар мен фабрикалардың Қазақстанға көшірілуінің кем дегенде 3 себебін көрсет. 3. Қазіргі кезде қазақстандық тыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан үлесіне тиісті бағасы берілген бе? 4. «Тыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан үлесі майдан шебіндегі әскер үлесінен кем

түспейді» деген тұжырыммен келісесің бе? 5. Республика әскерге алынған жұмысқа жарамды азаматтардың орнына жұмыс күші мәселесін қалай шешуі мүмкін еді?



Арсенал – қару-жарақ, оқ-дәрі, әскери жабдық қоймасы.

Ресурс – қор, елдің сарқылмас қоры.

Сөзсіз тізе бүгу (капитуляция) – жеңілген соғысушы мемлекеттің қарулы қарсылықты тоқтатуы мен жеңімпаз мемлекетке қарулы күштерін тапсыруы.

Эвакуация – көшіру, соғыс жағдайында кәсіпорындарды тылға көшіру.



Жақаев Ыбырай (1891–1981) – әйгілі күріш өсіруші. Күріш өсірудің «Жақаев агротехникасы» деп аталатын тәсілін енгізген.

Берсиев Шығанақ (1881–1944) – әйгілі тары өсіруші. Тарының әр гектарынан 1943 жылы 20 центнерден өнім жинады.



Шымкенттің М. И. Калинин атындағы Ленин орденді қорғасын зауыты ұжымы митингісінің қарары

1941 жылғы 22 маусым

Отанымызға фашистік Германияның қарақшылықпен шабуыл жасауы туралы Серікбаев жолдастың хабарын тыңдай келіп, М.И. Калинин атындағы Ленин орденді қорғасын зауытының ұжымы үкіметіміздің Кеңес Одағына фашистік Германия шабуылына байланысты болуы мүмкін зардаптар үшін барлық жауапкершілікті Германияның фашистік үкіметіне жүктелетіні туралы мәлімдемесін қуаттайды.

Біз өзімізге соғысты әлсіз елдерді ішінара жеңуіне байланысты ар-ұяттан жұрдай болған Германияның қанқұмар әміршілері тобының таңып отырғанын жақсы білеміз.

Біз даңқты Қызыл Армиямыздың, Әуе және Әскери-Теңіз Флотымыздың асып-тасыған агрессорға күйрете соққы беретініне күмәнданбаймыз.

Біз үкіметтің кез келген тапсырмасын орындауға әзір нағыз патриоттар ретінде бәріміздің бір кісідей үкіметімізді, өзіміздің Коммунистік партияны өз отанымызды қорғауға жұмыла шығатынымызға сендіреміз. Біз барлық жұмысшыларды ұйымшылдыққа, тәртіп пен қырағылыққа шақырамыз.

Біз құтырылған фашистік төбеттердің басына борату үшін қазір қорғасынның қандай қажет екенін ұғынамыз. Сондықтан біз зауытымыздың бұрынғыдан да

жақсы жұмыс істеп, қорғасынды үкіметіміз қанша талап етсе, сонша беруі үшін өзіміздің еңбегімізді, білімімізді, ал егер қажет болса, өмірімізді де адал әрі жанқиярлықпен қиямыз.

Біз жауды жеңетінімізге кәміл сенеміз, өйткені шындық біздің жағымызда. Кеңес халқы үкіметіміз бен Коммунистік партия төңірегіне қазір бұрынғы қай кездегідей болса да берік топтаса түсуде.

Жау жойылады.

Біздің ұлы Кеңес Одағы жасасын!

Біздің даңқты Қызыл Армия, Әскери-Теңіз және Әуе Флоты жасасын!

«Правда Южного Казахстана» газеті. 1941, 23 маусым.



Зауыт ұжымын қандай мақсат өзара тығыз топтастырды?

Тест тапсырмалары

- Соғыс жылдары Қазақстан одақтағы өндірілген қорғасынның ... пайызын берді:
 - 35%
 - 90%
 - 50%
 - 45%
 - 85%
- Соғыс жылдары Қазақстан халқы әскери техника (танк колонналары мен авиация эскадрильяларын) жасауға жинаған қаржы сомасы:
 - 480,3 млн сом
 - 515 млн сом
 - 392,5 млн сом
 - 420 млн сом
 - 500 млн сом
- «Жапонияны жеңгені үшін» медаліне ие болған қазақстандықтар саны:
 - 14
 - 345
 - 156
 - 500-ге жуық
 - 234

§33–34.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы
Қазақстанның мәдениеті

Зерттеу сұрағы: Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдени жетістіктері қандай болды?

Бүгінгі сабағымызда соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызына баға береміз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Кинематография Патриотизм	Кинематография Патриотизм	Cinema Patriotism

Тақырыпқа шығу:

1. Сурет қай жерде түсірілген?
2. Суреттен не байқадың?



1. Ғылым мен мәдениет – майданға. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске Қазақстанның мәдени қызметкерлері де үлкен үлес қосты. Ғылым және өнер адамдарының шығармашылық еңбегі майдандағы кеңестік әскерлердің ерлігімен, жұмысшылар мен колхозшылардың тылдағы даңқты істерімен қатар, Ұлы Отан соғысының ерлік тарихына өзіндік жарқын із қалдырды. *Бұл кезеңдегі әдебиеттің негізгі тақырыбы – патриотизм, Отанды қорғауға арналады. Ә. Тәжібаевтың өлеңдері, З. Шашкин, Қ. Аманжолов, Ә. Сәрсенбаевтың шығармалары көпке белгілі болды.* Бірқатар жазушылар мен ақындар қолына қару алып, Отан қорғауға соғысқа аттанды. А. Жұмағалиев, Б. Бұлқышев, В. Чугунов соғыста ерлікпен қаза тапты. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ 90-ға жуық ақын мен жазушы майданға кетті. Олар майдандас жауынгерлерге батырлықтың үлгісін көрсетіп, оларды өздерінің шығармашылығымен

жауға қарсы соғысқа рухтандырды. Олардың қатарында Д. Снегин, Д. Әбілев, Ж. Саин, Қ. Әбдіқадыровтар болды. Соғыс жылдары дарынды жастар Ж. Молдағалиев, Ә. Нұрпейісов, С. Мәуленов, Б. Момышұлы әдебиетке жауынгерлік рух, шығармашылық серпін берді. Кеңес халқының моральдық-саяси бірлігін күшейту ісіне **Ф. Мүсірепов, Ф. Мұстафин, С. Мұқанов, М. Әуезов, Т. Жароков** сынды қазақ көркем проза мен поэзия шеберлері аянбай еңбек етті.

Соғыс жылдары майдандағы жауынгерлерге мәдени қызмет көрсететін бригадалар неліктен көптеп құрылды?

Қазақстан өнер шеберлерінің бригадалары майданға аттанды. Осындай 11 бригада майданда болып 870 концерт қойды. Госпитальдарда, шақыру пункттерінде, әскери бөлімшелерде, шегаралық заставаларда 15 мыңнан астам концерт берді. Халық артисі, Халық Қаһарманы *Роза Тәжібайқызы Бағланова* соғыс жылдарында концерттік бригада құрамында болып, майдандағы жауынгерлер алдында өн айтып, өнер көрсетті. Оның репертуарында кезіндегі КСРО және шетел халықтарының (монғол, чех, венгер, қытай, корей, үнді, швед т.б.) өндері болды. Жалпы концерттік ұйымдар 36,5 мың концерт қойып, оларды 9 миллионнан астам көрермендер тамашалады. Алматыда Орталық біріккен киностудия «Екі жауынгер», «Майдан», «Ол Отанын қорғайды», «Күт мені» және басқа да миллиондаған адамдардың азаматтық қалыптасуына, оларды патриотизмге тәрбиелеуге үлкен ықпал жасаған, адамдарды жеңіске үміттендірген ғажайып кинолар түсірді. Соғыс жылдарында Қазақстанда ұлттық көркемсурет өнерінің да-



Қазақстан өнер шеберлерінің майдан жауынгерлеріне концерт қою

муына зор үлес қосқан Украина, Белоруссия, Ленинград және Мәскеуден келген суретшілер жұмыс істеді.

Соғыс жылдарында республика жоғары оқу орындарының саны артты. 1943 жылы Шет тілдері педагогикалық институты, Шымкент құрылыс материалдары технологиялық институты, 1944 жылы Алматыда Консерватория және Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты ашылды. Бұл оқу орындарының ғылыми-педагогикалық кадрларын қоныс аударғандар, репрессияға ұшыраған ғалымдар және педагогтер құрады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматы Кеңес Одағының мәдени-экономикалық орталықтарының бірі саналды. Алматыда 15 жоғары оқу орындары мен техникумдар, 20-ға жуық ғылыми зерттеу институттары болды. Соғысқа дейінгі 20 жоғары оқу орнының қатарына 4 жаңа жоғары оқу орны қосылып, онда оқитындардың саны 15 мыңға дейін өсті.

2. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті мен театры. Қазақ халқының музыкалық мәдениетінде үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Қазақстан композиторлары 300-ден астам музыкалық шығармалар: опералар, симфониялар, әскери-патриоттық әндер жазды. Соғыс жылдарында опера өнері дами түсті. 1942 жылы Е. Брусиловскийдің «Гвардия, алға!», 1944 жылы А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» опералары қойылды. Соғыстан кейінгі жылдарда Е. Брусиловский мен М. Төлебаевтың «Амангелді», А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Төлеген Тоқтаров», М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» опералары жазылды. 1949 жылы осы операның авторларына және негізгі партиясын орындаушыларға КСРО Мемлекеттік сыйлықтары тапсырылды.

Ізден!

Қазақ театрлары соғыс жылдары қандай қойылымдар даярлады?

1940 жылы «Көктем» атты алғашқы қазақ балеті қойылды. Соғыс жылдарында Қазақ музыкалық театрының балетіне Г. Березова жетекшілік етіп, сахнада әлемге әйгілі артистер өнер көрсетті. 1942 жылы маусымда Г. Уланова Алматыда алғаш рет театр сахнасына шықты.

Республикада жаңа театрлар ашыла бастады. Соғыс қарсаңында Қызылордада Корей музыка-драмалық театры, ал 1944 жылы Алматыда Балалар мен жасөспірімдер театры ұйымдастырылды. Қазақ театры академиялық театрға айналды, бірқатар актерлер республиканың халық және еңбек сіңірген артистері атақтарын алды. Облыстық және көркемөнерпаздар театрларының саны артты. Ш. Айманов, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, К. Қармысов, Х. Бөкеева сияқты актерлер елге танылды, Ы. Ноғайбаев, Н. Жантөрин және т.б. актерлік өнер жолын бастады.

3. Қазақ әдебиеті. Соғыстан кейінгі жылдар Қазақстан кеңестік әдебиетінің гүлденген кезі болды. Д. Әбілев, Ә. Сәрсенбаев, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов,

Шығармашылықпен айналыс

1. Соғыс жылдарындағы ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлерінің қоғамдық-мәдени өмірдегі рөліне баға бер.

Ақын-жазушылар	Артистер	Композиторлар

2. Соғыс жылдарындағы қазақ мәдениетіне оң немесе теріс ықпал еткен факторларды ата.

Қазақ әдебиеті	
Театр, музыка	
Кино өнері	

С. Мұқанов, Ө. Шәріпов, Ө. Өбішев, Ғ. Мұстафин қазақ кеңес әдебиетінің танымал шеберлеріне айналды. Әдеби жанр түрі көп болғанымен, тақырыптарды таңдау аясы шектелді. Көркемөнер мен әдебиетті

Қазақстандық орыс жазушыларының еңбегінде қандай тақырыптар қамтылды?

жаңғыртпақ болған өнер адамдарының шығармашылығына шек қойылды. 20–30-жылдардағы қуғын-сүргінге ұшырап, таптық методологияға негізделген әдебиет социалистік құрылыстың тек жақсы жақтарын, халықтың социалистік жасампаз өмірін, халықтар достығын, жаңа қоғамдық қатынастарды бейнеледі.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ақын **Жамбыл Жабаев** халықты жеңіске жігерлендірді. «Ленинградтық өрендерім» өлеңі жау қоршауында қалған қаһарман қаланың қорғаушыларына үлкен рух, сенімді серпін берді. «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандарында халықтың батыр ұлдарының жарқын бейнесі сомдалды. Жамбылдың шығармалары дүниежүзінің қырықтан астам тіліне аударылған.

Қазақстандық орыс жазушысы Д.Ф. Снегиннің (1912–2006) Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған «Жылдар», «Адалдық» жыр жинақтары мен «Никита Огневцев», «Алыстағы биіктікте» поэмаларында жауынгерлердің ерлігі, жан дүниесінің байлығы суреттеледі. Жазушы

И.П. Шуховтың «Отан», «Майдандағы армия» романдарында халықтар достығы, патриотизм рухы шынайы баяндалады.

Алғашқы қазақ кинофильмдерін көргендерің бар ма?

4. Қазақ киносы. Соғысқа дейінгі уақытта қазақ киносы да қалыптасты. 1934 жылы «Союзкинохроника» тресінің қазақстандық базасы негізінде Алматы кинохроника студиясы құрылды. 1938 жылы «Ленфильм» киностудиясында қазақстандық кинематографистердің алғашқы көркем фильмі «Амангелді» түсірілді. Амангелді батырды сахна шебері Е. Өмірзақов сомдады. 1941 жылы Мәскеу және Ленинград киностудиялары Қазақстан астанасына қоныс аударып, олар Алматы көркем фильмдер киностудиясымен бірігіп көптеген фильмдер түсірді. Олардың қатарына «Екі жауынгер», «Илья Муромец» және т.б. фильмдерді жатқызуға болады. Ұлы Отан соғысы жылдарында А.Н. Толстой, С. Маршак, жазушылар М. Зощенко және К. Паустовский, «Степа ағайдың» авторы және белгілі кинорежиссер Н. Михалковтың өкесі С. Михалков, атақты режиссер С.М. Эйзенштейн, белгілі актерлер Н. Черкасов, М. Жаров, Л. Орлова, М. Ладынина, Н. Крючков, Б. Андреевтер Қазақстан астанасында тұрып, еңбек етті. 1945 жылы Алматы көркем фильмдер киностудиясы тұңғыш рет өз күшімен «Абай өні» фильмін жарыққа шығарды. «Мосфильм» мен «Ленфильм» киностудиялары бөлімшелерінің Алматыда болуы қазақ киноөнерінің дамуына игі әсер етті.



1. Соғыс жылдарында өнер майталмандары қандай қызмет атқаруы мүмкін еді?
2. Ақын-жазушылардың шығармалары қандай бағытта өрбіді?
3. «Соғыс қаупінен Қазақстанға көшірілген киностудиялар қазақ кинематографиясының дамуына негіз болды» деген пікірді 3 мысалмен дәлелде.
4. Мәдениет соғыс жылдарында да қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігі болып қалатындығын түсіндір.
5. Соғыс жылдары зауыт-фабрикалармен бірге көшірілген халықтар мен жергілікті халықтың мәдени араласуы неге әкелді?



Кинематография – кинофильмдерді шығару және оны көпшілікке көрсету ісімен шұғылданатын өнердің бұқаралық түрі.

Патриотизм, отансүйгіштік – адамның отанына, туған еліне, оның тарихы мен тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі.



Жабаев Жамбыл (1846–1945) – қазақтың халық поэзиясының жыр алыбы.
Мүсірепов Ғабит (1902–1985) – Қазақстанның халық жазушысы, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР ҒА-ның академигі, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі.

Мұстафин Ғабиден (1902–1985) – жазушы, журналист, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі.

Мұқанов Сәбит (1900–1973) – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, қазақ кеңес әдебиеті негізін салушылардың бірі.

Әуезов Мұхтар Омарханұлы (1897–1961) – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР ҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Лениндік және КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының иегері.

Төлебаев Мұқан (1913–1960) – белгілі композитор, КСРО халық артисі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері.



1. 22 ИЮНЬ, 1941 ЖЫЛ

Жиырма екінші июнь – ең ұзақ күн,
Басталатын күні бұл аңызақтың.
Ақырындап күн батып бара жатыр,
Сауырындай терлеген семіз аттың.

Мен бұл күнді ұмытпан, ұмыта алман,
Жоғалған күн қол бұлғап үміт алдан.
Атылған күн оқ менің бақытыма,
Жардан құлап қирады жігіт – арбам.

Әкем менің оққа ұшты, ағаларым,
Бала едім мен көмекке жарамадым.
Кездестірсем біреуін дедім дағы,
Дүниені ержетіп араладым.

Мола да жоқ біреуі көкке ұшқан ба,
Күл боп кете барған ба кек қысқанда.
Жерге сіңіп кетті ме кім біледі,
Найзағай боп атылып көп дұшпанға.

Есейдім мен білмеймін кімге еркелеп,
Биігіме шығарды кім жетелеп.
Біреуі де келмеді үшеуінің,
Қиналғанда бермеді маған көмек.

Жұлдыз жанып аспанда, күн күледі,
Соғыс бітті, даланың кірді іреңі.

Мүмкін соғыс болмаса жаным күйіп,
 Мен өлең де жазбас ем кім біледі.
 Бақыт күні басымда тұрмақ еді,
 Бақ-дәулеттен болмасын кім дәмелі.
 Жиырма екінші июнь мен Май тоғызы
 Майыстырып кетеді жылда мені.

Тұманбай Молдағалиев. Шақырады көктем. Өлеңдер. – Алматы, 2003, 148-бет.

2. ТҮБІРЛЕР

Көрінеді
 Орманнан
 Түбірлер.
 Айырылған
 Бұтақ – қолдардан
 Түбірлер.
 Мүгедек солдат секілді.
 Түбірлер,
 Оқ жұлғандай етімді
 Жүрегім тулап дүбірлер,
 Кезеріп ернім күбірлер.
 Соғыс не?!
 Менен біліңдер, –
 Деп тұрғандай түбірлер.

Сырбай Мәуленов. Алыс кетіп барамын. Өлеңдер. – Алматы, 2003, 61-бет.



Ақындардың өлеңдерінде соғыс қасіреті қалай суреттелген?

Тест тапсырмалары

- 1940 жылы қойылған алғашқы қазақ балеті:
 - «Біржан-Сара»
 - «Абай»
 - «Майдан»
 - «Көктем»
 - «Амангелді»
- Алматы кинохроника студиясында ұйымдастырылған, қазақтың алғашқы көркем фильмі:
 - «Амангелді»
 - «Жамбыл ата»
 - «Екі жауынгер»

- В) «Абай өні»
Г) «Илья Муромец»

3. 1944 жылы ашылған оқу орны:

- А) Шет тілдері педагогикалық институты
Ә) Шымкент құрылыс материалдары технологиялық институты
Б) С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік институты
В) Алматы медицина институты
Г) Қыздар педагогикалық институты

§35–36.

Қазақстан аумағына күштеп қоныс аударылған ұлттар

Зерттеу сұрағы: Қазақстан қалай депортацияланған халықтардың өлкесіне айналды?

Бүгінгі сабағымызда Қиыр Шығыс, Еділ бойы және Кавказ халықтарының Қазақстанға жер аударылуы ерекшеліктерін зерделейміз. Демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтаймыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Депортация	Депортация	Deportation
Этнос	Этнос	Ethnos
Репатриация	Репатриация	Repatriation

Тақырыпқа шығу:

1. Суретте қандай оқиға бейнеленген?
2. Басқа ұлттар неге Қазақстан аумағына күштеп қоныс аударылды?



1. Жер аударудың себептері және басталуы. Кеңестік билік «халық жауларын» жоюмен тоқталып қана қоймай, ол тұтас этникалық қауымдастықтарды өздерінің туған жерлерінен күштеп қоныс аударды.

Ойлан!

Жер аударудың алғашқы құрбандарының бірі не-ліктен корейлер болды?

Террорлық әдістерді кеңінен қолданды. Күштеп қоныс аудару үдерісі 1920 жылдардан басталған еді. Халықтарды тарихи атамекенінен күштеп жер аударуға **этностық** және әлеуметтік-таптық белгілер, саяси мүдде негіз етіп алынды. 1920–1930 жылдары КСРО-ның орталық аудандарынан

Сібірге, Орталық Азияға, Қазақстан аумағына әртүрлі топтар мен этнос өкілдері жаппай көшірілді. 1936 жылы Кеңес Одағының батыс өңірінен 45 мыңдай поляк пен украиндар Қазақстанға жер аударылды. Оларға «халық жаулары», «жағымсыз элемент», «сенімсіз халықтар», «шпион» т.б. жалған айыптар тағылды. Сонымен қатар жер аударудың тағы бір себебі – ел аумағының халық аз қоныстанған жерлерін игеру болды.

Күштеп жер аударудың құрбандықтарының бірі – Қиыр Шығыстағы кеңестік корейлер. 1937 жылы Қазақстанға бұл этностың 100 мыңнан астам өкілі қоныс аударылды. 1940–1941 жылдары 200 мыңдай поляктар Қазақстан аумағына орналастырылды. Мұнда мемлекеттік шегараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету деген желеу негіз етіп алынды.

2. Жер аудару барысы. 1941 жылы тамыз айында КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының «Еділ жағалауында тұратын немістерді көшіру туралы» жарлығы шықты. Осы жарлыққа сәйкес Еділ бойынан 1 млн 120 мыңдай немістер көшіріліп, оның 440 мыңы Қазақстан аумағына орналастырылды. Немістер диверсиялық және шпиондық әрекеттерге қатысты деп айыпталды. Неміс автономиялы облысы жойылды. Олар негізінен Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарына қоныстандырылды.

Әлемде КСРО-дан басқа елде халықты күштеп жер аудару үдерісі болды ма?

1943–1944 жылдары басқыншыларға дем берді деп айыпталған Солтүстік Кавказ халқы да жер аударылды. Олардың ішінде Қазақстанға **депортацияланған** қарашайлар 45,5 мың адам, балқарлар 25 мың, шешендер мен ингуштар 406 мың болды. Сондай-ақ Қазақстанға қалмақтар, ирандықтар, қырым татарлары, түрік-месхеттіктер, гректер т.б. көшірілді.

1936–1943 жылдарда республикаға барлығы 1 млн 250 мың адам күштеп депортацияланды. Соғыс жылдарында басып алынған аумақтардан эвакуацияланған халықпен қоса алғанда – 1 млн 740 мың адам қоныс аударды.

3. Арнайы қоныстанушыларды орналастыру және олардың құқықтық жағдайлары. Жер аударылған халыққа *арнайы қоныстанушылар* мәртебесі берілді. Адамдардың басым көпшілігі орналасатын жерге барар жолда аштық пен суық және аурудан көз жұмды. Әсіресе еңбекке жа-



Күштеп қоныс аударылған корей балалары

рамсыз қарттары, мүгедек адамдары және кішкене балалары бар отбасылары зардап шекті, олардың арасында өлім-жітімге ұшырағандар көп болды.

Арнайы қоныстанушылар неге қатаң бақылауға алынды?

Арнайы қоныстанушылар тұруға бейімсіз баспаналарға, біразы жазғы шатырларға орналастырылды. Олардың жылы киімдері мен аяқкиімдері, азық-түліктері жетіспеді. Жұқпалы аурулардың тарауы жиі орын алды.

Арнайы қоныстану тәртібі еркін жүріп-тұруға шек қойды. Қашқаны үшін 20 жылға дейінгі мерзімге жазаны өтеу қылмыстық жауапкершілігі белгіленді. Арнайы қоныстанушылар құқық қорғау органдарының есебінде тұрды, онда отбасы құрамындағы кез келген өзгерістер туралы хабарланатын. Моральдық және тұрмыстық қиындықтарға қарамастан, қоныс аударушылар жергілікті тұрғындардың қолдауын сезінді. Қазақтар арнайы қоныстанушыларды үйлеріне тұруға жиі алатын, олармен соңғы бір тілім нандарын бөлісті. Қазақ халқы оларды жылы қабылдап, мейірімділік танытты. Баспана, азық-түлік, киім-кешекпен көмектесті. Құғын-сүргінге ұшыраған халық өкілдері қазақ жерінде екінші отанын тапты. Солардың бірі белгілі жазушы Герольд Бельгер Солтүстік Қазақстандағы Есіл өзені жағасында орналасқан шағын ауылға көшірілген неміс отбасында өсті.



Герольд Бельгер

Арнайы қоныстанушылар еңбек армиясына шақырылатын. Олар Орал мен Сібірдің стратегиялық мәні бар құрылыс нысандарында еңбек етті. Қазақстанда еңбек армиясына қатысушылардың жұмыс күші тау-кен қазу және мұнай өндіру кәсіпорындарында, теміржол құрылысында пайдаланылды. Еңбек армиясындағы жұмысшылар саны 700 мың адамға жетті. Олардың басым бөлігін КСРО-ның ІІХК лагерьлері жанындағы жұмыстарға жіберілген неміс халқы құрады. Онда олар жұмысшылар колоннасына алынды және қатаң күзетуде болатын. 1946 жылдың соңына қарай еңбек армиясына 121 459 неміс жұмылдырылды.

Халықтарды шалғай аудандарға жер аудару оларды бұрынғы тұрған жерлеріне қайту құқығынсыз, өмірлік тұрғыда жүргізілді. Зерттеулер дерегі бойынша Қазақстанға Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде 900 мыңнан – 1 млн 250 мыңға дейін, ал 1954 жылға қарай 2 миллионға жуық адамдар арнайы қоныстандырылған.

Қазақ халқы жазықсыз қуғын көрген халықтарды қалай қарсы алды?

4. Күштеп қоныс аударылған халықтарды ақтау үдерісі. Сталин қайтыс болғаннан кейін, жер

аударылған этностарға қатысты мемлекет саясаты өзгерді. 1950 жылдардың екінші жартысынан бастап ақтау басталды. 1955–1956 жылдары

Шығармашылықпен айналыс

1. Депортацияның түрлі салаларда қандай із қалдырғанын анықтап, ойыңды екі мысалмен қорытындыла.

Саяси сала	Әлеуметтік сала	Мәдени сала
Қорытынды 1. ... 2. ...	Қорытынды 1. ... 2. ...	Қорытынды 1. ... 2. ...

2. «Қазақстанға жер аударылған халықтардың тағдыры» деген тақырыпта шағын эссе жаз.

Тірек сөздер: жер аудару, «халық жаулары», ассимиляция, репатриация, Қазақстан халқы Ассамблеясы.

олардан құқықтық шектеулер алынып тасталды. 1957 жылдың ақпанында КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі «Балқар, шешен, ингуш, қалмақ және қарашай халықтарының ұлттық автономиясын қалпына келтіру туралы» КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығын қабылдады. Бұл халықтар өздерінің тарихи отанына қайту (**репатриация**) мүмкіндігіне ие болды. 1964 жылы немістер ақталды. Бірақ олардың Еділ бойында құрылған республикасы қайта қалпына келтірілмеді.

Қазақстан аумағына халықтарды қоныстандыру еліміздің демографиялық жағдайына қалай әсер етті?

Жер аудару жылдары Қазақстанның этникалық сипаты түбегейлі өзгеріске ұшырады, қазір елімізде 130-дан астам этнос өкілдері тұрады. Қазақ халқының мейірімділігі, парасат-пайымы мен жоғары рухани адамгершілік қасиеті Қазақстанға көшірілген адамдардың есінде бүгінгі күнге дейін сақталып қалған. Жер аудару жылдарындағы қайғылы оқиғалар туралы естелік және арнайы қоныстанушыларға қатысты төзімділік пен мейірімділік танытқан қазақ халқына деген алғыс ретінде Қазақстан халқының Ассамблеясы қамқорлығымен республикада Алғыс күні (1 наурызда) атап өтіледі.

Күштеп қоныс аударылған халықтардан шыққан қандай белгілі есімдерді білесіңдер?



1. «Депортацияланған халықтарға қазақ халқы сенімсіздікпен қарады» деген пікірмен келісесің бе? 2. Күштеп жер аударту жоспарлы түрде жүргізілді ме? 3. Халықтарды тарихи отанынан күштеп жер аударудың астарында қандай жоспар жатыр? 4. «Халықтарды араластыру, тарихи отанынан жырақтату «кеңестік халықты» қалыптастырудың әдісі болды», – деген пікірге қатысты ойыңды білдір. 5. Депортацияның кем дегенде 3 ұзақ мерзімді салдарын ата.



Депортация (лат. – қуу) – 1920–1940 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін кезеңінде КСРО-ның бірқатар халықтарын тарихи мекендеген жерлерінен қуу. Депортация ауыр қылмыстардың қатарына жатады.

Репатриация – қоныс аударылғандарды отанына қайтару.

Этнос – халық, ұлыс, ұлт.



Бельгер Герольд Карлович (1934–2015) – жазушы, әдебиет сыншысы, аудармашы. «Алтын асу», «Тас өткел» атты повестер мен әңгімелер жинағында Қазақстанға қоныс аударылған немістердің тіршілігі айтылады.



КСРО-ның Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Корей халқын Қиыр Шығыс өлкесінің шегаралық аудандарынан көшіру туралы» № 1428—326 сс қаулысы

1937 жылғы 21 тамыз

КСРО-ның Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитеті қаулы етеді:

1. БК(б)П Қиыр Шығыс өлкелік комитетіне, өлкелік атқару комитетіне және Қиыр Шығыс өлкесінің Ішкі істер халық комиссариаты басқармасына Қиыр Шығыстың шегаралық Посьет, Спасск, Шмаков, Постышев, Бикинск, Вязьма, Хабаров, Суйфун, Киров, Калинин, Лазо, Свобода, Благовещенск, Тамбов, Михайлов, Архары, Сталин және Блюхер аудандарының барлық корей халқын көшіру және оларды Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал теңізі мен Балқаш ауданына және Өзбек КСР-іне қоныстандыру ұсынылсын. Көшіру Посьет ауданынан және Гродековоға жапсарлас жатқан аудандардан басталсын.

2. Көшіру дереу басталып, 1938 жылғы 1 қаңтарға қарай аяқталсын.

3. Көшірілуге жататын кәрістерге көшу кезінде мүлкін, шаруашылық құрал-сайманын және малын өкетуге рұқсат етілсін.

4. Көшірілетіндерге олардың тастап кеткен қозғалмалы және қозғалмайтын мүлкі мен егісінің құны өтелсін.

5. Көшірілетін кәрістерге шетелге өту жөнінде тілек білдірсе, кедергі жасалмай, шегарадан өту тәртібін жеңілдетуге мүмкіндік берілсін.

6. КСРО Ішкі істер халық комиссариаты көшіруге байланысты кәрістер тарапынан жасалуы мүмкін күтпеген оқиғалар мен тәртіпсіздіктерге қарсы шаралар қолдансын.

7. Қазақ және Өзбек КСР-лерінің Халық Комиссарлары Кеңесі қоныстандыру аудандары мен мекендерін дереу анықтауға және қоныстанушыларға қажетті жәрдем көрсетіп, олардың жаңа жерлерді игеруін қамтамасыз ететін шараларды белгілеуге міндеттелсін.

8. КСРО Қатынас жолдары халық комиссариаты кәрістерді Қиыр Шығыс өлкесінен Қазақ және Өзбек КСР-леріне тасуға арналған вагондардың дер кезінде берілуін қамтамасыз етсін.

9. БК(б)П Қиыр Шығыс өлкелік комитеті мен Қиыр Шығыс өлкелік атқару комитеті көшірілуге жататын қожалықтар мен адамдар санын үш күн мерзімде хабарлауға міндеттелсін.

10. Көшірілу барысы, көшіру аудандарынан жөнелтілетіндер саны, қоныстандыру аудандарына келіп жеткендер саны және шетелге жіберілгендер саны туралы он күн сайын телеграф арқылы хабарланып отырсын.

11. Кәрістер көшірілетін аудандарда шегара күзетін күшейту үшін шегара әскерлерінің саны 3 000 адамға көбейтілсін.

12. КСРО Ішкі істер халық комиссариатына шегарашыларды кәрістерден босаған үй-жайларға орналастыруға рұқсат етілсін.

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы (В. Молотов)
БК(б)П Орталық Комитетінің хатшысы (И. Сталин)

«Отечественная история» журналы. М., 1992, №6, 142-143-б.



Кәрістер неліктен Қазақстан аумағына көшірілді?

Тест тапсырмалары

- Қазақстанға күштеп қоныс аударылған немістердің көпшілігі орналастырылған аудандар:
 - Атырау, Орал, Ақтөбе
 - Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар
 - Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай
 - Алматы, Қызылорда
 - Қарағанды, Қостанай
- Соғыс жылдары Қазақстанға депортацияланған қарашайлардың саны:
 - 45,5 мың адам
 - 406 мың адам
 - 25 мың адам
 - 100 мың адам
 - 120 мыңдай адам
- Қоныстану тәртібі мен күштеп қоныстандырылған аумақтан қашқаны үшін қолданылған жаза:
 - Еңбек армиясы қатарына жіберілді
 - Өлім жазасына кесілді
 - 20 жылға дейін жазаны өтеу жауапкершілігі
 - Тарихи отанына қайту мүмкіндігінен айырылды
 - Барлық жауап дұрыс

БЕСІНШІ БӨЛІМДІ ҚАЙТАЛАУ-ПЫСЫҚТАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Кестені толтырыңдар.

Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлердің ерлігі

Ұлы Отан соғысының батырлары	Қандай ерлік көрсетті?

2. Соғыс жылдарында ғылым мен өнер қандай міндеттер атқарғандығы жайлы айтыңдар.

3. «Қазақстан аумағына депортацияланған халықтар мен этностық топтардың тағдырына күштеп қоныс аударту қалай әсер етті?» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізіңдер.

4. Қаһарман партизандардың бірі туралы шағын эссе жазыңдар.

5. Соғыс жылдары республикамыз майданға қандай көмегін тигізді? Еңбекшілердің тылдағы ерен еңбегі жайлы өз пікірлеріңді білдіріңдер, мысал келтіріңдер.

6. Өздерің тұратын өңірде Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер болса, олар туралы хабарлама әзірлеңдер.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

- Академик Қ.И. Сәтбаев:** Хаттары мен жазбалары. – Алматы, 1998.
- Академик Қ.И. Сәтбаев және Қазақстан ғылымы (мақалалар мен очерк, естеліктер).** – Алматы, 1999.
- Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан. Өсиеті.** 2 т. – Шымкент, 2016.
- Алаш қозғалысы.** – Алматы, 2011.
- Алашорда. Құжаттар жинағы. Құрастырған Мартыненко Н.** – Алматы, 1992.
- Алексеевко А.Н. Қазақстан тұрғындары. 1920–1990 жылдар.** – Алматы, 1993.
- Аманжолова Д. Алмағайып заман. Алаш Қазақстан этносаياسي тарихында.** – Алматы, 2009.
- Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер (1917–1970).** – Алматы, 1991.
- Аяғанов Б. Кеңестік социализмнің шарықтау шегі мен күйреуі. Қазақстандық полигон.** – Алматы, 2000.
- Әбдіуақап Қара. Мұстафа Шоқай.** – Астана, 2012.
- Әбенев К. «Марс» операциясы. Өлім алқабындағы қазақтар.** – Алматы, 2010.
- Әбсеметов И. Сәкен Сейфуллин.** – Астана, 2006.
- Бөкейхан Ә. Толық таңдамалы шығармалары.** – Астана, 2009.
- Вер Н. Кеңес мемлекетінің тарихы (1922–1991).** – Москва, 1992.
- Депортация.** – Алматы, 2000.
- Ерімбетова Қ. Қалдырған ізі мәңгілік. Анна Панкратова.** – Астана, 2016.
- Жиреншин К.Ә. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси дамуы.** – Алматы, 1996.
- Кемеңгерұлы К. Қазақ тарихынан.** – Астана, 2015.
- Конвест Р. Зұлматты жылдар.** – Киев, 1995.
- Қабылдинов З. Е. Астана тарихы.** – Алматы, 2017.
- Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс. Материалдар мен естеліктер жинағы.** – Алматы, 1937.
- Қазақстандағы Азамат соғысы: оқиғалар жылнамасы.** – Алматы, 1974.
- Қазақстанға жер аударылған халықтар: тарихи тағдыры.** – Алматы, 1998.
- Қазақ КСР-інің индустрияландыру тарихы (1926–1941 жылдар).** – Алматы, 1967.

- Қазақстан тарихы.** – Алматы, 2010, 4-том.
- Қазақстан тарихы. Очерктер.** – Алматы, 1993.
- Қазақстан тарихы: Ақтаңдақтар.** – Алматы, 1991.
- Қазақ интеллигенциясының тарихы.** – Астана, 2006.
- Қазақстан халқы: тарихи тағылым және қазіргі заман.** – Алматы, 2017.
- Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар мен деректер жинағы.** – Алматы, 1998.
- 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан.** – Алматы, 2000.
- 1917 жылғы орыс революциясы кезеңіндегі Қазақстан.** – Алматы, 1991.
- Қозыбаев М.Қ. Тарих және қазіргі заман.** – Алматы, 1991.
- Қозыбаев М.Қ. Ф.И. Голощекиннің саяси портреті.** – Алматы, 1998.
- Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов К.С., Абылхожин Ж.Б. Қазақстандағы күштеп коллективтендіру: қорлық пен зорлық.** – Алматы, 1991.
- Қозыбаев І. М. Қазақстандағы үлкен террор.** – Алматы, 2019.
- Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы.** – Алматы, 2017.
- Қонаев Д.А. Сталиннен Горбачевке дейін.** – Алматы, 1994.
- Құл-Мұхаммед М.А. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы.** – Алматы, 1998.
- Михайлов В. Ұлы жұт.** – Астана, 2002.
- Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.** – Алматы, 1999.
- Нүрпейісов К. Қазақстандағы кеңестердің қалыптасуы (1917 жылғы наурыз – 1918 жылғы маусым аралығы).** – Алматы, 1987.
- Нүсіпбеков А.Н. Қазақ жерлерінің Қазақ АКСР-і құрамына біріктірілуі.** – Алматы, 1953.
- Озғанбай О. Ресейдің мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905–1917).** – Алматы, 2000.
- Олкотт Брилл Марта. Қазақтар.** – АҚШ, 1987.
- Омарбеков Т. Ашаршылық.** – Алматы, 2019.
- Омаров Т. 1939–1931 жылдардағы халық көтерілістері.** – Алматы, 2018.
- Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: қозғаушы күші, барысы, тарихи тағылымы.** – Алматы, 1997.
- Орталық Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс: Құжаттар жинағы.** – Астана, 2007.
- Өскембаев Қ. Өлімхан Еркемов. Тұлға тағылымы.** – Қарағанды, 2013.
- Покровский С.Н. Қазақстандағы интервенттер мен ішкі контрреволюцияны талқандау.** – Алматы, 1967.

1937–1938 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін. Құжаттар жинағы. – Алматы, 1998.

1932–1933 жылдардағы аштықтың ақиқаты. – Алматы, 2012.

Райымханова К.Н. Дәстүрлі өнер. – Алматы, 2002.

Роберт Киндлер. Сталиндік көшпенділер. Қазақстандағы билік пен аштық. – Мәскеу, 2017.

Рысқұлов Тұрар. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1998.

Сафаров Г. Отаршылдық революция (Түркістан төжірібесі). – Алматы, 1996.

Сәрсекке М. Ермұқан Бекмаханов. – Астана, 2010.

Сәдуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2013.

Сәкен Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы, 1975.

Снегин Д. Бітімгер. Рейхстагтан шықты. – Алматы, 1983.

Сталиннің кезіндегі КСРО қазақтары. Ұжымдастыру және әлеуметтік өзгерістер (1928–1945 жылдар). – Алматы, 2009.

Сыдықов Е.Б. Шәкәрім. Энциклопедия. – Алматы, 2013.

Шаймерденова М.Д. Көне заманнан ХХ ғасырдың ортасына дейінгі Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 1999, 2000.

Шаймерденова М.Д. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 2012, 2015, 2018.

Шаймұханов С.Д. «ҚАРЛАГ». – Қарағанды, 1997.

Шоқай М. Кеңес өкіметі қол астындағы Түркістан. – Алматы, 1993.

ИНТЕРНЕТ ДЕРЕКТЕРІ, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚОСЫМШАЛАР

e-history.kz

edu. e-history.kz

nlrk.kz

archive.president.kz

cga.kz

iie.kz

almatymuseum.kz

nationalmuseum.kz

csmrk.kz

library.kz

МАЗМУНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

Бірінші бөлім

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

§1–2. Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы	7
§3. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс	17
§4–5. Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға тигізген әсері	27
§6–7. Алаш қозғалысы және қазақтың ұлттық идеясы	33
§8–9. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері	43

Екінші бөлім

ҚАЗАҚСТАНДА КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ОРНЫҒУЫ

§10–11. Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1918–1920)	55
§12. Қазақстандағы ұлттық автономиялар	64
§13. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының (Қазақ АКСР-і) құрылуы	70
§14–15. «Әскери коммунизм» саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу	78

Үшінші бөлім

ҚАЗАҚСТАН ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ КЕЗЕҢІНДЕ

§16–17. Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы индустриаландыру	87
§18–19. Қазақстандағы ұжымдастыру	97
§20–21. 1920–1930 жылдардағы саяси репрессиялар	106

Төртінші бөлім

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ: БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ, ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР

§22. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы	116
§23–24. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым	122

§25. Академик Қаныш Сәтбаев – көрнекті ғалым, қоғам қайраткері	128
§26. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы	136
§27–28. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы қазақ өнерінің дамуы	142

Бесінші бөлім

**ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА
(1941–1945)**

§29–30. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы.....	150
§31–32. Қазақстан – майдан арсеналы	160
§33–34. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның мәдениеті.....	172
§35–36. Қазақстан аумағына күштеп қоныс аударылған ұлттар	179

Оқу басылымы

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы
Шаймерденова Меңдіғаным Джамалбекқызы
Күркеев Ержан Маралұлы
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

(XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін)

Жалпы білім беретін мектептің 9(8)-сыныбына арналған оқулық

Оқулықты дайындауға қатысқан ғалымдар мен тарих пәнінің оқытушылары –
Г.С. Жүзгенбаева, М.М. Қозыбаева, Ә.Қ. Шашаев, С.Ә. Асанова, С. Шілдебай,
И. Тұрсынов, Ж.С. Серкеев, О.Б. Қуанбай, Т. А. Рысқұлов, Б.Қ. Смағұлов, А. Қайыпбаева

Әдіскер ұстаз **Фархат Лебаев**

Редакция меңгерушісі **Ө. Пірманов**

Редакторы **Г. Нұрланқызы**

Көркемдеуші редакторы **А. Лукманов**

Техникалық редакторы **Ү. Рысалиева**

Корректоры **Ү. Бахова**

Компьютерде беттегендер **М. Қуанова, С. Төлегенова**

ИБ № 071

Теруге 11.02.2019 берілді. Басуға 17.06.2019 қол қойылды. Пішімі 70×90^{2/14}.

Оффсеттік қағаз. Өріп түрі «мектептік». Оффсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 14,04 жапсырма. Есептік баспа табағы 16,11.

Таралымы 70 000 дана. Тапсырма №4352.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС-і, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

